

84.5523.  
№ 87

# Мағжан Жұмабаев

## шығармалар

37442

И



1

**Мағжан  
Жұмабаев**

---

**ШЫҒАРМАЛАР**



**1**



**Мағжан  
Жұмабаев**

---

**ШЫҒАРМАЛАР**



3 ТОМДЫҚ

АЛМАТЫ «БІЛІМ» 1995

84.5каз  
№87

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Редакция алқасы: М. Базарбаев (жауапты редакторы) С. Қирабаев,  
Х. Абдуллин, Ш. Елеуенов, Б. Дәрімбетов, Ш. Сариев.

Жауапты шығарушы — Б. Дәрімбетов

37442

Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 1-т., Алматы.  
Білім, 1995, 256 бет.

ISBN 5-7404-0155-0 (1-т.)

Ұсынылып отырған еңбек халқымыздың аса көрнекті ақыны Мағжан  
Жұмабаев шығармаларының толық күйіндегі үш томдығының бірінші кітабы.  
Бұған ақынның өлеңдері, оның ішінде жаңадан табылғандары да енгізілді.  
Белгілі себептермен әртүрлі жөндеулерге ұшырағандары төл  
нұсқаларымен салыстырылып, алғашқы қалпына келтірілді.

Ж  $\frac{4702250206-020}{412(05)-95}$  043-95

ISBN 5-7404-0155-0 (1-т.).

С ISBN 5-7404-0125-9

областная библиотека

им. С. МУҚАНОВА

г. Петропавловск

© Жұмабаев М., 1995

каз.т.  
012

*Жетсе егер қорқынышты қара түнім,  
Бағса дерт, әлім құрып шықпай үнім,  
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер  
Өлең — менің Шолтаным, Айым, Күнім.*

МАҒЖАН

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тапқан, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын — Мағжан Жұмабаев. Өзі де, өлені де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Қалың бұқара оқушы қауым арасында елден-ақ қаншалықты белгілі, аты мәшһүр ақын болып танылса да, ресми атада барған сайын айдаудан көз аша алмай, тыныштық дүниеден қара зіп, кешегі қуғын-сүргін заманда есімі біржолата өшуге айналған жан.

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бөріне тағжан куә. Олардың бәрін ақын ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп шырған. Қай сәтте болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде ішкі өзгерістер, жаңалықтар туып-өніп жатса да, ақын жаны еркін ежелісте, жүрегі оған елжірей қоймайды. Өйткені негізгі мәселе — қазақ мен жерінің тағдыры ақын түсінігінде баз-баяғы жүдеу қалпында. Ақыннан да ақын творчествосында мынадан мынаған дейін деп шек қойылып айтылатын шекара жоқ. Мәселен, ХХ ғасыр басының қазақ ортасына тән демократиялық, ағартушылық, бостандық ізденістері Мағжан Жұмабаев үшін Қазан төңкерісімен бітіп, арманға қол жеткендей үзіліп қалмайды, одан кейін де ақын өз болжамынан танбай, жалпы халықтық, ұлттық, мұраттық жайлардан қол үзбейді. Теңдік, азаттық жайындағы пікірме ұрандар, толып жатқан «жасасындар» Мағжанды жанамалай өтіп жатқандай, өзін баурап өкетпейді. Оның басты себебі: революция халыққа азаттық әкелетін болса, неге оны қаз жарып, бір-біріне қарсы қояды, қазақ халқы бір ұлт емес пе, жардысы да, байы да азаттық ырысының бірге көрмей ме, әлі іргелі ел болып қалыптаспаған, ылым тегісіз, қанауға, дауда болып келген халық енді қол ұстасып, жаңа өмір құрудың орнына жаңа арздылық, жаңа наразылық туды емес пе? Мағжан ойланады, толғанады. Көп нәрсенің анығына жете алмайды. Өйткені беріліп отырған жауап ақынды қанағаттандырмайды. Ол тереңірек, әрірек ойлайды, таразыға салады, бірақ таразы басы тең емес, төріп отыр: *нәрсені бір. Біріншісі, қаймағы бұзылмаған қазақ халін еске алады, соны жырлайды. Мұнысы сол бір дәуірдің тың әлемі, уайым-қайғысыз, жұмық болғанынан емес, жаңа заманның көп қайшылық тудырынынан, аяғы немен тынары белгісіз жаппай үрейден еді. Жалпы ақындық беті Қазан төңкерісінен көп бұрын қалыптасқан Мағжан жаңа кезеңде көп нәрселерге байсалды жауап іздейтін, адам тіршілігінің, өмірдің мәнін ұқшысы келетін, талантты жетсе, оның құпия сырын ашуға ұмтылатын, сара сөзімен ақын болып көрінеді. Талант жайына келсек, Мағжан Жұмабаев өзінің шығармалық өнердің адамы екенін Уфадағы «Галия» медресесінде оқып жүрген кезінде, 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» өлең жинағы шыққан тұста танытқанды. Сол кезең жайындағы естелігінде Башкүртстанның белгілі карт жазушысы Сайфи Құдаш былай дейді: «Қазақтың талантты жас ақыны Мағжан Жұмабайұлы «Галия» медресесінде «Садақ» атты қолжазба журнал шығара бастады, өзінің медреседегі оқу кезінде шығарған өлеңдерін соның бетінде жариялап тұрды. 1912 жылы Қазанда оның тұңғыш өлеңдер жинағы да*

шықты. Сөйтіп, қазақтың поэзия әлемінде өзіндік беті бар ерекше ақын дүниеге келді. Абайдың классикалық дәстүрін алға алып барушылардың ең ірісінен саналмақ<sup>1</sup>

Сол 1912 жылғы «Шолпан» жинағына басылған бір өлеңінде ақын:

*Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.  
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,  
Көзекең таң қатарлық кетте жатыр,—*

дейді. Алғашқыда бұл «Жатыр» деген өлең 1911 жылы «Айқап» журналының 2-ші санында басылған. Сол тұстағы ақын өлеңдерінің көпшілігі осы сипаттас болып келеді. Оқу-өнерден кемшін қалған қазақ елінің жай-күйі қапаландырады, толғандырады, кейде тіпті ашындырады. Ақындық қайрат, өжеттілік те осындай ащы шындықтан бастау алып, асып-тасып жатқандай. Шығармалық шабыт та, асқақ үн де осымен сабақтас. Оның ақын болып қалыптасуына өмірдегі өзгешеліктер, бетбұрыстар, жолайырықтар мықтап әсер еткені анық. Табиғат берген мінез де бұған дәл келіп тұр. Өлең қайсарлығы жаралыс қайсарлығымен тең. «Мен кіммін?» деген өлеңінен біраз жайды аңғаруға болады:

*Жатынмын мен, келме жақын, жинарсың,  
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қатарсың,  
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,  
Көз қырымен күтіп қана қарармын.*

*Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,  
Надан адам өлім жоғын білмейді.  
Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би,  
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?*

Бұл романтикалық асқақ шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, керек десеніз, өмір тағдырына көміл сенетінін байқаймыз. Мұның алдында «арыстанмын, айбатыма кім шыдар. Жолбарыспын маған қарсы кім тұрар?» деген жолдар бар. Осының бәрі асып-тасудың, астамдықтың реті емес, асылдықтың, жайдың жасылындай өткірліктің жөні. Ақын сөзі ащы шындықтың айнасы болып отырған. Өзі оны түсінген де білген де. Асыл сөздерінің қадірменді несі бар екенін көміл ұққан. Ол — парасат қайнары, мейірбан жүректі туған елі еді. Мағжан ақын бар өмірін, өнерін, білгенін сол туған халқына, еліне арнаған, арнаған да, сарнаған да. «Жан сөзі» деген әйгілі өлеңінде (1920 ж.):

*Қазақ елі, бір ауыз сөзім сағин:  
Болайсың, сынпы болсаң, өділ сынпы,  
... ..  
Кінәңі жүрекке қой, қоймай мейін,—*

деуінің де төркіні сонда.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын адақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржаңдай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өлең бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы нерзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде, қауіп-қатер жоқ демегені белгілі, бірақ сонда дағы, қылша мойны талша қиылатынын біліп не? Жалпы алып қарағанда, «мен өлмеймін» деген сөздерде терек шындық жатқаны рас. 60 жылдан аса уақыт бойы автократия ақын үнін шығармай, тұмшалап келсе де, енді

<sup>1</sup> *Сайфи Кудан. По следам юности. «Советский писатель», Москва, 1974 г., стр. 463.*

естіліп, ақыры жалғастық тапқаны шындық. Философиялық мағынада алсақ, ақын өлені мен дана сөзі өлмек емес. Бірақ ғажабы сол, кешегі бір заманда ақынның өзі де, өлені де көзден таса етіді. Сол дәуір үстімізден енді ғана, бүгін ғана ауып барады.

## Ақынның тағдыры

Ақын тағдыры бір сыдырғы емес, шытырманшы, соқпақты, аяғы трагедиялы. Ғасыр басынан-ақ ел-жұртына белгілі болған Мағжан Жұмабаев атаудан көз ашпаған, жарты ғасырдан аса уақыт есімі аталмай кетіп, тек 1988 жылдың желтоқсанында ғана ақырғы рет ақталды. Ақырғы рет дәуіміз — ол ресми түрде 1960 жылы-ақ ақталған болатын, бірақ оның есімін атауға, шығармаларын жариялауға рұқсат болмады. Себебі, Мағжан өлеңдерін бастыруды тоқырау заманының басшылары мақұл көрмеді, жабулы қалаң жабулы күйінде қала берді. Өмірі мен өлені бір кезде шыңға айналған ақын соңғы жарты ғасыр бойына жым-жылас жоқ болып қалды. Сондықтан кейінгі буын бұл ақынды аз біледі, тіпті білмейді де. Бірақ ол заманның жүзін көрген азды-көпті азамат, немесе соған тетелес өскен қария жаңдар Мағжанды білген, оның өлеңдерін жатқа айтып жүрген. Сақталған газет, журналдардан тиіп-қашып оқыған да. Ақынның кітаптарына ешкімнің қолы жетпеген, өйткені тиым салу, құдалау салырынан Мағжан кітаптары жеті құлыптың астында сарғайып, тозып жыртылып, жоғалып жағты. Бұл жай енді баршамыз білестің, көзіміз жеткен, «өтпеген-ай» деп өкінетін өткен тарих болып отыр. Ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болған ақын тағдырының күйіншісі хол-ақ.

Енді ақын есімі қалқына қайта оралды. Мұны жалпы қауым қуана, небірене қарсы алды. Өйткені бұл мәдени өміріміздегі үлкен оқиға. . .

Дәл қазір, өткен тарихымыздың асыл қазықтары жадымызға, қаперімізге қайта орала бастаған сәтте, талант иелері жайында тебіренбей, белгілмей, өкілбей айту қиын. Бір кездері нахақтан күйген есім қайта оралса, ол заманның өзгеруінен. Кешелері дүлей қара күш ақыл-парасатты ауылдықтан, шірдерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, тексіздікке сүйреткенін білеміз. Бүгіндері өткендегі орасан қателерді жөндеп, рухани байлықты, талант сөздерін халықтың өз иелігіне қайтаруға мүмкіндік туып отыр. Бұл қуанарлық жай.

Енді Мағжан Жұмабаев мұрасын оқын зерттеуге жол ашылды. Бір кездері ақын өсімін еске алғаны үшін де, баспасөзде, тіпті ауыл-екі ауылда атағалы үшін де, талай адам тауқыметін тартып, күкәй көрген. 1956—1977 жылдары Сағал Сейфуллин, Ізбек Жәңгірбаев, Шәкәт Мейірім ақталғанына кейін Мағжан Жұмабаев тіркестірісі еркін еді. 1958 жылы ресми комиссия құрылып, тағдырлы деректерді зерттеу комиссиясы ұйымдастырылды. Ал 1960 жылы Түркістан облысы округы басшысы Т. Мұхамедовтың инициативасымен Н. Жұмабаевтың өлеңдері, балалар кітабынан өскен. Бір тағдырлық керек, бұл жөнінде қорғаныс органдары да, не Жазушылар одағы мен ғылым мекемелері де қолдау берген. Қорғаныс бөлімі айтқан сөздерінен де, балалар кітабына да қолдан берілген. Жұмабаев сыры осы кезегі баспагерлік бұл сөзге қайта берген. Бір балалар ақпараттық жөнінде ақталу үшін үстірт, мәдени түсінігінен өскен енді мәлім болды. 1933 жылы КСРО Прокуратурасы ақталған Шәкәт Мейірімнің құдайберуі туралы да дән осы «қалды» айтқаны да. Осыдан сол, шешімдерді осыдан ұғындырып, өзінің теріс айыпдарына күш салған белгілі мәдениет қайраткерлері де болды. Олар Н. Жұмабаевтың көзі тірісінде де, кейін де ақын атына қара күіе жағып, азаматтық та, ақылдық та айыройын төгуге әрекеттенген-ді. Ақын жайындағы мұндай ұғымның



жаңғырығын бұрынды-соңды әртүрлі мақалалардан көреміз. Тіпті 1930 жылдың өзінде А. В. Луначарскийдің редакциясымен шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» да Мағжан нағыз ұлтшыл, сары уайымшыл, декадент ақын болып суреттелген. Мұның бәрі, айналып келгенде, билеп-төстеуші аппараттың нұсқауымен жүзеге асып отырғаны анық.

Міне, осы жағдаяттар өкімет билігінің барынша өкімшілік қалпын, қатаң тәртібін айғақтайды. Соған да М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, А. Байтұрсынұовтың, Ш. Құдайбердіұлының, М. Дулатовтың жеке бастары қаралы болып, мұралары ұлттық мәдениеттен тыс қалды. Олардың шығармалары ешбір дәлелсіз мансұқ етілді, әдебиет пен мәдениеттің басқа бөлігіне, яғни тапшыл мазмұндағы деген бөлігіне қарсы қойылды. Шындығында, бұлардың шығармаларында теңдік, еңбек, іс-қимыл, адамның бас бостандығы мәселесі терең көтерілген. Ал, Алашорда ұйымына қатысты деу де дәлел емес, өйткені 1919 жылы-ақ В. И. Лениннің декретімен ол ұйымға да, оның адамдарына да кешірім жасалған. Және олар кейінгі жылдары бұл тарапта белсенді жұмыс істемеген, қайта кеңес өкіметінің саясатын толық қолдаған. Тек тап күресін қолдап шиеленістіру, жеке адамның диктаторлық өктемдігін орнату амалының нәтижесінде ғана мұндай сұрапыл қуғын, жаппай қырғын мүмкін болды. Жалпы социализм орнату тарихы КСРО халықтары үшін қап-қара тарих. Халықтың ауылу үлдарының тағдырын, өзге де мыңдаған құрбандардың тағдырын еске түсіргенде, ендігі жерде адамдардың шүбәсіз бас бостандығы болуы, рухани ойын ашықтан-ашық айтуға жол ашылуы, жаппай қырғынға ұшырататын тоталдық қауіп-қатерден сақтайтын кепілдік болуы бірден-бір қажет екенін мойынға алмасқа болмайды.

Мағжан Бекенбаласы Жұмабаев 1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, «Молодежный» совхозында дүниеге келген. Орташа ауқатты семьядан шыққан. Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашадy, ал 1905 жылы Қызылжардағы (қазіргі Петропавловск) медресеге оқуға түседі, бұл медресені араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген. Стамбұлда оқып, дәріс алған, ауқатты семьядан шыққан жергілікті интеллигент Мұхамметжан Бегишев ашқан екен. Ол өзі Шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан Жұмабаев бұл медресені 1910 жылы жақсы үлгеріммен бітіреді.

Мағжан он екі жасында Қызылжар қаласындағы Бегишев медресесіне түскеннен бастап әдебиетпен қатты шұғылданған. Тіпті қазақ, татар әдебиетін, бұлай қойғанда, ол араб-парсы ақындарының, атап айтқанда, Фирдоуси, Сағадиді, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи сияқты даналардың ұлы дастандарын түп нұсқадан оқып үйренуді өзінің машығына айналдырған. Ал ұлы Абай мен Дәрмән (өлеңдерін қазақша жазған татардың ұлы ақыны Зәкір Садықұлы Рамиев) өлеңдерінің қазақ дүниесіне келуі кішкентай Мағжанның жан жүрегіне ауызбен айтып жеткізе алмайтын телегей-теңіз әсер етеді. Әрбір сауық кештерінде, шірдеканаларда қыз бен жігіттер Абай мен Дәрмән өлеңдерін ең алдымен әсем өнмен шырқайтын болатын. Төтенше мұндағы толы толғаныстарын қыздар жүрек жарасын емдейтін шипалы шөрбеттей ініп сусындаған.

Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, Абайға арнап: «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. Абайға деген махаббатының нәзік қылын шертті. Ақын болуды арман етті. Жас жігіттің өлең жазып жүрген талабы қазақ халқының әйгілі қамқоршысы, қазақ еліне: «Қаным — башқұрт, тәнім — татар, жаным — қазақ» деп мәтел таратқан ұлы жазушы Ғалымжан Ибрагимовты қатты толғантады. Сондықтан да Ғалымжан 1910 жылдың күзінде Мағжан өлеңдерінің қолжазбаларын Қазандағы Кәрімовтардың баспасына табыс етеді, 1912 жылы Мағжанның «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Ғалымжан

өзі 1911 жылы шыққан «Қазақ қызы» романының бірінші бетіне 16 жасар Мағжанның «Айға» деген өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп келтірген:

*Кең бала көресің еой мынау жатқан,  
Жібектей жасың шөптер бетін жапқан.  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,  
Өне соң анам еді мені тапқан.*

Мағжанның терең ой мен сұлу суретке толы өлеңдерінің шығуы тек қазақ еліне ғана емес, сонымен бірге татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, қарақалпақ елдеріне де жеткен үлкен құбылыс еді. Ал бала ақынның өз елі — қалың қазақ халқы — бала Мағжаннан ардагер Абайдың ізбасарын көріп, өлең-жырдың өсерлі де өдемі әуеніне бөленді!

Елдегі оқумен қанағаттанбаған болашақ ақын 1910 жылы күзде өзінің ауылдасы, талапкер жазушы Бекмұхамбет Серкебаевпен бірге (халқымыздың белгілі өншісі Ермек Серкебаевтың әкесі) Медресе — Ғалияға түсу үшін Уфаға сапар шегеді. Медресе өзінің дәрежесі жағынан алғанда Жоғары оқу орнымен бара-бар еді. Мағжан сол медреседе сабақ беретін ұстаз, жоғарыда айтылған белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады.

Болашақ ақын талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов оған білімін әрі қарай көтере түсу керектігін айтып, ақыл-кеңес береді. Осыдан соң Мағжан Жұмабаев Омбыдағы Мұғалімдер Семинариясына түсіп, сол қалада орын тепкен. 1912 жылы Казан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш жинағы басылып шыққанда оған жоғарыда айтылған Ғалымжан Ибрагимов көп жәрдем еткен.

Өлеңдер жинағы өзінің соны сезімдегі лирикаларымен қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. Бір айта кетер жәйт 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абай жинағы бұл кезде көпшілікке мәлім еді. Мағжан да, өрине, оны оқыған. Семинарияда М. Жұмабаев болашақ революционер ақын Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабаев көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады. Оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді. «Жан сөзі» атты атақты өлеңінде ақын өзінің «Медресе — Ғалиядан» кетуіне үзілді-кесілді қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті дау-шарға қатысқысы келмеген жайын, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды. 1919 жылы ақын екі бірдей қасіретке душар болады, тағдыр қосқан қосағы толық үстінен қайтыс болса, азамат соғысы уақытысына орай есімін Гражданд қойған перзенті бір жылдан соң ол да үзіледі. Осының бәрі ақын жүрегіне зіл батпан ауыртпалығын салып, зіл-зала ізін қалдырады. «Мені де, өлім, әлтиле» өлеңі осы сәттерде туған.

1912—1915 жылдары Мағжан Жұмабаев «Қазақ» газетінің редакторы, түрколог, қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Ахмет Байтұрсынұвтан және Шығыс мәдениетімен де, Батыс мәдениетімен де, жан-жақты, терең суарылған аса дарын иесі Міржәкып (Мир — Якуб) Дулатовтан дәріс алып, шығармалықтың жаңа бір қырына көтеріледі. Мағжанға еуропалық білім алуға, орыс тілін үйреніп, мәдениетімен қанығуға олар көп себін тигізген.

1916 жылы Мағжан Жұмабаев Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясын ойдағыдай бітіріп, туған өлкесіне оралады. Қазақ даласында «Алаш» партияның құруға қатысып, чех көтерілісін бастан кешеді, кейін Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде істейді.

<sup>1</sup> Х. Абдуллин. Мағжан. Солтүстік Қазақстан облыстық газеті 1990.

Мағжан өмірінің бұл тұсы біраз драмалық жағдайды бастан кешірген кез еді. Уақытша үкімет кезінде және одан соң біресе Қолчак әскері, біресе Сөздеп билік құрып тұрған кезде, «Алашорда», «Үшжүз» партияларының айтысы кезінде М. Жұмабаев «Алаш» партиясының мүшесі ретінде біраз уақыт түрмеге жабылады. 1919 жылы, жоғарыда айтылғандай, өзі сүйіп қосылған жары Зейнеп баладан қайтыс болады, аздап соң ұлы да шетінебді. «Баланың қабір тасына» деген өлең жазады. «Өлгені емес, жерді тастап кеткені, ізгі оймен жайлы жаннат төрінен орын алып, ата-анасын күткелі дейді ақын. Бұл тұстағы белгілі, әрі әйгілі өлеңі, алғінде ескерілгендей: «Мені де, өлім, алдиде». Өлеуметтік жолағырық кезінде шартарап ой құшағындағы қамығулы ақынның жанына жара боп түскен соң ең жақындарынан айырылу қайғысы қатты күйзелтеді. Бірінен соң бірі келген қаза оған тағдырдың сайқымазағындай көрінеді де, ашыған көңілден: «Өлім күйі тәтті күй. Балқиды жаным бұл күйге: Мені де, өлім, алдиде, алдиде, өлім, алдиде» дегізеді. Жастайынан бірге өмір сүріп, ақырында сүйіп қосылған жары Зейнепке арнаған «3-ға» деген өлеңінде: «қосылған жас күнімнен жарым едің, сүйікті анық досым, жаным едің, алысқа ұзап жолға шыққанымда, сарғайып мені күтіп қалып едің» деген жолдардан ақынның өкініш, қиналыс, жан толқуын аңғаруға болады. Екінші әйелі Зылихаға Мағжан 1921 жылы үйленеді. Ол кісі 96 жасқа келіп, 1989 жылы дүние салды.

Жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында М. Жұмабаев Ташкентте шығармалық өнімді еңбек етті. Сонда шығатын «Шолпан», «Сапа» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет атқарып, біраз дүниелерін бастырады. Дәл осы кезде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады.

1923—1927 жылдары Мағжан Жұмабаев Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды, ол кезде институтты В. Брюсов басқаратын еді. Бұл жылдары ол орыс әдебиетін, бағыс Европа әдебиетін терең зерттеп, оқиды. Орыс мәдениет қайраткерлерімен жете тапысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

Бұл кезеңде де ақын жаны жай таппайды: ығы сын, қанқу, шапшу сөздерден көзі ашылмайды. Ескішіл, байшыл ақын атаңды. Оқушы қауымға Мағжан өлеңдерін жат өлең ретінде, өткенді көксейтін, жаңа өмірге ілестірмейтін, кертартпа, уайымшыл шығармалар деп уағыздайтыны мақала, сөздер баспа бетінде көбейе бастайды. Өсіресе, өзі Мәскеуде оқуда жүргенде мұндай материалдар қаптап кетеді. 1923 жылы Ташкент жұртшылығы алдында Ж. Аймауытов Мағжан ақындығын талдап, терең түсіндіретін баяндама жасап, оны «Лениншіл жас» журналына бастырып шығарса да, сындаржак сыншылар тобы ақынның соңынан қалмайды. Қайта Ж. Аймауытовтың өзін қоса сынайды. М. Жұмабаевтың ескішіл, жат өлеңдері орынсыз мақталды деп, оған кінә қояды. Ойламаған жерден болған үтөтенше оқиға Мәскеуде оқитын қазақ жастарының Мағжанға қарсы жиыналысы еді. 1924 жылдың аяғына таман өткен бұл жиында Мағжан өлеңдері талқытанып, оның ақын шығармаларын теріске шығарған қаулысы елге, Қазақстанға жіберіледі. Мұндағы газеттер жиын ұйғарымын басып шығарады. Мәселен, «Еңбекшіл қазақ» газеті оны 1925 жылы 14 қаңтарда жариялаған. Орынсыз сыннан көпші жабыққан ақын «Сәлем хат» деген өлең жазады. Ол «Тілші» газетінде жарияланады. Өлеңде мынадай жолдар бар:

*Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,  
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.  
Дейтін болсаң: қой жырыңды, жырауым,  
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.*

«Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 19 желтоқсанындағы санында «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабаевтың» деген ескертпелен

«Сәлемге сәлем» деген жауап өлең басылады, авторы Сәбит Мұқанов. Онда мынадай жолдар бар.

*Сен құлан, өз қағынан жүрген жерін,  
Ел аман, жұрт тыныш кезді қиялыға еніп,  
Сүйгіш жолыңнан табан бұрма,  
Кобызыңнан, ақыным, бөлбе әлі.*

Ақынға қарсы шабуылдың соншама мейірімсіз, қатал болғанын елің сағынып, оқуда жүрген жанның жүрегі елжіреп жазған сәлем хатына берілген осы қарғыс жауаптан байқауға болады. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қарсы нақтылы өлең жазбаса да, «уралап, алақайламадың» деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, жарлы-жақыбай сөзін сөйлемедің деген айыппен осылай қатаң сынға алынды. Шыңдығында ақынның 1912—1923 жылдары шыққан жинақтарына қарап отырсақ, ылғи ғана қазақтың сор, бишара халі, ғылым-білім, теңдік жоқтығы жырланады. Сонда Мағжанның ғажайып ақындық талантына бақталастықпен, бақастықпен қарсы шықпаса, не үшін оған осыншама шүйліккен деген ой туады. Бұл жорамалды кейінгі 60-жылдар жайы да дәлелдей түседі: ақталған ақынға жол бермей, атын мүлде өшіріп тастау, 1960 жылы «Өмір және поэзия» деген кітабында Ө. Тәжібаевтың Мағжан Жұмабаев творчествосын жоққа шығаруы, 1968 жылы «Простор» журналының ақын жайында ақтау мақалалар басылған нөмірінің солайымен жойылып кетуі, айналып келгенде, осының бәрі ілгергі дәуірде дәлелсіз қудалау қылықтарының өшкере болуынан сескеніп, қорқу сатқандарынан емес пе екен деп ойлайсың. Өйтпесе, Мағжан ақындығына осындай адамдар шүбә келтіреді деу қиын. Мәселен, 1927 жылдың өзінде Ө. Тәжібаев:

*Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,  
Кобызбен сарнамаймын сұрап өлім,  
Кезбеймін есуас боп ең даланы,  
Қуатты орыс, қазақ еңбекшісі өлім,  
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,  
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін!*<sup>1</sup>

деп жазады. Белгілі «Токсанның тобы» поэмасына да қарсы ұзақ өлең жазғаны мәлім. Бірақ енді, 90-жылдары, Өзділда Тәжібаевтың өзі-өзі сынға алып, «Мағжанның алдында кешірілмес күнә жасалдық» деп, 1989 жылғы Мағжан жинағына мүлде жаңа көзқараспен мақала жазуын ақын алдындағы, жұрт алдындағы адалдығы деп қарауымыз керек. Мағжан шығармаларына көп тоқталып, саяси жағынан, таптық жағынан қатты сынға алғандардың бірі Ғаббас Токжанов. «Мағжан совет тұсында» деген мақаласында ол Мағжанды табы, тобы бөлсек, сөзі жат ақын дегенге дейін барады. «Пікір — идея жағынан Мағжан идеяшыл ақын, қиял Мағжанның төңірісі. Қазаққа келгенде, Мағжанның саяси жолы қазақ байына қосылып отыр. Бүгінгі қазақ еңбекшілерінің жаңа тұрмысы оған ұнамайды. Бүгінгі заман «сүм заман». Бү жағынан қарағанда, Мағжан байшыл ақыл. Бү күндегіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл, жылауық ақын»<sup>2</sup> Тек саяси жағынан, тап тұрғысынан келіп сынап отырғаны көрініп тұр. Сол кездегі ағым солай, жаңа саяси идеологияның орнай бастаған кезі. Кейін бүкіл әдебиет саясатқа айналып, өзіндік, тәуелсіздік хұқығынан түгелдей айырылғанын тарихтан білеміз. Ал өлеңінің ажары, әдемілігі, көркемдік қасиеті дегенге келгенде мұнан Ғаббас Токжанов безбейді, мойындайды. «Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтары жоқ емес. Мағжан күшті

1 Ө. Тәжібаев. Жаңа ырғақ. 1934 ж., 28—29 беттер.

2 «Еңбекші қазақ», 1925 ж., 19 қараша.

акын. Өз ойын, өз тілегін ұқтыра білетін акын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда Мағжан өлеңдері (әсіресе «Баян») үлкен оқиға. Жүсіпбеі айтқандайып: «суретті, кестелі көркем сөз Мағжанның басталады». Өлеңнің сыртын (форма) Мағжандай келтірген (бір Абай болмаса) қазақ әлі де акын жоқ. Аз сөзбен көп сөз айтатындық Мағжанда бар. Мағжан сөзге еркін акын. Күшепшек акын емес, айтам дегенін оқушының көңіліне қонғандай, сезімін қозғағандай қылып айтады. Кейбір өлеңдерінде «ше-шендік, толғау күй төгіліп кететіні» рас<sup>1</sup> Көріп отырсыз, баға дұрыс-ақ әрі әділ. Сонда Мағжанға неғыл дейсің деген сұрақ туады. Өзі күшті, тапқыр акын болса, сөзге шебер, көркемшіл болса, ойдағыны айтатын болса, енді оған не істемедің деп өкпелеу керек? Ол тек, жоғарыда айтылғандай, ұрандап кетпеуі, «тап-тап» деп жар салмауы, «алақайлап» қол соқпауы. Шындығына келгенде, алақайдың жөні жоқ екенін 1927—28 жылдардағы көмеспекелеу, онан соңғы қолхоздастыру, одан барып орасан. қырғын аштыққа ұрыну — осының бәрі қып-қызыл қызыл ұрандарға байсалдырақ қарау керек екенін, сабырмен,сын көзімен қарау керек екенін әбден дәлелдеді.

Мағжанның өз басы жайында, оның әрқилы шығармалары, кейбір жеке өлеңдері туралы сан-алуан пікірлер туып, шабуыл сын қаптай бастады. Қазақстанға жаңа келген, өлең, әдебиет түгілі, халық, ұлт жайын әлі аңғарып біле қоймаған Ф. И. Голощекиннің өзі Мағжанды сынап бастауы сол үлкен, әрі қауіпті дүрбеленің салдары екені анық. Осыншама айқай-шудың аяғы Мағжанды түрмеге жабуға апарып соқты. Онымен де бітпей жанжал ұлғая берді.

1929 жылы Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен 10 жылға сотталды. Шын мәнісінде бұл Сибревком жанындағы Қазақ АССР өкілінің келісімімен құрылған көпшілік қауымға белгілі, отырықшылыққа айналдыру жөніндегі ресми түрде рұқсат етілген ұйым еді.

Өкініш сол, 1929 жылдан 1938 жылға созылған ақынның он жылдық құмыры бізге беймәлім. 1936 жылы М. Горький мен Е. Пешкованың араласуымен аз ғана уақыт бостандық алады, еліне келеді. Петропавлда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып істейді. Бірақ біраз уақыттан кейін бұл қызметтен босатылады. Ол туралы өзі: «не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің менгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды жұмыссыз отырмын» деп жазады, Алматыға Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқановқа жолдаған хатында.<sup>2</sup> Аударма ісімен айналысқанын, бірақ шарт жайында баспадан хабар жоғын айта келіп, Мағжан тағы да: «мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам,<sup>3</sup> орталыққа баруды ойлап отырмын» дейді. Бұл хат 1937 жылы 20 ақпанда жазылады. Наурыз айында Алматыға келеді. Бұл кез айтыс-тартыстың нағыз қайнап тұрған кезі. Біреудің үстінен біреу жала жауып, ұстатып, айдағып жатқан уақыт. 13 тамызда Глиня Жансүгіров ұсталады. 29 тамызда Жазушылар одағының хатшысы М. Каратаевтың «Социалистік Қазақстанда»: «Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылықтың қалдығын толық жою керек» деген бас-аяғы жиырма шақты жазушыны, ең алдымен Сәкенді қаралаған, мұндай фашист жөндеттерінің көзін жою керек деген мақаласы басылды. 16 қыркүйекте «Казахстанская правдада» осы мақаланың орысшасы басылды. 24 қыркүйекте Сәкен үшін ұстатып әкетілді. Мұндай жағдайда алдында өзі 7—8 жыл отырып келген

<sup>1</sup> «Еңбекші қазақ». 1925 ж., 19 қараша.

<sup>2</sup> «Сәбит пен Мағжан». «Қазақ әдебиеті», 15 маусым, 1990.

Мағжанның күні не болмақ? Аласапыран тұста, ақыры 30 желтоқсанда Мағжан ұсталады да, 1938 жылы атылады. Сәкен Сейфуллин 1938 жылы 24 ақпанда атылады. Кеңес ақыны, пролетариат ақыны екені айғақ, 1918 жылдан партия мүшесі Сәкеннің өзі қуғынға ұшырап жатқанда, саяси жағынан онан арасы алшақ (солдай үгіттеліп келген) Мағжанның тағдыры басқаша болуы мүмкін емес-ті. Өйткені, әңгіме тапта, тапшылықта, партияны қолдау, яки қолдамауда емес, халықтың оқыған, бетке ұстар қаймағын түгелдей жойып жіберу жайында болған. 1936 жылы Омбы жағында жүрген сәттік бірінде інісі Мұхаметжанға жолығып, осы тұста жазған «Өміріме өкпем» деген өлеңімен таныстырады.

Бұл кейін Мұхаметжанның қызы Гүлканыстан табылды<sup>1</sup> Онда ақынның трагедиялық мүшкіл халі, өмірге налуы өте қайғылы суреттелген:

*Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба?  
Төн арып, тамырда қан қалмадың ба?  
Жалған үшін жан қиып, жапа шектім,  
Еңбегім екі болып жанбадың ба?  
Жайшылықта жан қиған, жақын дүние,  
Талып тұрсам, назарың салмадың ба?  
Ортекедей орғытып, оққа жығып  
Жалмауыз, жауыз жалған, жалмадың ба?*

Небәрі 50 шақты жолдан тұратын осы өлеңінде ақын зармен қатар, ертеңгі күні не болатынын болжап білгендей. 1936 жыл бітіп, 1937 жылдың қаңтар-ақпанында Алматыға хат жазып, наурызда келген соң, ар жағы қызыл қан науқанға айналды. «Тағдырдан табандатып тиді шоклар!»

Рас, нақты деректермен дәлелденбеген алып-қашты әңгімелер болған, бірінде — ол атылмаған, 1938 жылы наурызда ату жазасына кесілген (олар бас-аяғы 19 адам болатын) партия, үкімет, мәдени қайраткерлерімен бірге Новосибирск облысына жер аударылған-мыс, одан Новая земляға айдалып, сонда 1956 жылы жалдамалы қазпаптың қолынан қаза тауыпты-мыс. Ал, екінші лақапта ол 1942 жылы айдауда қайтыс болған. Бірақ, қазір мұның бәрі негізсіз екені анықталып отыр: ресми жазалау орындарының бір кездерде шындықты жасырып, әртүрлі себептермен жалған мәлімет беріп отырғандығынан тараған бос сөздерге ұқсайды. Сот орындары бұл күнде 1938 жылы атылғаны ақиқат деген тұжырымға келіп отыр. Бірақ, мына бір жайды білу қажет-ақ. Ғұмырының соңғы жылдары ештеңе жазбап па екен, жазса ол қайда, алде ұшты-күйлі жоғалтып кетті ме? Неге десеңіз, М. Жұмабаев 1927 жылы жазған «Токсанның тобы» поэмасынан кейін, қазақ ауылындағы үлкен өзгерістерге қарай бет бұрғаны анық. Рас, конфискация, коллективтендіру, онан кейінгі аштық жылдары, әрине, творчестволық шабыт бере қоятын жәйттар емес-ті. Ол уақыттың жалған поэзиясының солғын үндерін құлағымызбен естіп те, көкірегімізбен ұғып та жүрміз.

Сонда да болса, шеккен қайғы-қасіретін, тартқан азабын ақын дәптерде жазып қалдырмауы мүмкін де емес сияқты. Қалай жорамал жасасақ та, М. Жұмабаев үнін 1927 жылдан кейін естімейміз. Ақын үні тынды. Өзі бір кездері толғана жазған үні өшкен бұлбұл кейіп ақынның басына келді:

*Дариеа аяқталмай үзілді жыр,  
Сұм жүрек жалын болып қалды еой құр.  
Бұлбұлдың үнін үзген не болды екен,  
Мынау не, көздің белі жыбыр-жыбыр?*

<sup>1</sup> Б. Дәрімбетов. Мағжанның жаңа табылған өлеңі. «Алматы ақшамы», 24 қаңтар, 1990.

*Көл беті жыбыр-жыбыр бақи: «бақ-бақ»,  
Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбік,<sup>1</sup>  
Өмірдің өзгермейтін құрсын ақын —  
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақи шықпақ.*

*Жыршы құс бақырайған бақи көрсе,  
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе,  
Ойласаң таңқаларлық дөңгезе жоқ —  
Құсадан ақын бұлбұл үнсіз өлсе.*

М. Жұмабаевтың көңіл күйін, өткен өмір жолын башқұрт халқының аса үлкен, қадірмен жазушысы Сайфи Құдаш тебірене баяндайды. Сайфи Құдаш ғасырдың бас кезінде Солтүстік Қазақстанда мұғалім болған. М. Жұмабаевпен бірге қызметтес болған, жете таныс адамдар. Бұл сөздер 1969 жылы Қазақстан басшыларына Мағжанды ақтау, шығармаларын жариялау керектігі жайында толғана жазған ұзақ хатынан келтірілді:

«М. Жұмабаевты мен өзіндік ерекше, табиғат болмысы бөлек ақын, өлеңнің асқан шебері санағанмын және солай санаймын да: бұл орайда ол Абайдың лайықты жолын қуушы, әрі дамытушы деуге болады. Сонымен бірге оның өмірі, ақындық еңбегі және трагедиялық тағдыры бір-бірімен тұтас, бұлақ суының бір тамшысындай. М. Жұмабаев творчествосына бір жақты баға беру, яғни, оны революционер күрескер дәрежесіне көтеру, немесе, керісінше, Совет өкіметі мен қазақ халқының қас жауы етіп сипаттау — біздің тарихымыздың тұрпайы да, анайы, орны толмас олықлығы, екінші жағынан біздің мәдени мұраға деген көзқарастың жауапсыздығы, барып тұрған дәрежі нигилизмнің өзі. Мұндай теріс түсінік ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихи жағдайды толығымен бағаламаудан туары анық, немесе, «Пролеткульт» пен РАПП белсенділерінің тұрпайы социализм туын ұстауы ғана болып қалуынан деуге болады».

Шындығында, 20-шы жылдар оқиғалары мен өмір құбылыстары қаншама күрделі екенін ойға алсақ, саяси жағынан сан алуан, тіпті көбіне қарама-қарсы екенін ескерсек, тыңғылықты тұжырым жасау, нақты талдаумен белгілі бір объективті ой-пікірге, қорытындыға келу оңай еместігіне көз жетеді. 1920 жылы ҚазАССР-ның құрылуы, ауылдардың советтендірілуі, ал екінші жартысында — байларды конфискациялау, республика лидерлері мен интеллигенция өкілдерінің сан тарапқа тартқан сөздері, ұлттық шекараларды бөлу, әсіресе, ұлттық мәдениет мәселелері талайлардың намысын қоздырып, ақыл-ой санадың шайқалуына әкеліп соқтырғанын анық білеміз. Мұнымен қоймай, кеше ғана ауыл жаласқан достардың табанда бір-біріне ата жау болып шығуы, бір-бірін қаралау, күйе жағуға дейін баруы қауым үшін әбден шиеленістіреді. Осыдан әрекеттер салдарынан Мағжан Жұмабаевқа ұлтшыл деген айдар тағылып, оның көркемдігі жоғары дүниелеріне: бұл пролетарлық емес, таптық емес деген негізсіз кінәраттар қойылады. Осындай сылтаумен 1926 жылы Ж. Аймауытовқа да айып тағылған, бірақ көп ұзамай босатылған болатын. Бірақ, 1929 жылы қайтадан тұтқындалып, бұл жолы оның тағдыры біржола шешілді. Дәл осы жылы М. Жұмабаев та қамалды, қамалуға себеп — аққа күйе жаққандай, баяғы бұрмалаушылық, жала. Тіпті «Токсаншың тобы-атты құнды поэмасының өзін тоқсан сакқа жүгіртіп, бұл ақынның шын ойы, шын көңілі емес деп шулағандар қаншама болды.

## Ақынның өлеңдері

М. Жұмабаев творчествосын енді тереңірек, молырақ қарауға жол ашылған шақта, оның қай қырын ерекше сөз еткен орынды болар еді? Мұндай сауалға бірден кесіп жауап айту оңай емес. Мүмкін ақын туын-

<sup>1</sup> «Дружба народов» журналы, 1988, №12, 164-б.

оларының уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін, жалпы көркемдігін басты еркешелігі деп айтармыз. Өйткені оның пағыз өзіндік бет-бағдары мен айырым қырлары осы маңайдан табылмақ. Тәнердей таланттының, дарын табиғатының көрінісі осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Ол поэзияға басылды иіп, тәтті боласың, танданасың, танырқайсың. Тұбасалы Мағжан Жұмабаевтың ақындық ерекшелігін дәл тауып бағалап, көңшілікке жеткізу оңай іс емес, әрі өз бір күннің ісі болмас. Ой, қиял ұшқырлығы, молдығы, сөз кестесінің арқалы, саяп абышықты болып келуі — мүлде жайы бөлек дүниелер. Өзіміздің түп түйініне келсек, М. Жұмабаев Абай тәжірибесін бойына сіңірген де, өзімен қатар өмір сүрген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және Сәбит Мұқанов творчестволарына мүлде ұқсамайтын, соны, тын жол салған.

М. Жұмабаев өз орнын өмірден үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның творчествосының бір қырында, иіні таразы басының бір жағында мұңды толғаныс, өкіну және қайғы-қасірет, күйініш жатса, таразының екінші басында — романтикалық өршілдік, махаббат, сүйініш-күйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы-қасірет шеккен, азап пен уайым тауқыметін тартқан ақын осы бір екі оттың жалынына шалынып, соған шарпылған! Оның творчествосында тарих тұңғышы терең түсіну, өткенді бағайлау («Өткен ауаулы»), болмақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең талаптыстар адамның астан-кестен, аласапыран жайымен астасып жатады.

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым бұлақтай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғышына сүнгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің. Не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігіне бас ұрасың. 1918 жылдың өзінде Ж. Аймаұтұов пен М. Әуезов былай жазыпты: «Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт әм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар, жүрегінің сезімін суреттейтін нәрсемен жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар ақын (ыршыл (лирик) ақындар»<sup>1</sup>

Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі ішкі жан күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді («Көкшетау», «Жазғы күнде», «Қысқы жол», «Қаның», «Орман», «Адамшы өмір», «Ой», «Жел», т. б. өлеңдері күә).

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өрліп, бірге астасып жатады. Өлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттер көз алдына келеді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауымы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестеленген түпкі мағына сурет болып санаға еніп, сезімнің қалаң билеп алғанын білмен де қаласын. «Жазғы жол» деген өлеңіне көңіл аударалық:

*Дала, Дала. Сар дала!  
Жапан түзде бір қара...  
Шілде. Оттай ыстық күн,  
Дала өлік. Жоқ бір үн.  
Жер де жатыр тұншығып,*

*Ешбір деп жоқ, тып-тымақ.  
Көкте жалғыз бұлт жоқ,  
Көктің түсі қызғыл, көк.  
Дүниені тылсым билеген,  
Ыңыраған әлде кім,*

*Жол жыланды иірілген,  
Шаң ерініп, үйірілген,*

*Жылай ма екен елде жын?  
Періт ме күйлеген?*

<sup>1</sup> «Абай» журналы, 1918 жыл, 5-сан, «Абайдан соңғы ақындар», Екеу.



Карапайым ғана зат, көріністер мол сырға не болып, жол, дала, көк аспан, бұлт — бөріне де жап бітіп, адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігіндей боламыз. Адам мен табиғат арасы ақын өлеңінде ажырамас бірлікте, тоғысқан, яғни айнала өмір, ақынның оны қабылдауы сырлы сөз күшімен әсерлі сурет береді. Әрине, мұндай көркем сөзді көркем ой тұдырмақ. Поэзия шеберінің тәңір табынарлықтай құдіреті өлеңді Абай антқандай, «теп-тегіс жұмыр» етуден бірге, сезім, түйсікке молықтыруда. Онысыз қайсыбір өлең болса да, жай хабарлама, сөзтізбе болып шығатынын анық, «Қысқы жол» деген өлеңінде мына жолдарды оқып қаралық:

*Ызаарлы жел долданып,  
Екі інінен дем алып,  
Ішін тартып осқырып,  
Кейде қатты ысқырып,*

*Кейде кенет баяулап,  
Жер бауырлап жазулап,  
Аузы-басы жыбырлап,  
Асып-сасып сыбырлап,*

*Аңдай ұлып бір мезгіл,  
Екі саңын шапақтап,  
Біресе сақ-сақ күледі.*

*Жерді жапқан кебінді  
Сүйіп ақырын құшақтап,  
«Әлсүн» ақын үреді.*

Мұндағы «екі інінен дем алып», «ішін тартып», «жер бауырлап жазулап», «аузы-басы жыбырлап», «жерді жапқан кебінді сүйіп» деген тіркестер қыс, аяз туралы өлеңге қаншама әр, сыр беріп тұрғаны түсінікті. Аяздың ызғарлы болуы, аңдай ұлуы, тіпті сақ-сақ күлуі жаңалық емес, ол бұрыннан бар нәрсе. Ал оған әлгідей «мінездеме» беру, тірі жандай суреттеу, өрі сол арқылы табиғи құбылыстың жұмбақ сырын көз алдына келтіру ақынның сезім тереңдігін, мүлт жібермей көріп-түйгіштігін аңғартады, ал бүкіл өлең оқушыны керек десеміз, аты-жөні жок бір ерекше құпия күйге бөлейді.

Бір қарағанда бұралаң жол суреті де жеткілікті көркемдік жасап тұрғандай. Бірақ, Мағжан Жұмабаев жазғы, қысқы табиғат көрінісіне өзінің сезім дүниесін қоса жырлайды. «Дала өлік», «Сар дала», «Жапан тұз» дегенде жанды табиғатты жоққа шығарып тұрған жоқ, лирикалық қаһарманның сезімі, оның қиялы тоғыса келіп, жанды, тірі сурет жасап тұр. Мағжан Жұмабаев романтикалық қуат күшке, фантазияға, қиялға, қанатты ойға ерік берген. Мұны оның бүкіл творчестволық болмысынан, өлеңдері мен поэмаларынан айқын аңғаруға болады. Мағжан романтикасы оның поэзиясын ажарландыра түседі. «Жазғы жол» өлеңінде жоғарыда келтірілген суретке қосымша, үстеме ретінде айтсақ, алтын шашты пері бейнесі де лирикалық ой-сезімді күшейтіп тұр. таусылмас дала жолында елестеген сиқырлы періште арбай ала жеңелгендей, жыландай созылған ұзын жолға ол елес үйлескен. Жол мен даланы лирикалық әрі романтикалық ретпен осылай көрсету, қазақ жерінің сары жон, ұзақ жол сипатынан алыс емес, қайта оның сырын аша түскендей. Бұл арада жоғарыдағы Екеудің мақаласынан тағы үзінді келтірелік: «Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын Мағжанның өлеңдері».

Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны дүние. Мұндай абстракциялық ой-толғамдарды Мағжанның бұрынғы поэзиядан көру қиын. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарарсың, сонан да терең эстетикалық ләззат табарсың. Ақынның «Жел», «Толқын», «Көктем» т. б. өлеңдерін оқи отырып, К. Бальмонттың «Я волыный ветер, я вечно всю», «Я в бегстве живу неустанном, в пенасынгой тревоге живу» («Ветер»), А. Блоктың: «Ветер палетит, завоеет снег» деген тағы басқа жыр жолдарын еске аласың.

*Мен ақынмын — жел жүйрік,  
Гүлдеймін, ұшамын.  
Мен — ойыншы көбелек,  
Көрінген гүлді құшамын.  
Бүздірген бетің сұрланып,  
Желге сенбе, жас бала!*

*Сыбырлар, кетер ұрланып,  
Шын жары оның — сар дала...  
Мен — ақынмын, жыраймын,  
Жүрекке жүйрік жел кірсе;  
Мен — ақынмын, жылаймын,  
Жүрекке ауыр аяқ кірсе.*

Қарап отырсақ, ерікті, ерке желдей басталған ой, ақындық асқақ көңілдің шерімен барып бітеді. Былай қарағанда желдей ескен көңіл шексіз, шетсіз бай сияқты көрінгенімен, оның да тоқталар, іркілер жері бір екен: ақын көңілі жай, саябыр, егер жүрекке жылы леп тисе, ақын жаралы, егер көңілге шер кірсе. Осы ойдың бәрін, әрине, басқаша айтуға болады. Бірақ ақын туған табиғатымен, жаралған жерімен бірге, оның жай-күйі соққан желдің, жарық күннің жаңғырығындай үндес, күндес (күшімен бірге). Соған да ол «шын жары оның — сар дала» дейді. Ақын жүрегінің іздегені сол дала, туған дала. Жел сыбыды мен жүрек сыбыры бір. Екі табиғи нәрсенің айнымалы, толқымалы жайы бір-біріне сай, ұйқас. Ақын сол үйлесімінен ләззат тауып, сусындап отыр. «Жел» деген тағы бір өлеңінде Мағжан:

*Мазасы жоқ жел ерке,  
Оянып ап тым ерте,  
Жорекалап басып кетеді,*

*Тыныш жатқан түс көріп,  
Көлдің бетін кестелеп,  
Оны өуре етеді,—*

деп жазады.

Желдің өзін айтып отыр екен дейсің. Бірақ оған осылай мінез берумен бірге мынадай әрекет те береді:

*Кәрі орманды оятып,  
Бірдеңе деп жұбатып,  
Жымиып күліп өтеді.*

*Жұрттан ойын жасырып,  
Алқынып өзі асымып,  
Қарақат көзге жетеді.*

Желге адам әрекетін береді. Тіпті адамға жел кейіпін береді десек те қате болмайды. Қалай да мұны табиғат жайындағы өлең деу қате болар еді. Мағжан өзінің бейнелі ой үрдісіне лайық табиғат көрінісі мен адам мінезінен ұқсастық тапқан. Белгілі «Айға» деген өлеңінен де тірілік жайын бейнелейтін аллегория табамыз:

*Қайғылы ой тұрсың көкте түсің қашып,  
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып,  
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай,  
Жүргендей жол таба алмай, бейне адасып...*

*Кім білсін өткен күнің алтын шығар?  
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?  
Көп жұлдыз — әлде күштеп, әлде іспен  
Еріктіз артың ерткен халқың шығар.*

Осылай туған жер, елге деген пұшайман сезімін білдіреді. Ал «Сапындым» деген өлеңінде бұл жайында төтесінен, әрі терең айтылады:

*Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қалдарынан келгенім.*

Мағжан Жұмабаевтың бізге жеткен мұрасы аз ба, көп пе деген сауал туады. Қолымызда бары 1912 жылы Қазанда басылып шыққан «Шолпан» атты жинақ, сонымен қоса белгілі ақын Бернияз Күлсәевтің алғы сөзімен Қазанда 1922 жылы жарық көрген «Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері»

Сәткер-Қазан...  
сбд...  
И. С. И. ИВОВА  
г. Г. Г. Г. Г. Г.

деген жинақ, сонан соң білгілі партия және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен Ташкентте 1923 жылы басылып шыққан «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері», 1928 жылы Мәскеуде басылған «Жүсіп хан атты ертегі поэмасы, 1923 жылы Ташкентте «Шолпан» журналында шыққан «Батыр Баян» поэмасы және басқа да әртүрлі газет-журналдарда жарық көрген өлеңдері мен поэмаларын атар едік. Ең соңғы айтарлықтай шығармасы «Еңбекші қазақ» («Егемен Қазақстан») газетінде 1927 жылы жарияланған «Тоқсанның тобы» поэмасы. Әлбетте, бұл уақытқа дейін, ақын шығармаларын жинап, басып шығару ісімен ешкім де шұғылданбаған әйтпесе, ақын мұрасы бұдан көп мол екені ақиқат. Оларды енді мерзімді басылымдардан іздеу қажет. Мысалға, көптеген өлеңдері сонымен бірге «Қорқыт», «Ертегі» поэмалары «Ақжол» газетінде (Ташкент) басылған, өзге өлеңдері кітапханалар қоймасында, архивтерде болуы мүмкін. Өкініші сол, 1929 жылдан 1938 жылға дейін айлауда, түрмеде болған кезмен 1936 жылы М. Горький және Е. Пешкованың көмектесуімен аз уақыт босанған сәтіндегі он жылға созылған уақыт аралығындағы творчествосі тіпті беймәлім. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 1923—1927 жылдардағы Омбының мұғалімдер семинариясында, Мәскеудің Жоғарғы әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезіндегі, дүниежүзі және орыс классикасымен терең танысқан шағындағы творчествосы да толық бізге жеткен жоқ. Бұл тұста әдеби оқу оқып, әртүрлі ағымдарға еліктеп, өлеңдер жазумен қатар, аударма ісімен де айналысқан. М. Жұмабаев оқыған, өзганық болған есімдер ішінен Гете, Гейне, Шиллер, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Фет, Гоголь, Крылов, Короленко, Мамин-Сибиряк, Мережковский, Бальмонт, Есенин, Клюев, Брюсовтерді ұшыратамыз, әсіресе, Блок есімін тағы басқа көптеген қаламгерлердің атын көп көреміз. М. Жұмабаев М. Горькийді аса жоғары бағалап аударса, В. И. Ленин шығармаларына да көңіл бөліп, біразын қазақшалаған. Бұл есімдерге деген ақынның құмарлығын түсінуге болады. Мағжанды қызықтырған олардың даиышпан шығармаларының шексіздігі, жалпы адамзаттық ауқымның кеңдігі. Табиғи талантына бұлар бастау, демеу болғаны анық.

М. Жұмабаевтың өмір жолын жақсы білетін Сайфи Құдаш келесі бір сөзінде былай дейді: «Қиын да азапты жолының барлық кезеңінде М. Жұмабаев үнемі жұмыс үстінде болды. Рас, бұл оның бар мүмкіндігіне аздау болған да шығар, таланттың өз күшіне сәй да болмас, бірақ жұмыс істей білді, ал бастан өткен бұрышыс-қалтарыстарға ол жалғыз өзі кіна емес. Совет өкіметі алғаш орнағаннан кейін, белгілі бір шешімге кел алмай толққан сәттері болды, бірақ бұл ұзаққа созылған жоқ. Көп ұзамай Мәскеудің орталық басылымдарының бірінде редакторлық қызмет атқарды. Кейін, көп ұзамай Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқыды, сол кезде профессорлардың бірі Мағжан «Қырғыздың Пушкині» деуші еді. Сол жылдары қазақ мектептерінің оқулықтарын даярлау ісімен айналысты орыс жазушыларының, В. И. Ленин шығармаларын аудару ісіне де атса лысты. Бұның бәрі де М. Жұмабаевтың қарама-қарсы пікірден біртіндеп арылуына, көзқарастар солқылдақтығынан құтылуға, маркстік-лениндік көзқарастың жолына біржола бет қойып, тереңден түсуіне ықпал жасап жол ашты»<sup>1</sup>

Жоғарыда айтып өткеніміздей, М. Жұмабаевтың ақындық табиғаты Абайға да, оның кейінгі ақындарға да ұқсамайды. Оның қайталанба қолтаңбасы тұбасалы өзіндік, айрықша екені даусыз. Әрине, Абайды білген оның ақындық тәжірибесіне сүйенген. 1912 жылғы Қазанда шыққан «Шолпан» жинағына енген «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінен Мағжанның ұлы ақынға қалай табынатынын анық көруге болады:

<sup>1</sup> Сонда, 164-бет.

*Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсө дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Өлемнің құлағынан өні кетпес. —*

1911

1923 жылы Ташкентте жасаған баяндамасында Жүсіпбек Аймауытов Абай мен Шәңгерей Бөкеевтің кейбір өлең жолдарын ара-тұра салыстырды. Мұны түсінуге болады. Өйткені, қазақ топырағында, арасы қашық емес мезгілде өмір сүріп, қалыптасқан адамдардың өмірді көріп, ұғуы бір тектес болуы мүмкін. Бірақ Абайда әлеуметтік, рационалдық уағыз басым, Шәңгерейде әдемілік, сұлулық, келістілікті суреттеу күшті. Мағжан болса, өзі айтатындай, тылсым табиғатпен сиқырлы поэзия жасайды. Баяндама ақының 30 жасқа толуына арналған болса керек. Мысалға «Күз» іштен өлеңінің кейбір жолдары Абаймен үндесіп жатыр дегенді меңзейді. Тағы басқа өлеңдері мен бірсыпыра шумақтарды келтіреді. Біз де мына жолдарға жүгініп көрелік:

*Қор болдың өнер құмай қайран сілім,  
Күш кетіп, талай жаннан көрдің көрім,  
Сұхлық боп жан шығарға тұр таяулап,  
Маңғайдан шып-шып шығып өлім терің.*

Немесе:

<i>Галапсыз, бақсыз мен сорлы, Бір ісім оңға бармаған. Мен не жаздым о еурлы, Гәңірі мұнша қараған.</i>	<i>Талпындым, түстім ізіне, Оңалмайды бір ісім. Қарамай құтың жүзіне, Көрсеттің, алла, сен қысым.</i>
---	---

Ия, бұл нағыз Абай ғой деп қаласын. Айтуды, налу түрі, сөз оралымын Абайға ұқсайды-ақ. Ал осы мазмұндас мына жолдарға қаралық:

*Азамат! Анау қазақ қаным өксең,  
Жұмақтың суын апар жаным өксең,  
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар.  
Тоқтатам тұншықтырып зарын өксең.*

Немесе:

*Қара жылан — қалың ойлар қатпады,  
Шыбын жаным барар жерді таппады.  
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,  
Тәңірі ием, таңың-дағы атпады.*

Тағы бір мысал, енді «Пайғамбар» деген өлеңінен:

*Күншығыстан таң келеді — мен келем,  
Көк күңіренді: мен де көктей күңіренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қатпаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!*

Бұлардың жөні, төркіні басқа екені көрініп тұр. Біз әдейі бесенеден бөлігі өзіндік, мағжандық өлең жолдарын келтірдік. Мағжанның өзіне ғана лайық сипатта айтылғаны мұнан көрінеді. Ұқсас оралымдар көреген таланттардың өмірдің қат-қабат қыртысын шамалас ұғуы мүмкін екенін байқатады. Бірақ қолтаңбалары, әрине бөлшек. Заңды құбылыс.

«Тәңірі» өлеңінен мына төрт жолдың пәрменін аңғармасқа болмайды:

*Кеш, тәңірім, сорлы құлаға қапар етпе,  
Рақым қыл, бір сорлыны іштке тенте.*

*Сөз шықты жан ашумен, әділ тәңірім,  
Тиген соң аяң таяқ тұңғы етке!*

Абай айтпаған сөз бе бұл! Айтқан. Сонымен бірге мұның өзгеше басқаша екенін де мойындау қажет. Мығым, екпінді, тегеурінді. Бұл уақыттан, заман факторынан. Абай дәстүрінің қайталауы емес, өніп, өрбу ілгерілеу түрі.

Ақын халық туралы, тұрмыс, жалпы елдің өмірі туралы толғаныстарында бұл тақырыпты дамытады, өрбітеді. Өлеуметтік мәселелерге Абайдай терең бармағанымен, өмір құбылыстарын онан бөліп аулақ қалдырмаған. Қоғамдағы адам орны, оның жайы, күйі туралы ой пікірлері көптеген өлеңдерінен молынан көрінеді. Егер қайталап айтсақ Абай адамдардың әлеуметтік теңдігін бүкіл творчествосының арқауы етсе Шәңгерей үшін өмірдің көріктік жағы, жарасымдылығы бірінші қатарда тұрады. М. Жұмабаев творчествосы, әрине, өзгеше, адам тіршілігі мен оның рухы, ой-сезімі қатар жүреді. Адам, қоғам субъекті болумен қатар табиғат объекті. Осы мәнгі сыр Мағжанды таң қалдырады, таңдандырады.

Әрине, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік, оқу-ағарту ғылым-білім, еңбекшілік сияқты ежелгі ұғым-байламдар Абайда қалай терең көрінген болса, Мағжан да бұл жайлардан тыс қалмайды. Арнайы тақырып етіп алмаса да, қай өлеңіне үйілсек те, өнер-білімге, ізгілікке, жарыққа шақыру лебізі мол табылады.

*Көп өтпей жыл,  
Тек жүрмей, біл.  
Ілгері күнді сағалап.  
Үйрен бітім жастықта,  
Білмей өс және қастық та!*

Бұл өлеңнің мазмұнымен бірге, формасы да Абайша келгенін көреміз. Немесе:

*Алам деп көктен жұлдыз қалың сарма,  
Қарманған қарап қалмас, деген рас,  
Тоқталмай істей білсең батып терге.  
Жасынан оқу оқып, өнер құған  
Жан жетпес көңілі жүйрік келеңгерге.*

Тағы бір өлеңнен («Осы күнгі күй») үзінді:

*Ойламай отқа түскен нешкен жинбыз,  
Сөз ұқпас, мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз.  
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,  
Япырым-ай, қалдық па рас, тіпті таңсыз?!*

Осындай сөз арқауы Абайға ұқсайтын, бірақ жалын лаулаған, ашынтан жүректен ытқып шыққан шымыр жолдар жиі ұшырайды. Жүрек демекші Абай көп айтқан сезімдердің біразы осы жүрекке байланысты еді ғой «Асау жүрек», «жабырқау жүрек», «ет жүрек» және «жүрегім, ойбай соқпа енді» дейді. Мағжан «Уланған жүрек», «сорлы жүрек», «тілінге жүрек», және «соғады жүрек зорға, келші, тыңда». «соқпа сорлы жүрегім деп келеді. Қайсысында болса да жүрекке артар жүк көп-ақ. Уақыт дәуір жайы, дауыл үні ақынды оңы мен солына, алды-артына қаратпа қоймайды. Бұл кезеңде Мағжан: ылғи әбіржүлі, ереуіл қалыпта. Жиырмасыншы ғасырдың басы, әсіресе, қазақ жері, қазақ елі үшін аса бір ғажайып елегізу, абыржу туғызған кезең-ді.

Үлкен азаматтық сарындағы Мағжан өлеңдерінің іші-сырты да бірде сұлу, жарасымды болып, тек ұйқас, ырғақ мінсіздігімен ғана емес, айта ой-сезімге байланысты аса қонымды өлшеммен түзілетіні анық. Эстетика

алтық талғам, талтабымен айрықша көзге түсуі, жүрекке жылы тиіп, жанды тебірентуі сонан, сонылықтан. Ақын өлеңдерінен өнебойы құпия сыр ұққандай жайда қаласыз, өмірдің өзіндей сан салалы, сан қырлы поэзия; онда тақ-тұқ кесіп-пішілген, немесе тура тартқан қарапайымдылықтың ізі де білінбейді. Туа біткен дарын иесі оқушыға ойлы саяхат тастап, өзің қалай қабылдаған, солай қабылда дегендей, әркім түсінігіне қарай өрбітіп алып кететін ұзын арқан, кең тұсау желі тастайды. Міресе, ой-қиялға, сезімді оятуға жаралған өлеңдері осындай.

Мағжан өлеңдерін әңгіме еткенде, ақынның өмірге көзқарасы, оны түсіну, қабылдауы қалай деген сұрақ туады. Творчество адамның еңбегі, айналып келгенде, оның қалпын, тұрпатын танытады дегенге қол қойсақ, Мағжан поэзиясынан өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайтын ақын екенін байқаймыз. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жоқ, қараң. Ал табиғат ше, ол адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана отан бағынбайды, дене бағынса да, сезім бағынбайды. Сондықтан адам бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келеді:

*Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын жанамын  
Күнге ғана бағанам.*

*Өзім күнмін, өзім — от,  
Сөзім, қысық көзім де — от  
Өзіме өзім табынам.*

*Жерде жалғыз тәңірі — от,  
Оттан басқа тәңірі жоқ. («От»).*

Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білуде, ақын ең алдымен ненің болса да, мән-мазмұнына үңіледі, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, әлде таланттан ба, әлде тәңір жазғандықтан ба, өзіне тәуелсіз, тек қана жер үсті тіршілігінің, табиғаттың заңына ғана бағынатын құбылыстың құпия ішкі астарына барғысы келеді. Мағжанның иі айтып, өзі тұжырымдағандай, ақын деген өзі болжап біле бермейтін жолға сапар шеккен пір, кейде жын, кейде бала, сол сапарда ол қиындықты қайыспай көтеретін, не дүниені тәрк етіп, бәрінен безінетін жан. Сонан да «Қиял құлы мен бір ақын» деуін үтуға болады. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды.

Көз қарашығының нұры болсын, тербелген ақ қайың болсын, толқыған күл болсын, бүткіл кең ғалам болсын, соның бәрі айналып келгенде, ақын жүрегінің бір бөлшегіндей. Бұл жай ақын қиялының байлығын, түйсік қабілетінің молдығын, ешкімге ұқсамайтын қалып-кейпін танытса керек. Мағжан поэзиясының қос қанатындай мұнды, сазды, кейде қайғылы, әрі алға тартатын романтикалық әуендері ақын түйсігінің өзгешілігін, сонылығын дәлелдемек. XX ғасырдың басында және революция дәуірінде орыс қоғамының әдебиеті мен мәдениетінің хал-ахуалы жайында айтылған М. Горький сөзін еске алайықшы. Ол: «интеллигенттік ақыл-ой быт-шыты шығып сынған айнадай, әрбір сынығы әр түрлі саланы, әртүрлі бағытты бейнелейді, бірақ бәрі де ақиқат елінен алыс» деген-ді. Бір жағынан алғанда орыс декаденттерінің әрқилы ағымдарының М. Жұмбаевқа бірсыпыра әсері сті мүмкін. Оны жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан ол кездегі адамдардың сан-қилы бағытта адасуы сияқты хал Мағжанда да болуы ықтимал. Бірақ, Мағжан туралы айтқанда, оны адасу демей, оқу, үйрену, білмекке құмарлық деп түсінген дұрыс болар. Мағжан табиғаты жай еліктеуді көтермес еді.

Мағжан Жұмбаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі қазақ тарихындағы бір жағынан ояну, екінші жағынан жаңа жол іздеп, дағдару дәуірімен тура келеді. Қазақтың демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеу сәті, қазақ интеллигенциясының қалыптасу кезеңі еді. Әлеуметтік құрамы жағынан да, саяси көзқарасы жағынан да әдебиет, мәдениет және оқу-ағарту

қайраткерлері сан түрлі күйлі басынан кешті. Олардың түсінігінде айқын бір-ақ мәселе болды, ол — бостандыққа, теңдікке ұмтылу, халқының мәдениеті мен бақыты үшін күресу. Ұлттық отарлау және әлеуметтік қанаушылықтағы азапты жолдан халқын қалай алып шығу, қараңғылық, сауатсыздық басқам халден жарыққа қалай бастау керек деген мәселеге келгенде, анық емес, күнгірт, бұалдыр уағыздарды ұстағандар да болды. таптық көзқарас жағынан таяздық та, шикілік те орын алды. Сондықтан да осындай ортадан кейін мығым қайраткерлердің шығуы, бірте-бірте ұлттық сананы орнықтырып, идеялық жағынан жетілуі онай шаруа болған жоқ. Қайсыбіреулердің буржуазиялық демократиядан аса алмай, ұлт мәселесін қораш түсінгені де белгілі. Әлеуметтік көзқарас біржолата бекігенге дейін, көптеген ұлттық интеллигенциялар тар жол, тайғақ кешуді бастан кешіп, күмәнданушылық, солқылдақтық қателерге ұшырағаны тарихи шындық. Аса күрделі күрес, пікір таласы мен айтыс үстінде қалыптасқан адамдардың іс-әрекеттеріне талдау жасап, зерттегенде бұл жайларды ескерген жөн, әсіресе, көрнекті, ірі жазушылар мен басқа да қайраткерлерге баға беру сәтінде бұл өте-мөте қажет. Бұған, әрине, ресми саясаттың ол кездегі жайы тұрақтылықтан алыс жатқанын да ашып айту дұрыс.

Суретшілдік көрегендігінің арқасында осындай қым-қиғаш, қарачарсылығы мол дәуір жайын М. Жұмабаев өз өлеңдерінде көрсете алды. Ақынның бұл тұстағы «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жер жүзін топан басқа екен», «Бостандық», «Орал», «Орал тауы» т. б. өлеңдерінен заман көтерген әлеуметтік, әрі рухани жайларды анық байқауға болады. Шығыс пен Батыс мәселесі ақын жырларынан мол орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақ кедейлерінің көтерілісі, 1917 жылғы екі бірдей революция ақын көзқарасына өз ізін түсірмеу мүмкін емес-ті. Бұл тақырып орыс жазушыларының творчествосында, әсіресе, А. Блок, В. Брюсов, Н. Клюев т. б. ақын шығармаларында айқын көрінеді. М. Жұмабаев осы мәселеге килігуі нәліктен, қалай деген шүбә тудырмасқа керек — ол өз Шығыс өкілі ретінде Шығысты пір тұтады, осыған сенеді және үміт артады. Соғыс, тажал, жан мен дененің азғындауы тәрізді, ажалдың қара бұлт боп, қара түтін жүзген Батыс кесепатынан сақтандырады. Ақын бостандық Шығыстан келеді, Азия өзінің қараңғылығын жойып, түрменің тор көзін, қолды байлаған шынжырды күл-талқан етіп үзеді деп сендіреді. Атышулы «Пайғамбар» деген өлеңінде былай дейді:

*Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Күні батып, жаңа таңы атпаған.  
Түнеріп жүр түннен туған перілер,  
Төңірісін табанына таптаған...  
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар,  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.*

«Күншығыс» өлеңінде:

*Қысық көзді Күншығыс,  
Болсын соңғы бұл жүріс.  
Күнбатысқа жүрелік, —*

дейді.

Осындағы «Күн», «Күн ұлы», «Күннен туған» деген сөздерге бірақ көңіл аударудың реті бар. Өлеңдердің жалпы мағынасы, қояр талабы айтар тілегі, әрине, үлкен. Ол белгілі. Бірақ ақын жалпы «Күн» дегенді көп айтады. Басқа да өлеңдерінен оны жиі ұшыратамыз. Түнді, өлімді көбінді көп жырлайды деп жүрген ақынымыздың күнге де көп жүгінетінін ескермейміз. Мұны, біріншіден, түн мен күнді егіз деп қараудан, бірінсі

бірі жоқ деуден тұған деуге болады. Екіншіден, сол түнді күнге жеңдіру, майым, қайғы түнек символы түннен күнге, жарыққа, жылуға, отқа жету деген, тіке айтылмаған, бірақ анық ұғылатын көңіл күйі көрінеді. Күнді аса бір ілтипатпен атап, оған тәтті көңілін білдіреді: «Күн алтын жап-алдына сәуле шашты», «Алтын күн алтын сәуле жерге шашар», «Күннен тұған баламын», «Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем», «Алтын Күн шығып келеді». Осы әрқилы өлеңдерінен алынған жолдардан Күнге деген табыну қалай күшті, әрі қалай шын жүректен айтылғанына көз жеткізуге болады. Ал түн жөнінде:

<i>Қараңғылық қаптады, Қайсы ма басқан, түн бе екен? Сыбдыр-сыбдыр әлде не,— Жел ме? Жүрген жын ба екен?</i>	<i>Түнерген түн өледі, Ағарған анау таңы ма? Ақ бәтестің бетінде Жүрегіңнің қаны ма?—</i>
--	---

(«Батқан күн, атқан таңның жыры»)

дейді.

Ақынның осындай ұғымына сүйенсек, жылдар бойы сыпалып, күстана етілін келген белгілі жолдардан:

*Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан.  
Кебіндей ақ сәулелер бетін жапқан,  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,  
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан,—*

дегенін әбден түсінуге болады. Және бұл өлеңнің аты «Жаралы жан». Ондай жанның хал-күйіне жоғарғы жолдар дәл келіп тұр емес пе? Және өлең Мағжанша болған соң, басқаша айтылмайды да ғой. Жаралы жанға сары даланың сұлап жатқандай, ақ сәулелердің кебіндей көрінуі, қызарған күннің қан шашқандай әсер беруі әбден мүмкін. Белгілі «Әлдиле, өлім, әлдиле» өлеңінің қандай жағдайда шығарылғанын жоғарыда айттық. Сүйген жарынан, жас нәресте баласынан бірден айрылған шақта ақын осылай күніренген. Жай, қарапайым халықта ең жақын етене біреуі өлсе, «құдай оның орнына мені неге алмадың» демеу ме? Бұл қай халықта болса да бар. Сол ретпен Мағжан көкірегі қарс айрылғанда:

<i>Талпынған жаңа нәресте, Ақ қанатты періште, Былдырлаған бұлақтшй.</i>	<i>Көрінген жанды күлдірген, Жаңа піскен бұлдірген, Балауса нәзік құрақтшй.</i>
<i>Қайтыпты қозы көз тиіп, Бетінен кейде жел сүйіп.. Балқиды жаным бұл күйге.</i>	<i>Мені де, өлім, әлдиле.. Әлдиле, өлім, әлдиле!—</i>

дейді. Басына түскен драмалық жағдайда осылай өкінген ақын қайғылы жайды әрі шебер, әрі шынайы көрсетіп тұр. Алынған тенеу сөздер, метафора оқушының жан дүниесіне шымырлай батып, қатты әсер етпей қоймайды.

Сонымен жоғарыдағы Күн деген сөзге байланысты қосып айтылатын тағы бір жай осы атаудың К. Бальмонт шығармаларында жиі ұшырайтыны. Сол тұстағы (1915—1925 жылдар) орыс ақындарын жақсы білген Мағжанға олардың әсері болуы да мүмкін. Мәселен, жоғарыда жел жайындағы жолдарды салыстырдық. Ал күн туралы К. Бальмонт: «Я, в этот мир пришел, чтобы видеть солнце, а если день погас, я буду петь... я буду петь о солнце в предсмертный час»,— дейді және көп өлеңдерінде Күнге табынып отырады. Өрине, Сұлтанмахмұттың: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып Күн болам» дегені де есте. Біраз ақын Күнді әрқилы символа алып жырлаған. Соның ерекше түрін Мағжаннан көреміз. Кейбір сыр



ұқастықтарды алатын болсақ, шынында да К. Бальмонт өлім жайында көп айтқан. Тағдырдың талқысына саятын ой топшылаулар жеткілікті. Ай туралы: «Красавица тоски беспременной, верховная владычица печали» дейді Бальмонт, Бұл Мағжанда да бар. Немесе: «Любовь и смерть, блаженство и печаль во мне живут красивым сочетаньем». Тағы да: «Хотел убить змею печали» дейді. Мағжан: «Қалың ой — кара жылан жүректі еміл» дегенде сырт ұқастығы болмаса, мағынасы жағынан өте күшті айтқан. Мұның ақын талантының дүниежүзілік поэзия тәжірибесімен суарылғанын дәлелдейді.

«Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдеріне қайта оралсақ, ақынның Батыс пен Шығыс аралығына айрықша мән бергенін көреміз. Бұл арада Ж. Аймауытовтың жоғарыда айтылған баяндамасын еске алудың тағы бір орайы келеді. Оның тұжырымдауынша, «Бостандық», «Күншығыс», «Пайғамбар» және «Түркістан», «Койлыбайдың қобызы» атты өлеңдерінде немістің идеялісі О. Шпенглердің әсері болуы мүмкін дейді, өйткені 20-шы жылдары оның «Европаның күйреуі» деген кітабы орыс тілінде жарық көрген болатын. Біз жазушы пікірімен біршама келісе отырып, ақынның Европа күнінің батуы туралы ұғымы сол кездегі уақыт, заман әсерінен деуге де болатынын айтқымыз келеді. Бұл тақырып көп ақындардың өлеңіне арқау болған. Мысалы А. Блоктың «Скифтер» туралы жазғаны есімізде ғой:

*Мильоны — вас, нас — тьмы, и тьми, и тьмы,  
Попрубуйте, сразитесь с нами!  
Да, скифы — мы! Да, азиаты — мы —  
С раскосыми и жадными очами!*

Алайда М. Жұмабаев Шығыс пен Батыс туралы біраз екпінді, қуатты өлеңдерінен кейін, ішкі жайға өз халқының тағдырына қарай ауысады. Мұны біз «Койлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Көкшетау», «Орал тауы», «Көктемде», «Тұранның бір бағында» т. б. өлең-жырларынан ажыратамыз. Ақын өткенге, өткен тарих жолына баса көңіл бөледі. Біраз туындыларында тарихи жағдайлар хақында толғанса, енді бір дүниелерінде ежелгі ескі мекенге үйлеспей жатқан жаңалықтарды айтады. Автордың көз алдында Шығысхан Темір сынды қаһарлы тұлғалар, атамекеннің иесі және қорғаушылары болған Абылай, Баян, Бөгенбай, Ағыбай, Кенесары т. б. тізбектеліп өтеді. Ақын: батырлық, намыскерлік сияқты ежелдегі келе жатқан дәстүрлер біртіндеп сапыма айналып бара ма қалай, жаңалық болса ол өзін-өзі ақтай ма, ақтай алмай ма деген ескітай тұжырымға тіреледі. Халықтың аңызға айналған бағалы дүниелерінің бәрі де ұмыт болып, тоғышарлық басып, надандық тамырып жайып кете ме деп қорқады. Өмірдің көптеген келеңсіз жақтарын уанымдап жанымен ауыра білетін, жан-тәнімен беріле, сезіне білетін ақын, әрдайымда тарихқа айрықша ден қояды. Бұған «Батыр Баян» поэмасы, «Домбыра», «Орал тауы», «Тұранның бір-бауында», «Алыстағы бауырыма» т. б. өлеңдері қуа. Ақын ата-бабасы түрікті, Тұран жерін еске алып, бұл дала, атамекен ежелгі түрік, көшпелі қазақ жері екендігін жырлап, өмірдегі өзгерістер барысында бұл тарихи сабақтастық ұмытылып кетпес пе екен деп уайым жейді:

*Бір күнде сенің иең түрік еді...  
Ер түрік ен далаңа көрік еді.  
Отырса, көйсе, қонса ерік еді.  
Тұғанда бақыт құсы бастарыңда  
Іргесі жел-күн тимей берік еді.*

(«Орал тауы»).

<sup>1</sup> А. Блок, Соч. в 2-х томах, т. 1, стр. 53, М., 1955

*Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз, біздің атқа  
Лайық па құл бол тұру? Жүр кетелік  
Алтайға ата мирас алтын таққа.*

(«Алыстағы бауырма?»)

*Ертеден сені іздеген мен едім еой,  
Тұранға бір сені іздеп кел едім еой!..  
Ширази, шейх Саади, Хайямдардың  
Өртеген өзектерін сен едің еой!..*

(«Тұранның бір бауында»)

*Ертеде Оқис, Яксарт — Жейхун, Сейхун —  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында  
Табасың қасиетті бабаң бейітін.*

(«Түркістан»)

Бұл өлеңдерден бұлдыр сағымдай, көңіл мен көкіректегі елестей ақсау, сағыну, қасиетті, имандай таза, шұғыла күндерді еске алып, торығу сияқты сезім ақынның да, оқушының да өнебойын жайлап, билеген әсерді өресіз. «Омжестестің қиясында» деген ұзақ өлеңі де осы текст. Ескіні ойлап, көксегенде ақынның жүрегі қарс айрылғандай. Шынында да, қазіргі өлең болсын, поэма болсын — әдебиет туындыларының қай-қайсысында да Тұран жері, түрік елі деген ұғымдар еске де алынбайды ғой. Өкінішті-ақ. Тұран жері деген тек ескі жағрафиялық карталарда ғана болмаса, жана әдебиетте мүлде жоқ.

«Айда атыңды, Сәрсенбай», «Жазғы қала», «Шойын жол» сияқты өлеңдері 20-жылдары біраз айтыстың объектісіне айналған. Өңгіме тәркіні өлеңде қаланы қазақ ауылына қарсы қою жайында болған. Бірақ, қазір өлеңді қайта оқып отырып, тіпті үш қайнаса сөрпасы қосылмайтын пікірлер анығып, ақынға орынсыз кінә тағылғанына көз жетеді. Жартылай феодалдык қалыптағы қазақ ауылы үшін жаңалықтар күшпен енгендей әсер етті де, дала сазының жайына бірден етене болып кете қоймады. Өзгерістер елдің материалдық тұрмыс халіне ғана әсер етіп қойған жоқ, сонымен бірге халықтың әлеуметтік, рухани жағдайына, кейін-қалпына әрқилы ықпал етті. Ақынды сынаушылар мұны еске алмады.

Ақын өлеңдеріне ден қоя оқып, жалпы ақынды көз жібергенде, аса қалап, сүйіп жырлаған тақырыбы адам, «адамның кейбір кездері» деп Абай айтқандай, адамның ойы, ішкі көңіл-күйі екенін ұғамыз. Не жазса да ең алдымен өз жүрегіне үңіледі, сол арқылы айналадағы әлемді білуге, өмір шындығын ұғуға ұмтылады. Егер шартты түрде өлеңдер тақырыбын жіктеуге тура келсе, тұған өлке туралы және өткен мен бүгінгі жайында, адамның өмірдегі орны, бүкіл адамзаттың ар-ожданы хақында деп айтуға жарар еді. Жүректі жарып шыққан өлеңдерінің үлкен бір тобы сүйіспеншілік тирихасы. «Гүлсімгек», «Жәмила», «3-ға», «Махаббат не?», «Сен сұлу», «Жас келін» т. б. өлеңдері қазақ қыздары мен қазақ әйелдеріне арналады, олардың сыртқы да, ішкі де сұлулықтарын төңірдей көтере жырлайды. Бұл өзі бір жағынан Гетелің шығыс әйелдеріне табынып, Зүлейхаға деп жазған арнау өлеңдерін, Батыс-Шығыс диванын еске түсіреді. Жалпы сүйіспеншілік, махаббат туралы, қыздың, әйелдің сұлу, көркем суреті, мінезі, іс-қилығы туралы өлеңдері Мағжан шәкіриясының өнімді, әрі тартымды саласы. Басқа да өлеңдеріндегі сияқты, ақын мұнда да терең сезім құшағында, жүрек тербелісінде, Өшеуінде өзг. ақындар, «күйдім-жаңдым»

деп жазатын жайлар Мағжан қаламында басқаша күйді, ыстық-суығы аралас, қуанышы мен реніші қатар жүретін жұмбақ сезімді аңғартады. Махаббат азабы, сүйіспендік азабы әуелден белгіленген, жаратылыстан бірге жаралған, өзгертуге, қайта жасауға көнбейтін табиғи нәрсе, сондықтан да өмірдің өзі сияқты бірде тәтті, бірде ашы, бірде серуен, бірде сергелден. Ақын сезім сырын ашамын деуден аулақ, ол ашылмайды да азаны жайды, «жүрек-жара», «көзі жасты» күйді суреттейді, бірақ оның шешімін табамын деуден аулақ. Махаббат пен машахат күй бастауын әуелден, әуел баста жаралған ілгері жайдан іздейді. «Әйел» деген өлеңінде бұл туралы біраз сыр шерткен:

*Қылмыстан жазып тәңірге  
Қарсы келіп өміріне,  
Қуылды Адам жұмақтан.  
«Қайт, — деген, — қара жеріңе,  
Бесігіңе, көріңе!»  
Бұйрық болды бір хақтан...  
Жерге түсті жалаңаш,  
Көңілде қасірет, көзде жас,  
«Кеш, тәңірі!» деп сұрады.  
Жұмақтың жібек желінен,  
Жайнаған мәңгі гүлінен,  
Хош иісіне аңқытып,  
Күміс кәусар суынан,  
Суының алтын буынан,  
Бетінде нұрын балқытып,  
Көктің баулас Күнінен,  
Періштелер үнінен,  
Жұмақта хорлар лебізінен,  
Өз нұрынан нұр бөліп,  
Сезгіш, сүйгіш жан беріп,  
Махаббат, рахат теңізнен —  
Жаратты тәңірі әйелді,  
Бастасын деп бар ерді,  
Туралық, шындық жолына!*

Осылай басталған қасиетті өмір — ақыр соңында «ұмытты адам алласын», «енді ежелгі көркі жоқ, көргені қорлық, еркі жоқ» халге түсіп, «жұмақтай» басталып, «дозақтай» бітетін, әр алам, әр әйел бастан кешіретін тылсым тұрмыс жетегіндегі халді көзге елестетеді. Бірақ өмірдің өзі сияқты сезім өлмейді, сүйіспендік өлмейді, ол қайта жаңдырып, қайта түлеп отырмақ.

Осы тақырыпқа көңіл аударған Абай былай жазады:

<i>Атаңды анаң азырып</i>	<i>Әйелің ешбір оға жоқ</i>
<i>Тұғызбаған бейішке.</i>	<i>Бүгін — жалын, ертең — шоқ.</i>
<i>Азласы оны жызырып,</i>	<i>Белді бу!</i>
<i>Әкелді бастап кейіске.</i>	<i>Бетті жу!</i>

«Сұрғылт тұман дым бүркіш» деп басталатын бұл өлеңнің түп негізі аударма болғанымен, Абай ой-жүйесіне тұра келетін, өзі басқа өлеңдерінде де айтқан сөз. «Махаббат — қызық кім көрер, оның да дәмін татпаса», «бұл өмірдің қызығы махаббатпен», немесе:

<i>Тартқан бейнет, өткен жас</i>	<i>Махаббат — өмір көркі рас.</i>
<i>Жүректің отын сөндірмес.</i>	<i>Өлең соң ол да үндемес, —</i>

дегенде Абай адам өмірінің махаббатсыз, сүйіспеншіліксіз күні жоқ, ойы да, сезімі де өзі сипаттас жанға телінусіз күйі жоқ, адаммен тіршілік



*Иірілген бұйра толқын шашы қандай,  
Иығына екі жылтан асылғандай.  
Тұңғиық сыр болса-дағы жасырғандай.*

Мұнда акын жағымсыз кейіпкердің суретіне тоқталған. Бірақ «екі жылтан», «жасырғандай» деген сөздер болмаса, қай сұлуға болса да, жарасар сурет-бейне екенінде дау жоқ.

«Шолпы» өлеңінде бір жағын әзіл, бір жағын шын етіп, акын киіз үйді айнала жүретін ауыл қыздарының шаштарына таққан шолпы сылдырының көңіл ынтықтырар әсерін жазады:

<i>Сылдыр, сылдыр, сылдыр... Өзекті өртеді құреыр. Өдейі іргеден жүреді Сұлу қыз санадан солығы!</i>	<i>Сылдыр, сылдыр, сылдыр Жүректі жандырды құреыр. Кеудені кернеді жалын, Сәулем, періштем, тез кір!</i>
--	--

Риза болып, сүйсінген көңіл көрінеді. Шолпы сылдырлаған сайын естушінің жаны кіріп, құлағы да, жүрегі де елендеуде. Бұрынғы ауыл тұрмысының осы кішкене бір этнографиялық суреті қазірдің өзінде көңіл толқытады. Шолпы несінің сұлу кескіні көз алдыңызға келгендей. Ал шолпы сылдыры нақ бір шақырықтай естіліп, тыңдағанның діңкесін құртып-ақ тұр.

Қаны да, жаны да қазақ топырағы мен ауасынан суарылған бұл өлеңдер мінез бен құлықтың айырықша ұлттық ізет-сипатын аңғартатын сұлу жыртыбае. Бұл арда С. Есенінді де еске алуға жарайды. Оның сүйсіпендік өлеңдерін айтқызы. «Бөрінен де сен сұлу» өлеңі уақытында өзіндік өніммен халық арасына кең тараған. Біреулер бұл өннің авторы Мағжан екенін біліп, біреулер білмей жаттап өсті. Бұл тарапта кейіннен біраз өншілер ақындар өлеңге өзгертулер енгізіп, жаңалап айтқан кездері де болды. М. Жұмабаевтың көпшілік қауым арасында әбден мәшһүр акын екеніне бұл да бір куә.

## Поэмалары

Мағжан Жұмабаев әрқилы тақырыпта көлемді поэмалар жазу саласында аса өнімді еңбек еткен. Өте-мөте белгілі поэмасы «Қорқыт», «Толғау» «Оқжетпестің қиясында», «Жүсіпхан», «Токсанның тобы» сияқты басқа да поэмалары кезінде баспа жүзін көрген. Осылардың ішіндегі күрделісі, көркемдік тұтастығы жағынан да, сюжет желісі мен сұлулығы жағынан да ерекше асып тұрғаны «Батыр Баян». Мұнда айтылған оқиға бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заман жайында. Ақынның жазуы бойынша, бұл хикаяға Абылай ханның екі ел арасындағы бейбітшілік, достық қарым-қатынас орнағанға дейінгі оқиға өзек болған. Ашу үстінде қол бастаушы батыр Баян өзі қамқор болып жүрген киіз бауыры Ноян мен сұлу қалмақ қызын өлтіріп салады. Жазығы — олардың көңіл қосып, елден қашуы. Бұған дейін Батыр Баянның өзінің жас қалмақ қызына көңілі қатты ауған еді, бірақ қыз ыңғай бермеген соң, оны қарындас ретінде ұстаған. Алайда екі жастың Баян айтқанына кенбей, қашып-шығуының аяғы трагедиялық жағдайға әкеп соғады. Қыздың сұлулығын акын былай сипаттайды:

*Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылағандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тісі — меруерт,  
Сөздері су сылдырлап құйылағандай.  
Бір ұлап, көз қарасы бір айтылған,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбен-жанбай.  
Лөбізі — жібек лебі, жұмақ жеті.*

*Кәусардай татқан адам қалар қанбай.  
Шын ер той батыр Баян алып қайтқан  
Еліне сол сұлуды естен танбай.*

Ноян жайында, оның хал-күйі туралы:

*Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.  
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.*

Қыздың сұлулығы мен жігіттің жалын атқан ішкі сезімін суреттеуде ақынның білеп, кешірім аулынан атысқа алып кеткен дүлей күш салдарынан құрбы болып кеткенін көреміз. Артынан қуып жеткен Баянға:

*Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,  
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.  
Жақындап келіп қатып ағасына,  
Түсінен шошыды да тоқтап тұрды...*

*Дегенше, қалды тартып батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті,  
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.  
Жын шуы басқандай боп естіледі  
«Жан көке, аға!» — деген сөзді Баян.  
Садағын сол секундта тартты шығы  
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.  
Үстіне інісінің денесінің  
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.  
Екі жас аттарынан ұшып түсті,  
Түскенде бірін-бірі құшып түсті...  
Қомағай қара топырақ бүткіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті.*

Поэмада әрі қарай бұл трагедиялық жайды суреттеген Мағжан ақындығының тағы бір көрінісі. Жан тебіренген, толғантар ұшқыр өлен шырлары ағыла береді. Үстіне көк аспан құлап түскендей ер Баян жайы күншілті-ақ.

Інік романтикалық сарынға құрылған аса көркем поэмадан екі түрлі «анды аңғарамыз: бірі — батырлық, достық, махаббат, мейірім дүниесі болса, екіншісі — ашу, ыза, онан барып әділетсіз кантоніс өкініш. Кабарманның мінез асаулығын, бірбеттілігін, бірақ ниетінің ақ екенін суреттеп, ақын поэмағы романтикалық шарықтау шегіне жеткізеді. Шие-жәнікпен оқиғаны ақын тау мен судың, күн мен аспанның, кейіпкерлердің бірін-бірі қимас күйін, қалмақ қызының сұлулығын, айнала табиғат сыр-тарып суреттеу арқылы сезімнің қоюланып, ширығуына, күннің күркірегіңдей, найзағайдың ойнағанындай бітіспес мінездер соқтығысына алып барады, іштей өкініш толғанысына әкеп тірейді.

М. Жұмабаев поэмаларының композициясы өзінің ерекше тұтастықты, ұтымдықты танытады. Шеберлігін, әрі көркемдік талғамын байқаймыз. Іркіп, тартымды оқылады. Бұған оқиғалардың айрықша құрылым, кестесі, сөз қолданыс әдісі ерекше әсер береді.

Мысал ретінде алсақ, аллегориялық сипатта жазған, 1926 жылы жарық көрген «Ертегі» поэмасы да аса қызығлықты. Поэма сюжеті шын мәнісінде

ертегіге ұқсайды<sup>1</sup>. Өңгіме төркіні мысықтар мен тышқандар арасындағы жанжал, соғыс. Оқиға Шығыста, күн шұғылалы елде, бау-бақшалы мекенде өтеді. Жүзім шарабын ішіп масаураған тышқан даңғазаланып, мысықты тізден-сегуге көшеді, оны естіп қалып, ашу қысқан мысық әлгі сорлыны ап деп, жеп қояды. Бұдан әрі мысық пен тышқан арасындағы өткен бірнеше соғыстар суреттеледі. Ақырында тышқан атаулы көптігін жасап, мысықты жеңілуге мәжбүр етеді, мысық патшасын қуып, өз патшасын да тақтан түсіреді. Мұндай аллегориялық, мысал мазмұндас дүниелер дүни-ежүзілік әдебиетте әлденеше рет қайталанған. Бірақ бұл поэма М. Жұмабаевтың басына бәле болып жабысты, осы шығармасы үшін оған қатал саяси кінә тағылды, бұл жерде ақын орыс патшасын, Гапон погты, 1905 жылғы революцияны, жұмысшылар мен шаруаларды, тіпті большевиктер мен эсерлерді меңзеп, суреттеп отыр деген сорақы айыптар қойылды. Мұндай тұрпайы сындар ол кездерде ашықтан-ашық айтылатын. Өсірсе, С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабынан бұл жәй анық көрінеді. Мағжан көрген қуғынның басы осы болды.

Мағжанның ең соңғы ірі туындыларының бірі «Токсанның тобы». Бұл поэмада ақын жана өмір жолына үңіле қарап, оған шын көңілімен дөң қойғанын мойындайды. Бүкіл халықтың жана тұрмыс құруға бет алғанын, өзі де оған қосылатынын айтады. Токсан деп көпшілікті, жүздіктің оны емес, токсанын қолдаймын дейді:

*Ес біліп ойлап, толғанып,  
Қолыма қалам алғалы,  
Сөйлеген емен жасыра:  
Мен мұңдымен мұңдастым,  
Адассам ел деп адастым.  
Он деген емен асылы,  
Он демедім, демеспін,  
Ой көзінде көмескі.  
Жырладым елді жалтылдап,*

*Жасырмай жүзді жоқтадым,  
Токсанға енді тоқтадым  
Толғанып ойлап малқылап,  
Сөздің тоқтар түйіні:  
Бұл — тоқсанның жиыны,  
Осы армансыз білгенім.  
Токсаннан сонау он аулақ,  
Сонау оннан мен аулақ,  
Мен тоқсанмен біргемін.*

Поэма 1927 жылы «Енбекші қазақ» газетінде басылған. Әрі қарай, яғни бұл жылдардан соң, біз Мағжан шығармаларын ұшырата алмаймыз. Поэмадағы мойындау сөздерге шүбә келтірген у да шу айқай, балағат сөздер мен орынсыз сындар қаптап кетті де, ақынның үнін өшірді. Нағыз натурал, нақат іс осы болды.

«Қорқыт» поэмасының мазмұны ақынның бүкіл әуре-сарсаң өміріне дәл келіп тұрғандай. Белгілі оқиғаны қайта жырлағанда, бар болмыс-қалпын, тағдыр жайын өз түсінігінен, өз ой елегінен өткізіп бергендей. Қорқыт пен елім Мағжан үшін аса жұмбақ тақырып. Басқа да өлең, жырларында өлім жайын көп айтып, көп толғанғаны белгілі. «Қорқыт» поэмасында ежелден белгілі өлімнен қашатын Қорқыт жайын шабыттана жырлау — өлімнен қанша қашсаң да, алдынан социалдықтың қабір тұруы ықтимал деген тұжырым, философиясын айту. Поэмала мынадай түйін бар:

*Өмірде арманым жоқ — Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа бітсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарлап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем.*

Ажал — хак, сондықтан да өмір жібінің түнінінде өлімді табиғи рәсім ретінде, болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау керектігін уағыздайды. Ақынның ой-толғамдары әлемінде философиялық ұғымды таңуға болады.

<sup>1</sup> Түп-негізі азербайжан ақыны Фатали Ахундовтан.

*Өлдекім адам деген ермек үшін,  
Жүрекке от ойнайды сенбек үшін,  
Ойланып қалай еана уланбассың,  
Берілсе адамға өмір өлмек үшін.*

Бұл баянда Жан-Жак Руссоның: «Напрасно бояться смерти, так как никак мы живем, ее нет, а когда она наступает, мы уже не существуем» деген софистикалық тұжырымын еске алуға болады.

Революцияның басынан-ақ белгілі болған жай өмірді қайта жасаумен бірге, ескі құбылысты қирату еді. Сол, 20-шы жылдары революция туралы, социализм туралы ұғымды біржақты ұққан басшылықтың солақайлығы, төрешілігі, әкімшіліктің сындаржақтығы дарын иелерін әдеттен шошытып тастады. Өлбетте олар революцияға қарсы болған жоқ еді, қайта соны түсініп, білуге ұмтылған еді. Таланттардың табиғатын бағаламау, түсінеу салдарынан А. Толстой, А. Куприн, К. Бальмонт, Ф. Шляппин сынды үлкен тұлғалардың шет елге кетуі орны толмас аяқталық болатын. В. И. Ленин әдебиет пен өнердің теңгермелікке келуінің, онда ең бастысы бостандық, ой еркіндігі үстемдік құруы керектігін талай ескерткен. Бірақ партия функционерлері әдебиет пен өнерді саясиландыруды талап етті де, өздерінің аласа ойына лайық аласа әдебиет жасалуын көздеді. Саяси үстемдікке мойынұсындырылған өнер эстетикалық мәнінен айрылып бір сапқа тізілген шөжедей аяқатар тұра қалды да, бір ауенмен шажылдады.

Осылай дей тұрып, ақындар революционер бола ала ма, жоқ па деген сұрақ қоялық. Өлбетте, бола алады. Бұған дәлел ретінде В. Маяковскийден III Петефиге дейін, С. Сейфуллиннен бастап Е. Чаренцке дейін айтуға жарайды. Ал дәл мағынадағы революционер ақын болмауға да болады. Бірақ ол адамның ақыл-ойын өзгертерліктей іс істеуі мүмкін. М. Жұмабаев, мына, осы қатардағы суреткер. Ол заманның аса зор зәру мәселелерін өнерді, өмірдің мәні, жайы, зұлымдық пен мейірім туралы жазды. Ежелден келе жатқан сірі дәстүрді өзгертіп, XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясына таңғажайып жаңалықтар енгізді. Поэзия сүйер қауым кезінде «біне-көп М. Жұмабаев өлеңдерім қолжазбадан оқыған, өйткені оның қолшатарын шығару тоқтатылған, қалған бірдіңнің көзі жойылған. Мағжан лирикасының құдіреті оның түр сипатының соңылығы, сөз қолданыс қасиетінде. Тілінің дәлдігі, ой-толғамдарының жаңалығы, суреттелген жайлардың айқындығы, сөз ойнату иірімдерінің таңғаларлық жарасымы — оның бәрі жиісіктала келе Мағжан поэзиясының ерекше қасиетін бағатады.

Жоғарыда айттық, 1927—28 жылдардан кейін жазылған, я болмаса быса жүзін көрген Мағжан жазбаларын біз білмейміз. Бұл арада ақынның бір кезде өзі айтқандай, «қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі» дегені дұрыс екісіне көзіміз жетеді. Ақын өмірінің соңына дейін құғын-сүргінде болды. Оның досы, сол заманның құрбаны ақын Бернияз Күлеевке арнап жазғанындай, өмір жолын арманда аяқтады:

*Өмір, өлім — мәңгі аңдысқан екі жау,  
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-у,  
Сол жыр таппай, садақ тартпай, сайбар еем,  
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-у.—*

деп ақынның өмірдегі орнын биік қойған еді. Бұл жолдар Мағжан ақынның өзі өмірі мен өліміне арналғандай деуге болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қалған өмірінің он жылы түрмеле өтті. Енді 60 жылдан соң ғана, ақын туралы айтып, жазуымызға мүмкіндік болып отыр. Байрон сөймен айтқанда: «Кончил жизнь путь герой, теперь начинается путь славы» дегенге саяды.



Мағжан Жұмабаев творчествосын нахақтан жамадан, құлдыратуға тырыскандар да, оның ақындық құдіретін бағалап, биікке көтергендер де болды. Ахмет Байтұрсынұов та, Жүсіпбек Аймауытов та, Міржақып Дулатов та өздері нағыз трагедиялық күй кеше отырып, әдебиет пен өнер парызын ұмытпады, ақынның өнер талантын жоғары бағалады, оның үлкен болашағына берік сеніммен қарады. Мағжан ақынның ерекше сымбатын Сәкен Сейфуллин де, Бейімбет Майлин де құрметпен атап, қасиеттей білді. Мағжанның бүкіл түркі тілдес әдебиетке әсерін жоғары бағалаған адам түркі әлеміне белгілі оқымысты, тегі башқұрт Ахмет Зәки Уалиди Тоған. Ол «Қазақтың ұлттық ақыны Жұмабайұлы Мағжан... өз жырларын тікелей Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу бойын мекендеген қалың қазақпен таулық қырғыздарға арнаса да, оларға бүкіл түркінің және Түркістанның шерін жеткізді, түркілердің бұрынғы шат-шадыман өмірін елестете білді», — деп жазды<sup>1</sup>. 1928 жылдың өзінде-ақ Мұхтар Әуезов қазақ поэзиясын деген ұғымын байытқан Мағжан Жұмабаевқа ғажайыптай өлеңдері үшін риза екенін айтып жазды. Белгілі әдебиетші Қошке Кемелгерев Мағжан поэзиясын өте жоғары бағалаған.


Мағжан Жұмабаев біраз өңіме, мақала хабарлама, аудармалар жасаған «Шолпанның күнәсі» деген ұзақ өңімесі 1923 жылы «Шолпан» журналында басылған. В. И. Лениннен, М. Горькийден көп аудармалар жасағаны осы жазбаның алғашқы беттерінде ескерткенбіз. Мамин — Сибирякты «Ақбоз ат» өңімесін аударған. Басқа да аударма шығармалары бар.

Ең үлкен ғылыми еңбегі «Педагогика». Бұл еңбекті ақын балаларды жастарды тәрбиелеу ісіне аса қатты мән беріп жазған. Ескі қазақ өмір тұрмысынан, әдет-ғұрпынан нені алуға болады, оны жаңа заман тәртібіне қалай ұштастыру керек, негізгі классикалық педагогиканың қағидалары қалай қабылдап, бойға сіңіру қажет деген сияқты мәселелерді Мағжан ақын биік зерттеушілік қабілетпен шешеді. 1992 жылы «Педагогика» басқа да шығармаларымен қатар «Ғылым» баспасынан жарық көрді.

*М. Базарбаев,  
филология ғылымдарының докторы*

<sup>1</sup> «Қазақ оқымыстылары туралы». «Ана тілі», 16 мамыр, 1991 ж.

1911—1917



## ЖАТЫР

Баска жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі — ай, бірі — жұлдыз, бірі күн боп  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,  
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.  
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,  
Тәнірінің рақметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.  
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,  
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр.

Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,  
Бар малың болыстыққа сарқып жатыр.  
Барымта, ұрыс — керіс, кісі әлтіріс —  
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.

Кен жері күннен-күнге құрып жатыр.  
Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр.  
Астана, жұрт билеген адамдарды  
Тәнірі күннен-күнге ұрып жатыр.

Біреулер оқып төре болып жатыр,  
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.  
Ұмытып өзін-өзі бұл сабазын  
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

Шәкірттер медреседе шіріп жатыр.  
Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр.  
Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт  
Жемтікші күзғын болып кіріп жатыр.

Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,  
Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.  
«Бес байтал — әйел құны» деген бір сөз  
Қармаққа талай жасты іліп жатыр.

Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,  
Өзара талас-тартыс болып жатыр.  
Кешегі шешек жарған қазақ гүлі  
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,  
Күннен күн артқа қарай кетіп жатыр.  
Сезінбей өз өлгенін, өзінікін  
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр!

### ШЫН СОРЛЫ

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,  
Қар борап соққан желмен қылып егес.  
Келдейлер үсіп-тонып дір қалтырар.  
Жылы үйде байлар жатар. уайым жемес.

Түн болып қара тонын киіп еді.  
Қатты жел барлық күшін жиып еді.  
Ақтарып астын үст қып, гүлеп соғып,  
Дөңдегі қарды ойға үйіп еді.

Дүрілдеп сүп-суық жел соққан шақта,  
Қар борап. үй айнала тыққан шақта.  
Шыдамай жан-жануар жел өтіне  
Бүкшііп теріс қарап ыққан шақта,—

Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,  
Нығарлап әр түкпірге сүйреп тастап.  
Құт ұшырар естілген қатты дауыс:  
«Анан, енен!.. Шық үйден! Жолыңды тап!»

Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,  
Жылауға, қозғалуға есі адасқан.  
«Аяғым ауыр, қой деймін!»— деп айтқанда,  
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.

Балтабай бір қолымен есік ашты,  
Тепкен соң сорлы Оразкен далаға асты.

«Кірме, өл далада, иттің баласы!»— деп,  
Бекітіп іште тұрып есік басты.

Оразкен екпінменен құлай кетті,  
Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті.  
Әдейі өшіккендей тасбауыр жел  
Дүрілдеп астын үст қып борай кетті.

Оразкен бас көтерді есін жиып,  
Көз алды дулап кетті от боп күйіп,  
Басынан сорғалаған кап-қара кан  
Ағады үлбіреген бетке тиіп.

Дәрмен жок, көзі тұнып, түр балбырап,  
«Жасаған, жарылқа!»— деп, жәрдем сұрап.  
Қар борап, дүрілдеп жел соққан шақта,  
Кетеді сорлы Оразкен дір қалтырап.

### ЖАЗҒЫТҰРЫ

Су акты, жетті сәуір қырдан ойға,  
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.  
Жас бала: «Жазғытұры туды»,— десіп,  
Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да.  
Қуанып жан-жануар, алшан басып,  
Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.  
Нұрлы Күн алтын нұрын шаша бастап,  
Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.

Су ақса, тау жанғырар сылдыр қағып,  
Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып.  
Түрлі үнмен жана келген жылдың құсы  
Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып.  
Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзестер,  
Бедсенген жылқышыға нокталатып.  
Балалар етек түріп, зыр жүгірер,  
Батпаққа бірін-бірі домалатып.  
Қырдағы жылқышылар ұйқы көрмес,  
Қолынан қулық бие құлындатып.

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,  
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап.  
Сұлудай бұраңдаған бұтақтарда.

Өн салып әр түрлі күс тұрған сайрап.  
Суыктан тоңып өлген шыбын-шіркей,  
Тіріліп, канат қағып, быж-быж қайнап.  
Аспанда күн күркіреп, от жаркылдап.  
Жылы жел кара бұлтты тербеп айдап.  
Уызға жаңа тойған жас құлынды  
Шынғыртып, жылқышылар ұстап, байлап,  
Азырақ күйлі шыққан қысыр тайын  
Балалар шапқыласқан, мініп жайдак.  
Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жәутік  
Кетті ғой әлдеқашан тырақайлап,  
Жаратқан жанға рахат жазғытұрды,  
Шүкір қыл бір аллаға «я, құдайлап».

### • БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұңды күймен жүз құбылтып,  
Кейде аян, кейде желіс, кейде сылтып.  
Денені суытасың, ысытасың,  
Тұрасың маужыратып кейде жылытып.

Құясын тәтті дауыс тамылжытып,  
Тұрады жан-жануар дәмін жұтып,  
У-шу жоқ, қарқ-шиқ еткен қарға, торғай  
Ұялып әлдеқайда кеткен жытып.

Ұста сөз, мұңды даусын басты байлар,  
Токтаған шабуынан құлын-тайлар.  
Даусынан елжіремес нәрсе бар ма,  
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл күс! Көзімде жас, кеудемде от,  
Болып, мен саған келдім, ішімде шок.  
Дертіме сенен ғана : әрмен бәлар,  
Басқадан, анық білгім, еш пайда жоқ.

Бұл жерден ұшып кетші сәулем жаққа,  
Барып қон нәзік қайта бір бұтаққа.  
Сөйле оған ашындығып менің жайым,  
Көңілін елжіретпей жанат қақпа!

Жүз құбылт даусынды, өрте өзегін,  
Өртенсін, қызыл жалын қыл төсегін.

Ойын ал, бойын балкыт, сүйдір мені.  
Калсын ол ойлай алмай өз есебін.

Тез, бұлбұл, мұнды дауыс, сикыр тілдім,  
Дәрменді калың дертке сенен білдім.  
Кылмасан бір мейірім, сорлы пенден  
Кайгыдан колым жетпей, міне, өлдім!

## ӨЛЕН

Тарыкса жаным,  
Ауырса тәнім,  
«Сүйеуім бар!»— демейтін,  
Ол болса менде.  
Қозғалса жер де:  
«Бұ не болды?»— демейтін,  
Жан сүйгенім — ол да өлен.  
Жете алмасам, жолда өлем!  
Жанымның жаны,  
Тәнімніңқаны,  
Тіршілігім сенімен.  
Ойландым — тоймадым.  
Іздедім — қоймадым.  
Кенес біраз менімен.  
Естісе сені — жан ұйыр.  
Баған білмес көп сиыр!

## ЛӘЗЗАТ ҚАЙДА?

Бұл жарыкка шыққан сон  
Іздейді көңілім күн-түні  
Қайдасын ләззат, рахат деп,  
Таппады сал боп еш мұны.

Ойыңда ма бос өткен?  
Қайғыланған ойда ма?  
Жүйрік тазы, сұлу мен,  
Қызойнақ, иә, тойда ма?

Байлықта ма, беклікте  
Бетіне шірігі шықпаған:

Ас, ат беріп жұрт аузын  
Алып оған ықтаған.

Ләззатты іздеп, көңілім  
Аласұрған шарқ ұрып.  
Біреуін де осы деп,  
Қалмай жүрген бір торып.

Баяулады жалғыз-ақ,  
Мінеки деп тұрақтап.  
Ләззаттанып сөзіне,  
Қолына кітап, құранды ап.

Айтар сөзім ендігі,  
Аласұрған көңілге:  
Оқу оқы, өнер қу,  
Басқалардан түңіл де!

Жұрттың камын көп ойла,  
Уайым-қайғы жеп ойла!  
Артта қалған сорлы жұрт  
Алға бассын деп ойла.

### ЖАЗҒЫ ТАҢ ✓

Жып-жылы түн маужырап, Көтерілген жерден бу. Саф күмістей жарқырап, Тыныш жатқан тұнық су.	Көкке тиген биік тау Құшақтасқан тұманмен, Қосылысып есен-сау Бал алысқан құмармен.
---	--

Ақырын ескен жылы жел Маужыратып, тербетіп, — Таң атсын деп жайнап гүл — Өзің балам ер жетіп.	Шырылдап торғай аспанда, Бытпылдығы ән қосып, Шала-жансар жатқанда Табиғатқа жан қосып.
--	--

Таң атқанда, жалбарып, Төңіріге құлдық қылғаны, Міне оның таңданып, Көңілі хаққа сынғаны.	Міне, алтын таң атты Күншығыстан ағарып. Көтеріп зұлмат қанатты Жер де кетті жанарып.
--	--

Таң, Күн деген жер жаны.  
Екеуіңсіз жоқ сәні,  
Оқу-білім — ер жаны.  
Жараспас ерге құр жаны.



## ЖАС КЕЛІН

Жаңа түскен жас келін,  
Кемпірлерге ас келін.  
Орамал-шаршы бермесе,  
Абұйырсыз тас келін.  
Алғанға кабақ шытпаса,  
Сонда болар бас келін.

Бұркыраған дауылда,  
Сабап құйған жауында,  
Ләм деп бір сөз шығармай,  
Жас келін жүрер сауында.

Жаңа түскен келіншек  
Болмайды тіпті еріншек,  
Құдайдың берген тоқтығы —  
Ас болады ірімшік.

Бірін-бірі іздескен,  
Қараңғыда кездескен,  
«Басым жерге кіргенше,  
Жаным — сен!»  
деп сөздескен.

Жас келіншек — тоқ қонақ,  
Болмайды тіпті сұғанақ.  
Арып-талып жүрсе де,  
Ойлайтыны жақсы атақ.

Жас келіннің күйеуі —  
Мұнын ашар сүйеуі.

## АТАҚТЫ АҚЫН СӨЗІ АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзін асыл — баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанды  
Дүние қолын жайып енді күтпес.  
Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,  
Кисайып қынырайды жұртын итпес!  
Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!» — деп.  
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.  
Тыныш ұйқта қабіріңде, уайым жеме:  
«Қор болды қайран сөзім босқа!» — деме.  
Артында қазақтың жас балалары  
Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын  
Хакім ата, тыныш бол, қадірін артар.

\* \* \*

Жүрген жанның артында ізі қалар.  
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.

Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар!

Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертен бітер.  
Токтамас дүниенің дөнгелегі,  
Жүйріктің айтқан сөзі көпке кетер.

### СОҢҒЫ ҚАЗАҚ

Сорлы казак жан алкымға тығылып,  
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп.

Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,  
Қырын қарап, казак ісін ұнатпай,  
Пыр-пыр ұйқтап сорлы казак тек жатыр,  
Қанды жаспен екі көзін шылатпай.

Қозғал, казак, білімге жүгір, кез келді,  
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.  
Шетке лақтыр, тымақтай алып, тұра кеп,  
Ертеңді-кеш басына мініп езгенді!

Кітап әпер, оқысын балаң, қолына,  
Малды аяма оқу-білім жолына.  
Өнер алып басқалармен қатар бол,  
Жер жүзі бір адамзаттың ұлына!

\* \* \*

Байғұс казак бас көтеріп тұрар ма?  
Көңілі түсіп, басы-мойнын бұрар ма?  
Күні туып он жағынан, солдан — Ай,  
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

### ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР?

Ер жігіт өнер табар ерте қуса.  
Ерініп, шаршамастай, белін буса.  
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,  
Періште боп анадан қайта туса!

«Жакын туған, бауыр!»— деп айналмаса,  
Катын-сатын дегенге байланбаса,  
Тынықпай, дамыл алмай, ерте де кеш  
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.

Дүниенің қайғысынан зарланбаса,  
Көз қысып, күлгеніңе алданбаса,  
Қақ жарар кара қылды тура бөліп,  
Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.

Өсектен ат-тонымен алыс кашса,  
Естісе, ұялғаннан бетін басса,  
Жамандық — аты өшкірге жакын жүрмей,  
Аяғын күндік жерден байқап басса.

Өзінен басқа жанды кем көрмесе,  
Құтыртып, шабыстырып жел бермесе,  
Табылмас аузына су тамызушы,  
Өзінің тар етегін кен көрмесе!

Көзі ашық адамдарға жакын жүрсе,  
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,  
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
Құлақ тігіп, көз салып, жиыл-терсе.

Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,  
Мылқау, меніреу, нағанды қас деп білсе,  
Бейнеттің мұнарланған шөл даласын  
Ұжмақта хорлар тіккен қос деп білсе.

Білімсіз қатқан жансыз тас деп білсе,  
Өнер-білім — қарны ашка ас деп білсе,  
Дүниенің теңізінде адасқанға  
Тура жол көрсететін, бас деп білсе!

Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,  
Басқаға мойнан бүрсе, көз салмаса!  
Өнер-білім жер астында болса-дағы,  
Бір жетер, жалықтым деп тастамаса.

## ТОЛҒАН АЙ

Тұрасын, мейірімді Ай, нұрын шашып,  
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып.

Толсан да, солсан-дағы айрылмайтын  
 Жолдасын — жұлдызынмен қол ұстасып.  
 Далада жолаушыға сен жолбасшы,  
 Егерде жазатайым жүрсе адасып.  
 Дөнгелек, жарасымды ақ келбетің,  
 Жүресің жылжып қана, әсем басып.  
 Ажары ақ жамбыдай сұлулардың  
 Жалғанда тіпті кетпес көркі асып.  
 Сәуленнің түскеніңсәлдекандай  
 Теніздер жан теңгермес жатқан тасып.  
 Мәз-мейрам көкте қатар жүргеніне  
 Жұлдыздар неқ қағып жымындасып.  
 Жалғыз-ақ іштен сені жек көреді  
 Екі жар қол ұстасқан, сыбырласып.  
 «Жарықта қараңдап бой көрінер!» — деп,  
 Бір-бірін сүйісе алмас мауқын басып.  
 Елжіреп көңілдері, құмар қанбай,  
 Айрылар біраздан соң амандасып.

### ЗАРЛЫ СҰЛУ

Қайғыландың, зарландың,  
 Ісінді тастап, мұнайып.  
 Ойнамайсың, ойлайсың,  
 Күлкіне салды кім айып?

Жаңа піскен алмадай  
 Толып бір тұрған шағында.  
 Жастық қызығын көрместей,  
 Неге сынды сағын да?

Жалғыз қалсаң бір үйде,  
 Өзінді өзін жылаттың,  
 Мөлдіреген көзінді  
 Қайғылы жаспен шылаттың.

Қайғыға салды кім сені,  
 Тыныштық жүзін көрместей,  
 Өмір бойы бітпестей,  
 Зарын мәңгі сөнбестей.

Көп ойладың тыншымай,  
 Түнде де кірпік бір қакпай  
 Талмай көзің жұмбайсың,  
 Ағарып сүттей таң атпай.

Ерніңді қозғап қайғымен  
 Қай жауызды қарғайсың?  
 Сені бүйткен бейбақтың  
 Санадан жүзі сарғайсың!

### ТУҒАН ЖЕРІМ. — САСЫҚКӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,  
 Бетінде күннің нұры балқыған көл.  
 Жарысып саф күмістей ақ көбігің,  
 Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.

Жаныңда жас балалар ойнаған көл,  
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.  
Көз салып жалтырына, мұңға батып,  
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,  
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл.  
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал  
Дөніне ойнақ салып, қуанған көл.

Сыртыңда ақ боз үйлер жарасқан көл,  
Байларың кедейлерге карасқан көл.  
Ағайын тату-тәтті — коныс бірге,  
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,  
Шуакта балықтарың тулаған көл.  
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,  
Басыңда кеңес құрып, дулаған көл.

Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,  
От-суға иен түгіл, жат тойған көл.  
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,  
Көксілдер тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,  
Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл,  
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,  
Күресіп күн батқанда белдескен көл.

Айдын көл, ата коныс, құт болған көл,  
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.  
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта  
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.

Білмеймін не боларын. қайран келімін.  
Жарайды тең болмаса күн мен түнін,  
Итиіп қарашекпен келіп қонса,  
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.

## БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Балалық шағы —

Патшаның тағы —

Ала алмас оны бағалап.

Көп өтпей жыл,  
Тек жүрмей, біл  
Ілгергі күнді сағалап.  
Үйрен білім жастықта,  
Білмесең жанға қастық та!

Білімге шөгір  
Жоқ үйден түңіл —  
Ерікке қоймай ентелеп.  
Қайтпас уақыт,  
Қал дәмін татып,  
Бос өткізбе, еркелеп!  
Жастық деген — бағасыз.  
Қадірін білмес санасыз.

Жастық алтын,  
Кұрып қал салтын,  
Салты оның — үйрену!  
Өнер қуып,  
Бел бекем буым,  
Надандықтан жирену!  
Тұрма, қарғам, ұмтыл!  
Аты өшкірден құтыл!

«Білімсіз — есек,  
Опасыз» десек,  
Сөйлеп, күліп жүрсе де.  
Өлікпен тең,  
Ит-құсқа жем,  
Тірі боп ғұмыр сүрсе де  
Сондай болма, қарағым,  
Даяр болсын жарағын!

Білген жан — көсем!  
Сөйлесе — шешен.  
Жұртты аузына қаратар.  
Істегені — өрнек,  
Қор қылмас ермек,  
Нәрсені іске жаратар.  
Білімдінің сөзі — ем,  
Мейірімі көп, етек — кен!

Жұртына мактаулы,  
Сыбаға сақтаулы,  
«Пәлі!» деп қарсы алар,

Іс қылар тежеп,  
Жан жүрек өжет  
Бет келгенді арсалар.  
Қайда барса сыйымды.  
Білімі мол — бұйымды!

## ТІРШІЛІКТІҢ КӨРКІ — ЕРІК

Тіршіліктің көркі — ерік, Қалар бұрынғы еркелік!  
Адамдыққа ол — серік. Ойламай барып ұрынып  
Бір кірген соң қақпанға, Өкінген аз ба ертелік?!

## ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,  
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің койын.  
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,  
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,  
Ойламау келешекті түпке жетер.  
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,  
Жан қорқып, дене тітіреп есін кетер.

Тасталық болыстыққа таласуды.  
Таласып жаман көзбен қарасуды.  
Мың-мыннан төгілуі жетер енді.  
Ізделік аққан бұлақ — қара суды.

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,  
Хохолдар алып қала салып жатыр.  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырайық жиылып, оңдалайық.  
Мың жылғы өткен қуам деп ата заңды,  
Өнерден кеш қалармыз. ойланайық.

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,  
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,  
«Ауыл болсан — қоғам бол» деген сөзбен.  
Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ.

Сол шақта көп түкіріп көл де болар,  
Көлде толқын айдаушы жел де болар.  
Мектеп, медреселер көп салынып,  
Ағайын тату-тәтті ел де болар.

Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,  
Нык сінген надандықтан қаша алмаспыз.  
«Заман-түлкі болғанда, тазы болмай»  
Біік қырдан алдағы аса алмаспыз!

## МЫСЫҚ ПЕН ЕТ

Қарны ашып, мысық байғұс үйге кірді,  
Қарады тіміскілеп әрбір жерді.  
Жерден іздеп дәнеңе таба алмады,  
Мүлі шанырақта етті көрді.

Қарады етке мысық көзін сатып,  
Алам деп секіреді кейде жатып.  
Құдайға өкпелейді: «Қол бермедің,  
Алар ем деп бұл етті ағаш атып!»

Не керек, ала алмады, азаптанды,  
Ашудан өле жаздап аз-ақ қалды.  
Қайтсе де ала алмасын білгеннен соң,  
Мысығын өзіне-өзі тоқтау салды:

«Қой, не керек, бұ ісін тіпті ұнамас,  
Естісе, бұл қылығың көпке ұнамас,  
Сасыған, құрттап кеткен жасық етті,  
Ханзада, жегенінмен, ішке ұнамас».

\* \* \*

Асылды қолға түспей жасық деуші,  
Қолға түссе жасықты майдаи жеуші.  
Артынан арқан бойы шығып тұрып,  
Өз үйінде сабазың сыр бермеуші.

## СҮЙГЕНІМЕ

Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей,  
Еш жанға сенен басқа көңіл бермей,



Сен — бір жак, жалған — бір жак, қатар қойып  
Сені іздедім жалғаннан қолым сермей.

Қайғы жұттым, «аһ» десем, шықты жалын,  
Сыртым — сау, ішімде — өрт жанған қалын.  
Күйдірген қалың өрттің зардабынан  
Өлгелі тұр сүмірейіп сорлы жаным.

Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді,  
Қуарған, сарғайған жүз күйгенімді.  
Талған жүрек, жүдеген, солған дене —  
Сүюдің қолына ен тигенімді.

Күні-түн сені іздедім, қайғы жедім,  
«Отқа түскен сорлынды сүйші» дедім.  
Төгілген көз жасыма бір иімсй,  
Дененді аулақ салдың, қоспай жігін.

Жан ұрдым, жаным қидым, қайрылмадың,  
Өмірінше: «Кет әрменнен!» айрылмадың,  
Шырылдап көз алдында отта жандым,  
Тіліңмен де бір аяп қайғырмадың.

Күн болған көңілімде сенін сәулен,  
Болып ем өмірімше сорлы әурен.  
Міне, мен сені тастап кетпекшімін,  
Қош енді, жанып-күйіп сүйген сәулем.

Мен таптым, сүймесен де өзіме жар,  
Керегін жоқ, мейірімсіз, жолыңа бар.  
Маған енді ол жармен тыныш, рақат,  
Бәрібір жазы-күзі жауса да қар.

Өмірінше бірге, тастап кетпегі жоқ,  
Сен сықылды қайғылы стпегі жоқ.  
Өзгермес бір қалыпта кең тіршілік,  
Бірде шаттық, бірде мұң жетпегі жоқ.

Қош, сәулем, бермен кара, сорлынды көр,  
Амандас, мен кетейін, қолыңды бер.  
Алдымда құлаш жайып қарсы алатын  
Сүйген жарым — мейірімді ол кара жер!

## БІР КҮНІ

Бір күні, ерте оянып, жаттым ойлап,  
Көп шыбын өрмелеген уық бойлап.  
Ұшқан боп жақындасып бір-біріне,  
Тайдырып, орнын қозғап, түртіп ойнап.

Қарадым, қалың тұман ойға түстім,  
Уыққа қарауымды дереу кестім.  
Шыбындай бір-бірімен талас қылған  
Адамзат баласына енді көштім.

«Япырмай, осындай-ау адам-дағы,  
Бірі күшті, біреуі жаман-дағы,  
Күштісі әлімжеттік қылғаннан соң,  
Дүние де жамандықтан аман-дағы.

Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ,  
Көрінген бақ-дәулеттен ұшқан шаң жоқ.  
Жиғаны, бар тапқаны — басқанікі,  
Керек десе, тәнінде жалғыз жан жоқ!»—

Деп ойлап қалың ойда жатыр едім,  
Көп ойлап, ой дәмінен татып едім.  
Естілді үй сыртынан апам даусы:  
«Нокта апар, неғып тұрмай жатып едің?»

Төсектен мең-зең болып әрсен тұрдым,  
Нокта алып, желі басына қарай жүрдім.  
«Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ!»—  
Деп ойлап баяғы ойға қайта кірдім.

Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермеді,  
Мал шулап, ойларымды еп көрмеді.  
«Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!»—  
Таста енді жоқ ойды деп қол сермеді.

## ҚҰР ҚАЛЫПҒЫН

Сұлу қыз анадайдан сылаңдайды,  
Тәнімен ойнап-күліп бұраңдайды.  
Адамзат бәрі ғашық, бәрі құмар,  
Аһ ұрып, оны көрмей тұра алмайды.

Ептілер ебін тауып жақындапты.  
Болуға ен сүйгені жақын қапты.  
Не қылсын өз қолы жеткеннен соң,  
Меніреуді мен сықылды шақырмапты.

Білмеппін дәнеңесін сырт халықтың,  
Сөз қатпай, таң атса да, құр жатыппын.  
Ойламай, көз жүгіртпей, меніреу басым  
Жанаспай, жақын жүрмей. құр қалыппын.

### ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН

«Апалап» уанбастан жылаған күн,  
Жүрем деп қаз-қаз тұрып құлаған күн.  
Еркелеп, құр былдырлап, өтірік жылап,  
Алдына апам байғұстың сұлаған күн.

«Апа», «Мама» деген сөзге тіл келген күн,  
Ауызға тозаң-топырақ, күл келген күн.  
Сенделіп мас кісідей ырған-киқан,  
Аттап аяқ басуға әл келген күн.

Біреу ұрысса камығып жас келген күн,  
Ойға жалғыз емшек пен ас келген күн,  
Болар енді, тойдым деп ас қайтармай,  
Берсе берсе ретпен дес берген күн.

Аяқ басып қотанды жүгірген күн,  
Шешенің емшегінен түнілген күн.  
Тыпыр-тыпыр ары-бері жарысқан боп,  
«Кімді озды» деп атаға жүгінген күн.

Тайі мініп, желі айнала жарысқан күн,  
Тен құрбы, балалармен алысқан күн,  
Қымс етсе, «әке, апа, тиесі» деп,  
Жұдырықты кезек-кезек салысқан күн.

Батпаққа, қоға тартып аунаған күн,  
Көңілді ылғи ойынмен аулаған күн.  
Ренжу, кабак шыту, мұңаю жок.  
Жанбыры қайғы-зардың жаумаған күн.

Қымбат күн, қолға түспес, сен алтын күн,  
Беретін іздеп тауып жоқты бар қып,  
Жарқ еттің, көз ашқанша ғайып болдың,  
Ашылмас кара тұман қаптады түн.

## ОРАЗАДА

Іан алдында тамылжып,  
Тәтті ұйқыға батқан шақ.  
Іір тамақтың қамын жеп,  
Үикылы-оюу жатқан шақ.

«Жылдам іш» деп жымындап,  
Көз қысуын нетерсің?  
«Қарбытып іш, тынымдап,  
Аштан өліп кетерсің!»

Іұра салып төсектен,  
Іір қалтырап киініп,  
Ойға кірер есіктен,  
«Уақыт бар» деп сүйініп.

Алдына әкеп қатар кой,  
Қай сүйгенін таңдасын.  
Шай, қымызға әбден той,  
Көңілде інкәр қалмасын.

Ауыз алып, қол салып,  
Ашылмай жөнді де көзі,  
Келгенде қарын құралып,  
Көрінді-ау Шолпан жұлдызы.

Түндік жабық, от жарық,  
Үйге сәуле кірмейді.  
Іш, той, ындыныңды жарт,  
Таңды үйден көз  
көрмейсіді.

\*\*\*

Ораза деген қазаққа  
Құлшылық емес, әдет кой.  
Еріксіз жүрмей азапта —  
Пайданы ойла, қам ет, кой.

## ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.  
Оқымай ойын құған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме!  
Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.  
«Қарманған қарап қалмас!»— деген рас сөз.  
Токтамай істе болсаң батып терге.  
Жасынан оқу оқып, өнер құған  
Жан жетпес көңілі жүйрік кеменгерге.  
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен,  
Ерте өлген, көмілулі кара жерге.

\* \* \*

Жастык, байлык, кол қусырып бос жүру —  
Жас өспірім үмітті ерді бұзады.  
Тер ағызып, өліп-талып табылған  
Ата дәулет быт-шыт болып тозады.

## ТІЛЕГІМ

(қыздың зары)

Қайғылы қыс қар, боранмен қорқытып,  
Жанға рақат жайнаған жаз бітпесе.  
Сылаңдаған алтын күнім тез өтіп,  
Қайғы-мұңмен жас төгер шақ жетпесе:

Жасыл шешек, қызарған гүл солмаса,  
Қаны қашып, көркі бітіп, қуарып,  
Періштедей жас қыз қатын болмаса,  
Алмадайын қызыл беті суалып.

Алмаспаса, өзгермесе бұ дүние,  
Жаксы-жаман тұрса өзінің қалпында,  
Бірақ білген, солай қылған тәңірі ие,  
Мен де көндім, басымды идім алдында.

Берсін атам, малға сатпай, теңіме,  
Маған жолдас ол мал болмас, ер болар!  
Құр қызықсаң ата заты, тегіне  
Көзің нұры балаң өмірі шер болар.

\* \* \*

Мейірімді ием, таза, нәзік әйелді  
Қара жүрек казакқа неге жараттын?  
Аһ, зар қылды, құлағына кім ілді?  
Сорлыларды жауыздарға қараттын!..

## КҮЗ

Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған,  
Көкорай түсі қашып солып тұрған.  
Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне,  
Бүрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған.

Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсен,  
Естілмес күс, күрт даусы құлақ түрсен.  
Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,  
Көресің кемпір-шалды үйге кірсен.

Масатыдай құлпырған жердің жүзі,  
Аяқ бассан — табанға өтер сызы.  
Кемпір болған бет-аузы қатпарланып,  
Бұраңдаған кешегі сұлу қызы.

Қысқасы, жер жүзінде көрік біткен,  
Қарағанда сұлу қыз қайта кеткен.  
Жыламсырап мұнайып, жанды-жансыз,  
Қатты аязды қайырымсыз қысты күткен.

Осы уақыт шаһарға тұрсан қарап,  
Түрлі жұрт түрлі істе жүрген тарап.  
Көше бойлап, оқуға шапшаң басып,  
Шаттықпен жас балалар бокша арқалап.

Қыс, күз болмас оларға көнілсіз шақ,  
Оқу біліп айырар кара мен ақ,  
Өнерленген дүниеге ұстад болған,  
Қолдарында олардың тәж бенен тақ.

\* \* \*

Қарасан сонда қазақ арасына,  
Ойнаған жалаң аяқ баласына,  
Кетеді іш елжіреп жанып-күйіп,  
Көнілдің тұз сепкендей жарасына.

Жас өмір нағандықта өткен босқа,  
Оқымай, өнер қумай жазы-қыста.  
Білімнен ат-тонымен қашқан қазақ,  
Сайлауға таласуға қандай ұста.

Баласын оқытумен жоқ жұмысы,  
Ел бұзу, малын шашу — барлық ісі.  
Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі,  
Япырым-ау, айтсаңдаршы, бар ма кісі?

Басқа жұрт балалары оқу қуған,  
Біліммен өз жұртының бетін жуған.  
Ішіп-жеп, босқа жүрсе хайуан малдай,  
Адамзат жер жүзіне не үшін туған?!

Қор болдык өнер қумай, қайран елім!  
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім.  
Сұлық боп жан шыққалы тұр таяулап,  
Мандайдан шып-шып шығып өлім терім.

## ОСЫ КҮНГІ КҮЙ

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,  
Сөз ұқпас мылқау, меніреу, жүрген жалғыз.  
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,  
Япырм-ай, қалдық па енді тіпті тансыз?!  
Тақаулы тамағында өткір пышак,  
Тек жатыр тұяқ серппей сонда да аңсыз.  
Тындамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес  
Болды ма қайран қазақ тастай жансыз?  
Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,  
Құл болдың қара табан енді малсыз.  
Ортаға қамап алып қырып жатыр  
Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз.  
Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,  
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?  
Өзіндей адамзаттар не ғып жатыр,  
Бос жүрсін баспанасыз, үйген тамсыз,  
Сандалдың: алдың — боран, артын — тұман,  
Түк көрмей сәуле берер шырақ-шамсыз.  
Білімсіз ит надандық жеңгені ме?  
Буының қалтырайды болып әлсіз.

## МЕН СОРЛЫ

*(шәкірттің зирі)*

Талайсыз, бақсыз мен сорлы,	Не қылсам да түспеді
Бір ісім онға бармаған.	Уысыма қуғаным,
Мен не жаздым о ғұрлы,	Жібермеді, күштеді.
Тәңірі мұнша қарғаған?	Жақын бауыр — туғаным?

Талпындым, түстім ізіне,	Таласқа салды жігітаның.
Оңдалмады бір ісім.	Барын, арын аямай.
Қарамай құлың жүзіне,	Оқуға бермей тиғаным
Алла-ау, көрсеттін қысым.	Алды-артына қарамай.

Бел будым, түстім әр жолға	Білім іздеп сусаған
Тілегім қайтсем табам деп.	Жылайды пенден алдында
Қарамадым он-солға,	Мейірі кең, жасаған.
Тілегім үшін шабам деп.	Құр алақан қалдым ба?..

## АЛДАНҒАН СҰЛУ

Күні кеше толған ай жүзін еді.  
Сиқырлы кара нәркес көзін еді.  
Мап-майда мамық кардай мінсіз денен,  
Бейне бір бакшадағы үзім еді.

Жел тимей, кірсіз тұрған кезін еді,  
Жандыға жаксы дәру сөзін еді.  
Басып кеткен пайғамбар іздеріндей,  
Қадірлі аяқ басқан ізін еді.

Ал бүгін ол көріктің бәрі де жоқ,  
Ақмарал аяғына дәл тиген оқ.  
Өкіндік, жастық, мастық ісін өтті,  
Аһ ұрдың, сыртын — жалын, ішінде — шок.

Тіліне қу түлкінің тез алдандын.  
Ойламай таңдағыны, тез құп алдың.  
Тап-таза ат, көркем көрік — бәрі кетіп,  
Өмірінше құтыла алмас отта қалдың.

Таралды жұрт аузына жаман атын,  
«Бұзылған!» — дейді енді жақын. жатың,  
Ызындап ол да, бұт да сол сөзді айтар,  
Жас төкпей нағып сонда шыдар дәтін.

## ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыкка аяқ басып туған жер.  
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.  
Жастық — алтын, қайтып келмес күнімде  
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жартылдым топырағыннан, сен — түбім.  
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.  
Сенен басқа жерде маған қаранғы.  
Жарық болар Шолпан. Айым, сен — Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес.  
Қалың нуың, қыр, суына жер жетпес.  
Кен даланда ойын ойнап қалсамшы,  
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып.  
Батпағыңда тең құрбымен алысып.



Түнде — аксүйек, алтыбакан, ал күндіз  
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы — алла добы» деген рас,  
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.  
Кім біледі, мен де шетке кетермін,  
Туған жерім, сені тастап басым жас.

## ОРАЛ ТАУЫ

Таласқан аспанменен көкпенбек тас,  
Қарасаң төбесіне айналар бас.  
Жасаған мейірімі кең қадір тәңірі  
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.  
Жіп-жіні, шытырманды түрлі ағаш,  
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас,  
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:  
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!  
Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған,  
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.

Бір күнде сенін нең түрік еді,  
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.  
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік  
Қойныңа жайыменен кіріп еді.  
Ер түрік ең далаңа көрік еді  
Отырса, көшсе, қонса — ерік еді.  
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,  
Іргесі жел, күн тимей берік еді.

Тұрақсыз бұл жалғанда опа бар ма?  
Сақтан, алдар, бой салып жақын барма!  
Бүгінгі күн жан досың болып жүріп,  
Құлатып кетер ертен сені жарға.  
Қарашы төнірекке мойның бұрып,  
Алтай, Орал бойында тұрған түрік  
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,  
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп.

Оралдай ата мекен жерлеріне,  
Қасиетті атаның көрлеріне,  
Аузы түкті шет елдер не болып,  
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.

Анамыз бізді өсірген, кайран Орал,  
Мойнын бүр тұнғышына, бермен Орал!  
Қосылып батыр түрік балалары,  
Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге Орал.

## КӨҢІЛ

Сүм көңілге разы емен мен, Бір жар іздеп, болса әуре,  
Төбем жанад да, тез сөнед. Таптым, бардым қасына.  
Бір тілегін істесең сен, «Ашқұшағын,—дедім,—сәуле!  
Сен басқа ой келед. Шомылып көз жасыма».

Жам баладан артық жеңсік Жанған жүрек, жасты көріп,  
Мұндай нәрсе көрмедім. Көңлі сенгіш перизат:  
Тұрғы жоқ шайтан секек, «Ақырын,—деді қолын беріп,—  
Тым-ақ сырын білмедім. Жанба, сәулем, көрме жат!»

Жанып-күйіп сүйсе таңда,  
Кешке сөнген ол отсыз.  
Бүгін мұнда, ертең анда,  
Тым-ақ нәрсе ұятсыз.

## ЖАРЫМА

От жұтқан туысканның халін көріп,  
Күнәсіз судай аққан қанын көріп,  
Айрылған ар-намыстан қарындастың  
Көз жасы, қалың' қайғы, зарын көріп;

Елжіреп жүрек-бауырым, ішім еріп,  
Бейнетке белді буып, қолды беріп,  
Ант етіп айнымасқа ес білгеннен,  
Байлаулы бауырыма тілеп, ерік.—

Жан жарым, ұзақ, қиын түстім жолға.  
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.  
Бетпак шөл: сусыз, отсыз, қайнаған құм,  
Ысқырған жылан, шаян оң мен солда.

Өткелсіз, қарлы, отты таулар асқар,  
Мейірімсіз табан тілер кня тастар...  
Кім білед, қуат құрып, арып-талып  
Төгетін күндер болар ыстық жастар.

Сол күнде, алтын сәулем, қолыңды бер,  
Жасытпа, жолым бастап алдыма жүр.  
Қара түн қорқынышты қаптағанда  
Жарқырап жұлдызым боп төккейсін нұр.

Айрылса иманынан көңіл құбыл,  
Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол.  
Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп,  
Жанадан жаратып сен Аллаһ да бол!

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,  
Бауырдың халін көріп бейнет құштым.  
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,  
Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім.

### ЕСІМДЕ.. ТЕК ТАҢ АТСЫН!

Ол күнді ұмытқам жоқ, әлі есімде,  
Таянып келгенінде күн бесінге,  
Кең дала ұсап тұрды қол тимеген  
Керілген кербез сұлу ақ төсіне.

Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,  
Құбылып хор даусындай құстар жыры.  
Таласып аспан-көкке алтын тауы,  
Арқанын суы — күміс, жібек — қыры.

Сайланып сол мезгілде шықтық жонға,  
Қыранша көз жүгіртіп он мен солға.  
Ақ найза алты құлаш белге байлап,  
Айнымас алдаспанды алып қолға.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,  
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.  
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,  
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылдық.

Аспаннан сорғаласа суға сұңқар,  
Сүнгімей үйрек сорлы неғып тұрар!  
Ақырған арыстанның айбатына  
Шыдар ма қоян жүрек қорқақ құлдар?!

Жау қашты құр қарадан быт-шыт болып,  
Қайратқа дене, отқа жүрек толып,  
Ауыздан «а» дегенде жалын шығып,  
Арқада жаттық сайран, сауық құрып.

Бак шіркін бір күн қонып, бауырына еніп,  
Кетпек кой ертеңіне-ак алдап, күліп.  
Алтын Күн аспандағы қайдан білсін,  
Каптарын қапылыста кара бұлт!

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,  
Жүрегі, қайратына көңілі тасып,  
Ойлай ма ку қапбақты таса қытып,  
Жатқанын жасырынып мерген пасык?!

Еріктің еркетайы, ардақтысы,  
Алтайдың ақиығы — алғыр құсы,  
Алаштын Аркада еркін ойнақтаған.  
Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі?

Мас болып күш пен қайрат, қалың буға,  
Алданып, ойын-күлкі, сауық-шуға,  
Сергімей жата беріп сезбей қапбыз,  
Жақындап барып қапты Күн батуға.

Күн алтын жан-жағына сәуле шашты.  
Жарық пен қараңғылық араласты.  
Сәулесі қызыл алтын — сәлемі еді,  
«Көргенше кош, алаш!» деп амандасты.

Ай туып, Күн орнына көкте қалқып.  
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып.  
Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта  
Кетіптіз біраз ғана біз де қалғып.

Сужүрек мана қашқан жасырынып.  
Жақындап келген бопты аңдып тұрып —  
Қорқақ құл ұрлықты да ерлік санап,  
Қуанып аласына басын ұрып.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,  
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.  
Жанадан жолбарыстай ұмтылармыз.  
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

## ТӨБЕТ

Түн бойынша сак төбет,  
Үріп шықты шарк ұрып.  
Жауды біліп аңдыған.

Ас бермеді бөйбіше:  
«Үрдің, — деп, — босқа құр кеше,»  
    «Баркылдақ, — деп, — алжыған».  
Түн болды тағы кәр төбет,  
Бұралып жатты, үндемед, —  
    Қайтсін сорлы қажыған!  
Білгенін бөрі істеді,  
Төбет тағы естіді,  
    Кешегі сөзді «алжыған!»

### ЗАР

Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,  
Алтын күн нұры кеміп, салқын артса,  
Жер жүзі өлім күтіп тұрса жылап,  
Сексенде селкілдеген байғұс қартша.

Қатты қыс кірейін деп есік ашса,  
Қызыл гүл қорыққаннан түсі кашса,  
Өл кетіп бұлғақтаған бұтақтарда,  
Жапырақ: «Ал өлдік!» — деп сыбырласа, —

Қайғырман, сірә, осы қыс жетті екен деп,  
Есіл жаз бір күндей боп өтті екен деп.  
Артына қатты суық, қайғы тастап,  
Жолымен «Барсақелмес» кетті екен деп.

Қыс өтер, мезгілімен жаз да болар,  
Қар еріп, ойпан жерлер саз да болар.  
Теніздей толқындаған шалқар көлде  
Түрлі құс: үйрек, аққу, қаз да болар.

Алтын күн алтын сәуле жерге шашар,  
Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар.  
Күркіреп кара бұлт аспан-көкте,  
Жасаған кең рақметтің кілтін ашар.

Сөзім жоқ дәл осылай болуында,  
Бар қайғы, қалың дертім менің мұнда.  
Көңілдің баяғыдай мінезі жоқ,  
Соғады жүрек зорға. келші, тында.

Жоғалды, батты, кетті сәулем-күнім,  
Жайнаған жүз құлпырып, қызыл гүлім.

Сәулесіз, Айсыз-Күнсіз каранғыда  
Өтермін аһ үрумен шыкпай үнім.

Жалғанның бір көрермін көп пен азын,  
Өмірімде енді болмас жылы жазым.  
Енді бір өлгенім де, жүргенім де —  
Қолымнан ұшқаннан соң қоңыр казым.

## ДИН ҮЙРЕТКЕНГЕ

Қарманбай карап жатып бақ күтуге,  
Ізденбей аласұрып, тақ күтуге,  
Тағдырда, бір тактайда жазулы деп,  
Әр іске кім үйретті шақ күтуге?

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған ұшқыр жанды,  
Қайнаған тамырдағы ыстық қанды  
Тұтқын ғып кім қамады? Кім суытты?  
Кім алды қалың қайрат, күшті, әлді?

Кешегі арыстанды айбыны зор,  
Жүректі жолбарысты қайраты мол  
Айырып ар-намыстан, күштен, естен,  
Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл?!

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды.  
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды.  
Үйретіп, дін деп құлдық, қорқақтықты,  
Қандай құл бізге молда бола қалды?!

Ойламай қорқақ құлдың тіліне еріп,  
Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп.  
Мінскей, айрылдық қой бақтан, тақтан!  
Қайтейін, әсіресе, есіл ерік!

Жоқ енді, жату болмас бос енбексіз.  
Жалбарып: «Жасаған!» деп жас төкпеспіз.  
Өзін де, сөзін де кет бізден аулақ.  
Жаны өлген, жүрегі өлген, мұндар кексіз.

Біз жана көрдік танның желі ескенін,  
Салқынмен сескендірмек боп ескенін.  
Сылдырлап су, сыбырлап жапырақтар:  
«Есінді жи енді, алаш, түр!»— дескенін!

Міне, Күн! Сәулесі алтын жерді құшты.  
Жарыкка қузнысып құстар ұшты.  
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,  
Ұшамыз біз де жиып есті, күшті!

## ОРАМАЛ

Қасірет батты жаным,  
Уға толды жас жүрек.  
Орамалды жарыма  
Бітірем кашан кестелеп...

Күз сарғайтты қайыңды,  
Мен де бірге сарғайдым.  
Қара бұлт жауып айымды,  
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды төрт айға,  
Күйікпенен күн өтті.  
Жарымды, өкіріп отарба  
Қанды жаққа әкетті.

Елін ойлап қамығып,  
Жүрегі толып дерт-щерге,  
Жүрексен жаным жабығып,  
Осы күні қай жерде?

Жарк-жүрк сансыз көзі бар,  
Бейне жының ұясы,  
Ын-жын, у-шу сөзі бар.  
Түсірмес жарық қиясы.

Жылы жүзді жаны жоқ,  
Қалада жүдеп жүр ме екен?  
Жақыны жоқ, жары жоқ,  
Жалған оған көр ме екен?

Солдатша сымдай киініп,  
Шекпені оның сұр ма екен?  
Күрегіне сүйеніп,  
Суықта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар ор қазып,  
Жауға ма, әлде өзіне.  
Бұрыла алмай бой жазып  
Қайғы шығып жүзіне...

Қасірет батты жаным,  
Уға толды жас жүрек.  
Орамалды жарыма  
Бітірем кашан кестелеп?...

Орала берме, жібегім,  
Тезірек жүрші, сен де, біс  
Сенсін қымбат керегім,  
Алақандай ақ бәтес.

Қайыңды өлсем, арман жоқ  
Ақиреттік жолдасым.  
Көзімде жас қалған жоқ,  
Кестеге сінді бар жасым


Орамалды алып сорлынан  
Көзіне жасынды іріккенде  
Күрсініп ауыр, сәулемжан  
Көзіңді ақырын сұрткенде

Жасаған ие, тілегім:  
Аралассын жасқа жас.  
Орала берме, жібегім,  
Сенсін, жаным, ақ бәтес.

Қасірет батты жаным,  
Уға толды жас жүрек.  
Орамалды жарыма  
Бітірем кашан кестелеп?...



1911—1922





## ГҮЛСІМГЕ

Жұмақтағы жібек желден,  
Мәңгі жайнап тұрған гүлден.  
Жаратылған әйел сұлу.  
Тұрмыс деген бір тұзаққа.  
Азға смес, тым ұзаққа  
Кез болыпты — ішіпті у.  
Әйел атын Гүлсім дейді,  
Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмақтағы кәусар судан,  
Бетіндегі алтын будан.  
Періштелердің жырынан,  
Жұмақ суы сылдырынан,  
Жапырағының сыбдырынан.  
Тәңірінің дәл өз нұрынан  
Жаратылған періште еді.  
Мекені оның ғарышта еді.

Алмас қанат періште еді,  
Мекені оның ғарышта еді.  
Жерді көрді қанға батқан.  
Жүрегіне қанжар кіріп,  
Жапан түзде аңдай ұлып.  
Елді көрді зарлап жатқан.  
Елді көрді — жерге түсті,  
Жерге түсті — көрге түсті.

Елді көрді — жерге түсті,  
Қақты қанат, кезді, ұшты.  
Кім зарласа, соны сүйді.  
Күлгенменен бірге күліп,  
Өлгенменен бірге өліп.  
Күйгенменен бірге күйді.  
Жабыққанға жәрдем етті,  
Қара да, ақ та теңіз өтті.

Алдап меруерт көбік шашар,  
«Кел,— деп,— бері!»— койнын ашар,  
Тұрмыс — теңіз бір тұнғык.  
Теңізге кім басар кадам.  
Басса басар оған адам,  
Жанын сатып, жанын қиып.  
Тұрмыс — теңіз сылқ-сылқ күлді.  
Сұлу суға кірді де өлді.

Өлді сұлу — өтті жылдар,  
Өлді сұлу — тынды жырлар.  
Жалғыз ерте кешкі таңмен,  
Канды жерге көзін салып,  
Көкті ойлап күйіп-жанып,  
Қоңырлатқан мұңды әнмен  
Ұшады екен канат қағып,  
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,  
Әдемілік нұр іздеген,  
Қиял кұлы — мен бір акын.  
Тұрмыста тар, тайғақ жолға  
Түсіп келе жатып зорға,  
Күні кеше кешке жақын  
Батқан күннің таңын көрдім,  
Сол сұлудың жанын көрдім.

Күні кеше жанның жырын,  
Жүзіндегі жұмақ нұрын  
Естіп, көріп, елжіредім.  
Жан, жүрегім, қолым беріп,  
Қан аралас жасым төгіп:  
«Жолым баста, келші!»— дедім.  
Қайырылып та қарамады,  
Жас жүрегім жаралады...

«Мен бір жанмын өлген»,— деді,  
«Періштелер көмген»,— деді.  
Бір қарады, кете барды.  
Жүзіндегі жұмақ нұры,  
Аузындағы мұңды жыры  
Жүрегіме сіңіп қалды.  
Жүрегімнен кетпес бұл жыр,  
Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,  
Шын махаббат теңізінен  
    Жаратылған әйел сұлу!  
Тұрмыс деген бір тұзақка,  
Азға емес, тым ұзақка  
    Кез болыпты — ішіпті у!  
Әйел атын Гүлсім дейді,  
Тұрмыс атын тылсым дейді...

## ОТ

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
    Күнге ғана бағынам.  
Өзім күнмін, өзім — от.  
Сөзім, қысық көзімде — от,  
    Өзіме-өзім табынам.  
Жерде жалғыз тәңірі — от.  
Оттан басқа тәңірі жоқ.

Тілімен жұмсақ сүйеді,  
Сүйген нәрсе күйеді.  
    Жымып өзі жорғалар.  
Ұшырағанды шок қылар,  
Шок қылар да, жоқ қылар.  
    Мұның аты От болар.  
Мен де отпын — мен жанам,  
От — сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаным,  
Бәрі жасық басқаным.  
    Жалын жұтам — тез тоям.  
Әулисім, ием, құтыма,  
Тексіз тәңірім отыма  
    Әлсін-әлсін май құям.  
Май /құямын — өрлейді.  
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,  
Кейде аждаһа жалмайтын.  
    Сескенбес, сірә, кім сенен:  
Шынында, менің өзім де — от.  
Қысылған қара көзім де — от.  
    Мен — оттанмын, от — менен.

Жалынмын мен, жанамын.  
Оттан туған баламын.

Каранғылық бүкканда,  
Қызарып күн шыққанда.  
Күн отынан туғанмын;  
Жүрегімді, жанымды,  
Иманымды, арымды  
Жалынменен жуғанмын.  
Жүрегім де, жаным да — от,  
Иманым да, арым да — от.

Жарқырап от боп туғаннан,  
Белімді бекем буғаннан.  
Каранғылық — дұшпаным.  
Сол жауызды жоюға,  
Соқыр көзін оюға  
Талай заулап ұшқанмын.  
Өлпіге барғам Алтайдан,  
Балқанға барғам Қытайдан.

Заулап, өрлен аспанға,  
Өлпіден асқар асқанда  
Отты Атилла, Баламір  
Мен едім. Тағы барғанда  
Ойран салып, Балқанға  
Жолбарыс Жошы, Сүбітай ер  
Шалғай-шалғай жер шалып,  
Басылдым біраз от алып...

Кеше маған тұл келді.  
Күн батыстан жел келді.  
Каранғылық қаптады.  
Ұяттан әсер қалмады.  
Идеалды алланы  
Қарын деген таптады.  
Күнім, заулап жана гөр,  
Күнбатысқа бара гөр.  
Енді заулап жанайын.  
Күнбатысқа барайын.  
Бір шетінен тиейін.

---

Альпі — асқар таудың аты (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Каранғы тас каласын,  
Жалмауыз жауыз баласын  
Жалынмен жалап сүйейін.  
Не қалар екен қаладан!  
Жалмауыз жауыз баладан!

Күннен туған баламын.  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам.  
Өзім — күнмін, өзім — от.  
Сөзім, қысық көзім де — от.  
Өзіме-өзі табынам.  
Жерде жалғыз тәңірі — от.  
Оттан басқа тәңірі жоқ.

## ПАЙҒАМБАР

Устремляя наши очи  
На бледнеющий Восток.  
Дети скорби, дети ночи,  
Ждем, не придет ли наш  
Пророк.

*Д. С. Мережковский*

Күнбатысты каранғылық қаптаған,  
Күні батып, жаңа таңы атпаған.  
Түнеріп жүр түннен туған перілер,  
Тәңірісін табанымда таптаған.

Күнбатысты каранғылық қаптаған,  
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған,  
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,  
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты каранғылық қаптаған.  
Жалғыз жан жоқ каранғыда лақпаған.  
Білген емес иман деген не нәрсе,  
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,  
Сакаусын деп Мұса тілін кескен ол,  
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсанын  
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол.

Түн баласы түнерген түн жамылған,  
Аллаға емес, өзөзілге табынған.  
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,  
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,  
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.  
Табынатын құр денеге жануар.  
Болған емес жұмысы оның жанменен.

\* \* \*

Төгілмей ме кемерінен асқан су,  
Өлтірмей ме жайылған сон күшті у.  
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,  
Көзіңді сал — күнбатыста қанды шу.

Көзге түртсе көрінбейтін кара түн,  
Күнірене ме, күле ме әлде, әлдекім?  
Жылайды да, шулайды да ұлиды,  
Бұл кім? Бұл ма — түн баласы түссіз жын.

Қап-кара түн. Түн баласы күніренед,  
Күніренеді — бір-біріне үн беред.  
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,  
Қара түнде көр көзімсің не көред?!

Қап-кара түн. Толкынданған кара қан.  
Қара түнде өңшен соқыр шұбырған.  
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында  
Ентелеген кәдімгі Иван есалан.

Қап-кара түн. Шегір көзді жындар жүр.  
Қап-кара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.  
Қайғы менен қара қанға тұншығып,  
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-кара түн. Уақыт ауыр өтсді,  
Ой артынан ойлар келіп кетеді.  
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,  
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

\* \* \*

Ерте күнде жоқ бар еді, түн туған.  
Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған.  
Отты Күннің сәулесінен от алтын  
Отты көзді, отты жанды Гүн туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун<sup>1</sup> туған,  
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,  
Жүзімді де, қысық кара көзімді  
Туа сата жалынменен мен жуғам.

Кайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзін көр?  
Күншығыстан таң келеді, енді көр.  
Таң келеді, мен келемін — пайғамбар.  
Күт сен мені, «лахауланды» оқи бср.

Күншығыстан таң келеді — мен келем.  
Көк күніренед: мен де көктей күніренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзінс нұр беремін. Күн берем!

Қап-кара түн. Кайғылы ауыр жер жыры,  
Қап-кара түн. Күніренеді түн ұлы.  
Күншығыста ак алтын бір сызық бар:  
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.

## КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,  
Бұл тұруың қай тұрыс?  
Серпіл енді, алыбым!  
Күнірентіп жерді ыныраншы,  
Күнбатысқа көз салшы,  
Көрдің бе қанның жалынын?

Күнбатысты шан басқан,  
Шан емес, қара қан басқан,  
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.  
Көп білем деп бөлуге,  
Көп күлем деп өлуге  
Жақын қалды Күнбатыс.

<sup>1</sup> Гун — түрік елінің арғы атасы (*М. Жұмабаев ескертпесі*).

Цария еді ол өкірген,  
Шапшып көкке лепірген,  
Жемірілді кемері.  
Өлгелі жатқан құрт ауру,  
Жан жаққа сүзіп көз салу —  
Қолынан енді келері.

Ібіліске ерген есерлер,  
Өзімшіл кеуде кеселдер  
Тұншықсын, канға боялсын.  
Оның өлген үнімен,  
Канды батқан күнімен.  
Күншығысым оянсын!

Қысық көзді күншығыс,  
Болсын соңғы бұл жүріс.  
Күнбатысқа жүрелік  
Желкілдеген түменен,  
Жер күніреткен шуменен  
Қаласына кірелік.

Күл қылайық қаласын!  
Күл қылайық баласын!  
Жок, жок! Ашу басалық!  
Гүл қылайық қаласын,  
Ұл қылайық баласын,  
Мейірім есігін ашалық.

Мұңдарларды адасқан,  
Айрылып естен шатасқан  
Күншығыстың жолына  
Салайық, шетсің демейік,  
Аямайық, көмейік  
Күншығыстың нұрына.

Терең теңіз тебіренді,  
Күншығысым күніренді.  
Қырағы көзім көреді.  
Желкілдеген түменен,  
Жер күніренткен шуменен  
Қара бұлт қаптап келеді.

Әй, сен, кесел Күнбатыс  
Бұл жатуын қай жатыс,  
Жоғал жылдам жолымнан!



Болмаса, корыксан өлімнен.  
Үмітін болса өмірден,  
Ұста менің қолымнан!

### АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.  
Қамаған қалың жаудың ортасында.  
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,  
Өміріңше жапа көрген жаттан бауырым.  
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,  
Тірідей терін тонап жатқан бауырым.

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай,  
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай  
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ?  
Жүзіміз емес, пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек?  
Төбісіп бір төсекте жатыспап па ек?  
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен.  
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін мөлдір бұлақ  
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп таудан құлап.  
Даяр боп ұшқан құстай сокқан құйын,  
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,  
Келгенде жолбарыс боп, жана ер жетіп.  
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,  
Бауырым, мені тастап қалдың кетіп!

Мен қалдым жас балапан, қанат қақпай,  
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.  
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады!  
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,  
Күнәсіз таза қаным судай ақты.  
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,  
Қаранғы абақтыға берік жапты...

Көрмеймін кеше жүрген кыр-сайды да,  
Күндіз — Күн, түнде — күміс нұрлы Айды да!  
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,  
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырмай, айрылдық па қалың топтан,  
Шайлығып қайтпайтуғын жауған октан?!  
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,  
Шынымен қорқак құл боп жаудан бұққан?!

Шарк ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны  
Шынымси ауырды ма, бітіп халы?!  
От сөніп жүректегі, құрыды ма  
Кайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа  
Лайық па құл боп тұру. Кел кетелік  
Алтайға, ата мирас алтын таққа!

## ОРАЛ

Ұзын Орал күн мен түн шекарасы,  
Бір жағы — күн, бір жағы — түн баласы.  
Арғы жағы — көк көзді жын ұясы.  
Бергі жағы Түріктің сар даласы.

Асқар Орал, көрі алып, күзет тұрған,  
Күн мен түн арасында «Қытай қорған».  
Денесі — тас, қарағай — қою мұрты.  
Он мен Солтүстікке ол мұртын бұрған.

Қарамай еш нәрсеге көзім тоқтап,  
Келіп ем. Алыбымды аңсап-жоктап,  
«Ұйқы — дұшпан» деген сөз дұрыс екен,  
Сол Алыптан өтіпін түнде ұйықтап.

Кеш, Алыбым, жүзіңді көре алмадым,  
Алдыңда иіліп сөлем бере алмадым.  
Амал не, сар даладан сак елші боп,  
Күзеттегі Алыпқа келе алмадым.

Ұзын Орал — күн мен түн шекарасы,  
Өлім — түн, өмір — гүлді Гун даласы.

Өмір менен өлімнің шекарасын  
Үйықтап озбак ежелден жер баласы.

Екі дүние: күн мен түн, өмір — өлім,  
Бірі — бесік, біреуі — даяр көрін.  
Бала болып жата бер бесігінде.  
Сар даланың еркесі — казак елім.

### ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН

Жер жүзін топан басса екен!	Жаниесі түншықса!
Асқар таудан асса екен!	Үниесі үн шықса!
Таудай толқын құтырып,	Қараңғы жердің көгіне,
Улы көбік шашса екен!	Күн болып сонда мен шықса!

Басса екен топан жер жүзін!	Қандай ойын салар ем!
Жапса екен көбік күн көзін!	Жалынмен бәрін жалар
Жанды, жансыз жоқ болып,	Егі-шексіз дүниеде
Қалсам жалғыз бір өзім!	Жалғыз өзім қалар ем!

Заулаған от — жалғыз жан,  
Жер мінезді жоқ адам.  
Заулап тұрған отымнан  
Жаратар ем жана адам.

### АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

«Жиһан деген не нәрсе?—	Тәңірі — көктің тәңірісі,
Алақанның ауданы!	Күніренсін, көгін билес
Бір ауданда көп тәңірі	Жер тәңірісі Темірмін,
Болудың тіпті жоқ сәні.	Жеріме тәңірі тимесін!»

Көк тәңірісі — тәңірінің  
Тұқымы жоқ, заты жоқ.  
Жер тәңірісі Темірдің  
Тұқымы — түрік, заты — от!

### ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,  
Қос қанатым — алтын Алтай. Оралым.

Еркін дала ардақтысы, еркесі,  
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Аскан алып — ата затым сұрасан,  
Аскан дана — ана затым сұрасан.  
Шашып жалын жае жолбарыс ұмтылса,  
Коркак құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,  
Суырып қылыш қан майданға барайын.  
Жердің жүзі кім екенім танысын,  
Жас бөрідей біраз ойын салайын!

Тірілтейін алып атам аруағын.  
Тазартайын Сарғыаркамның топырағын,  
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,  
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай — қарт анам,  
Алып ата қуды жолын ер балам.  
Ақ шашынды, көкірегіңді иіскеуге,  
Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам.

## ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,  
Сәуле емес, қан шашып тұр. күні батқан.

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,  
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.  
Ын-жын дауыс келеді құлағыма,  
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп?..

Жаралы бір жан жатыр құба жонда,  
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.  
Пернесі, нұры кеткен көзіменен  
Қарайды бейшара жан оңға, солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,  
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны.  
Ішті өртеп, жүректі елжіретед  
Күніреніп сол сорлының сарнағаны:

«Ойпырым-ай, алла-ай, жасаған,  
Қысылды ғой шыбын жан!  
Құат кеміп барады,  
Кел болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын.  
Хал жоқ, қалай тұрайын!  
Жүректі жара жеп барад,  
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

Сокпа, сорлы жүрегім,  
Шірі енді, ақ білегім!  
Мынау қарға, құзғынның  
Бердің-ау, тәңірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай!  
Сарыарқа сайран жерім-ай!  
Күмістей таза суы бар  
Айдын шалқар көлім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,  
Сауық-сайран құра алмай,  
Қарғаға құзғын жем болып,  
Қалғаным ба, бір алла-ай?!

Киналдың-ау, шыбын жан,  
Токталсаншы, ыстық қан!  
Зарлайсын ғой жетім боп,  
Бесікте қалған балапан!

Қара шаш қайран жарым-ай.  
Қарашығым, жаным-ай!  
Құлағыма келеді  
Алыстан ашы зарын-ай!

Киналдың-ау, шыбын жан,  
Токталсайшы, ыстық қан!  
Тұлпарға мініп бір шапсам,  
Болмас еді басқа арман!

Хал жоқ, қалай тұрайын?  
Тәңірі, өзіңе жылайын.  
Жүректі жара жеп барад,  
Жасаған-ау, қалай шыдайын!

Түсті ғой қысым жаным,  
Тұншықтым ғой қаным!  
Ием болсаң, жаратқан,  
Салсаншы құлақ зарыма!

Күштісің ғой күдірет,  
Періштеңе өмір ет!  
Қанатпен бір сипасың,  
Жазылсын ішкі-тысқы дерт.

Болмаса, өмірді маған көп көрсен,  
Лағнет деп мені жек көрсен.  
Өлейін, тез өлейін,  
Келсін ібіліс, у берсін!

Түсірме қысым жаным,  
Тұншықтым ғой қаным!  
Ием болсаң, жаратқан,  
Салсаншы құлақ зарыма...

Берді тәңірім тілегім,  
Қуан енді, жүрегім!  
Не періште, не ібіліс  
Келелі ұшып — керегім!..

Сауытты он жақ колына ал!  
Сауытта жұмақ суы бар!  
(Өйтеуір азап тоқталад),  
Не тамұқтың-уы бар!»

Жаралы құба жонда кім зарлаған?  
Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған?  
Қайғылы сар даланы күніренткен  
Зарына адам шыдап тұра алмаған?

Бұл — казак, тәңіріге зар еткен казак!  
Қиналып, қанды азап шеккен казак.  
Өйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,  
Оқыған азаматын күткен казак.

Азамат! Анау казак қаным десең,  
Жұмақтың суын апар, жаным десең.  
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,  
Токтатам тұншықтырып зарын десең!..

## БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

(Қара сөзбен жазылған өлең, «Балапан» журналына арналған)

Балапан канат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді.

Амалсыз қақты.

Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Бізғар өкпесіне өтті.

Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бүрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдап айналып жүрсе де, қалың ақ кесінін жамылып, тоғай тұрмады...

Балапан баспана таба алмады.

Балапан канат қақты...

Аштан өлетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанақ таба алмады. Тонып, дірілдеп, аласұрып ұшып жүрген балапанды көріп: «Қорама кір, қолымда тұр, қалған-құтқанымды берермін», — деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан канат қақты...

Ойы — жан-дәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл-Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын күшпақшы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың стегінде «уһ» деп демін алып, Маркакөлдін қаймағында жүзбекші.

Балапан канат қақты...

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді. Айбынды ту құлады.

Кеше батыр — бүгін қорқақ, бұғады.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,

Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,

Күндей күшті, күркіреген ел тынды.

Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды.

Елдік, бірлік, ерлік, қайрат, бақ ардың —

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз — бабам тілі, сен қалдым!

Жарык көрмей жатсан да ұзақ, кен — тілім,  
Таза, терең, өткір, күшті, кен тілім.  
Таралған түрік балаларын баурына  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

### ЖЕР ЖҮЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атағым жайылған,  
Жан емеспін оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,  
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.  
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған  
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай камал бұзған кемеңгер,  
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.  
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен  
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!

### ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА

*(М. Д-ға хат)*

Дамыл көрмей ерте-кеш,  
Жұрттың қамын көп жедім.  
Байладың белді салып күш.  
Тыныштық жүзін көрмедім.

Жағаластың жауменен,  
«Бермеймін жұртым, жаным». — деп.  
Алыспақ болдың тауменен,  
«Жұрт үшін төгем қаным». — деп.

«Оян! — дедің жұртына. —  
Бас көтеріп, тірлік қыл!»  
Ақыл айттын ұлтына:  
«Таста талас, бірлік қыл!»



Бір шешпелің белінді,  
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп.  
Сактамак болып елінді:  
«Қара күн алда, бекін». — деп.

Менменсіген күшті жау  
Көздеп тұрды ісінді.  
Қоймады сені есен-сау,  
Алды колдан күшінді.

Қараңғы үйге қамады,  
Мейірімсіз өңшен тасбауыр.  
Сорлыға тәңірі пана-ды,  
Болса да бейнет қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер.  
Қайра өзінді, дәрмен не?  
Уайымсыз, ойсыз жата бер,  
Жұрт үшін түстін. Арман не?

Көзін ашып, артыңда  
Жұрғың ойлар: «Бұл қалай?  
Тайынба, қорықпа, тартынба!» —  
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын  
Қайратты жас жігіттер.  
Жұрт үшін салар мал-мүлкін.  
Бірін-бірі үгіттер.

Ұстасын, жапсын, уайым жоқ:  
«Қоймай қуса қорқақты —  
Батыр болар» деген көп,  
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндай іс  
Кейінгі жанған жастарға.  
Қайраттанып, күйіп іш.  
Азуын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша түн,  
Жұлдыз сонша жарқырап.  
Бұлт басса да, алтын Күн  
Бір шығар, жерді жарық қылар.

Келешек күнде қағазға  
Алтынмен жазар атыңды.  
Құшақтап сүйер, қағазда  
Көрсен жазған хатыңды.

Уайым-қайғы жұтады  
Сені ойлап сорлы жұрт.  
Аңдыған жау ұтады,  
Тәңірі, соның түбін күрт!

Саған көк те тілектес,  
Бұралған өншен нәзік бел.  
Періштелер жанында ес.  
Қайғырма, рақат. Анык біл...

Мейірімі кең күшті есм,  
Сорлы жұртты он баста.  
Дұшпан — құлаш, біз — сүйем,  
Рақмет<sup>1</sup> үшкынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,  
Жұрт үшін болсын қара тер.  
Сорлы жұртты бастасын,  
Жасаған, соған көмек бер!

## ТҰТҚЫН

(М. Д-ға хат)

Кеудеде — от, іште — жалын, көзде — жас,  
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.  
Сабан төсек, дым, қараңғы жатағы,  
Наны қара, шайы қара, қарны аш.

Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,  
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?  
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,  
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сәуле — не Ай, не Күн көрсетпес,  
Жақынының: «Ой, бауырымын!» естірмес.  
Іс — санаулы, сөз — аңдулы, ерік жоқ,  
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

---

<sup>1</sup>Рақмет — арабша алланың іңіры.

Кайғыланба, сорлы түткын, еш нетпес,  
Күн батканмен, таң атпайтын түн жетпес.  
Ер жүректі азаматтын басына  
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?

### М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш — кара түн өткеніне,  
Алтын таңды ашық күн жеткеніне,  
Қан аралас төгілген көп көз жасты  
Тәңірі қабыл, мейірім ғып еткеніне:

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,  
Душар болмай дұшпанның мергеніне.  
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,  
Мын шүкірлік тәңірінің бергеніне.

Күннің бетін ежелден бұлт жаппак,  
Жапса да, ұзақ тұрмай жөнін таппак.  
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспак,  
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппак.

Оннан есті жел біраз қырын ескен,  
Сон туса да, оң туса, қалмас көштен.  
Өткен іске — салауат. Күтіп қалдық  
Өткір қимыл, ескі үміт, жана күшпен.

### МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН ✓

Арыстандай айбатты.  
Жолбарыстай қайратты.  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.  
Сүттей таза жүректер.  
Қасиетті тілектер.  
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар.  
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды Алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан.  
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға?  
Иман күшті оларда.  
Мен жастарға сенемін!

Алаш — айбынды ұраны,  
Елден елі құраны,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға,  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

### ... ҒА

Мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп,  
Жапанда жатыр едік біз оққа ұшып,  
Кеудеден таза ыстық қан сорғалап,  
Қайрымсыз қара салқын жерді құшып.  
Айрылып алтын ерік, ар-намыстан,  
Қайрылмай қанат қағып бақ құсы ұшып.  
Тас жүрек, көңілі қара жауыз жаудың  
Қолынан құлдық, қорлық уын ішіп.  
Жан таппай төңіректен жәрдем қылар,  
Өмірден енді алдағы үміт кесіп.

Қайратты ер, сен бәйгеге тігіп басын,  
Сол кезде ауыр жолға қадам бастын.  
Құтқарып келімсектен тірілтпекке  
Көз жетпес кен, бай Сібір сар даласын.

Ұмтылған ізгі жолда тілегіне,  
Түссе де темір шынжыр білегіне,  
Қасіретті, қара күнді жанды сүйген  
Қонған жоқ кіршік таза жүрегіне.

Сол жолда қайғы жұтқан бізді көрдің.  
Бауырдай бірге туған қолын бердің.  
Есіркеп жаның ашып, жақын тартып,  
Жазуға сыртқы, ішкі қалың шерден.

Баладай еркелеткен қолына алдың.  
Жұбаттың еске салып өткенді алтын.  
Тіледің таза жүрек, ақ көңілмен  
Болсын деп баяғыдай жүзін жарқын.

Ардақты ер! Ұмытылмас еткен ісін.  
Күні ертең айбынды Алаш жинап есін.  
Көксеген көп заманнан тілегіңді  
Жарыққа шығаруға жұмсар күшін.

## ЖАЗДЫ КҮНІ ҚАЛАДА

Қала, рас, өнер-білім қайнаған жер,  
Тұтқын ғып надандықты байлаған жер.  
Егілген ескіде өнер ағашының  
Жемісі, қызыл гүлі жайнаған жер.

Білемін, білсем-дағы көне алмаймын.  
Қалаға шын көңілім бере алмаймын.  
Қаншама өзімді-өзім зорласам да,  
Тән рақат, жаным шат боп жүре алмаймын.

Себебі — жыбырлаған жанын көрсем,  
Бір еркін дем алдырмас шанын көрсем,  
Өсірессе, өз еркінмен жүргізбейтін,  
Құрылған қолайсыз тар занын көрсем.

Түседі сол мезгілде ойға дала,  
Жүгірген жалаң аяқ шақта бала,  
Шалқар көл, қалың орман, ну тоғайлар,  
Жайнаған түрлі гүлмен кен-кен сала.

У-шу боп қыбырлаған төрт түлік мал,  
Есетін солтүстіктен салқын самал,  
Апырм-ай, қандай жауыз тағдыр деген.  
Бұйырған тұтқын болып жат та камал?

Кен дала мұндағыдай емес тығыз,  
Сапырып күнде ішетін сары қымыз.  
Назбенен жылы жүзді, жұмсақ сөзді,  
Ақ үйде әзілдескен әдемі қыз...

Білмеймін, дала естен шығар ма екен?  
Даласыз көңіл шіркін тынар ма екен?!  
Ежелден еркін заңға әдет қылған,  
Тар заңды қала жанға ұнар ма екен?

## ӨТКЕН КҮН

Еділ, Жайық, Сырдария —	Сарыарқа деген жер еді.
Белгілі жұртқа ескі су,	Туып-өскен баласын
Тәтті, дәмді, тармақты	«Айбынды ер алаш» дер еді
Ұзын Ертіс, Жетісу.	Еркін шауып ойнақтап.
Осы бес су арасы	Тілеген отын жер еді.

Коньсы — жібек, ну тоғай,  
Алдын шалқар көл еді.  
Еділ менен Нұрадай  
Ікі енеге телі еді.  
Қон үстінде бозторғай  
Жұмыртқалап ол күнде,  
Жарлы жан жок Алашта,  
Іан пейілі кен еді.  
Қшыры көп ағайын,  
Келейде жок уайым —  
Керек болса бір тайын  
Сұраусыз ұстап мінеді.  
Болсын жаты, жақыны,  
Жок асынан тартыну.  
Жылы жүзді бәйбіше  
Керсеңдей үлкен аяқпен  
Үстата саумал береді.  
Шыға қалса бір жұмыс,  
Ұлап кетпес артық іс, —  
Іітімге биге келеді.  
Қасымның қасқа билігі,  
Есімнің ескі билігі,  
Алдында сайрап жатқан соң,  
Копті көрген көне би  
Қара жолмен желеді.  
Бір тиын пара алу жок,  
Қысыққа құлақ салу жок.  
Тұралық, шындық — екеуін  
Қаз-қатар ғып жегеді.  
Сол екеуі алдында  
Бір бұлтармай жүреді.  
Ақназар сынды әділ хан,  
Абылай сынды ер сұлтан,  
Қара керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Ақ найзаның ұшымен,  
Ақ білектің күшімен  
Дұшпанға қысым көрсеткен.  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Қара палуан Жәнібек  
Жалғанда тумас ер еді.  
Кеше: Шөже. Орынбай,  
Жанак, Біржан, Наурызбай—

Бір сөзі мың ділдалық,  
Алты алашка атақты —  
Бәрі ақын, сері еді.  
Шілдеде самал ескенде,  
Жайлауға ауыл көшкенде,  
Ат-айғырға мінгесіп,  
Қыз-бозбала жарасып,  
Тереннен әзілдескенде,  
Тісі меруерт тізілген,  
Белі қыпша үзілген,  
Хор сықылды сол сұлу:  
«Ха-ха-ха!» деп күлгенде,  
Бұйық жатқан кең дала  
Бейне бір жаны енеді.  
Сылдырап аққан өзенге  
Үй тігіп дереу коньсып,  
Бұрала басып былқылдап,  
Әзілдесіп, сыңқылдап,  
Жас келіншек, жас қыздар  
Керсеге жайып, уық байлар  
Үйден үйге жүрісіп.  
Өткен күнді ойласам,  
Ойға терен бөйласам.  
Кешегі қайран қазақтың  
Сәулеті мен дәулеті  
Көз алдыма келеді...  
Күшін кеткен баяулап,  
Жүрсін атсыз жаяулап,  
Ит надандық желкенде  
Шабайын деп аңдып тұр,  
Қылышын ұстап таяулап.  
Арыстаным, сұнқарым,  
Қажымас, талмас тұлпарым,  
Басын көтер, тұр енді!  
Батқан екен ол күнің,  
Жеткен екен бұл түнің,  
Өткенді ойлап қайғырма.  
Әр көмалға бір зауал  
Ежелден болмақ емес пе?  
Ескіше тұрып егеспе,  
Заман — түлкі, тазы бол,  
Базарша дүкен құр енді.

## ШЫН АЙТ

Гүлейді дария,  
Гүрілдейді дария.  
    Бетінде толқын ойнайды.  
Көбігін шашып,  
Көргенді басып,  
    Жолында жан қоймайды.  
Толқыннан қорықпай,  
Дауылдан ықпай,  
    Міндік, міне, біз қайық.  
Есен-сау өтсек,  
Тілекке жетсек,  
    Сонда біздің шын айт<sup>1</sup>.

## АЙҒА

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,  
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.  
Отырған қараңғы үйдің терезесінен  
Көрсемін мұңды, нұрлы толған Айды.

Кайғылы Ай, тұрсың көкте түсін қашып,  
Кайғылы жер жүзіне нұрын шашып.  
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай,  
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.

Бір жауыз сөндірмек пе әлде нұрын?  
Үстіне кигізбек пе қара құрым?  
Жоқ әлде қазіргімен жұмысын жоқ,  
Кайғыға түсіре ме өткен күнін?

Кім білед, өткен күнің алтын шығар?  
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?  
Көп жұлдыз — әлде күшпен, әлде іспен  
Еріксіз артына ерткен халқың шығар.

Жоқ шығар ешбір бөгет онда жолда,  
Еркіңмен құлаш жайып он мен солға,  
Мезгілмен толу, солу билігі де  
Ол уақыт емес шығар басқа қолда?

<sup>1</sup> Айт — той, мейрам мағынасында.

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ,  
Менде де бұрын бар еді тәж бенен тақ.  
Жас едім, жалынды едім, батыр едім,  
Қолыма қонып еді ол уақыт бақ.

Кең дала, көресің ғой ана жатқан,  
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,  
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Салушы ем асау тайдай қойныңда ойнақ,  
Жүруші ем ертенді-кеш ылғи ойнап.  
Ішуге ас, мінуге ат — бәрі даяр,  
Көрмеп ем өмірімде қайғы ойнап.

Дариға, жауыз тағдыр қатты алдады.  
Бақ-дәулет — алмағаны еш қалмады.  
Тас жүрек көзім нұры — анамды алып,  
Еңіреген мен жетімге көз салмады.

Мінекей, қамаудамын тар үңгірде,  
Мұнысы — көмгені ғой тірі көрге.  
Мейірімді Ай, мені-дағы жанына алшы.  
Болайық екі мұндық біз де бірге.

Ант етіп айрылмасқа бірігейік,  
Ас-сусыз мың бейнетпен жол шегейік.  
Тындайтын бар ғой тілек әділ Алла,  
Көл қылып қан аралас жас төгейік.

Сұрасақ, тілек қабыл болмас па екен?  
Жолымыз жылап шеккен оңбас па екен?  
Кеше ұшқан басымыздан бақыт құсы  
Тағы да қайта айналып қонбас па екен?

## ТӘҢІРІ

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,  
Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.  
Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,  
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,  
Алласыз ешбір іске бастамаймыз.



- «Әділ хан, бұйрығына бойсұндық»,— деп,  
Бұйрыксыз бір адым да аттамаймыз.

Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік,  
Мінскей, айқын зұлым, қайда әділдік?  
Соншама кен рахметтен құр тастайтын,  
Баласы алты Алаштын — біз не қылдық?

Басқаға орын бердін жақсы жайдан —  
Зенгір тау, түпсіз дария, терен сайдан.  
Үмітсіз, тілегі жоқ, тұрағы жоқ,  
Қуылған дәрғаһіннан біз бе шайтан?

Бізге отсыз щөл даланы орын қылдын,  
Бак-дәулет, өнер-білім қырын қылдын.  
Кесір деп кек алатын өгей балам  
Біз бе едік? Көп төбетке жырым қылдын!

Жібердін басқа жұртқа жолбасшылар,  
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.  
Не елші, не жол сілтер кітабын жоқ,  
Алашқа. Әлде жазғаны бар шығар?

Бакытсыз қанғып жүрген казак сорлы,  
Әркімге күні кетіп мазак сорды.  
Бір елші жібермедің, санға алмадың,  
Жалаңаш түйе бакқан араб құрты!

Кеш, тәңірім, сорлы құлға қаһар етпе.  
Рақым қыл, біз сорлыны шетке тәппе.  
Сөз шықты жан ашумен, әділ тәңірім,  
Тиген сон ашы таяқ тұшы етке.

## ТІЛЕГІМ

Көрмейін ракат, жанайын,  
Жалын болсын манайым,  
Күйейін, азап шегейін.  
Жансын денем, күш бітсін,  
Күшті жалын ішке өтсін,  
Ащы, ыстық жас төгейін.

Көрмейін ерік, тұтқын боп,  
Абактыда жұтып от,  
Өтсін өмірім зарменен.

Берік болсын жау қамаған,  
Сарғаяйын санадан,  
Көрісе алмай жарменен.

Іште толған қалың дерт,  
Жүректегі жалынды от  
Зарлатар мені сол уақыт.  
Елестеген ерікті,  
Үшқыр жанға серікті,  
Жырлармын мен жан атып.

Көрген сайын көп қысым,  
Зарлы, ашы дауысым  
Шырқырар Сарыарқада.  
Өзегіне өтпей ме,  
Зарлы жырым жетпей ме?  
Қазағыма — қалқама!

Көрмейін рақат, жанайын,  
Жалын болсын манайым.  
Күйейін, азап шегейін.  
Жырыммен жаным жұбатам,  
Жырыммен жұртымды оятам.  
Несіне жас төгейін?!

## ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ

Біреуіне — сен тәнірім деп табынад,  
Біреуіне — мен құлын деп бағынад,  
Біреуіне — садака бер деп жалынад,  
Біреуіне — құйрық болып тағылад.

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,  
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.  
Қазағы — қой, артынан оның ағылад,  
Азаматқа қонақтық қой табылад.

## ЖҰМБАҚ

Сап-сары бел,  
Еседі жел,  
Еседі.

Еседі жел  
Көшеді ел,  
Көшеді.

Дала бұйық,  
Бала тұйық —  
Екі үнсіз.

Сап-сары бел.  
Еседі жел,  
Жел есед.

Дала — жұмбақ,  
Бала — жұмбақ  
Шешусіз.

Дала — жұмбақ,  
Бала — жұмбақ,  
Кім шешед?

## АЙДА АТЫНДЫ, СӨРСЕМБАЙ

Айда атынды, Сәрсембай,  
Ағарып алтын таң атпай  
Шығайық қырға, далаға.  
Шу-шу-шу...  
Әттең ғана бұл оқу!  
Келмес едім қалаға.

Қарашы кейін бұрылып,  
Таудай болып созылып,  
Қала — бір жатқан дәу пері.  
Айналасы — тұман, түн.  
Дем алысы — от, түтін.  
Жарк-жүрк стер көздері.

Сөзі у-шу, ын да жын,  
Сасық иіс ауыр тым.  
Тұншықтым ғой, құдай-ай!  
Кейін қарап нетеміз?  
Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы атты, Сәрсембай.

Әйелдері ұятсыз,  
Күнде сүйгіш, тұрақсыз.  
Қылмындасар, керілер.  
Жүздерінің қаны жоқ,  
Көздерінің жаны жоқ,  
Еркектері — «перілер».

Оларда отты жүрек жоқ,  
Тамақтан басқа тілек жоқ.  
Қорсылдаған «доңыздар».  
Түн баласы перілер.  
Жұмақтан артық көрінер —  
Оларға сасық үнгір тар.

Көкті көрмес көр олар,  
Қарашы, қанша жұлдыз бар!  
Күліп қана жүзеді ай.  
Қалаға келіп қаңғырдым..  
Сар даламды сағындым,  
Айда атыңды, Сәрсембай.

Әлде ұйқын келе ме?  
Сәрсембай-ау, сен неге  
Шырқап бір ән салмайсың?  
Жетесің туған жеріңе,  
Еркелеткен еліңе,  
Жүрегім, неге жанбайсын?!

Сарыарқамның топырағы —  
Менің жаным шырағы,  
Кеудемді төсеп жатамын.  
Оның жібек желінін,  
Тәтті, көусар көлінін  
Қазір дәмін татамын.

Қайрылып кейін қараман,  
Шықтық па ұзап қаладан,  
Айтшы, жаным, ағатай?  
Кейін қарап нетеміз?  
Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы атты, Сәрсембай!

## БЕСІК ЖЫРЫ

Күнім, айым,  
Еркетайым,  
Бөлсейін енді.

Тыста дауыл,  
Жатқан ауыл,  
Ұйқын да келді.

Жұмсақ бесік,  
Жылы төсек,  
Жата ғой, козым,

Әлди, бөпем,  
Әлди, бөпем,  
Ұйықта, жұм көзін.

Құлыншақтар,  
Қозы, лақтар —  
Бәрі де ұйқыда.

Сен — жұлдызым,  
Сен — көз нұрым,  
Кір тәтті ұйқыға.

Сая жаным,  
Балапаным,  
Соксын дауыл, жел,

Болма алан,  
Сүйген анан  
Сактар, анық біл.

Бәу-бәу, бөпем,  
Бәу-бәу, бөпем,  
Әлди, әлди-ай!

Сәулем, еркем,  
Күні ертен  
Толарсың сен-ай.

Пісіп алмам,  
Толып бағлан,  
Жүгіріп жүрерсін.

Сұлу сүйрік,  
Жорға, жүйрік  
Тайға мінерсін.

Қара жарғақ,  
Түлкі тымақ  
Шоқтап киерсін.

Қуанып, қалкам,  
Ерке маркам,  
Қысып сүйермін.

Мініп тұлпар,  
Алып сұнқар,  
Тауға кетерсін.

Сен боп сөзім,  
Жасты көзім,  
Сағынып күтермін.

Қызық іздеп,  
Қыздар көздеп,  
Елдер кезерсін.

Тарлан шүйіп,  
Сұлу сүйіп,  
Үйден безерсін.

Қуып бакыт,  
Тілеп такыт,  
Жолдар шегерсін.

Жүрек жара,  
Мен бейшара  
Жастар төгермін.

Кайнап қанын,  
Батыр жанын  
Ерікке ұмтылар.

Сен еріме,  
Жас бөріме  
Қарсы кім тұрар!

Алмас қылыш,  
Найза құрыш  
Белге буарсын.

Сен, сырттаным,  
Арыстаным,  
Жауды қуарсын.

Туған жерден,  
Өскен елден  
Ерге не қымбат?

Жас жолбарыс,  
Жаумен алыс,  
Шанға, қанға бат.

Айбатыңды,  
Қайратыңды  
Көріп қарт анаң,

Төгіп жасын,  
Жайып шашын,  
Тілер: «Бол аман!»

Күтем, күйем.  
Көрсет, ием.  
Сол алтын күнін...

Үйкын тәтті,  
Үйкын қатты,  
Қозым, құлыным.

Жаным да сен, —  
Тәнім де сен,  
Қарашығым-ай!

Әлди, бөпем.  
Әлди, бөпем,  
Әлди, әлди-ай!

## ҰЛАН

— Неге ойлайсың, құлыншағым?  
Не мұның бар, айт, қарағым!  
Жассын, ойға әуес болма.  
Ой жеткізбес, ол — бір сағым!  
Ұлғаярсың, өзі-ақ басар.  
Жастық — күліп-ойнар шағын.  
Ішің пысса — малды арала.  
Жүр ғой шауып құлыншағын!  
— Жок, бармаймын, апа, малға.  
Кетем алыс, шығам аңға!  
— Шерің болса, домбыранды ал.  
Домбыранды ал, ән шырқап сал.  
Даусыңды естіп, жас сұлулар  
Талып жұтсын тәтті улы бал.  
Беттеріннен қан тамып тұр.  
Тал қызығады бойына тал.  
Неге ойлысын, ерке маркам.  
Бір кара көз болмай ма жар?  
— Қарамаймын, апа, жарға.  
Кетем алыс, шығам аңға!  
— Сені тапқан мен анан ғой,  
Қарашығым, сен балам ғой!  
Алыс жолға кетсен, козым,  
Күтіп, күйіп мен жанам ғой.  
Қарт күнімде сенсіз, сәулем.  
Сағынып сені сарғаям ғой.  
Мені десең, еркетайым,  
Кетпе алысқа, қой, балам, қой!  
— Ренжіме, апа, күтпе, жанба,  
Кетем, алыс, шығам аңға.

Кетті алысқа, шығып аңға!..  
Жолаушылық — желге таң ба?  
Малың, жарың, туысканың  
Байлау болмас жүйрік жанға!  
Кетіп бара жатқаныңда,  
Жау кез келді жалғыз жанға.

Найзаласты, қылыштасты.—  
Ұлан өлді батып қанға.  
Ұлан өлді батып қанға.  
Тыныштық тапты асау жан да.

### ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракөк,  
Желкіде желмен, айдарым!  
Қолымда найза көк болат —  
Ерлігіме айғағым.  
Ұлт дегенде көпіріп,  
Жарайсын, қаным, кайнадым,  
Ұлтымнан мен садаға,  
Бскіндім, басты байладым.  
Көктегі кәрі Күн күә —  
Ежелден жаудан таймадым.  
Қорқыныш емес нажағай,  
Нажағай — өзім, жайнадым.  
Білгенін енді істесін,  
Өлімменен ойнадым.  
Желе, бер, жаным Қаракөк,  
Желкіде желмен, айдарым.  
Қазам жетсе майданда,  
Басымда найзам — сайғағым.  
Қайратты, қайтпас жан досым —  
Ерлігіме айғағым.  
Желе бер, жаным Қаракөк,  
Желкіде желмен, айдарым!

### БАТҚАН КҮН, АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ

Алтын күн батып барады,  
Күйдіріп көктің жиегін.  
Құралай көзді карағым,  
Болдың ба иіріп жібегін?

Құралай көзді карағым,  
Қолына қардай бәтесті ал.  
Қандай қызыл жібекпен  
Ақ бәтеске өрнек сал.

Алтын Күн батып баралы,  
Алтын Күн ақырын өле,  
Сұр бұлттар — сорлы жау,  
Қан жылап күнді көмелі.

Күн өлді. Көк күнірені,  
Жер жамылды қарасын.  
Құралай көзді карағым,  
Кестенді қашан боласын?

Сүллі сұлу сәулетай,  
Ір қарашы. Ансадым.  
Сүллі ойнаған шабақтай  
Сүйреңдейді саусағын.

Қыбаққа қатар тізілген  
Қырық пе? Қара жібек пе?  
Ір қарашы, қарағым,  
Ү толды ғой жүрекке!

Қалай батыл ойнайды  
Сүйрік саусак бізбенен!  
Нең кетеді, еркетай,  
Өлтірсен атып көзбенен?

Қарама маған, қарағым,  
Тылың көзін кергіште.  
Қылай қызыл жібекпен  
Ақ бәтесті кестеле!

Жер жарынан айрылып,  
Қамылды қара басына.  
Қол көзді, бұран бел,  
Жібеші жақын қасыңа!

Қыраңғылық қаптады,  
Қыңғы ма басқан, түн бе екен?  
Сымбыр-сымбыр әлде не?  
Жел ме? Жүрген жын ба екен?

Қыбағың шытпа, қарағым,  
Жанына жақын келтейін.  
Қар бетіне қанменен  
Не деп жаздың, көрейін!

Тым жақындап бармайын,  
Жырақтан жарар көз салсам.  
Не деп жаздың, қарағым?  
«Ел үшін өл. ер болсам!»

Құралай көзді қарағым,  
Жарылады-ау жас жүрек!  
Көзіме қан толтырды  
Қар үстінде қан жібек.

«Ел үшін өл. Ел үшін...»—  
Өмірді аяп не етейін!  
Сүйріктен сұлу саусағың,  
Мен салаға кетейін!

Түнерген түн әледі,  
Ағарған анау таны ма?  
Ақ бәтестің бетінде  
Жүрегіңнің қаны ма?

«Ел үшін өл. Ел үшін...»—  
Өлесін, жүрек, дүрсілде!  
Құралай көзді қарағым,  
Кестене қарап күрсінбе!

Құралай көзді қарағым,  
Аттанайын таңменен.  
Ақ бәтес — ақ жалауым,  
Кестеленген қанменен.

Қош бол енді, қарағым,  
Мені есіне алғайсың!  
Енді бәтес бетіне:  
«Иманды бол!»—

деп жазғайсың.

Алтын күн шығып келеді,  
Алтындап көктің жисің,  
Құралай көзді қарағым,  
Иіре бер жібегің!

## СҮЙЕМІН

Күлдей күнгірт шашы бар,  
Токсан бесте жасы бар,  
Көз дегенің — сүп-сүр көр.



Тасбик санап бүгіліп,  
Жерге карап үңіліп,  
Көрше ауыр күрсінер.  
Менің бір қарт анам бар.  
Неге екенін білмеймін,  
Сол анамды сүйемін.

Көзінде көк нұры жоқ,  
Аузында жұмақ жыры жоқ,  
Жалынсыз, ұсыз күшәзгі,  
Иірілмейді жыландай,  
Сөзі де жоқ құрандай,  
Білгені — қазан-ошағы.  
Жабайы ғана жарым бар.  
Неге екенін білмеймін,  
Сол жарымды сүйемін!

Ұйқы басқан қабағын,  
Бастыра киген тымағын,  
Жалқаулықты жар көрген.  
Жүрген ескі заңымен;  
Алдындағы малымен  
Бірге жусап, бірге өрген,  
Алаш деген елім бар.  
Неге екенін білмеймін,  
Сол елімді сүйемін!

Сағым сайран құрады,  
Бораны ұлып тұрады,  
Қыс — ақ кебін, жаз — сары.  
Орманы жоқ, шуы жоқ,  
Тауы да жоқ, суы жоқ,  
Мәңгі өлік сахрасы,  
Сарыарқа деген жерім бар.  
Неге екенін білмеймін,  
Сол Арқамды сүйемін!

### МЕН КІМ?'

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте — бұлт, жерде — желмін гулеген,  
Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?

Көкте — Күнмін, көпке нұрым шашамын,  
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.  
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,  
Ерігемін — толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсын.  
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсын.  
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жок,  
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін. Менікі де өлмейді.  
Надан адам өлім жоғын білмейді.  
Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би,  
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем — сегіз жұмақ қолымда.  
Қаһарлансам — тамұқ даяр құлыма.  
Жоқ жақыным, жасағандай жалғызбын!  
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!

Өзім — тәңірі, табынамын өзіме,  
Сөзім — құран, бағынамын сөзіме!  
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,  
Енді, ескілік, келдің өлер кезіне!

## МЕШІТ ҺӘМ АБАҚТЫ

Бала:  
Әкетай, мынау не үй ұзын мойын,  
Тым ірі, ұлық ұстап тұрған бойын?  
Басына шыққан адам білер еді-ау,  
Сырын айтпас қаракөк көктің ойын.

Тып-тыныш бұл үйге, әке, кім барады?  
Тыныштықта қасиетті кім қалады?  
Биікте көк күңіреніп сыр айтқанда,  
Бакытты кім көзінен жас тамады?

Әке:  
Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым,  
Ерігіп, қуған болып ата заңын,  
Анда-санда домалап бармағы үшін  
Салдырған өзіне арнап, «жуан қарын».  
Бес минут «жатып-тұрып» жуып алмақ

Былғанған бұзықтыкпен ұят-арын.  
Шығатын жоғарыға молдасы да  
Азанмен құттықтайды қарын танын.  
Бұл — мешіт, көк үйі емес, қарын үйі.  
Көргің келсе, барып көр мал базарын.

Бала:

Әкетай, анау не үй түсі суық?  
Жанына жібермейді жанды жуық?  
Терезесі темірлі, көр — есігі,  
Қабырғасын қойған ба қанмен жуып?  
Тас қима, темір қақпа, шойын құлып.  
Тым-тырыс. Жалғыз-ақ жел тұр ғой ұлып.  
Сасық та, қараңғы да, аш һәм ауру,  
Кім жатыр екен, әке, тірі өліп?

Әке:

Жиһанда бір жас жан бар, қиял аты.  
Мәңгі ойнайтын, сөнбейтін сәуле заты.  
Жанға жан беретұғын тәтті жырлы,  
Меруерттен тізілген қос қанаты.  
Ұшып жүріп, жырымен жанды ояту —  
Жас қиялдың ежелден бар мұраты.  
Тірі жанға жырламақ тәтті жырын,  
Адамзаттың жоқ оған жақын-жаты.  
Жиһанда бар нәрсені жаратқан сол,  
Тәңірі бар — бір ғана қиял аты...

Анау үйді адамзат абақты дер,  
Адам — доңыз, еменнің тамырын жер.  
Тәңірісі, жан жары қиялға арнап,  
Сонау үйді салған ол: болсын деп көр.

Көремісін күзетшіні жүрген жарап,  
Қабак түйіп, терезеге қойған қарап?  
Есалаң малданып жүр, қиялды ұстап:  
«Тарихтың таңында, — деп, — қойдым қамап!»

Есалаң! Қиял қайда?.. Қиял кезбек,  
Жиһанда ақ қанатпен ылғи жүзбек.  
Жердегі жары — «жанды» жұбатуға,  
Токтаусыз көк үнінен өндер тізбек.

Балам, енді білдің ғой, ол — абақты,  
Ашуменен түйіп тұр ол қабақты.

«Қиялды ұстап жаптым!»— деп бос малданған  
Ақымақ деп болмай ма адамзатты?!

### МАҒАРРИ СӨЗДЕР

Ақылы асқан данышпандар елінде  
Бағаланбай, қырын көзбен қаралар.  
Шетке данқы, атағы асып кеткенде,  
Қарсы болар ауылында ағалар!

\* \* \*

Жарты жан боп, сорлы болған соқырға,  
Тілін алып, таяғы алдан жол бастар.  
Байқай алмай құлар байғұс шұқырға,  
Ерсе досқа, таршылықта ойкастар.

\* \* \*

Мінбелерде үгіт айтқан молдалар  
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!  
Берік киіліп, сандықта қап сәлделер,  
Жасырынып бұзық жерге кірмесін!

\* \* \*

Риялы<sup>1</sup> ораза, намазбен  
Өзінді өзін алдама!  
Әдейі қойсаң онан да  
Көп жақынсың аллаға!

### ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН

Қаранғы, дауылды түн сар далада,  
Патшалық құрған өлім айналада.  
Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,  
Үмітпен біразырақ деп: «Жана ма?»

Тұрса да кара бұлттар көктен төніп,  
Сокса да жел долданып, өршеленіп,

---

*Риялы* — арабша: сөз бен істің қабыспауы, екіжүзділік.

Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ  
Жылтырап жанған боп тұр, қалмай сөніп.

Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар.  
Жарығы болмаса да жан таң қалар.  
Сәулелі аспанда алтын, күміс нұрлы  
Айбынды Күн мен Айға дәл парапар.

Менсінбес жөпшендіні көп маңғаздар,  
Тсң таппай кекеп, мұқар сансыз пандар.  
Қайрылып қарамасын, «қап!» демеймін.  
Табылар шыракка көз салар жандар.

### КӨБЕЛЕК

Отқа ұшар көбелек, Қарамай сорлы алды-артын. Ойына кіріп-шықпайды, Күйдірер деп от-жалын.	Құрбылар, іске бет алсақ, Ойламай қанат қақпалық, Анау жарық — алтын деп, Көрінгенге шаппалық!
--	---

Шырк айналып ентелеп Жүрер де бір уақ ол қонар. Ұмтылған оты сорлыны Күйдірер де, тез тынар.	Желімен кетсек қанаттын Көбелектей күйерміз. Алам деп алтын барғанда, Күлден кебін киерміз.
---	--

### ЕСКЕНДІРДІҢ МҮЙІЗІ

Болсаң да жалғыз жапанда Сырына, құрбым, берік бол! Күбірлесе-ақ ауызың, Әкетер қағып жүйрік жел.	Ескендірдей алыптар Дүниеге енді туа ма? Алып адам денесін Сынап-мінеп бола ма?
--	--

Ертегі ерте күндерде Ескендір атты хан болған. Бесіктен көрге кіргенше, Көргені қызыл қан болған.	Ескендірдің басында Екі мүйіз болыпты. Екі мүйізді екенін Ол жасырып жүріпті.
--	--

Заманында Ескендір Жеті ықылымды билеген. Асқан алып, киелі, Түссе де отқа күймеген.	Ескендірдің басында Екі мүйіз — нысана! Жабайы жұртқа көрінсе Қасиеті қала ма?
---	---

Ақ мүйізін жасырып,  
Төсіндір ер жасынан  
Аманлы екен еш уақыт  
Туығасын басынан.

Төсіндірдің басынан  
Талай заман көшіпті.  
Арыстанның жалындай  
Алшылдап шашы өсіпті.

Ауылдарда бір күн Ескендір  
Шарап ішті, балбырад,  
Шашың біраз кесуге  
Шаштаразды алдырад.

Аспеннен соң шаштараз,  
Туығасын алады.  
Шаштараз көріп қос мүйіз,  
Көркілп-сасып қалады.

Айтпай оған Ескендір: -  
«Корықпа, құлым, бері кел!  
Тұрам десең дүниеде  
Ауыма бірақ берік бол!»—

Шаштараз кетті жайына,  
Ауылдар, айлар өтеді.  
Шаштараздың жүрегін  
Мынау сыр бірақ өртеді.

Ауыл-басы жыбырлап,  
Төлегісі келеді.  
Төселесе сорлы шаштараз  
Төт сағатта-ақ өледі.

Төлі сорлы не қылмақ?  
Барады жанып, іш күйіп.  
Бір құдықтың аузына  
Атты келіп еңкейіп.

Алп-жағынан қаранып,  
Күркініп бір уһі деп:  
«Ескендірдің мүйізі!..»  
Төлі ақырын күбірлеп.

Жақын тұрған жас қамыс  
Қоя қойып сыбырды,  
Түре қойып құлағын,  
Тыңдай қалды күбірді.

Мынау сырды білді де,  
Қамыс төмен иілді.  
Басына түрлі ой келіп,  
Тұнжырады, күйінді.

Сол арада сайтандай  
Елбелектеп жел келді.  
Өрине, енді жас қамыс  
Жаратпады келгенді.

Жаратпаса, желге не?  
Ерегісті жыңды жел,—  
Қамысты алды құшаққа,  
Сына жаздад бұран бел.

Қамыс басын шайқады,  
Жел өндірді у жырын.  
Жырлады, құшты, улады.  
Біліп алды бар сырын.

Сырын біліп алды да,  
Қоштасып сүйіп, сыбырлап:  
«Ескендірдің мүйізі!»—  
Деп жөнелді жыбырлап.

Таң атқанша жүйрік жел  
Жүгіруден талмады.  
Ескендірдің мүйізін  
Білмеген жан қалмады.

Таң да атты, жүйрік жел  
Баяулады, басылды.  
Таң да атты, шаштараз  
Дар ағашқа асылды!..

\* \* \*

Есің болса жолдасым,  
Бола көрме шаштараз.  
Асылмасан да ағашқа,  
Болуы анық дос араз!

## ӨТКЕН — АЯУЛЫ

Өткенді мақтар әр адам. «Өткен артық» дер адам.  
Білмеймін, өткен алтын ба? Шеше де өлген баласын  
Болмаса, мақтау өткенді Аузынан, сөйлеп, тастамас,  
Адамзаттың салты ма? Көз ішінде қарасын.

Қариялар отырып, Қылықты да, тәтті де,  
Баяғыны мақтайды. Ақылды да ол бала.  
Желкілдеген жас заман Екі жасар күнінде  
Оларға тіпті-ақ жақпайды. Пәлен деген — ол дана.

Заңда болған соларда, Жалғаны жоқ, адамнан  
Тура, әділ, жақсы да, Жаңаны мақтар санаулы.  
Аспаннан пері түсірген Не дұрыс шығар, не теріс,  
Ғайыпты болжар бақсы да. Әйтсеуір өткен — аяулы.

## ҚҰРБЫМ

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері  
Қылғанға адал еңбек зейнет жері.  
Жалғанның бір мүшесі бола алмассын,  
Қиналып, маңдайынның ақпай тері.

Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегіңді ес,  
Деп жатпа: «Алма піс те, аузыма түс!»  
Бейнет, еңбек қылмасаң босқа өлгенін,  
Құрғақта қайық жүрмес, үмітіңді кес!

## АДАСТЫМ

Артымда қазақ қалын ел,  
Тақтақ жалғыз кара жол,  
Кетіп бара жатыр ем.  
Бейнетті, бітпес ұзын жол  
Отсыз, сусыз бетпақ шөл,  
Мың мекхнатка батып ем.

Жұбаныш-жол біреу-ақ.  
Үмітім-алтын айдан да ақ.  
Сонымен ойды жоюшы ем...

Далаға өлік, жан салып,  
Әлсін-әлсінәнсалып,  
Өлеңдетіп қоюшы ем...

Әлдекайдан шу шықты,  
Қып-қызыл кан-ту шықты  
Жердің жүзін түн басты.  
Шегір көзді, сары шаш,  
Бәрі тырдай жалаңаш,  
Жан-жағымды жын басты.

Әлдснені бөлісіп,  
Ыржиысып күлісіп,  
Ән жер, мін жер жылт-жылт ок.  
Жел ұлиды, өкіред,  
Жындар жалп-жалп секіред...  
Қара жолдан сүрлеу жок.

Артымда елім бар еді.  
Алдымда жолым бар еді,  
Ел де жок, қазір, жол да жок...  
Табылар жолың, тарылма,  
Жылама, жынға жалынба,  
Таң атқанша күн де жок.

## БОСТАНДЫҚ<sup>1</sup>

Жер жүзін кан басканда,  
Көбігі шығып аспанға,  
Жын жолдас боп адамға,  
Туралық, тендік ұмытылып,  
Інжіл, құран жыртылып,  
Жатканда жерде — табанда.

Қызыл қанға мас болып,  
Жүрегі қара тас болып,  
Айрылып естен адамзат,  
Ұмытып мейрімді иесін,  
Сойып саулық түйесін,  
Тәнірісі боп Лат, Манат,

<sup>1</sup>1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған (М. Жұмабаевтың ескертпесі).



Жүргізіп ібіліс әмірін,  
Жауыздық жайып тамырын,  
Өршіп өтірік, дұшпандық...  
...Көк есігі ашылды,  
Жұмақ нұры шашылды.  
Келді ұшып бостандық.

Ғарыш нұрлы жүзі бар,  
Кәусар жібек сөзі бар,  
Әдемі, алмас ақ канат.  
Жануарлар жердегі,  
Ынтасы — жақын көрмегі,  
Танырқады анталап.

Аппак нұрға оранып,  
Ақырын ғана дем алып,  
Күрметпенен тұрысты.  
Сәуле көрмей, шеккен зар,  
Аш-жалаңаш сорлылар  
Қуанысты, күлісті.

Тез жалындап суынған,  
Жұмақтан да қуылған,  
Адамзат бір әуреді.  
Есін жиып күйленіп,  
Әбден бойы үйреніп  
Алғаннан соң сәулеге

Баяғысын бастады,  
Ұжданды былай тастады.  
Бостандықта жоқ жұмыс.  
Зар еніреді талай жан,  
Сел боп ақты қызыл қан.  
Өтірік, талау, өлтіріс.

Шірік жүрек сасықтар,  
Арамдыққа асықтар  
Жетілді, жетті мұратқа.  
Қыбырлаған қоныздар,  
Қорсылдаған доңыздар  
Көктен келген қонаққа

Тілін, қолын тигізді,  
«Сасық сайтан» дегізді.  
Жауыздық тағы өрледі.

Ізгі елшісі жұмақтың,  
Қасиетті қонақтың  
Ақ қанатын кірледі.

Қыбырлаған қоныздар,  
Қорсылдаған доңыздар,  
Тілегің болды — қуан, күл.  
Бостандық — ізгі періште  
Кетпекке ұшып ғарышка  
Ақ қанатын қомдап тұр.

### ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ

Терезеге қараймын, Қырындашты жалаймын. Аелтірем деп өлшеуге Сөздерді іштен санаймын.	Басқаға мойын бұрмаймын, Бітірмей жазып, тұрмаймын. Не керек, жұрт сезбейді,— Ақырын Феттен ұрлаймын».
--	---

### БІР БИГЕ

О, биіміз, биіміз, Түрленіп қапты үйіңіз, Тым-ақ тәуір күйіңіз, Майқаймын, мол ғой тегінде	Алатын елден сыйыңыз. «Сен» деп сізге не дейін, Тамұқта мәңгі күйіңіз!
---	--

### КӨК ТЕКЕ

Айыр сақал көк теке  
Деді де бір: «Меке-ке!»—  
Шықты секіріп қораға.  
Жүрді басып алшаңдап,  
Қарнын керіп талтаңдап,  
Қаза айдаса, бола ма?

Керді Теке көкірек,  
Көрінді оған жақын көк,  
Сүзейін деп ойлады.  
«Меке-ке!»— деп кекірді.  
Тұқырып басын секірді,  
Қора ішінде құлады.

Корада айғыр түр еді.  
Минілмеген күр еді,  
Жаңа ұсталған үйірден.  
Текені көріп дүрс еткен.  
Бірденесі бырс еткен,  
Тепті келіп бүйірден.

Қайтсін жануар күйген сон!  
Тастай тұяқ тиген сон,  
Көк теке мал бола ма?  
Айыр сақал көк теке  
Деді де бір: «Меке-ке!»—  
Қалды сұлап корада.

## ТӨБЕТ

Жарықтық Сәрсен ақсақал,  
Жуан қарын тап-тапал  
Асырады бір төбет.  
Тырбиған түрін көрсе де,  
Шамасы кемін білсе де,  
Ойы болды: «Кім білед...»

Қушық шеке, қайқы бел,  
Жуан қарын сызып жер.  
Тып-тып төбет жүреді.  
«Қарны толған өнер!»— деп,  
«Қолынан бір не келер!»— деп,  
Мұртынан Сәрсен күледі.

Көрінгенге жалпылдап,  
Дамыл алмай барқылдап,  
Үргенін көріп қуанды.  
«Бар,— деп,— мықты төбетім,  
Кім бар маған келетін!»—  
Білекті Сәрсен сыбанды.

Жүргенде Сәрсен қуанып,  
Уақыт күзге таянып,  
Қараңғы бір түн болды.  
Төбетке Сәрсен ас берді,  
Үйін-күйін тапсырды,  
Төбетке бір сын болды.

Сабалак жүні жатпылдап,  
Бет алдына баркылдап,  
    Үріп төбет жүр еді.  
Күн де еркін батпай-ак,  
Сәрсекем де жатпай-ак  
    Котанға құйын келеді.

Көріп келген құйынды,  
Тас түйін боп жиынды,  
    Дүркіреп койлар үркеді.  
Үріккен қойда жұмыс жок,  
Төбетте дән дыбыс жок,  
    Тапты тапал күркені.

Үріккен қойды дүркіреп  
Көріп Сәрсен күркілдеп,  
    Котанға қарай жүгірді.  
Қараса қайтып күркені  
Бұғып жатыр шіркіні,  
    Төбетінен түнілді.

\*\*\*

Жабыны тұлпар қылам деп,  
Қарғаны сұнкар қылам деп,  
    Талайдың ісі шала ғой.  
Не дейін есіл сақалға,  
Жуан қарын тапалға  
    Сенген Сәрсен — бала ғой!

## ЖОЛДАСҚА

Әй, әй, жолдас, жас жігіт,  
Кіку салған, лепірген,  
Кетті ме әлде жын соғып,  
Аузын мұнша көпірген!

Дүниеніңдінгегі  
Қарын дейсін жалғыз-ақ.  
Күнді көрмей көктегі  
Болма, жаным, жапалақ.

•Идеал да жок, тәнір де...»  
Енді не бар? Доңыз ба?  
Адамсың ғой сен енді,  
Ұқсама шын доңызға!

Мейлін, мейлін, доңыз бол,  
Жүр қорсылдап қорада.  
Сасық соқыр қоныз бол,  
Жаныма бірақ жолама.

Мен киелі Алашпын.  
Іргемді, сасық, ластама.  
Ойнама, жолдас, менімен,  
Бар бұзыққа, басқаға.

Кіршіксіз ақ ордамын,  
Сала алмассың бір тап та.  
Бұзылмаған қордамын,  
Беле алмассың тап-тапқа.

Тапсыз бүтін бір елмін,  
Төңіріге жалғыз ұсармын.  
Көбікті күміс бір селмін,  
Сасықты сендей басармын.

Құдыктан ішіп, жас жігіт,  
Оған, сірә, түкірме.  
Кетер сені сел соғып,  
Басыл, жаным, көпірме.

### ТОҚАЕВҚА ЕЛІКТЕУ

Ақ пимамды кие салып, кеттім базарға қарап,  
Татар алад, татар сатад: құран, арак, таспих, тарак.  
Алла әкпар... сахарин бар... деп мәзін айтады азан,  
Әй Қазан, қорсыз Қазан, күтсыз Қазан, нұрсыз Қазан.

### ӨЛЕҢНІҢ ҰЙҚАСЫ

Талапсыз сорлы — «ойлаған»,  
Ойға терең — «бойлаған»,  
Есалаң, уға — «тоймаған»,  
Қажып бір ойын — «қоймаған».  
Есер жүрек — «ойнаған»,  
Өлгенше үміт — «жоймаған»,  
Жындыдай жалғыз — «тойлаған»,  
Жалықтырды — «ой» да «ған»...  
Құрысын өлең! Қой бағам!

### ДОСТЫҚ ҺӘМ КӨЗ ЖАСЫ ✓

Достықты мастық туғызад,  
Шын-шын достар — екі мас.  
Жүректі мастық өртейді  
Төккізіп көзден ыстық жас.

Достықты ауру туғызад,  
Ауру адам — адал дос.  
Ауру көз жас төккізед,  
Ауырсаң ғана жүрек бос.

Айық адам — аң адам,  
Дені сау адам — бейне тас.  
Достыққа баға бере алмас,  
Төкпес ол көзден ыстық жас.

\* \* \*

«Шын дос боп ыстық жас төксін»,—  
Десең, досқа арақ бер,  
Не болмаса тәңірден  
Ауру бер деп тілей көр!

## БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ — МЕНІКІ

Басы — сайран, сұм жалғанның соңы — ойран,  
Адам өмірі — тағдыр ойыны. Біл де ойлан!  
Есіл жастық ескен желдей гүлдеп,  
Өлі-ақ кетер жүректен — от, күш — бойдан.

Көздің нұры кеміп, жақтар суалар,  
Сүмбіл кара шаш селдіреп қуарар.  
Ет таралып, сүйек қалып саудырап,  
Тамырларда сасық сары су ағар.

Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы?  
Аз өмірде естен кетпес азабы.  
Жаты түгіл, жақынына жексұрын  
Болып, өзі тілесін деп қазаны!

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,  
Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.  
Жансыз суық көзін қадап қу өлім.  
«Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Не қылса да, өлімнің өз еркі.  
Жындандырад мені сұлу көркі.  
Құшам, ішем, жынданамын, жылаймын,  
Бүгінгі күн өмір, өлім — менікі!

## СЫРЫМ

Мен қуансам, жас баладай қуанам,  
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»  
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет.  
Жас баламын — тағы да тез жұбанам.

Күлсем егер есім шығып күлемін,  
Жылағанда қап-қара қан төгемін.  
Қасым болса, қанын ішкім келеді,  
Досым болса, жолында оның өлемін.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,  
Мен сүйемін жан-денесін бергенше.  
Жан-денесін бірдей алам, улаймын,  
Қысып сүйем құшағымда өлгенше.

Ол күледі, мен де есалаң күлемін.  
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.  
Құшағымда жан-тәнінен айрылып,  
Өлед әйел, мен де бірге өлемін.

Тағы көрем. Тағы күлем. Тірілем.  
Есім шығып тағы тұзаққа ілінем.  
Өмір — дала, тапыл басқан мен бала,  
Тапыл-тапыл, дамыл-дамыл сүрінем.

Өмір — өзен, үміт — шабақ ойнаған,  
Жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған.  
Мен — есалаң, мен — нәресте, үміт — от,  
Жүз күйсе де қармануын қоймаған.

«Өзім — тәңірі, өзіме өзім табынам»,—  
Деп көпіріп, зор тәңіріге шабынам.  
Егерде енді ауыңқырап кетсе бас,  
Сол тәңіріге жасым төгіп жалынам.

Міне, оқушым, осы менің бар сырым,  
Бояу деген ойымда жоқ, жоқ сырым.  
Сен не дейсің?..Құлағындай есектің  
Ерініне күлкі келді-ау, қыртылым!

## СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін  
Патша тағы, бүкія дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай беліннен,  
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліннен.

Бой шымырлап, талыксиды жүрегім,  
Балкып денем барам еріп деміннен.

Кір койныма, кыпша белін бұралып,  
Таркат шашын, жатсын жібек оралып.  
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,  
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып...

Шашын — кара, денен — ақ бұлт, жүзін — Ай,  
Тісің — меруерт, көзін сәулем, құралай.  
Ләззат, рақат, бақыт — бәрі койнында,  
Сұрамаймын енді ұжмақ — жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:  
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!

### ТӨГІЛГЕН ШАШЫ

Төгілген шашы,  
Қиылған қасы,  
Керілген маңдай да.  
Тістері меруерт,  
Бейне қар — мамық ет,  
Кез келсең мұндайға.  
Жалындап, күйіп,  
Бір ғана сүйіп,  
Өлсең де болмай ма!

### КҮМІС НҰРЛЫ АЙ

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар — алмас, жібек жел,  
Сыбырласып жас қайындар бұраң бел...  
«Қан қайнады. Жас жүрегім ойнады.  
Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері кел!»

«Сен сүйерсің, мен күйермін, жанармын,  
Құшақтарсың — мен есімнен танармын.  
Өлеңдетіп, жүйрікке мініп кетерсің,  
Жүрегімде от, жылай-жылай калармын!»



«Сүйші, сүй!» деп сыбырлап тұр жас терек,  
«Кұшакта!» деп асығып тұр жас жүрек.  
«Ұйқы көрмей, жүйрігімді жаратып,  
Келіп тұрмын, енді, сәулем, не керек?»

«Түсу қиын ұшар құстың ізіне,  
Сене алмаймын жас теректің сөзіне,  
Бірақ, сәулем, ерігендей боламын,  
Бойым балқып, көзім түссе көзіне...

Ыстық құшак, отты сүйіс, балды тіл...  
Бірдене деп күбірлейді жібек жел.  
Бұл — жастық қой, жасыра гөр, жібегім,  
Айтып қойсаң, амал қанша... өзін біл!»

## ШОЛПЫ

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...  
Қанымды қайнатты құрғыр.  
Шық-шық жүрекке тиеді,  
Күлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...  
Өзекті өртеді құрғыр.  
Әдейі іргеден жүреді  
Сұлу қыз санадан солғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...  
Жүректі жандырды құрғыр.  
Кеудені кернеді жалын,  
Сәулем, періштем, тез кір!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...  
Есімнен аударды құрғыр.  
Лебізіңнен еріп барамын,  
Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр, Сылдыр. Сылдыр...  
Талдым. Қалды сұлдер,  
Сыбырға айналды сылдыр,  
Сылдыр... сылдыр... сылдыр...

## СЕН СҰЛУ

Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,  
Жарқ-жүрк еткен майда нажағай сұлу:  
Қызықты орман, көңілді еркін кен дала,  
Күміс табак көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,  
Хош ністі, түрлі-түрлі гүл сұлу.  
Әдемі аспан — төбедегі көк шатыр,  
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылк-сылк күліп сылдыр қаққан су сұлу.  
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.  
Бейне айнадай жаркылдаған айдыннан  
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын Күн Сұлу,  
Жымындаған жұлдыздармен түн сұлу.  
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,  
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

## БІРАЗ ФЕЙШЕ

Жібек түн —  
Бәрі — тын.  
Сайраған,  
Жайнаған.  
Екі жас —  
Екі мас:  
Жүрек мас,  
Көзде жас!  
Сүттей Ай.  
Терең сай:  
Бұлбұл,  
Гүл-гүл.

Екі жан.  
Ыстық қан.  
Жан ессіз.  
От сүйіс.  
Орман —  
Тынған.  
Сылдыр.  
Гүлдер.  
Күбір,  
Сыбыр.  
Тұман.  
Таң, таң!..

## N-ҒА

N-жан, көрмегелі көп ай болды.  
Сағындым, жүрегіме қасірет толды.  
Ең соңғы көрісуім бақшада еді,  
Қыс болды — бақша да өлді, гүлдер солды.

Жеті айда жоғалса да талай іздер,  
Есімнен неге шықсын сонғы сөздер?  
Күндіз-түн жатсам-тұрсам көз алдымда  
Улаған жүрегімді кара көздер.

Дарияға дауыл қуып кірген кеме —  
Еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме,  
Жайнаған жемісі көп бір аралға  
Кез келсе, тастап оны кетсін неге?!

Табылған, арал тастап, не керегі,  
Кеткенде толқын оған не береді?  
Дауыл мен толқын сыры белгілі ғой,  
Дария да домалатып төнкереді.

Жан едім терең теңізге ерте кірген,  
Өмірде ащы-тұшыны ерте білген,  
Алысып долы дауыл, толқынменен,  
Теңізде талай аунап төнкерілген.

Аз жаста көп сүйіп ем, сүйіліп ем,  
Көп улап, көп уланып, күйініп ем,  
Желдей жынды жүректің екпінінен  
Майысып, сына жаздап, иіліп ем.

Өмірдің толқындары ұрған кезде,  
Иманнан айрылғалы тұрған кезде,  
Жасаған Жебірейілін жіберді ғой,  
Жолықтым сен сәулемге — нәркес көзге.

Періштем ақ қанатты N-жаным,  
Жаныма жарық берген алтын таңым,  
Тілекке қасиетті бірге ұмтылар,  
Жолдасым, сен — құраным, сен — иманым.

Дарияға, көрмегелі айлар өтті,  
Сұм тағдыр ойға-қырға тентіретті.  
Көре алмай көптен бері, сәулем, сені,  
Қасірет жүректі жеп, жанға жетті.

Сұм тағдыр жапан түзге шығарды айдап,  
Дауылы ұлып тұрған, бораны ойнап.  
Жанамын, күңіренемін, жұбанамын,  
Сенімен бірге жүрген күндерді ойлап...

Омбының у-шуы мол каласы еді,  
Салқындау апрель-май арасы еді.  
Көшеге қол ұстасып шыққанымыз  
Алтын Күн батуымен талас еді. <sup>1</sup>

Асығып, жүрек ойнап, сыбырластық,  
Қыс бойғы хаттардағы сөздерді аштық.  
Жүгірді қолдан-қолға жасырын күш,  
Тайынбай махаббатқа қадам бастық.

Өтсе де жеті ай тұрсын, дәл ай он бес,  
Есімнен бір минут та шықпас-ау еш,  
Түкпірде, кең бір аулақ кабинетте  
Ішінде «Алтын мүйіз»<sup>1</sup> өткізген кеш.

Ал, қалам, сол кешті жаз, бірақ қызба,  
Қызсаң қыз, орны келсе, әдеп бұзба.  
Ішінде «Алтын мүйіз» отырғанда,  
N-жан, кім бар еді жанымызда?

Есімде... бір қыз бар ед ойлар басқан,  
Бетінің солған гүлдей қаны қашқан,  
Көзқарас, күлкісінде, сөздерінде  
Қайғыға қайнар ашу араласқан.

Себеп не сонша түсі қашқанына?  
Кім білед, тәңірі бағын ашпады ма?  
«Сүйем!»— деп әлдебіреу сүйіп жүріп,  
Жалт беріп бейшараны тастады ма?!

Жалындап сүйе алмай һәм сүйдіре алмай,  
Лебімен сүйіскенде күйдіре алмай,  
Өткен бе бар өмірі тайғактықпен,  
Айтуға жүрек сырын тілі бармай?!

Қандырып сүйгеніне су бере алмай,  
Тайынбай дұшпанына у бере алмай,  
Жолдасы жауға шабам деп келгенде,  
Қолына қанды найза, ту бере алмай.

Мінезі дәл осындай болса әгар,  
(От пен су бұл жалғанда бола ма жар?)

<sup>1</sup> Омбыдағы ресторанның аты («Золотой рог»)

Бір жігіт сүйіп жүріп сүймей кетсе,  
N-жан, сол жігітте не айып бар?

Не десен де бұл істер саған дайын,  
Несіне енді оған аялдайын...  
Көзінен ұшқын шыққан анау қыз кім?  
Белгілі, жан емес қой карапайым!

Иірілген бұйра толқын шашы кандай,  
Иығына екі жылан асылғандай.  
Тұңғық кара судай кара көздер  
Қандай сыр болса-дағы жасырғандай.

Кара сұр, сырға берік беті кандай,  
Мінезі майда жібек, сөзі балдай.  
Бал заты — у, жібек асты — тікенек пе?  
Не керек! Адамзатты біледі алдай!

Белгілі, болған шығар талайлар жар,  
Халық тегіс жалған айтса, тәңірісі бар.  
Жардың көп болуының таны да жоқ,  
Интернациональный жүрегі бар!

Қытайдан Карпат қаша жеткен жүрек,  
Карпат, асып Атласқа кеткен жүрек,  
Қазақ, сарт, татар, черкес, орыс, неміс,  
Француз, чех... бәрін өз еткен жүрек.

Досы боп жігіттері жарты Айдын,  
Әнші, акын, мүшелері құрылтайдын.  
Бәрі рас, бірақ «цирк палуаны —  
Соловьев!» деген сөзге нана алмаймын.

Соловьев — шикі надан, өгіз ғой нас,  
Қалайша оны сүйер осындай жас?!  
«Жаншылып»<sup>1</sup> деген сөздің әйтеуір  
Он үште астын сызып қоюм рас.

Айтпақшы, жанымызда бар ғой «граф»,  
Отыр ғой кара мұртын сылап, бұрап.  
Сұлудың біз білмеген сыры болса,  
Алайық біз азырақ содан сұрап.

<sup>1</sup> «Салмағынан жаншылып, қалсын құмар бір қапы» (М. Жұмабаевтың ескертуі.)

Жүруші ед қол ұстасып күн батқанша,  
Көшесін күзетуші ед таң атқанша.  
Сүйгенін қанша сөйлеп ұқтыра алмай,  
Мұртына күректей боп мұз қатқанша.

«Графтай» адал көңіл адам сирек,  
Айта ма сұлуға ол сөзді түйреп?!  
Күрсініп, көзін сүзіп жүрген кезде,  
Қадалып бір «сары маса» койса керек.

Белгілі, «графқа» емес, жас сұлуға,  
Ежелден біреу буға, біреу шуға...  
Шет халық әлі жала ғып жүрмесін,  
Бұл «граф» өзіміздің анық тума.

Білеміз ру, тұқым, ата затын,  
Өзі таныс, қонысы тағы жақын.  
Елден шығып Омбыға келгеннен-ақ,  
Құмар болды көтеруге «граф» атын.

Сөйлетіп қоя берсең, сөзге тақ-тақ.  
Күлкісі күміс сылдыр, емес сақ-сақ.  
«Философ», «экономист», «артист», «поэт» —  
Қайдағы әдемі сөзді алған жаттап.

Жиында иіледі, бүгіледі.  
Балаларды ойыңқұмар күлдіреді.  
Шөп басы қимылдаса: «Пардон, мамзель!»  
Тағы да «Аля» деген сөз біледі.

«Графтың» сол сұлуды сүйі рас,  
Күрсініп бір қыс бойы күйі рас.  
Масаның қадалғанда қатты ызыны  
«Графтың» құлағына тиюі рас.

Бұл емес, талай ызың бұдан былай  
«Графтың» құлағына тиген талай.  
Сырт тұрсын, көз алдында көлбендеген,  
Себебі «графты» разы қылу оңай.

Сұм сұлу сағынғандай қолын беред,  
Қолымен бір сиырдың тілін беред.  
Бұл тілді сүйе ме екен, я жей ме екен,  
Оншасын мсье «граф» өзі біледі.

Айналсын қолға, тілге, яки басқа,  
Қалайда «графтардың» жөні басқа...  
Бүгіліп, үңілгендей не болды екен,  
Дембелше жігітіміз бұйра шашқа?

Талай ел қонып, жайлап көшкен жерден,  
Еркімен ерке желдер ескен жерден,  
Не іздеп мұнша жабысып қалғаны,  
Көрісіп, есенсіз бе дескен жерден?

Иіліп сыбырлайды құлағына,  
Қарайды көзін алмай тура ғана.  
Мінезін, өткен өмірін біліп алып,  
Қылмақ па героинна драмаға?

Дариға, драмалар, драмалар!  
Толып тұр драмаға абдыралар.  
Өткізген ұйқы көрмей есіл түндер!..  
Құрысын! Тірі жан жоқ оқуға алар!

Тағы да есебі жоқ комедия,  
Жетті екен бәріне қалай кара сия?!  
Дүниеде драматург ат бермесен,  
Қыла гөр акиретте жүзін зия.

Жасаған, дұғам осы жолдас үшін,  
Жолдасым караса да жарып ішім...  
Есіме жолдастарды аламын деп,  
Ұмытып кете жаздым ғой «Мүйіз» ішін.

Болған соң сол төртеумен жақын жолдас,  
Деп ойлап, есіме алдым, ашуланбас.  
Кұрбының құрбы әзілін көтермек қой,  
Ашуланса, бастары да аман болмас...

.....  
Отырдық жақын, қатар тізе тиіп,  
Денеге у жайылып, қызып, күйіп,  
Жұрт көзі екеумізден ауған кезде  
Койып ем бауырыма қысып-сүйіп.

Қашанда махаббатты көз бастайды,  
Білдірмей, ыстық қысып, қол қостайды.  
Жалындап асығыстықпен сүйіскенге,  
Көз-қолың — біреуі де ұйқаспайды.

Ойнайды аласұрып қанын қандай,  
Жүрегін сол минутта жарылғандай!  
Көзінде от аралас жас мөлдіреп,  
Сенделіп тұрғандайсын халін қалмай.

Миына ешбір бөтен ой кірмейді,  
Көзіне ешбір нәрсе көрінбейді.  
Ақ беті бір ағарып, бір қызарып,  
Жас жарың жас киіктей дірілдейді.

Сол кеште, әлі есімде, N-жаным,  
Аузыңнан дәл осылай бал алғаным.  
Кім бірақ тояр кәусар шарабына?  
Мен-дағы сол балына қана алмадым...

.....  
.....  
.....

### ЕС КІРГЕН СОҢ

Бұртаң-бұртаң,  
Жыртан-жыртан.  
    Ой, сезім жоқ көк есек.  
Бұқа мойын,  
Тұтам бойын  
    Көрмеген мен — көбелек.

Шіркін жастық,  
Ессіз мастық,  
    Не айла бар? Бетім-ау:  
Жансыз жанды,  
Сол соққанды,  
    Соны да сүйдім дедім-ау!

### СҮЙГЕНІМ АНЫҚ

Көрдім де келдім,  
Қолымды бердім:  
    «Сүйем сені, сұлу қыз.  
Жүрегім жанып,  
Сүйюім анық,  
    Қуә болсын көп жұлдыз!»—



Дедім де тілден,  
Кұшақтап белден,  
Кысып сүйе бастадым.  
Жакындай бердін,  
Койныма кірдін,  
«Кет!»— демедін, кашпадын.

«Сүйем» боп сөзін,  
Мөлдiреп көзін,  
Такадын сен бетке бет.  
Айрылдың естен,  
Күндiзгi күштен,  
Тиіп ыстык етке ет...

Ұшуға інкәр  
Тұра ма тұлпар,  
Бір жерде ылғи шаң жұтып?!  
Жел едім, ұштым,  
Талайды күштым,  
Кетіппін сені ұмытып.

Бүгін сен көріп,  
Қолыңды беріп,  
Қайғыменен қарайсын:  
«Сендім мен жазған,  
Сүйгенің жалған,  
Алдадың!»— деп жылайсын.

Алдағаным жоқ.  
Арбағаным жоқ.  
Сен сөзіме, сұлу қыз!  
Тап сол сағат  
Сүйгенім хак,  
Қуә мынау көп жұлдыз!

## ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС

Хор сипатты қарындас,  
Оттай сұлу ыстық жас.  
Құшақта да қойнынды аш,  
Бұғақтан бір сүйейін!  
Мен-көбелек, сен бір шам,  
Өзі келген мен құрбан,  
Шамға одан не зиян,  
Сүйейін де күйейін!

## ЖАС СҰЛУҒА

Мен ақынмын — ағынмын,  
Сылдыраймын, сүйемін.  
Мен ақынмын — жалынмын,  
Шапшып көкке тиемін.

Қаракат көзің мөлдіреп,  
Көп қарама, жас сұлу.  
Сылдырап сипап, сүйген боп,  
Алып кетер ағын су.

Алма ернің елбіреп.  
«Сүйші, сүй» деп жалынба!  
Отты ойыншы дос біліп.  
Жақындама жалынға!

Мен ақынмын — жел жүйрік,  
Гуілдеймін, ұшамын.  
Мен — ойыншы көбелек,  
Көрінген гүлді құшамын.

Бүлдірген бетің сұрланып,  
Желге сенбе, жас бала!  
Сыбырлар, кетер ұрланып,  
Шын жары оның — сар дала.

Көбелекке «Кел!» деме,  
(Елжіреу сонша не керек?).  
Кетер ұшып өңгеге,  
Балыңнан татса көбелек.

Мен — ақынмын, жырлаймын,  
Жүрекке жүйрік жел кірсе.  
Мен — ақынмын, жылаймын,  
Жүрекке ауыр шер кірсе.

Жаншыларсың, жыларсың,  
Құшақтама белімнен.  
Жас дененді улармын,  
Сүйгізбеші тіліңнен.

Жас періштем, сұлу қыз,  
Сүймеші, сүйме, сұраймын!

Мен акынмын түрлаусыз,  
Жырлаймын да, жылаймын!

### Г...ГЕ

Күніңмен алтын куантпай,  
Гүліңмен жібек жұбатпай,  
Жеттің де тез өттің, жаз.  
Ағаш, шөптер кураған,  
Айдын да құрып суалған.  
Қанқылдар қайда қоңыр қаз?

Өң мен түстей перизат,  
Көрінді де, болды жат,  
Жандырдың, міне, жанымды.  
Қараған көктен хор едін.  
Көбірек көрсем деп едім,  
Көк есігі жабылды...

### КӨҢІЛІҢДІ АШАР

Көңіліңді ашар,  
Жалынды басар,  
Жоқ жаныңда жолдасың.  
Отырсаң аулақ,  
Дерт басса қаулап.  
Жұбатар қиял — мұңдасың.

Бейне хор жүзі,  
Бейне бал сөзі,  
Жан жарынмен тұрасың.  
Құшақтап белден,  
Жалындап тілден  
Сүйіскендей боласың.

### СӨУЛЕ

Көрісе алмай зарығып,  
Сарғайысқан екі жас,  
Әлдеқалай тура кеп,  
Көріседі — көңіл мас.

Мөлдіресіп көздері  
Бір-біріне қарайды.  
Қысқа болды сөздері  
Жылы ү бойға тарайды.

Ауызға ауыз тиісті —  
Денелері балқыды.  
Тілден тәтті сүйісті —  
Жүрек жанды, шалқыды.

Оянысса, адам жок,  
Түс алдайтын жау ма екен?  
Бір-бірін түсте сүйсін деп,  
Ойнап сүйген сәуле екен.

Ыстық лебіз, сүйгенде,  
Өргендей жүздерін,  
Тілді дене күйгенде —  
Ашты екеуі көздерін.

Есінеп, бір керіліп,  
Қайта тағы жұмып көз.  
«Ұйқымды, сәуле, бұзды» деп,  
Жатты жамылып сұлу қыз.

Абактыда оянып,  
Жігіт «Уһ» деп дем алды.  
Көрген түске жұбанып,  
Сәулеге алтын қуанды.

## ЖӘМИЛА

Жәмила!  
Мұнша неге жүдедің?  
Бетінде тамшы қан жок кой,  
Жаралы ма жүрегің?  
Тегінде терен зар көп кой!

Жәмила!  
Себебі не? Жалғанда  
Серпіліп, ойнап күлмейсін?  
Түнде жұрт ұйқтап калғанда  
Тыншып бір ұйқы көрмейсін?

Жәмила!  
Кеудене от толды ма?  
Уһілеп Айға қарайсын.  
Өмірің у болды ма?  
Жұлдыздар неге санайсын?

Жәмила!  
Шапаныңды бүркеніп,  
Тысқа ақырын шыққанда,  
Күрсініп ауыр күңіреніп,  
Айтқаның зар ма, я ән бе?

Жәмила!  
Жаныңдағы жауызын  
Айырды ма жарыңнан?

Сарғаймашы, бауырым.  
Бітесің ғой зарыннан.  
Жәмила!  
Түскен мынау жүзіне  
Қасірет пе, яки шашын ба?  
Қайғылы кара көзінде  
Мөлдіреген жасың ба?

Жәмила!  
Бетінде анау таңба не?  
Аһ... имансыз ол хайуан!  
Жалын, жаным, «Алла» де!  
Бұдан басқа не хайлан?!

Жәмила!  
Қасіретті, сорлы қарындас,  
Қайғыға қалай шыдайсың?  
Жыла, бауырым, төгіп жас,  
Мен де бірге жылаймын...  
Жәмила!.. Жәмила!.. Жәмила!..

## ҚАЙҒЫЛЫ СҰЛУҒА

*(Ж-ге арналған)*

Көркің хор, періште еді сенің жаның,  
Ойлаушы ең күні-түні көк аспаның.  
Мінезін адамзаттың сынамаққа  
Мезгілді орын ғып ең бұл жалғаның.

Байкадың алыс-жақын тегіс жайын,  
Жанашыр ата-ана һәм ынғайын,  
Көзі жоқ кеудесінде өншен соқыр,  
Бір көрді сені адаммен қарапайым.

«Қара жер, көкті ойлама, орнын»,— деді,  
«Қара тас, мәңгі өлік, құрбын»— деді.  
Хайуандай бір қазыққа арқандай сап,  
«Құр снді, жануарым, тұрдың»— дейді.

Көрдін ғой, жақыныңда қан болмады,  
Қазаққа қыз арқандау таң болмады,  
Жан-жаққа мұңды көзбен карасаң да,  
Сен үшін жаның қияр жан болмады.

Солма енді, жерлік емес, жұмақтық гүл,  
Шекпе азап, жауыздардан енді құтыл.  
Бере алмас саған баға өңшең өлік,  
Көкке ұш, асылыңа қайт, періште бол!

### ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,  
Әр жерде өткізсек те өмір танын,  
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,  
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,  
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!  
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед.  
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

### ...ҒА

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,  
Қайғы-қасірет тасып бастан асқан күн,  
Жан-жағымнан жылы жүзді жан таппай,  
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.

Жауыз тағдыр созған қолды қакқан күн,  
Жан-денемді жылан-шаян шаққан күн,  
Жапан түзде қара түнде жалғыз қап,  
Қан дария боп көздің жасы аққан күн.

Сен көрдің де, келдің тура қасыма,  
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.  
Мандайымнан сипап сүйіп жұбаттын:  
«Жаным құрбан, жасынды тый, жасыма!»

Мәңгілікке, міне, қолым беремін,  
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.  
Қайғыланба, атса атар алтын тан,  
Жан жолдаспын, өлсең бірге өлемін!»

Дедің де сен күліп жолым бастадың,  
Жауын, дауыл, оттан, судан қашпадың.  
Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен  
Міне, азырақ есім жия бастадым...

Алтын сәулем, ақ періштем, жан салған,  
Кім біледі, айырса егер сұм жалған,  
Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,  
Бағынатын, табынатын сен — Аллам!

## ДОМБЫРА

*(Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ж-ге арналған)*

Түн. Біз шешеніп жатқанбыз. Шам сөндірілген. Үй іші қара көленке. Шанырақтың жабылмай қалған шетінен о жақ босағада құрулы ақ шымылдыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді. Шымылдық дірілдегендей... Жанымда қатар жатқан жігіт домбыраға бір күй тартып жатыр... Екеумізде де сөз жоқ... Жалғыз домбыраның ғана үні естіледі... Адамды қалың ойға батыратын белгісіз қорқынышқа түсіретін жат, ауыр бір үн: Өзеннің қараңғы түнде салмақпен сылдыр қағып аққанындай, жаздың желді түнінде, көлдің қамыстарының қорыққан секілді біріне-бірі тығылып сыбырласқанындай... Ағаш жапырақтарының дірілдеп күбірлескеніндей. Кейде домбыра ауыл адамдай ыңыранған сықылды да болады. Ол қайғырады, зарланады... Маған алыстан талып бір дауыс естіледі. Мұндай бір дауыс жақындап келеді. Нәзік зарлы дауыспен біреу күңіреніп ақырын ғана өлең айтқандай... Әйел даусы...

«Бізден сорлы жалғанда жан бар ма екен?! Өзің рақы қыла көр, бір жасаған» — дейді әйел... Түнде сар дала зарын айтып күңіренеді әйел... Ауыр қасірет, қалың қайғы амалы құрып, жалғыз жасағанға мұнын шағады, жалынады, зарланады әйел... Дауыс тіпті жақындады... Манағыдан ашығырақ, ащырақ, зарлырақ... «Бауыр етің баланды отқа салды! Не жазығым бар еді, жан ағеке?..» Әйел қарғайды. Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз күң қылған мұндарларға қанды жас төгіп, лағынет айтады әйел...

Ақырын есік ашып, ол үйге кірді. Жас бір қыз. Үстінде жұқа ақ көйлек. Өрілмеген ұзын қою қара шашы екіге айрылып, кеудесіне түскен. Екі бетінде бір тамшы қан жоқ. Құп-қу. Жұқа ақ көйлектің астынан денесінің әр жерінде көгерген сықылды танбалар қарайып білініп тұр. Зор қара көздерінде есепсіз мұң, сансыз қасірет...

Маған жақындап келіп, менің көздеріме тура қарады. Көз қаралы әрі майда, әрі салқын. Кішкене күлімсіреп, қансыз ернін қозғап, сөйлейін деп ыңғайланып еді. Жөтелді... Ұзақ жөтелді... Ақырын ауыр жөтел... Өлгені

амытта жөтелі тоқтады. Бірақ әлі құрып, демін зорға алып тұрмы, сөйлеуге шамасы жок еді... Оның кара көздерінен мөлдіреп, домалап, суалған жақтардан парлап ағып тұрған алағы көрдім. Мен оны таныдым. Қарындасым! Сүйікті қарындасым! Періште жанды, хор жүзді сұлу қарындасым! Сұлу... қайғылы сұлу. Бейшара бақытсыз қарындасым!.. Аз өміріңді у жұтып өткізген қарындасым! Жауыздар тірідей «ерге көмген қарындасым!..

Тенем күйді... Жүрегім аузыма тығылды... Көзімнен мытық жас төгілді... Домбыра да күніренеді. Зарлайды... Ақырын жассыз жылайды... Жыла, домбыра, жыла!..

## ТҮН ЕДІ

Түн еді. Көкте қаптап бұлт тұрды,  
Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды.  
Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,  
Әлдекім сылқ-сылқ кана күліп тұрды.

Жапан тұз, отсыз, сусыз бетпак шөлде,  
Жын-шайтан мекен еткен тағы жерде.  
Жас бала. Жолдасым жок, жапа-жалғыз  
Мен келе жаттым, батып канды терге.

Көзімнен жас ақпады — кандар ақты,  
Табанды тілгіледі тастар катты.  
Қарқылдап киқу салып қарға-құзғын,  
Жалпылдап жүрегімді шокып жатты.

Шашымды жұлды әлдекім талдап-талдап,  
Ыстық жас домалады көзден парлап.  
Есіркеген жалғыз жан болды ма? Жок!  
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: «Тәйт! Шығарма үнін!»— деді.  
«Сен бір мал, бір бес байтал — құның»,— деді.  
«Шокысын қарға-құзғын жүрегіңді.  
Тырп етпе, жылама да, күнім!»— деді.

«Ойлама,— деді,— Күңді, сен — мал, күнсің,  
Сөксем де, соқсам-дағы шыда, көн сен.  
Шыдамасаң, қарсы «ләм» деуші болма,  
Түншығып көз жасына көміл, өл сен!»—



Деді де сол әлдекім сылқ-сылқ күлді.  
Сол күлу жүрегімді жүзге тілді.  
Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,  
Жұбатуға сол кезде қайсын келді?!

Ашу кернеп, уланып, жанып іштен,  
Жалынған бәріне де мен емес пе ем?!  
Сол уақыт: «Бас жақсысы — пәлен ат!»— деп,  
Саудаласқан, ағекем, сен емес пе ең?

Сасық доңыз, жануар, жуан қарын,  
Сататын малға тәңірін, иман, арын,  
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,  
Кеткенде қайнап-ойнап ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп әжем, атам,  
«Өмірінше жыла!» деп бердің батаң!..  
Құшақтап, қысып, күрсініп жылай бердің,  
Сарғайған сорлы болып бейшара апам...

Қысты күні боранды ұзын кеште,  
Сорлының қасірет-зары сыймай ішке,  
«Уһ!»— дегенде аузынан жалын шығып,  
Отырушы ед колына алып кесте.

Күрсініп, кестені алып тігуші еді,  
Мөлдіретіп көз жасын төгуші еді.  
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,  
Кестесін қайта тағы сөгуші еді...

Уф, алла! Жан болды ма бізден мұңлық?!  
Дарига! Не көрмедік, не көрмедік?  
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,  
У ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік! Зар еніредік, сабыр еттік,  
Шашатын алтын сәуле таңды күттік.  
Көп күттік, сөгілдік те, соғылдық та.  
Сатылдық та, тілекке ақыр жеттік!

Мынау ту кімнің туы?— Әйел туы!  
Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы.  
Улаған жанымызды сансыз жылдар  
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң кімнің таңы?— Әйел таңы!  
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.  
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,  
Басар сені төгілген әйел қаны!

## ҚАРЫНДАСҚА

Жібек мінез, жігері мол қарындас,  
Жүрегінде у менен бал аралас.  
Дүние өзгерді, көрмегелі көп болды,  
Тәңірі берсін ашық бақыт, ұзын жас.

Қасиетті максұт алып көңілге,  
Таудай талаппен кіріп ең өмірге.  
Ұзын жолда ор да, сор да кез кетер,  
Қарындасым, жасыма да, түнілме!

Өмір — өзен, аға бермек сылдырап,  
Тұрып болмас жағасында жөн сұрап.  
Қамыс бол да бетінде қалқып аға бер,  
Аға алмасак, бір уақытта дерміз: «Қап!»

Сүм өмірде алданармыз, сүйерміз.  
Айрылармыз сүйген жардан, күйерміз.  
Қасірет басар, сарғаярмыз, өлерміз,  
Көр құшақтап, бір күн кебін киерміз.

Аз өмірде ойын-қырын көрдім жар,  
Талай жандар дос та болды, болды жар.  
Асты үс болып, топан неге болмайды?  
Өзгеріссіз өмірде не қызық бар?!

Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ,  
Жүйрік жүрек сұр өмірде байланбақ.  
Шын адам сол — ылғи шаттық жырымен  
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ.

Мен — жыршы аған, ешбір уайым білмейтін,  
Қажу білмей, қолды көкке сермейтін.  
Жігері мол қарындасқа өзіндей:  
«Іс істелік, қане, қолың бер»,— дейтін.

Өкпе сөзін қатты тиді жүрекке,  
Бұдан былай есімде боп жүред те.

Аз өмірде ашыласу деген іс,  
Ойла, Күнім келе ме екен ретке.

## Р ...АЛЬБОМЫНА

Себеп не екен? Бастап мені таптыңыз,  
Альбомыңызды алдыма әкеп тарттыңыз.  
Мен даярмын, рақмет сізге, қарындас,  
Ағанызға көңілді бір іс арттыңыз.

Ай аппақ қой, Сізге көңілім айдай ақ,  
Сізге деген жүректе жоқ жалғыз тап.  
Адал ниет, ақ көңілімді бетке ұстап,  
Ақылсымақ сөз айтайын азырақ.

Альбом — жүрек, уақыт жетпей ашпаныз,  
Кұлып салып, берік, бекітіп тастаңыз.  
«Ашылам!»— деп аласұрар жас жүрек,  
Белгілі іс, бірақ одан саспаныз.

Альбом — жүрек, тыныштықты қашырап,  
Уақыты жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар.  
Жүрек сыры белгілі ғой, біраздан  
Желі тынып, толқындары басылар.

Альбом — жүрек. Көрінгенге берменіз,  
Дос па, қас па? Бастап байқап тергеніз.  
Дос орнына қас кіргізіп жүрекке,  
Бір күндерде өкініште жүрменіз.

Альбом — жүрек, жақын достар қолға алар,  
Таза жүрек оны оқып толғанар.  
«Мен жазайын, мен оқимын!»— деп алып,  
Надан жастар кетпес қара тап салар.

Альбом — жүрек, жақсы сақтай көріңіз,  
Таза жүрек меруерттен теріңіз.  
Ескерісіп жүру үшін өмірде,  
Қане, құрбым, қолыңызды беріңіз!

## Ж... ҒА

Өмір — көпір, от үстінде салынған.  
Дінгектері зәндем отқа малынған.

Корку білме, аяқтарын таймасын,  
Ойнап қана өт, шарпу көрме жалыннан!

Қоңыз да бар, доңыз да бар түбінде,  
Жоққа алданып, жаным, жерге бүгілме.  
Болсын көзін көкте, үмітін алдында,  
Бақытты бол, қасірет білме, күлімде.

Төменде ылғи түтін, сасық тұман бар,  
Улы жылан, қорсылдаған қабан бар.  
Талай жылан арбар, қабан қорқытар,  
Қорықпа, арбалма, біріне де болма жар.

Өмір — зәндем. Қара бұлтты кара түн.  
Естімессің кара өмірде жылы үн.  
Ұзын жолда арып, жасын төккенде,  
Жұбататын жақын, жолдас, жарың кім?

Жақын емес ата-ана туғандар,  
Көз жасыңда олардың не ісі бар?  
Соқыр олар, жанған жаның көре алмас,  
Жыла мейлін, жан-күй отта, шегіп зар.

Жақын жан сол, жақын болсын жанына,  
Табынсын ол тәңірі көріп, арына.  
Ұзын жолда осындай жан ұшыратсаң,  
Қарашығым, тезірек ал жанына.

Өмір — өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,  
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?  
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,  
Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?

Өтер жылдар — қайғырармыз, күлерміз,  
Өтер жылдар — сарғаярмыз, кеберміз.  
Өтер жылдар — қартайармыз, өлерміз.  
Бірте-бірте құрып, шамдай сөнерміз.

Өтер жылдар — ұлғаярсын, өсерсін,  
Өмір — көпір, қалай да оны кешерсін.  
Өтер жылдар — ақын ағаң жоқ болар,  
Рухым риза, мені есіңе түсірсен.

«Аз өміріңде көп ұланған, көп сүйген,  
Көп алданған, көп жылаған, көп күйген.

Акын ағам болып еді,— дегейсін,—  
Жүрегіне өмір оғы көп тиген!»

Иіс шашып, жайнап тұрар түрлі гүл.  
Гүл тербетіп, кешкі жылы жібек жел.  
Күнәсі көп жаны үшін ағанның  
Сол уақытта, карашығым, дұға қыл!..

Әлі жассың, кайғы көрме, бара бер,  
Сүм өмірдің күлін көрме, гүлін көр.  
Тілегімді келтірем деп орнына,  
Қарашығым, кане маған қолың бер!

### Ф... ҒА

Он екі айдың еркетайы — Май келді.  
Жұлдыздар да жымыңдайды. Ай күлді.  
Қалың қардың құшағынан құтылып,  
Сылдыр-сылдыр сылдырады, сай күлді.

Күн бәтқанда карашы көк жүзіне,  
Қызыл алтын сеуіп қойған ба өзіне?  
Майдың айы — күн, жер — ана — баланың  
Елжіресіп табысатын кезі де.

Бүлдіршін боп киінеді қара жер.  
Қарап оған көкте анасы елжірер.  
Мұны көріп, жақыны жоқ жолаушы  
Күніреніп, үгілеп жібек жел жүрер.

Өмір осы. Аяз қыспақ, қар көмбек.  
Сәулесімен жерді сүйіп Күн күлмек.  
Бір қарасаң — бетін қара бұлт жауып,  
Жайнап, ойнап тұрған көгін түнермек.

Біреу — бала, анасына еркелер,  
Біреу — ана, баласы үшін жан берер.  
Біреу сүйген, екіншісі сүйілген.  
Жас жүректі аласұрар, жас төгер.

Біреулер — дос, бір-біріне жақын жар.  
Ылғи екеу жалғыздықтан шекпес зар.  
Біреуі өлсе, екіншісі де өлмекші.—  
Бір-біріне берік берген анты бар.

Өмір — заман. Жазы да бар. қысы бар.  
Талай жанның туғаны бар. досы бар...  
Тәңірінің дәрғаһынан қуылған,  
Жақынны жок, досы да жок кісі бар.

Көп туса да жапа-жалғыз туған ол,  
Жалғыз жылап, бстін жаспен жуған ол.  
Жұлдыз, Ай да, Күн де көрмей көгінде.  
Жалғыз зарлап, жалғыз сағым қуған ол.  
Бір гүл көрсе, шын елжіреп сүйген ол,  
Гүл дегені у боп, жанып күйген ол.  
Жаны бірге, ары бірге жан таппай,  
Жас жүрегі күлден кербін киген ол.

\* \* \*

Мен де жанмын, жапан түзде бір басым,  
Жарым да жок, досым да жок, сырласым.  
Аз өмірде көп алданып, у ішіп,  
Көп түндерде төктім талай көз жасым.

Ессіз едім — аспанға өрлеп ұшқанмын,  
Хор дегенім жер болады құшқаным.  
Күле кіріп, жан сырымды біліп ап,  
Шыға беріп күніренеді достарым.

Жақын жан көп, ұғушы жок шын жанды,  
Сенгіш жүрек талай сенді, уланды.  
Туғаны жок, тұрағы жок жолаушы —  
Жел болудан баска маған не қалды?

\* \* \*

Өтер жылдар — ұлғаярсын. өсерсін,  
Белгілі бір жолға өмірде түсерсін.  
Қуанарсын, қайғырарсын, жыларсын,  
Ұзын жолда у да, су да ішерсін.

Көрерсін сен көптің келіп, кешкенін,  
Жоктың бар боп, бардың, өліп-өшкенін.  
Өтер күндер. Күн батқан соң күніреніп  
Жібек желдің ақырын ғана ескенін.

Сол уақытта желге құлак түргейсін,  
Таныстарды еске алып, тергейсін.  
Туғаны жок, тұрағы жок жолаушы —  
Желге айналған мен екенім білгейсін!

## ҒАЗИЗАҒА

Ғазизажан, карашығым, бауырым,  
Жолықтырып дұшпаннын бір жауызын,  
Сарғайып, каранғы үйде камалып,  
Аған сорлы көрді бейнет ауырын.

Ө дегенде ашу қысып жанып ем,  
Ауыр ойлар басып, назаланып ем.  
Мың бейнетпен ұзын күнді өткізіп,  
Күнде ертең деп күте-күте талып ем.

Күндер өтті, жанды жеді абақты,  
Қанды сорып, көтертпеді кабақты.  
Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек  
Көтере алмай қалды сорлы қанатты.

Жан бауырым, карашығым, Ғазиза!  
Қарлығашым, келдің ұшып, мен риза.  
Сорлы ағанды сағыныпсың, ойлапсың,  
Жылар ма едің жүрегіне ой сыйса.

Сені көріп төбем көкке тигендей.  
Маңдайыңнан болдым иіскеп сүйгендей.  
Тәңірі жазса, сарғаймаспын, шығармын.  
Күнәм жоқ қой қасіретте күйгендей.

Қалың кара бұлт арытып басымнан,  
Тәңірі жазса, өш алармын қасымнан.  
Жан бауырым, жыламашы егіліп,  
Мен садаға мөлдіреген жасыңнан!

Іште жалын, көкіректе қайғы зор.  
Аямастан өмір уын беріп тұр.  
Сені көру — босанғанмен бір маған,  
Еркетайым, анда-санда келіп тұр.

Жолықтырып дұшпаннын бір жауызын,  
Аған сорлы көрді бейнет ауырын.  
Тәңіріден ерте-кеш те тілей көр,  
Жан жүрегім, карашығым, бауырым!

## ЗУҺРА

Зуһра деген кыз бала,  
Беті — алма, жүзі — Ай,  
Саусақтары күмістей,  
Сүмбіл шаш, көзі — құралай.

Түн сайын көкке қарайды,  
Ақырын үнсіз жылайды.  
«Жарқырап жұлдыз болсам!» — деп,  
Жалынып көктен сұрайды.

Көз жасын көк көреді,  
Тілегін тәңірім береді.  
Бір түні ұйықтап жатқанда,  
Періште көктен келеді.

Тыныш жатқан сәбиді  
Оятуға кимайды.  
Жұмсақ жылы ақ алмас  
Қанатпен жүзден сипайды.

Көз ашқанда Зуһра кыз  
Болды сұлу бір жұлдыз.  
Жарқырап нұрын төгіп тұр.

Ғазиза, сен де, қарағым,  
Жаксы оқыл сабағын,  
Сұлулыққа ұмтылып,  
Тәңірден тілеп, жас төгіп,  
Сұра, жалын — Зуһра бол!

## ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ

Тұтқын болып, тысқа шығып жүре алмай,  
Зарықтым ғой, жан жарымды көре алмай,  
Осы күнде алтын сәулем нағып жүр,  
Қандай күйде, қайда екенін біле алмай.

Ойлай ма екен тұтқын жарын түн, күндіз?  
Жүрек — жара, жасты ма екен қара көз?  
Шашын жайып, түн ұйқысын төрт бөліп,  
Тілей ме екен жолықтыр деп тәңірі тез?



Зарлағаным кетті ме әлде далаға,  
«Жар» дегенім әлде жапқан жала ма?  
Ойыны — ойын, баяғыдай күлкісі,  
Мені есіне еріккенде ала ма?!

Қиын боп тұр көзім жасын тиюым,  
Қажытты ғой күндіз-түні күйюім.  
Оның қалай ойлауында ісім жоқ,  
Бұрынғыдан мың есе артты сүйюім.

Айрылам деп алып па едім есіме,  
Амал қанша өзелдегі кесімге?!  
Тәнір ием, ұйқы берші тезірек,  
Жан жарымды бір сүйемін түсімде!

## ӨЙЕЛ

Қылмыстан жазып тәніріге,  
Қарсы келіп әміріне,  
Қуылды Адам жұмақтан.  
«Қайт, — деген, — кара жеріне,  
Бесігіне, көріне!» —  
Бұйрық болды бір хактан.

Батпас жарық күні жоқ,  
Періштелер үні жоқ,  
Айнала — өлім тып-тыныш.  
Өткелсіз биік тауы бар,  
Есепсіз түрлі жауы бар,  
Қараңғы көрдей қорқыныш.

Жерге түсті жалаңаш,  
Көңілде — қасірет, көзде — жас,  
«Кеш, тәнірі!» — деп сұрады.  
Қорықты ма қатты жазадан,  
Алда құр жалғыз ызадан,  
Зарлады, қатты жылады.

Жерде жалғыз зарығып,  
Көктегі жұмақ сағынып,  
Жылады баспай өксігін.  
Жасты көріп жаратқан,  
Ыстық дария боп аққан,  
Ашты рақмет есігін.

Жұмақтың жібек желінен,  
Жайнаған мәңгі гүлінен,  
    Хош иісін аңқытып,  
Күміс кәусар суынан,  
Суының алтын буынан,  
    Бетінде нұрын балқытып.

Көктің батпас Күнінен,  
Періштелер үнінен,  
    Жұмақта хорлар лебізінен,  
Өз нұрынан нұр бөліп.  
Сезгіш, сүйгіш жан беріп.  
    Махаббат, рахмет теңізінен.

Жаратты тәңірі әйелді,  
Бастасын деп бар ерді  
    Туралық, шындық жолына.  
Аласпассың, азбассың,  
Тура жолдан жазбассың  
    Ерсең деп мұның сонына!

«Жұмақтан жырақ кеттім!— деп,  
«Кешілмес күнә еттім!»— деп.  
    Жылама, зарлап, налыма!  
Жолбасшыңнан өрнек ап,  
Сенің де көңілің болса ақ,  
    Жұмақ даяр тағы да.

Өтті заман. Жас кепті.  
Қорқыныш, қатер, қайғы өтті,  
    Ұмытты адам алласын.  
Жауыздың жасы жалған ба ед?  
Жауыздық оған арман ба ед?  
    Жер жұтты ма уағдасын?

Кешегі әйел періште,  
Адамды бастар ғарышка,  
    Жүзі жарқын нұрлы айдан.  
Еңіретіп күн ғып сататын.  
Еріккенде ойнап жататын  
    Болды, қалды бір хайуан.

Енді ежелгі көркі жоқ,  
Көргені қорлық, еркі жоқ,  
    Естисің бе зарлы үнін?

Бұл ісінді қоймасаң,  
Әйелмен ылғи ойнасаң,  
Жүрмесін көп боп бұл күнің!

### 3... ҒА

Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік,  
Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық.  
Есейіп бірте-бірте ес кірген сайын,  
Жақындық, арамызда артты достық.

Балалық махаббаты тамашада,  
Қызарып, ұялысып оңашада,  
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек,  
Көңілде бір бөтен ой болмаса да.

Жүрсек те жұрт көзінде жай таныстай,  
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай.  
Көзге көз түскенінде қызарысып,  
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай.

Жаз болса түнде ұйқы көрмеуші едім,  
Түн бойы арып, шаршау білмеуші едім.  
Есікті ақырын ашып тұрғаныңда,  
«Шық, жаным, берірек кел, Мен!» деуші едім.

Кетуші ек қол ұстасып тура көлге,  
Дуылдап жанған бетті ұстап желге.  
«Жаным!» деп алма беттен сүйгенімде,  
Қызарып қараушы едің төмен жерге.

Қытықтап жас жүректі ойнап жас қан,  
Дірілдеп тұрушы едің жанша сасқан.  
Мөлдіреп көздеріміз айрылыса алмай,  
Ағарып ақ жібектей атса да тан.

\* \* \*

Қосылған жас күнімнен жарым едің,  
Сүйікті анық досым, жаным едің.  
Алысқа, ұзақ жолға шыққанымда,  
Сарғайып, мені күтіп қалып едің.

Талпынып, өнер іздеп шетке кеттім,  
Кеткенде, аз күнге емес, көпке кеттім.

«Жолдағы жарым кашан келеді?»— деп,  
Сен сорлы күте-күте қасірет шектін.

Максатқа жүре бердім арып-талмай,  
Ел-жұртым, сен сәулемді есіме алмай.  
Жалғанда дұшпан сөзі жаман екен,  
Дариға, болсам керек ұмытқандай.

Шет жерде жалғыз басым сандалыппын,  
Сағымды мөлдір су деп малданыппын.  
Бағасыз саф алтын деп мысқа ұмтылып,  
Жасықты асыл көріп, алданыппын.

Сен сорлы қайғы басып, қасірет шегіп,  
Егіліп екі көзден жасың төгіп.  
Ақырында ауруға айналыпсың.  
Сарғайып күзді күнгі гүлше солып.

Әуре боп опасы жок көңілменен,  
Мен кеттім, дегендей-ақ: «Түңіл менен!»  
Сонда да үмітіңді үзбей қарай-қарай,  
Жан досым, қоштасыпсың өмірменен.

\* \* \*

Мен бейбак тап сол кезде шетте жүрдім,  
Есімде еш нәрсе жок, ойнап-күлдім.  
Бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты,  
Жан жарым жок екенін жана білдім.

Алысқа неге кеттім, елге кетпей,  
«Жан жарым, жаныңдамын!»— дерге кетпей.  
Жүрегің жанып, қасірет тартқаныңда,  
Көл қылып көз жасын бірге төкпей.

Жан досым, бақытсызбын, бара алмадым,  
Бакылдық аузыңнан ала алмадым.  
Көз жасын қасіретіне мен күнәлі ем,  
Дариға, кешу сұрап қала алмадым.

\* \* \*

Өткен күн жеткізбейді, ол — бір тұлпар.  
Алда да, тірі болсам, талай күн бар.  
Кейде у, кейде кәусар суын беріп,  
Жанымнан жылжып ақырын өтер жылдар.

Жолығар ұзын жолда талай адам.  
Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман,  
Іш өртеніп, жүрегім шын елжіреп,  
Дәл сендей басқа жанды сүю арам!

## АНАМА

Өмірімнің қап-қаранғы түнінде,  
Еш не білмес түсім бе, я өнім бе?  
Оң менен сол, от пенен су айырмас,  
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде,

Күшағына алдын, сүйдін сен, анам,  
Ренжу жоқ, барлық сөзін: «Жан балам!»  
Ыстық-суық, желге күнге тигізбей,  
Асырап, сақтап, болдын, анам, баспанам.

Түнде тұрып түн ұйқыңды төрт бөлдін,  
Тыныш ұйықтасын деп аз сөйлесіп, аз күлдің.  
Ыңырансам, я қарным аш, я тоңған  
Екенімді ойламастан тез білдің.

«Жаным — дедін, — карашығым, құлыным»,  
Сүйдін, қыстын, дедін: «Тәтті қылығың!»  
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам.  
Я жыласам — бәрі жақты қылығым...

Жаным анам — жібек тілді, ақ көңіл.  
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,  
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға.  
Жан балана ақ батаңды бере гөр!..

## ТҮС

Жарық сәуле, Айды. Күнді көрмеймін.  
Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін.  
Қуанышты, азат жүрген халықтың  
Не істегенін, не дегенін білмеймін.

Қор болды ғой қалың қайрат, есіл күш,  
Абақтыда қолдан келер қандай іс?  
Ұйқы тілеп, көзді зорға жұмамын,  
Амал қанша, жұбанышым жалғыз түс.

## ҚАРАҢҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ

Қараңғылық қоюланып келеді,  
Пеш ішінде шок ақырын сөнеді.  
Қызық көріп жанымдағы жас бала  
Сөнген шокты үреді де, күледі.

Шок үстінен кішкене ұшқын ұшты да,  
Біразырақ шок қызара түсті де,  
Дерсу сөніп, тезірек күлге айналды,  
Астындағы ыстық күлді құшты да.

Пеш ішінде шок ақырын сөнеді,  
Сөнген шокты үріп бала күледі.  
Ой басты ма? Өлде көзім талды ма,  
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

## САРҒАЙДЫМ

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,  
Қалың ой — қара жылан жүректі еміп.  
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,  
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.

Апырм-ай, ауыр болды-ау күнді өткізу.  
У жұтып, айдан ұзын түнді өткізу!  
Қозғалып, сөйлеп, ойнап, тірі жатып,  
Өлем деп жас өмірден күдер ұзу.

Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?  
Соққанмен жандана ма солған дене?  
Сары су денені улайд тамырларда,  
Тазарып енді оны қан стем деме.

Қалмады көздің нұры, көрге айналдым,  
Қараны — ақ, ақты — қара дерге айналдым.  
Алмадай пісіп тұрған екі бетім  
Қуарып, қаны кашып, күлге айналдым.

Жайылды бар денеме уы дерттің,  
Мінекей, екі ай болды жалын жұттым.  
Күндіз — Күн, түнде күміс Ай көрмеймін,  
Дариға, жаным-азат, денем-тұтқын.

Барады күннен күнге азап асып,  
Өлім түр анадайда койнын ашып.  
«Кинала түссін әлі!»— дегендей-ақ,  
Аяғын күлімсіреп, санап басып.

Жасаған! Тез алатын ажал жок па?  
Қинама, тез өлейін, ұшыр окка.  
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,  
Жалыны көкке шыққан түсір отқа!

## ЖЕЛ

«Тәңірі ие, атпады ғой таңын!»— деп,  
Күніреніп жатыр тұтқын үһілеп,  
Естіледі терезеден темірлі,  
Тұрса керек тыста жүйрік жел гулеп.

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан.  
Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан.  
Алып келсе керек ауыр аманат,  
Абақтыдағы азаматқа зарыққан.

Терезеден үйге кірмек болады,  
Аманатты қолдан бермек болады.  
Жол бермеген қатты кара темірді  
Ызаланып, зуылдап кеп ұрады.

Үй сілкініп, құлағандай болады,  
«Жіберші!»— деп сұрағандай болады.  
Қуат кеміп, қажыған соң жүйрік жел,  
Өксіп-өксіп жылағандай болады.

Дене күйіп, желге құлак саламын,  
Жанып жүрек, көзіме жас аламын.  
Жібермейді кара темір қайырымсыз,  
Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін.

«Тәңір ием, атпады ғой таңын!»— деп,  
Күніреніп жатыр тұтқын үһілеп,  
Естіледі терезеден темірлі,  
Тыста соғып жел үілдеп тұр, гулеп.

## САҒЫНДЫМ

Абактыда айды, күнді жанылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
«Қарашығым, құлыным!»— деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім — қабырғасы кара тас.  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны кас.  
Ауыр иіс, ылғи кара көленке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, дым, қараңғы, үнгір, тар,  
Есігімде мықты кара құлып бар.  
Кіп-кішкене терезелер темірлі,  
Мұндай үйден кімге естілер ашы зар!

Алтын Күнді, кара жерді сағындым,  
Жан жолдасым — жүйрік желді сағындым.  
Асау тайдай еркелетіп өсірген  
Ағайынды, туған елді сағындым.

\* \* \*

Әлдекайда Күн шығады, батады,  
Сорлы тұтқын күніреніп жатады.  
Қарар болсаң терезеден темірлі,  
Көздеп тұрған күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, кара нан?  
Алма бетте қалмады ғой тамшы кан.  
Қоңырау қағып оятады ақырып,  
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,  
Желдей заулап кеткен күнді сағындым.  
Жыл құсындай ұшсам, консам ерікті.  
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абактының айға баға күні ұзак,  
Жанды жейтін жылға баға түні ұзак.  
Ескі мола дән дыбыс жок, тым-тырыс.  
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ак.

Қара жылан — қалын ойлар қаптады,  
Шыбын жаным барар жерін таппады.



Ойлар жейді жас жүректі жегідей,  
Тәңірі ие, танын-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,  
Тілегі бір жолдастарды сағындым.  
Келешекке бірге план құрысып,  
Сырласатын жан достарды сағындым.

\* \* \*

Уға толы жас жүрегім, жабықтым,  
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.  
Не дегенін, не істегенін біле алмай,  
Қор болдым ғой, азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,  
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.  
Жалындаған жас жүрекке не пайда,  
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,  
Жібек мінез, хордай жарды сағындым.  
Айрыларда күншығыстан ағарып,  
Ақ жібектей атқан таңды сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атак ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалын елім, қалын қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырын берме. сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!

Қазағымды, қалын елді сағындым,  
Сарыарқамды — сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті  
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: «Әй, сені ме!»— дегендер,  
Күйініште мен үшін уайым жегендер.  
Құтылу қиын, басқан адым андулы,  
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзін алшы панана.  
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!

Баласынан тұтқын болып сарғайған,  
Кім жеткізер сәлемімді анама!

Абактыда айды, күнді жанылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
«Қарашығым, құлыным!»— деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

## ЖЕЛ

Жел — тым тентек бір бала.  
Жан сүйгені — сар дала.  
Дамыл алмай жүгіред.  
Ерні өтірік қыбырлап,  
Сыр айтқан боп сыбырлап,  
Кейде аң боп өкіред.

Желге еш нәрсе тең емес,  
Тау да жолын бөгемес.  
Сак-сак күліп секіред.  
Жүйрік желім тым сотқар,  
Біреу бетін жапса егер,  
Өдейі бетке түкіред.

Мазасы жок жел ерке,  
Оянып ап тым ерте  
Жорғалай басып кетеді.  
Тыныш жатқан түс көріп,  
Көлдін бетін кестелеп,  
Оны әуре етеді.

Кәрі орманды оятып,  
Бірдене деп жұбатып,  
Жымиып күліп өтеді.  
Жұрттан ойын жасырып,  
Алкынып өзі асығып,  
Қаракат көзге жетеді.

Дем ала алмай асығып,  
Күрсініп ауыр, бас ұрып:  
«Саған, сұлу сөулеге  
Келдім ұшып, ғашықпын.  
Бір сүйеге асықпын,  
Мойның бұр мендей әуреге!»—

Деді де сүйіп көзінен,  
Шашы, алма жүзінен,  
Кол жіберді кеудеге.  
Бакыттысын, еркежан!  
Уа, дариға, жасаған,  
Жел емеспін мен неге?!

### БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА

Қайғырмандар бұл бөбекті өлді деп,  
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.  
Бакыты жоқ сорлы ата-ананың  
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені  
Шын бакытқа ерте бастан жеткені.  
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен  
Орын алып ата-анасын күткелі!

### ӨМІР

Адамға берген тәңірі өзі аз өмір,  
Бұйрығы: «Жаса-дағы, жерге көміл!»  
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл.  
Кұбылған өмір — сынап, бейне көңіл.

Жайнаған жаз көрседі адам алдын,  
Өткен күн — көңілсіз күз желді, салқын.  
Қуаныш қайғыменен қатар жүрмек,  
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Інгәлап, аузын ашып жылап түсер,  
Төменге биік таудан құлап түсер.  
Денесін дал-дал қылар қия тастар,  
Шұңқырға сол жылаумен сұлап түсер.

Дуа етер — сорлы адамды әуре етер,  
Көз ашып-жұмғанынша жоқ боп кетер.  
Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды,  
Тәңірі ием, жаратпасаң онда нетер?

## ӨМІР

Мана көкті қаптап еді кара бұлт,  
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып күт.  
Көк тұнжырап, мұнайып кабак жауып,  
Көз ашқанда аспанда жаркылдап от.

Бұрқыратқан екпінді дауыл еді.  
Сабап құйған жиіркеніш жауын еді.  
Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып,  
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.

Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,  
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып.  
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады.  
Қосылуға кашаннан болған асық.

Бейне алтындай көкте бұлт түр ғой жайнап,  
Енді жел жоқ мазалар оны айдап.  
Жанға рақат, гүлдерден хош иіс аңқып,  
Жан беріп кең далаға құстар сайрап.

Өмір осы — бірде ол болар бұлтты,  
Қатты желді, дауылды, кейде отты.  
Құрып дымын, қайғырып жас төгерсін,  
Бұлт ашылар — қайғының бәрі бітті.

## ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП

Толқындап ойнап, құтырып,  
Көбігін шашып, өкіріп,  
Шапшып көкке лепіріп,  
Қаракөк өмір дариясы,  
Сақылдап күліп, «Кел!»— деді,  
Келіп ем, кешу бермеді.  
«Не керек,— деп тергеді,—  
Сарыарқанын сарбазы?»

Жас балапан жүрегім,  
Десе де табам керегім,  
Көріп теңіз теренін,  
Қайғыға батты тұнжырап.

Алтын үміт үзілді...  
Тәтті киял бұзылды...  
Көкке тіктім көзімді.  
Жұлдыздардан жол сұрап.

Көгінде бір — қаракөк,  
Тұңғық теңіз, түбі жоқ,  
Ойнап тұрған көзі көп.  
Не деп жауап береді?  
Көк — бір дария қаракөк.  
Жұлдыздан әлі жауап жоқ.  
Іште — жалын, жүрек — шок.  
Дарига, жаным өледі...

### САҒАТ

«Шык-шык!»— деп соғып тұр Токтаусыз бұл сағат. Дүниеде неғып тұр Адамзат бір сағат!	«Шык-шык!»— деп жүз шы- тар. Есіктен кірместен. Сорлы адам тез жытар, Дән рақат көрместен. Мінекей бұйырып тұр Бұл сағат деп: «Шык-шык!» ...мойнын бұр, Сен де шык. сөзін үк!
Сорлы адам туғанда, Сұм жалған көңілі ша. Көз ашып тұрғанда Көрінер оған жат.	

### АУРУ

«Дәрігер, дәрі, баксы!»— деп  
Алмандаршы мазаны.  
«Тірліктен өлім жақсы!»— деп.  
Сұраймын өзім қазаны.

Дене ауырса, дұрыс-ақ.  
Дәрігер, баксы ем қылар.  
Жан ауырса, ойлап бак,  
Жанға емді кім қылар?

Уланды жүрек, жан күйед.  
Ішім толған қызыл шок,  
Не себептен, тәңірі не,  
Денеге ем бар, жанға — жоқ?!

## ЖҰЛДЫЗДАРҒА

Көктің сансыз көздері,  
Алдамандар ойнақтап!  
Шақырғанмен бара алман.  
Бұлт, тез шық та, бетін жап!

Қара жерден кете алмас  
Мен бір сорлы байлаулы.  
Жердің жауыз желімен  
Ерсіл-қарсыл айдаулы.

Амал не көнбей? Сонда да  
Бір өкпем бар алама:  
Сезгіш жүрек, ұшқыр жан  
Неге бердің пендене?!

Жаратқан соң жерден сен,  
Берсеңші жердей тыныш жан.  
Болар іс болды. Сұраймын:  
«Не дейді, білдір, бұл аспан?!»

## ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ

Судай сұлу кара көз.  
Сүйгеніне берген сөз.  
Белгілі жерде табылмақ.  
Қараңғы жаздың түнінде.

Жатқызып тегіс үй ішін.  
Қысып сүйді сінлісін.  
Сырлас тете бауырдан  
Айрылу жеңіл ме?

Алдыңда алтын бағын бар.  
Жолдасын — шын сүйген жар.  
Баққа аяқты батыл бас.  
Күрсінбе, сұлу, егілме!

Буыныннан хал кетіп тұр.  
Тыста жарын күтіп тұр.  
Ақ көйлегін көлбеңдеп,  
Шық тезірек, бөгелме.

Шыкканда қорқып сасканын.  
Дірілдеп түсін кашканын.  
Асығып күткен жарына  
Білдірме, сұлу, күлімде!

Мініп жігіт жүйрігін,  
Тұмарлап кекіл-құйрығын  
Інірден келіп күтіп тұр.  
Серттен таяр ерін бе?

Жігітте арман қалды ма,  
Алды жарын алдына.  
«Шуу» деп шауып жөнелді,  
Бір қолы сұлу белінде.

Ақ көйлектің етсігі  
Көтеріліп кетеді.  
Орынсыз жерде ойнайтын  
Тым жеңіл ғой желін де.

Жігіт жарын құшады,  
Қолдан тізгін босады.  
Сенді саған екеуі,  
Енді, жүйрік, сүрінбе!

Жетсін жастар ауылға,  
Ұрынбасын жауынға.  
Алдарында бір-ақ бел.  
Таң! Тұра тұр, білінбе!

## КӨКШЕТАУ

Аспанменен тірескен  
Тәнірменен тілдескен  
Көкшетауым біп-биік.  
Қою қара көк бұлт  
Жайнап, ойнап, құлпырып,  
Көкшетауды тұр сүйіп.

Көкшетаудың көзі жас,  
Ылғи мең-зең, айнымас  
Қалың тұман мұнардан.  
Инелік өтпес жіп-жиі,  
Оқтан тұзу тал бойы  
Қарағайға оралған.

Өлде қайда, биікте,  
Төніп төмен киікке  
Канды көзді қыран жүр.

Мен де Мұса болар ем,  
Тілдегіретәңірімен.  
Көкше маған болып Тұр.

Құшам Мұса аяғын,  
Өленім — ізгі таяғым,  
Көкшеге мен де шығамын.  
Аяқ басып Арсыға,<sup>1</sup>  
Жүгіріп барып қарсына,  
Тәңірінің тілін ұғамын.

## ТОЛҚЫН

Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқынмен толқын жарысад.  
Күніренісіп кенеспен,  
Бітпейтін бір егеспен  
Жарысып жарға барысад.

Толқын мен толқын сырласып,  
Сырларын елтеп ұрласып,  
Толқынға толқын еркелеп,  
Меруерт көбікке оранып.  
Жыландай жүзге бұралып.  
Жарға жетер ентелеп.

Ерке бала былдырлап,  
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,  
Толқынды толқын қуады.  
Күміс кәусар суымен,  
Суының алтын буымен  
Жарының бетін жуады.

Мөлдіретіп көз жасын,  
Жасымен жуып жартасын,  
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.

---

Арсы — Алла тағы.



Жылағаны — күлгені,  
Күлгені оның — өлгені,  
Жылай, күле өледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,  
Бірінің сырын бірі ұрлап,  
Толқынды толқын қуады.  
Жарына бал береді,  
Береді де өледі,  
Өледі толқын, тынады.

## ҚАЙЫҢ

Қайғылықайын!  
Аяныш жайын.  
Сыбырлайсың,  
Дірілдейсің,  
Еңкейесің,  
Күбірлейсің,  
Ызғарлы жел  
Соққан сайын.

Үскірік, аяз  
Болғандай аз,  
Қар да басқан.  
Кебінге ұсап.  
Сүйекке өтер  
Суық құшақ...  
Қашан, қайын,  
Жетеді жаз?

Суға қанып,  
Жапырақ жарып,  
Күн болар ма  
Шайқалатын?  
Жылы желмен  
Жайқалатын?  
Құс даусына  
Құлақ салып...

Қайғылықайын?  
Қалың уайым  
Басқан сені,  
Жазды ойлап.  
Тұр үскірік  
Боран ойнап...  
Жасыңды ісін  
Бір құдайын!

## ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн. Сар дала.  
Көрінбейді айнала.  
Боран соғып тұр борап,  
Жолды басқан күр сорап.  
Астымдағы жануар  
Құлағын қайшыландырып.  
Зорға борт-борт желеді.

Ызғарлы жел долданып,  
Екі иінінен дем алып,  
    Ішін тартып оскырып,  
    Кейде қатты ыскырып,  
Аңдай ұлып бір мезгіл.  
Екі санын шапақтап,  
    Біресе сақ-сақ күледі.

Кейде кенет баяулап,  
Жер бауырлап жаяулап,  
    Аузы-басы жыбырлап,  
    Асығып-сасып сыбырлап.  
Жерді жапқан кебінді  
Сүйіп ақырын құшақтап,  
    «Әпсүн» оқып үреді.

Барады үдеп бұл боран,  
Жанымда жоқ тірі жан.  
    Тоназыды денем де,  
    Адаспай дұрыс келем бе?  
Қорқып жүрек ойнайды.  
Көз алдыма елестеп  
    Әлденелер келеді...

Боранын тәңірім ашпады.  
Жол білінбей бастады.  
    Көрінген бір жарық жоқ,  
    Босаңсиды Қаракөк...  
Сар далада адасып,  
Суық кебін жамылып  
    Қалармын, кім біледі?

### ЖАЗҒЫ ЖОЛДА

Дала. Дала. Сар дала!  
Жапан түзде бір кара.  
    Келем жалғыз, жаяумын.  
Жаныма ерген жолдағ жоқ.  
Төрт жағым дала — жер де көк.  
    Жылауға да таяумын.

Шілде. Оттай ыстық күн.  
Дала — өлік. Жоқ бір үн.  
    Жер де жатыр тұншығып.

Жол жыландай иірілед.  
Шан ерініп, үйірілед.  
Ешбір леп жок, тып-тыныш.

Көкте жалғыз бұлт жок.  
Көктің түсі қызғылт көк.  
Дүниені тылсым билеген.  
Ыңыранғандай әлдекім,  
Жылай ма екен әлде жын?  
Перілер ме күйлеген?

Созылып ұйықтап бел жатыр,  
Төсін керіп көл жатыр,  
Тыныш тәтті түс көріп.  
Суға — айнаға қаранып,  
Салқынша леппен таранып,  
Қамыс та түр тербеліп.

Толқынға толды төрт жағым,  
Әлде жүзген бұл сағым  
Көл ме? Көшкен шаһар ма?  
Мүз көк темір киініп,  
Найзасын көкке үйіріп,  
Әскер жауға шабар ма?

Ақ бұлттар түр жусап,  
Күніренеді жер сусап,  
Алыстан акырын, Күн күлед.  
Қызыл жүзді гүлдерді,  
Бұраңдаған белдерді  
Сүйемін деп күйдіред.

Айнала — өлім, ешбір үн...  
Жапан түзде жалғызбын.  
Перісі неге келмейді?..  
Денесі аппак жаланаш,  
Көкпенбек көз, сары шаш,  
Сак-сак неге күлмейді?

Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,  
Сылк-сылк қана күлгендей,  
Көрінбей неге билейді?!  
Жібектей жетпіс оралып,  
Жыландай жүзге бұралып,  
Бетімнен неге сүймейді?!

Жол жыландай иірілед,  
Шаң ерініп үйірілед.  
Ешбір леп жок, тып-тымьк.  
Ансап есім жия алмай,  
Көзімнің жасын тыя алмай.  
Өлсем екен тұншығып!

### ЖАЗҒЫТУРЫМ

«Болды, міне, дәл алты ай.  
Жаттың ұйықтап, еркетай.  
Ұйқын қанды, тұр, қозым.  
Аш көзіңді, жұлдызым!»—  
Деп маңдайдан ақырын  
Жұмсақ жылы сәулемен  
Сипап жерді Күн күлер.

Аяқтарын көсіліп,  
Еркеленіп, есінеп.  
Жер — нәресте жас бала  
Жана оянып жатқанда,  
Жұмсақ ыстық бетінен  
Тәтті ғана сүйсем деп,  
Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар.  
Ақ шымылдық ашылар.  
Сылк-сылк күліп сылдырлап,  
Бірдене деп былдырлап,  
Көрінгеннен сүйінші  
Сұрайтын жас баладай,  
Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрар.  
Мәлдір сумен жуынар.  
Үлде менен бүлдеге.  
Түрлі түсті гүлдерге.  
Ши жібекке оранып,  
Қарағанда көз тоймас.  
Бүлдіршіндей киінер.

Көріп сұлу баласын,  
Көз ішінде қарасын,  
Қуанып, тасып жүрегі

Қысып ыстық сүйеді,  
Ұзын күнде ару жок,  
Періштем деп айналып,  
Алтын ана Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар,  
Күніреніп етер зар:  
«Біздерде алтын ана жок.  
Қысып сүйер бала жок.  
Тұрақ та жок белгілі!»—  
Деп тұнжырап күрсініп,  
Әлсін-әлсін жас төгер.

### ЖАЗ КЕЛЕДІ

Жел жалығып, хал жиып,  
Қалғып қана тербелед.  
Жұмсақ қана жымып,  
Жібек канат жаз келед.

Баланы күміс дауыстан  
Кім тоқтатар, кім тыяр?  
Ерке жаз да алыстан  
Жұмсақ қана жымыар.

Көк алтынға көмілген,  
Ауаға алтын себілген.  
Алтын емес себілген,  
Жаздың шашы төгілген.

Қара көз, таста кестенді,  
Үйде отырып қуарма!  
Тысқа шығып-кіргенде  
Екі беті — екі алма.

Әне, ерке жаз келед,  
Ал, балалар, қараңдар.  
Ойнап алтын шаш беред,  
Ал, балалар, тараңдар.

Дертін болса жүректе,  
Төкпе жасын, аһ ұрма.  
Жеткізер анық тілекке,  
Шық та жазға сыбырла.

Қайғылансын, күрсінсін!  
Енді ұзамас, ерір қар.  
Еркетай жаз бір күлсе,  
Күлмей шыдап кім қалар?

Жұмақ нұрлы жаз келед,  
Алтын жүзді, алтын шаш.  
Ағаштар ақырын теңселед,  
Жанды-жансыз бәрі мас.

Сұлу жаздың лебізі  
Қар түгіл, мұзды балқытар.  
Көл, өзенін, теңізін  
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Күн батқан соң қатқак боп  
Қуанғанда ессіз қар,  
«Жаз келеді, жаз, жаз!»—деп,  
Жымындайды жұлдыздар.

Төл үйдегі үйшікті  
Таста, бала, белді бу.  
Белден батып күртікке  
Енді ізде қызыл су.

Алтын сөуле тұр сүйіп,  
Жел маужырап тербелед.  
Жұмсақ қана жымып,  
Жібек канат жаз келед.

## СЕҢ

Сары аяз — сүйген жар  
Қирылмай кеткен соң.  
Қиратсыз қалың қар  
Жылаумен біткен соң.

Бұзыла-жарыла  
Антұрған аптықты.  
Өзеннің жарына  
Асығып соқтықты.

Жел сипап, Күн күліп,  
Мазақ қып сүйген соң;  
Імеларын бір сұмдық  
Ішпен түйген соң.

Барады шамасы  
Суыққа кашпақшы.  
Мүз теңіз — анасы  
Құшағын ашпақшы.

Қалың мұз көрленіп,  
Қара көк түс алды.  
Іруге арланып,  
Кетпекке ойланды.

Өткен соң жаз алты ай,  
Ашуын жимақшы.  
Өзенді еркетай  
Ойыннан тыймақшы.

Қалың мұз кара көк,  
Ойлама күр бекер  
Суыққа жетем деп,  
Ыстық күн ерітер.

## ЖИЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН

Жиленді қара орман.  
Қарағай, қайың аралас.  
Мәңгі мылқау кәрі орман,  
Көктегі күнмен шамалас.

Аппак кебін бүркеніп,  
Мылқау орман түс көред.  
Жел ыза боп, өртеніп.  
«Әпсүн» оқып үшкіред.

Мәңгі мылқау кәрі орман.  
Бық етпейді, түс көред.  
Жел мінезді ессіз жан —  
Маған түрлі ой келед:

Ұйқасам мен орман боп.  
Тәтті-тәтті түс көріп.  
Бетімнен тұрса жел жүріп,  
«Әпсүн» оқып үшкіріп.

## МАХАББАТ НЕ?

Махаббат — бір тікенек,  
Жүрекке барып кадалар.  
Бакытсыз ғой бұл жүрек,  
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,  
Бал тілімен сүйсе жар.  
Сүймесе жүрек, дарига,  
Өлер жүрек, қансырар.

\* \* \*

Махаббат — бір тәтті у,  
Ішер жүрек, болар мас.  
Дүниедегі у мен шу  
Мас жүректі оятпас.  
Махаббат — бір тәтті у,  
Ішер жүрек, төгер жас!

## ШЫЛЫМ

Қолда шылым,  
Тартып, күлін  
Түсіремін табакка.

Дәлі түсерде,  
Су кешерде  
Ұмытып у ішемін.

Кейде ұмытып,  
Түтін жұтып,  
Жіберемін тамакка.

Кейде ұмытып,  
Түтін жұтып,  
Шашаламын, жөтелем.

Өмір — бұлақ  
Үміт — құрақ,  
Жүзейін деп түсемін.

Өмір — құрақ,  
Үміт жырақ...  
У ішемін де өлем!

## АЛЕКСАНДР БЛОК

Александр Блок —  
Мәңгі жас жүрек  
Үмітін бір үзбеген.

Александр Блок —  
Мәңгі жас жүрек,  
Қай жерге ол бармаған?

Батып алтын ойға,  
Талмай карап Айға,  
«Әдемі әйел» іздеген.

«Әдемі әйел» — идеал,  
«Әдемі әйел» — бір қиял,  
Блоктың басын байлаған.

Көрінер деп күнде,  
Табылар деп түнде,  
Шарқ ұрудан талмаған.

«Әдемі әйел» — бір гүл,  
Блок — бір бұлбұл,  
Блок — бұлбұл сайраған.

Сипраған Блок, Ойнаған жүрек — Кейде үміт, кейде зар.	«Әдемі әйел» — идеал, «Әдемі әйел» — бір қиял, Идеал, қиял — бір сағым.
Өгеді өмір, Бітеді жыр, «Әйелден» бірақ жок ошар.	Жанады жүрек, Жылады Блок, Көріп сөнген шырағын.
Күндерде бір күн, Түндерде бір түн Улы балды бітті жыр.	«Әйел» — идеал, Кемпір — ажал Түр Блокка үнсіліп.
Төсекте Блок. Көз ашып көред,— Алдында бір кемпір түр.	Сөнді енді өмір, Бітті енді жыр, «Әйел» қалды жыр болып.

### Н... АЛЬБОМЫНА

Өгеді өмір — Жүрекке шер байланды, Өгеді өмір — Жүрек көмірге айналды. Өгеді өмір, Бітеді жыр. Жүрек — күл Жырсыз жырау, Түіп қырау — солды гүл.	Батады Ай. Батады Ай, Мен батам. Кірсіз Айым, Еркетайым, ак батам: Өмір — сағым. Сен, карағым, сағым қу, Сағым сумен. Алтын бумен жаның жу!
Бұлбұл гүлсіз, Бұлбұл үнсіз — жай бір күс. Ансыз, Күнсіз, «Гүлсіз», үнсіз — өмір бос! Бота көзді, Жібек сөзді ғарышка Кетті ұшып. Зарды құшып, алыста.	Өмір — дала. Сен бір — бала. Сайран ет, Гүлдер жиыл, Сәуле сүйіп, ойнап өт! Қырғашықсан, Тілін ұқсан, жел жылар. Жер жыламас, Жел жыламас, ел жылар.
Қалдым жалғыз, Тірі жансыз, күніренем. Шер шешемін, Кенесемін мұнменен. Досым жырақ. Сөнді шырақ. Сөнемін. Сөнеді Ай Мен де ұзамай өлемін.	Күні батып, Қайғы батып, ел жылар. Гүлге бала, Сен де жыла, шегіп зар. Жок, жылама, Зар сұрама. Күл, Күнім! Ой деген не? Оны білме, сен, гүлім!..





Көріскенше кош бол енді, бер колды..  
Қалтырайсың, колым, саған не болды?..  
Жазуға енді, гүлім, халім калмады..  
Көзіме жас, жүрегіме у толды...

### КҮЗДІ КҮНІ

«Есіл жазым өтті!»— деп,  
«Бәйшешегім кетті!»— деп,  
Санадан жүзі сарғайып,  
Қасіреті мол жас зайып  
Қаранғы ұзын түндерде  
Үстіне кара жамылып,  
Күрсініп жер жылайды

Бұзылып түсі аспан-көк  
Ашулы ауыр уһілеп,  
Бүркеніп сұр бұлттар,  
Жүрегі жара алыс жар,  
Қайғы басып, қиналып,  
Жерге карап, жарына  
Көзінің жасын бұлайды

Балапан нәзік жас қайын,  
Соккан суық жел сайын  
Бүрсініп сорлы дірілдеп,  
Ақырын ғана күбірлеп:  
«Сұбханалла, сұбхан!»— деп,  
Жасағанға жалынып  
Жәрдем бер деп сұрайды

Күшті жуан қара ағаш,  
Жапырақсыз жаланаш,  
Өмірде беті қайтпаған,  
Ешкімге сырын айтпаған,  
Тура келіп тағдыры,  
Долы дауыл кез келіп,  
О да бір күн құлайды.

\* \* \*

Жалғыз жатып ойланам,  
Күніренемін, толғанам:  
Балдан тәтті өмір не?

Қорқынышты өлім не?  
Жалынды жүйрік жас жүрек  
Неге ақырын сенеді?  
Бұған жауап кім табар?

Жастық өтіп, картайып,  
Қан сары су боп сарғайып,  
Сүмбіл шашым қуарып,  
Алма жүзім суалып,  
Мен де сорлы бір күні  
Қоштасармын өмірмен...  
Өлмей, мәңгі кім калар?!

Құласа күшті қара ағаш,  
Қыс өтіп, тағы жетсе жаз,  
Жас балапан — қайындар  
Оларда не уайым бар,  
Өткендерді еске алып,  
Бұралып жас сұлудай,  
Қосылысып ән салар.

Өмірмен тәтті қоштасып,  
Өліммен қол ұстасып,  
Үстіме топырақ үюлі,  
Суық көрде көмулі,  
Қара жерді құшақтап  
Жатқанымда мен сорлы,  
Мені есіне кім алар?!

### БОЛСА ГҮЛСІЗ...

Болса «гүлсіз»,  
«Бұлбұл» үнсіз  
Үнсіз «бұлбұл» — бір сұр құс

Үнсіз өмір —  
Сөнген көмір,  
Отсыз жүрек — бос қуыс.

### ОЙ

Ой деген у —  
Ауызға алсаң, кандырад.

Ой деген у —  
Жанды есінен тандырад.

Ой деген у —  
Ішсең мас боласың,

Ой деген у —  
Ішесің де соласың.

Ой бір теңіз —  
Қап-қара боп тебіренед.

Ой бір теңіз —  
Толқынданад, күңіренед.

Ой бір теңіз —  
Шетсіз, түпсіз, тұңғық.

Ой бір теңіз —  
Жан түседі, жан қиып.

Ой улады —  
Жаным ессіз, жаным мас.

Ой улады —  
Жүреkte зар, көзде жас.

Ой улады —  
Көмір болды жүрегім.

Ой улады —  
Сарғаямын, сөнемін!

### ЖАН СӨЗІ

Өмір — теңіз, жоқ оның түбі, шеті,  
Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті  
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,  
Енді бір ай — толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты  
Содан бері Күн талай шықты, батты.  
Ес білгелі алысам өмірменен,  
Өмір — теңіз, толқыны тым көп қақты

Мен туғалы ағарып, көп таң атты,  
Қараңғылық жер бетін талай жапты.  
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,  
Ырық бермеді, қайғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық,  
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып.

Ессіз жүрек, бөгөлші біразырак,  
Үңіліп отыз түр ғой, арты — қырык.

Өмірінді екі қылмай орындадым,  
Есімде отқа, суға ұрынғаным.  
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,  
Өмірімді осынша улап не қылғанын?!

«Жел бол» — дедің, жел болып еспедім бе?  
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?  
Желдей жынды, есалаң екпінді боп,  
Заулап тұрған отқа өзім түспедім бе?!

«От бол!» — дедің, от болып жанбадым ба?  
Күйдірмей сірә, нәрсе талғадым ба?  
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым,  
Мынау «күл», мынау «гүл» деп таңдадым ба?!

«Су бол!» — дедің, сылдырап ақпадым ба?  
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?  
Ерікті-еріксіз суымнан татар жанды  
Сықырлап сылдырменен, таппадым ба?

«Күн бол!» — дедің, мен Күндсі күлмедім бе?  
Күннен де астым, мен күндіз-түн дедім бе?  
Күн-тәкаппар. Мен көппен құшақтастым,  
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

«Ай бол!» — дедің, ай болып жүзбедім бе?  
«Әпсүн» оқып, жер жүзін кезбедім бе?  
Анадайдан сиқырлы сәуле төгіп,  
Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен: «Сүй!» — дедің, талайды сүймедім бе?  
Көбелек боп көп отқа күймедім бе?  
Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң  
Мен талай күлден кебін кимедім бе?

«Жыла» дедің, талай жас төкпедім бе?  
Дария болды көз жасым, көп дедім бе?  
Жасым бітсе, қып-қызыл кан жыладым,  
«Жыламаймын, көзде жас жок» — дедім бе?!

«Ата-ананнан без!»—дедің, безбедім бе?  
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?

Басыма талай кара күндер туды  
Ата-ана, туысқан іздедім бе?

«Елің тастап кет!» — дедің, кетпедім бе?  
Жер шетіне барсам да шет дедім бе?  
Жыландай бауырына кіріп алып,  
Қалайда жатты жақын етпедім бе?

«Дәулеттен қаш!» — дедің сен, қашпадым ба?  
Қойнымды жокшылыққа ашпадым ба?  
«Нәжісті — доңыз, сүйекті — ит жияд» — деп,  
Барымды желге ұшырып шашпадым ба?

«Жокты іздеп тап!» — дедің сен, таппадым ба?  
Сен: «Айға шап!» дегенде, шаппадым ба?  
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,  
Сұм жүрек, сол қызметімді актадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,  
Енді бір ай — жиырма жеті жасқа келем  
Отыз, қырық... Қартаям, сөнем, өлем  
Еліме ессімді не деп берем?!

Енді бір ай — жиырма жеті жас толады,  
Отыз, қырық... Сарғаяды, жүз солады  
Жыл сонынан жүгіріп жыл озады,  
Кеудеге күн-күн сайын шер толады

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,  
Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.  
Жастық — у ғой, айнымай у ішіппін  
Бұл күндерде кеудені ой кернеді

Ақылға кеш айналдым қараң күнім  
Бір күні құшағына алар өлім  
Қара жерді құшақтап мен жатармын,  
Сол кезде не деп мені сынар елім?

«Жел еді, желді жыр ғып өтті!» — дер ме?  
«Есалаң сүйіп еді шокты!» — дер ме?  
Ойы жоқ, ессіз отты тәңірі көрген,  
Түншығып жат, есерім, деп күлер ме?

Болмаса? «Қызыл гүл ед, солды!» — дер ме  
«Сермеп ед алтын Айға қолды!» — дер ме?

«Қажымай Айға шапқан арыстан ед,  
Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!» — дер ме?

«Күн еді — өмір бойы күлді!» — дер ме?  
«Күн еді — сүймеуші еді түнді!» — дер ме?  
« Күн еді, күндей айқын күле білді,  
Сол күлумен ақырда өлді!» — дер ме?!

«Сұлулықтың асығы — жыршы!» — дер ме?  
«Жүректің сырын шешер сыршы!» — дер ме?  
Не қуаныш, не қайғы басқан күнде  
Басыма келіп: «Ақыным, тұршы!» — дер ме?

Болмаса басыма да бармас па скен?  
Атымды аузына да алмас па скен?  
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған  
Молама көз қырын да салмас па екен?

Дарига, сол күндерде күнім қаран...  
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған:  
Болғайсың, сыншы болсан, әділ сыншы,  
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек — жынды дерсің,  
Үмтылған аламын деп Күнді дерсің,  
«Сүйіп-күліп, күйіп — көз жасын төгіп,  
Жынды жүрек өлді де тынды!» — дерсің.

## МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ

Қажыдым енді, күш бітті,  
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,  
Жел бұйығып тербелед.  
Әлдекімнің өлгенін,  
Оны қалай көмгенін,  
Әягіме ғып күніренед.  
Жел, күніренбе, жасың тый,  
Өлдім күйі — тәтті күй.  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле...  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Қара орманның шетінде,  
Нағыз желдің өтінде  
Өскен жалғыз жас қайың

Былк-сылк етіп билеген,  
Сылдыр-сылдыр күйлеген.

Болсын онда не уайым?

Сол жас кайың құлапты,  
Жанында жел жылапты.

Балкиды жаным бұл күйге.

Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Қолына ала ту алып,  
Қылышын қанға суарып,  
Тау суындай тасыған.

Қарақат көзін қан жауып,  
Қабағынан қар жауып.

Ойын салған жас ұлан.

Майданда ұлан қайтыпты,  
Жел иманын айтыпты..

Балкиды жаным бұл күйге,

Мені де, өлім, әлдиле!  
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Әлдеқайда бетпак шөл,  
Бетпак шөлде жалғыз жол  
Сол жолменен жалғыз жан  
Түн бойы талмай жүріпті,  
Табанын тастар тіліпті,

Келгенде атып алтын таң

Сорлы шөлде өліпті,  
Жел құмменен көміпті.

Балкиды жаным бұл күйге,

Мені де, өлім, әлдиле!..  
Әлдиле өлім, әлдиле!..

Бетінен алма қан тамған.  
Тілінен тәтті бал тамған,  
Бұйра толқын шашы бар

Күлкісі меруерт шашылған,  
Өзі — гүл жана ашылған,

Дәл он бесте жасы бар

Сұлу көп жас төгіпті,  
Түншығып жасқа өліпті.

Балкиды жаным бұл күйге

Мені де, өлім, әлдиле..  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..



Талпынған жана нәресте,  
Ақ қанатты періште,  
    Былдырлаған бұлақтай,  
Көрінген жанды күлдірген,  
Жана піскен бүлдірген,  
    Балауса нәзік құрақтай,  
Қайтыпты қозы көз тиіп,  
Бетінен кепті жел сүйіп...  
    Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле...  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Алыста айдын шалқыған,  
Көбігі меруерт балқыған.  
    Сол айдыңның астында  
Бар екен алпыс ақ отау,  
Алтын уық, жібек бау.  
    Бәрі он алты жасында,  
Отау сайын толқын шаш,  
Толқын шаштар жаланап...  
    Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле...  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Жана піскен балдырған,  
Сүйсе мейір қандырған,  
    Айдыңға барып түсіпті.  
Отауларды аралап,  
Жас жүрегін жаралап,  
    Сұлуларды құшыпты.  
Құшыпты да өліпті,  
Жел толқыннан біліпті...  
    Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле!..  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Балдырғанмен бастасып,  
Сұлумен қол ұстасып,  
    Жас ұланмен жолдас боп,  
Жас қайыңды қолға алып,  
Баланы сүйіп бір қанып,  
    Жолаушымен мұңдас боп,  
Мен де тезірек өлейін,  
Әлі жасын демейін,  
    Балқиды жаным бұл күйге.

Мені де, өлім, әлдиле...  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Бетімнен тәтті бір сүйіп,  
Алдына алшы әлдилеп,  
Келші, өлім, тезірек.  
Жан ұшудан тоқтады,  
Жынданып енді соқпайды  
Кешегі асау жас жүрек.  
Бетімнен тәтті бір сүйіп,  
Алдына алшы әлдилеп...  
Балкиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле...  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

### ТІРІЛДІМ

Сансыз күндер ой астына көмілдім,  
Қор болып ем көңілін таппай көңілдің.  
Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,  
Өліп едім, бүгін тағы тірілдім.

Жаным өлік еді, жанға жан кірді.  
Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүгірді.  
Жиегінде қорғасындай көгімнің  
Бүгін ғана бақыт таны білінді.

Бүгін маған жұмаққа өмір жол болды.  
Бүгін менің құшағымда Ол болды?  
Оны құштым, шарап іштім, шат едім,  
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.

Бүгін менің құшағымда кім болды.  
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.  
Бүгінгі түн маған алтын Күн еді,  
Бүгін менің құшағымда Күн болды.

Өзім ғана білем қандай жан құштым,  
Жер құшпадым, шаң құшпадым, таң құштым  
Жанды жуып, жүрегімді жаналап,  
Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым.

Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым,  
Жанды құштым, танды құштым, көкке ұштым.

«Сүйем!» — дейді бота көзі мөлдіреп,  
Жасын төкті, жасын іштім — бал іштім.

«Көкке ұмтылам, әттен дүние, аяғым!..  
Болса аяғым, алып Мұса таяғын  
Кетер едім тәңірі іздеп, Тұр іздеп,  
Жан жарым деп Сарыарканың саяғын...» —

Деп сыбырлад алма ерні елбіреп,  
Бота көзде ыстық жасы мөлдіреп.  
Жиылған жас төгілмейін тұра ма?  
Жас төгілді, тілініп жүрек, елжіреп.


Өкси-өкси: «Сүйем, сен де сүй!» — деді,  
«Өмір бойы күйем, сен де күй!» — деді.  
«Сеніменен жаным бірге, жан жарым,  
Сен де «жан!» де, ессіз қанды тый!» — деді.

Ол жылады, мен де бірге жыладым,  
Өкси-өкси: «Сүй ғана!» — деп сұрадым.  
Көп жыладым. Сол ыстық көз жасымен  
Алдағы өмір жолын таптым, мұратым

Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім,  
Түнін көрмей, күнін көріп өмірдің.  
Екі жаспен жуып алдым жавымды,  
Өлген жерден бүгін мәңгі тірілдім.



1923—1937



## ЖҰЛДЫЗДЫ — ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрсейін.  
Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін.  
Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдыз — жүзік, Айды алқа ғып берейін

Сөзін — сиқыр, есті тұман басқандай,  
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.  
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа  
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың — толқын, жүрсіміңнің жарына  
Соғылды да баттым улы зарыма,  
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,  
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал.  
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.  
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,  
Ұмтылғанды орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,  
Сәулелерден шок қадар ем басына.  
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,  
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,  
Сүйші — өлейін, «неге өлейін?» демейін.  
Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдыз — жүзік, Айды алқа ғып берейін!

## ЖӘЙ ӘНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ...

*(Саясатымыз)*

I

Айт! Құйт! Ха, ха, ха-ау!  
Петербор, Мәскеу...  
Иванов қалқам,  
Мә, саған Аркам!..

Әй, керек-ау, әй, керек.  
Арак ішсең, асына  
Май керек.  
Төселерге жем керек,  
Оқығанға шен керек.

Март, апрель, май,  
Жорта түр! Уайдай!  
Лүбір шатыр,  
Гүбірнатыр — біздің бай.  
Керенский Саша! Жаса!  
Вся Россия наша!

3

Толстов, Колчак,  
Давай сюда коньяк.  
Ой, Иван, аламан,  
Мен бит, атаман!

Өрледі батыр, өрледі,  
Ағаш найза сермеді...  
Қарсы алдында қалтыған  
Николайды көрмеді...

\* \* \*

Саясат — ағаш ат,  
Мінді есер — кемесер.  
«Шу,— деді сабаз,— шу!» деді  
«Шу» дегенде гүледі.  
Табаны тасқа тимеді.  
Туган елін биледі.  
«Қызыл ерен — мен»,— деді,  
«Қазағым, қасым — сен!»— деді.

Шулады қазақ шұрқырап.  
Барады «батыр» тырқырап,  
Аузынан көбік бұрқырап...  
Айтсаншы иман, молдеке-ау,  
Барады ғой қорқырап...

## БЕРНИЯЗҒА

*...Ұлан өлді батып қанға,*

*Тыныштық тапты асау жан ди.*

Өмір — дала, ақын — бала қаңғырған,  
Жан сусынын көз жасымен кандырған.  
Ақын — бөбек, өмір — көбік, тылсым-ды  
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.

Күніренеді кеңес айтып қария,  
Әлдеқайда жер шетінде дария.  
Тұңғықтың түбі толған тамаша,  
Дарияның сыры жок кой жария.

Дарияның астында — алпыс ақ отау,  
Ақ отаулар алтын уық, жібек бау.  
Отау сайын судай сұлу толқын шаш,  
Толқын тербеп: «Әлди, алди!» — дейді бау.

Әлди-әлди, тербеледі ордалар.  
Ордаларда өңшең сұлу ән салар.

Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,  
Күлкілері көбік болып жорғалар.

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,  
Жас ұланның жүрегі жүз тілгілер.  
Шерлі ұланның көріп суға шомғанын  
Мылқау жартас: «Жынды ма алде?!» — деп күлер.

Кенес айтып күніренеді бір күні,  
Есімде жоқ, әйтеуір сол бір күні:  
Майдан құрып, қарсыласқан екі жау,  
Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.

Екі жаудың біреуі — өлім; бірі — өмір,  
Бір-біріне қайрасады тіс шықыр.  
Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан  
Әлдеқайдан қан майданға келіп тұр.

Жап-жас бала келе сала, қабағын  
Түйіп, тартқан екі жаққа садағын,  
Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне,  
Қан майданда қайтыс болған қарағым!

Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:  
«Мына ұланның емес, сірә, дені сау,—  
Деді-дағы, шегі қатып күлісті,—  
Әй, есалақ!.. Ха, ха, ха, ха, ха, ха-ау!»

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,  
Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек.  
Мен сөкпеймін, сен сонау толқынмен,  
Қан майданға неге ғана кірдің деп.

Мен күніренем ұлы ойлар кеп басыма,  
Жырласаң ед шомылып көз жасыңа:  
Тұңғықтың түбіндегі тамаша  
Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа...

Өмір, өлім — мәңгі аңдысқан екі жау,  
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.  
Сол жыр тапшай, садақ тартпай, сабыр ғып,  
Қан майданда күніренсең еді, сор бала-ау!

Ойлаймын да, өкінемін ғашілдігіңе.  
Жаным сеніп еді жақындығыңа...

Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек,  
Күнәң ауыр, кешем ақындығына.

Өмір — дала, ақын — бала қанғырған.  
Жан сусынын көз жасымен қандырған.  
Ақын — бөбек, өмір — көбік, тылсым-ды  
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.

## ЕҢБЕК — ӨЛІМ, ЖАН ҚАНАТЫН ҚИЯТЫН

Еңбек — өлім, жан қанатын қиятын,  
Еңбек — өлім, жанды ашудан тиятын  
Еңбек деген — еңбектеген мылқау дию,  
Жаншып жанның сұлу сынын жоятын.

Ерді, еңбек, от жүректі жерлейді,  
Жанға аспанға өрлеуге ерік бермейді.  
Еңбек езіп, соқыр қонызға айналып,  
Сорлы адамзат көкте күнді көрмейді.

Еңбек — қарғыс, адамға ашу алладан,  
Адамзатқа — «еңбек қыл» деп қарғаған.  
Мәңгі байрам жұмағынан айрылып,  
Адам баста «дүние» деп зарлаған.

Өткен заман — малғұн еңбек билеген,  
Адамзаттың ой-қиялын илеген,  
Сол еңбектен қарыя тойып қампиган,  
«Тәңірің — мен...» — деп жерге, көрге сүйреген

Мәңгі байрам, көктегі жұмақ ұмытылған,  
«Забур», «Тәурат», «Інжіл», «Кұран» жыртылған  
Идеал үлкен, Айса, Мұса — келемеж.  
Жалғыз ғана қарыя қалған қампиган...

Кұлдық сінген адамзаттың бойына,  
Мәңгі байрам келмейді оның ойына.  
«Жаса, еңбек!» — деп жазып алған туына.  
Даярлаған азаттықтың тойына

<sup>1</sup> «Тәуратты» Мұса пайғамбар, «Забурды» Дәуіт пайғамбар, «Інжілді» Иса пайғамбар, «Кұранды» Мұхаммед пайғамбар жазған (*М. Жұмабаев «Серттесі»*).



Еңбек осы ой-қиялды байлайтын,  
Еңбек осы, картқа қол сап айдайтын.  
Сүйреп жүріп лағнаттың камытын,  
Заман қайда мәңгі байрамды ойлайтын?!

Азамзаттың тәні түгіл, жаны құл.  
Азамзаттың ой-иманы, ары құл.  
Азған адам қолын ұрмақ құлдыққа,  
Адамзаттың бәрі — еңбекшіл, бәрі құл.

Келер ме күн еңбек малғұн өлетін,  
Ит қарынды қорылдатып көметін.  
Қиялдың ақ қанатына қонып ап,  
Мәңгі байрам дүниесіне кіретін?

Келсе сол күн, мен күн болып күлер ем.  
Келсе сол күн, жүйрік желдей жүрер ем...  
Келсе сол күн, о дариға, жұртыма  
Судай сұлу жырлар жырлап берер ем.

## СЫРДАҒЫ АЛАШҚА

Атаң отқа табынған,  
Өзін бірге бағынған.  
Тәңірің — оттан боп үміт,  
Атаң отқа табынған.  
Жан ба еді ол жауға жалынған?!  
Сыр бола ма жыр мен от?

От дегенің — аспан ғой,  
Аспан жерді басқан ғой...  
Төменге алып төнген ол.  
Бір дегенің — жер ғой ол,  
Жер дегенің — көр ғой ол.  
Көрді сүйген, өлген ол.

Атаң отқа май салған,  
Жан ба еді жыннан тайсалған?  
Жаһүт жапқан ажыдан.  
Жанын жасып кірлеген.  
Отпен аспанға өрлеген,  
Алады екен аластап..

Салык салған Сырдағы ел,  
Көрге мүлгіп болма қол,  
Атан сүйген отты сүй!  
Шаппағанға шаң жұқпас,  
Шаппағанға қан жұқпас.  
Күйдірем десен. өзін күй.

Отқа табын, тәңір-от,  
Оттан басқа тәңірі жоқ.  
Сөзім — Сырдағы алашка:  
Жанын жасып кірлеген,  
Отпен аспанға өрлеген  
Жаныңды, алаш, аласта...

## ШОЙЫН ЖОЛ

Бір каладан шығарып,  
Азғантай елді қақ жарып  
Шойын жол сала бастап ед.  
Өтіп кетті талай жыл,  
Бітті ме екен сонау жол?  
Пұл жетпей баста тастап ед.

Өтінішім, інішек,  
Сол жаққа барсаң несіп боп,  
Елге де барып қайтқайсын.  
Басқан анау жол жайын,  
Басылған анау ел жайын  
Әдейі көріп айтқайсын.

Қаншама пұл төгіліп,  
Неше мың жан жегіліп  
Бастаған жол бітіп пе?  
Қара айғыры ырсылдап,  
Қара қабан қорсылдап  
Елді басып өтіп пе?

Солқылдатып белдерін,  
Толқындатып көлдерін,  
Ұшқын бүркіп кетіп пе?  
Бұла қырдың бұланы,  
Қазағымның құланы —  
Жылқы үркіп кетіп пе?

Ұрандасып Зенгі ата  
Өкіріп пе жиылып?  
Құлақтары делдиіп,  
Құр анырап ербиіп,  
Кой тұрып па үйіліп?

Өзі ыржаңдап, айқайлап,  
Көк шолағын борбайлап,  
Койшы қатар шауып па?  
Шапқан күйде ыржиып,  
Ат-матымен тырқиып  
Топырақты қауып па?

Азан-казан ауыл жақ,  
Қыз-катыны дабырлап,  
Бірін-бірі түртіп пе?  
«Сұмдық екен, ойбай-ау,  
Ойбай, көтек, бетім-ау!»  
Деп беттерін жыртып па?

Салынғанға сонау жол  
Болып енді біраз жыл,  
Ел үйреніп кетіп пе?  
Сұраған сенен бір тілек —  
Көзінмен көр, інішек,  
Үйренгенде нетіпті?

Кеселді болмай аяғы,  
Баяғы байлық — баяғы  
Колында мал бар ма екен?  
Болмаса: «Оны ит жеген», деп.  
«Өшпес байлық егін», деп.  
Қабы толған дән бе екен?

Екеуінің бірі жоқ,  
Қалың қайғы, ойға тоқ...  
Қайран ел тозып жүр ме скен?  
Кемпір, шал, бала, азамат  
Станция біткенді аралап,  
Көзін сүзіп жүр ме скен?

Сұр кетіп жұрттың жүзінен,  
Сары қымыз көзінен  
Бір-бір ұшып жүр ме скен?

«Қымызды жасық су ғой...» — деп  
Ендігі жас жеткіншек  
Ащы су ішіп жүр ме екен?

Кешегі мағлаз бөйбіше  
Қолында құрттай бір кесе,  
Қатық сатып тұр ма екен?  
Сорлының жанын жаралап,  
Саудалап тұрған бір сар ит  
Қалжыңдап, шатып тұр ма екен?!

Алпыстағы аналық  
Сатарына заты жоқ,  
Көзін сатып жүр ме екен?  
Көзін сатса, дариға,  
Жанында бір қыз бала...  
Қызын сатып жүр ме екен?

Өтінішім, інішек,  
Бара қалсаң несіп боп,  
Елге де барып қайтқайсың,  
Басқан анау жол жайын,  
Басылған анау ел жайын,  
Әдейі көріп қайтқайсың.

## ТІРІ БОЛ

Сүмбіл шашы,  
Сылқым жасы,  
Отағасы  
Кәріге.

Сөкпе, жаным,  
Тәтті қаным,  
Бітті иман  
Бәріңе.

Жаның ұсақ,  
Қоңызға ұсап.  
Кұшақ, құшақ  
Өсек көп.

Шын жаныңмен,  
От қаныңмен,  
Иманыңмен  
ісің жоқ...

Қыбыр-қыбыр,  
Жыбыр-жыбыр,  
Сыбыр-сыбыр —  
Мінезін.

Шық, бері шық,  
Кінәлайсың жұрт.  
Неге жырқ-жырқ  
Күлесің?

Кесек-кесек  
Артқан өсек  
Бір көк есек,  
Көнбейсің!..

«Баспын» — дейсің  
«Жаспын» — дейсің.  
«Қаспын» — дейсің.  
«Мен...» — дейсің.

Бірін боқтап,  
Бірін мактап,  
«Алла хак...» — деп,  
Жалпаңдап.

Ел дегенің,  
Қам жегенің,  
Мен білемін —  
Бір атак...

Жылман, жыртан,  
Бұртаң-тыртан,  
Бұртаң-тыртан,  
Сүм өмір...

Соныменен,  
Алда-ай!  
Сенен...

Эх, ты, дур!..  
Мейлі кұрсын,  
Бәрі кұрсын,  
Бүлік болсын  
Ізгі жол...

Мен не дейін?  
«Сен» демсйін,  
«Ол» демейін,  
Тірі бол!..

## ТҰРАННЫҢ БІР БАУЫНДА

(Сурет)

Ай туды, күнгірт кеш ед, алтын табак,  
Ару ғой ай дегенің алтын кабак.  
Жүзінен сол сұлудың нұр төгілді,  
Жапырақ — суда ойнаған алтын шапак.

Жапырақ сәуле сүйіп дірілдеген,  
Жел шіркін жаны күйіп күбірлеген.  
Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей,  
Кей кезде күйік кернеп күрілдеген.

Ай қалқыды, сәуле аспаннан сорғалады,  
Ағаштар ерке арудай ыргалады.  
Арудың аққу мойны бұрылғанда,  
Жұлдыздай жарқ-жүрк етіп сырғалары.

Бөрік киген бұйра сәңсең, кара ағашы,  
Алқызыл алқа киер алма ағашы,  
Бөленген сары алтынға тапал інжу,  
Басына ақық сепкен тағалшасы.

Шиесі мөлтілдеген маржан екен,  
Маржаны жерде жатар арзан екен.  
Жамбыдай жақұты көп анар байғұс,  
Тырбып неліктен ол азған екен!?

Тізілген түйме меруерт тұтка таптап,  
Жандардай жарқыраған тәп-тәтті таң.

Жас өрік ай нұрында ак алтындай,  
Жас үзім — зүбәржаттан тізген шашак.

Көк сұлтан, кызыл сұлтан — сұлтан егіз.  
Бірі көк, бірі кызыл, тәжі — жеміс.  
Жан-жағын жемісті ағаш, аяқ астың  
Жайнаған феруза гүл ұшан-теңіз.

Сыр сөйлеп сол гүлдерге сылдыр қағып,  
Жатқаны тарам-тарам сулар ағып.  
Тереңдік — мінсіз кезу, өн-бойына  
Койған ба біреу әдсі күміс жағып?

Сәуле ырғып талдың сұлу саласынан,  
Неге ұзақ бұйра бұлттың арасынан  
Алтын ай ерке сұлу шықпай қалды,  
Арылмай жүрек анық жарасынан?

Бір жым-жырт басты неге баудың ішін?  
Құлпырып, неге өзгертті гүлдер түсін?  
Мынау жыр — шер жыры емес, хор жыры ғой!  
Жыр қайдан? Өнім бе бұл? Әлде түсім?

Бұл — бұлбұл! Бұлбұл екен сиқыр көмей,  
Не дейін, сонша сұлу, сиқыр демей!  
Басында балбыратты, елжіретті,  
Біраздан жанымды ол, алай-дүлей!

Ертеден сені іздеген мен едім ғой,  
Тұранға бір сені іздеп кеп едім ғой!..  
Ширази, шеих Саади, Хайямдардың  
Өртеген өзектерін сен едің ғой!..

Жүректе, мені де өрте, бір күл қалсын,  
Жүректе, жоқ күл емес, мың күл қалсын.  
Сайрарға өмір бойы судай сұлу,  
Жанымда сиқыр жырлы бұлбұл қалсын...

Бебеу қағып, басты бұлбұл тербеткендей,  
Тербетіп ырыс, аспанға өрлеткендей.  
Ессіз боп бұлбұл құстың сиқырымен  
Кетті алып асау жүрек ырыққа көнбей.

Бергенде көтеріле от боп жанып,  
Қиялдың толқындары алды қағып.  
Толқыннан улы балды жұта бердім,  
Кетпес-ау, мен татпасам, толқын танып.

Жұтсам да, жүзе бердім, сусын қанбай,  
Қысылды кейде жаным шошынғандай.  
Арылып бар күнөдан асау жаным,  
Төнірінің дарғаһына бас ұрғандай.

Жүрек те арылғандай жарасынан...  
Сонда ай да бұйра бұлттың арасынан  
Жарқырап шыға келіп, ақ жүзінен  
Төкті нұр талдың сұлу саласынан.

Жан-жақта көленкелер көлендеді,  
Көзіме әденелер елендеді.  
Жүрегім дүрс-дүрс соғып айта бердім,  
Айтқаным: «Аят берді, өлең берді?»

Білмеймін, көкпен кәусар нұр құйылды,  
Неге екен, көзіме ыстық жас жиылды.  
Жоқ, әлі улы балға қанбадым ғой;  
Бұлбұл, әнің неге тез тиылды?

Дариға аяқталмай үзілді жыр,  
Сұм жүрек жалын болып қалды ғой күр.  
Бұлбұлдың әнін үзген не болды екен?  
Мынау не көлдің беті жыбыр-жыбыр?

Көл беті жыбыр-жыбыр, бақа: «Бақ-бақ».  
Сайрасың енді қалай бұлбұл бейбақ?  
Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы —  
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.

Жыршы құс бақырайған бақа көрсе,  
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе,  
Ойласаң таң қаларлық дәнене жоқ,  
Құсадан акын бұлбұл үнсіз өлсе...

Түн өтті. Бозарғандай шығыс жағы,  
Баканың бітпек пе бір «бақ-бақ-бағы?»  
Бұлбұл сыйға тартқан сол сәулесін  
Арсыз ай бақаға да төкті тағы...

## АЛАТАУ

Оранып өмір бойы көк мұнарға,  
Аспанды алып Ала емген арда,  
Айбынды аспан ана алып туған  
Бөбегін бөлек қойған меруерт қарға.

Шындары арсыменен араласқан,  
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастар,  
Күніреніп қоныраулы қара нардай,  
Қап-қара қорғасындай бұлты басқан.

Иірілген айдаһардай ашуды асқар,  
Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар.  
Құздарды мәңгі меңіреу мәңгі басқан  
Жауһардай жарқыраған аппак шаштар.

Түк басып, тұла бойы толған кесте,  
Қарағай, арша біткен өрлей төске.  
Қарағаш, тал тобылғы, жасыл шырша,  
Қаракат, жиде, шие — маржан түсті.

Сан шөптің түгесерсін атап қайсыя:  
Шымуыр, көкемарал, уқорғасын.  
«Аһ!» ұрған Алатауда аруларын  
Үнімен тыяды екен ыстық жасын.

Жануар — бұғы, марал — көз адасқан,  
Ойнаған ешкі, теке орғып тастан.  
Даламың еркелері — арқар, құлжа,  
Құлдырап оқтай күлік, елік қашқан.

Сары аю ойнайды екен таспен атып,  
Бөрісі бөкен жортқан түнде қатып.  
Топ шие бір құлжаға жабылмақшы —  
Қозыны жібергендей жамыратып.

Құздарда найза қия құстар шулар,  
Төменде тасты сабап толқын тулар.  
Аланың ақ төсінен орғып түсіп,  
Сайларда салар ойнақ асау сулар.

Беттерін солтүстікке түзеп алып,  
Шуласып «Алатаула» ұран салып,  
Еліріп екпіндеген асаулардың  
Құм жапқан көбі бірақ шөлде қалып.



Бір шетте жыңды Қошкар Шуға шапқан,  
Сусамыр арқасында сылдыр қаққан.  
Арасан әулиенің ыстық жасын  
Жиып ап, Ыстық Ата дауырыққан.

Алатау — алып ана көкпен талас,  
Арда емген сол ананы тентек Талас.  
Қырғызға қасиетті Талас суын  
Ертеде қоныс қылған батыр Манас.

Шыңдарын Алатаудың жел жайлаған,  
Жел емес, қалың қырғыз ел жайлаған.  
Желменен, желден жүйрік аңдарменен  
Құздардан бірдей орғып, бірге ойнаған.

Сайларда сарқыраған селі ме екен?  
Күніреніп көшкен қырғыз елі ме екен?  
Алаштың қайсар ұлы, қайратты елдің  
Манасы — ел қорғаған ері ме екен?

Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,  
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!  
Қияның қыранындай қайсар елдің  
Басынан күңгірт күндер көшті ме екен?!

Қарлы асқар, мәңгі мұнар барлы ма екен?!  
Қайратты ел қайғы жұтып, зарлы ма екен?  
Шер басып, алып азып, ерлер жасып,  
Манас та ұмыт болып қалды ма екен?!

Жок әлі! Қарлы Алатау қалыбында,  
Толқындар тулайды әлі шапшып шынға.  
Көзінен — от, сөзінен ұят жоймай,  
Қайсар ел ұмытқан жок алыбын да.

Алатау өспейді екен, өшпейді екен,  
Ауыздан алып аты түспейді екен.  
Кәрілер: «Киелі ер-ай!» — деп күрсініп,  
Жастары «Ер ұрпағы — біз» дейді екен.

Ақындар мұңды қияқ шалады екен,  
От болып көптің көзі жанады екен!..  
Жұмықшы «Манасты» айтып жорғаласа,  
Кәрі-жас көзіне жас алады екен.

Алашка кайсар кыргыз бала ма екен,  
Кайгымен кайсар жаны жара ма екен?!  
Жаралы ел көшкен күнін жоктай, жылай  
Күл болып, жасык жаспен кала ма екен?!

Тау өшпөс, аспан төніп, өміренген.  
Сел солмас, карлы күз бен көк мұзды емген.  
Ерлерін ел қорғаған есте тұтып,  
Ел бітпес, кеңес қылып күніренген!..

Алаштын кайсар кыргыз баласына  
Қосылса жара жаның жарасына,  
Жас төкпей, өрлеп, өрлей Талас бойын  
Тәуіп қыл Манасынның моласына...

### Р...ҒА<sup>1</sup>

Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім.  
Сені ғана сүйем — куә жүрегім.  
Суық жолдан сактайтын сен — періштем,  
Сен болмасаң азып-тозып өлемін.  
Түрлі жерде, түрлі шақта таңымыз  
Атса-дағы, сүйіспеп пе еді жанымыз?  
Бізді жан ғой жақын қылған, жібегім,  
Бастаған жок, ессіз ыстық қанымыз.  
Есінде ме? Бір жыл... күздің күні еді.  
Күзді күннің салқыншалау түні еді.  
Жарын тастап, түнде мені бакшаға  
Көру үшін іздеп келген кім еді?  
Ол түннен соң талай-талай жыл озды,  
Ессіз жарың Айға қолын көп созды.  
Аспанға өрлеп, талай құлап мерт болдым  
Заман озды, жүрек сөнді. Жан тозды.  
Өмір — жапан. Арып, шаршап жүргенім,  
Ессіз едім, онды-солды көрмедім.  
Тоғыз жолдың торабында тұрғанда  
Жылы — былтыр, сені тағы көргенім.

<sup>1</sup> Мағжанның қызы Ү. Жұмабаеваның: «Бұл өлеңді папаң маған үйленердің алдында шығарған еді. Алғашқы жарияланғанда үстіндегі бір нүктесі түсіп қалғандықтан арабша «З» әрпі «Р» болып кеткен» деп анам Зышқа өлеңді жатқа айтып отыратын» деген ескертпесін, зерттеушілердің назарын аудару үшін, бұрынғы тақырыбын өзгертпесек те, қоса ұсынып отырмыз (*Баспагер*)

Көрдін де сен, аштын таза құшағың,  
Құшағыңда жас балаға ұсадым.  
Сол кезімде бар күнәдән пәк болып,  
Дегенім рас: «Сенсің жарым, қосағым».

Сол күннен соң тағы біраз күн өтті,  
Ұмытқандай болдым сені, жібекті.  
Сен сөзіме, жан жүрегім, жібегім,  
Токтата алмай қалып едім жүректі.

Сен жыладың, көзің жасың көрмедім,  
Зарладың сен, зарың құлаққа ілмедім.  
Мен жел едім, кеттім сонда жел қуып,  
Көз жасыңнан садақа боп өлмедім.

Айлар өтті, ай көрінді, өлді жын,  
Айлар өтті, айырылды күн мен түн.  
Айлар өтті, ішкен удан айныдым,  
Айқын болды акырында жалған, шын

Білдім: маған жар екенсің сен ғана,  
Білдім: саған жар екенмін мен ғана.  
Соңғы кезде сені көрмей, жібегім,  
Ашып көрші, жүрегімде мың жара.

Сені көрмей көзім көрге айналды,  
Жүрегіме сансыз қасірет байланды.  
Көп күн енді көріңбейсің, қашасың,  
Жүрегіңнің махаббатың кім алды?

Ессіз жарың зарлап енді қалар ма?  
Зарлай-зарлай қара жерге барар ма?  
Бір жыл бойы теңіз болып төгілген  
Көз жасынан жібегім де танар ма?

## ТҮРКІСТАН

Түркістан екі дүние есігі ғой,  
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған калың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жат,  
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,  
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!  
Тұранның дария аталған өзендері  
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,  
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.  
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,  
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,  
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын,  
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,  
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,  
Шалқыған егі-шексіз Теңіз, Арал.  
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдін  
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яксарт — Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында  
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,  
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!  
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,  
Көкке асқан Хантәңіріге карай-карай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,  
Жоталы, жер кіндігі — Памир, Алай,  
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,  
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,  
Құйындай бастан кешкен күні де жат!  
Тұранды түгелімен билеп тұрған  
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,  
Білесін тарихты ашсаң, Тұран жайын.  
Тұранға қасиетті құмар болған,  
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер,  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да  
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле  
Атаға тартып туған бәрі бөрі.  
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі:  
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,  
Сол биден Темір туған от боп ойнай.  
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,  
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай

Тұранды мактамаймын тілті текке,  
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке  
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен,  
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан — қасиетті түрік қаны,  
Сол қаннан — Ибн-Сина Әбуғали.  
Молдығы білімінің сикыр дерлік,  
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,  
Фараби тоғыз шекті домбырасын?  
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,  
Жұбанып, кім тимаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,  
Түріктен басқа от боп жан туып па?  
Көп түрік енші алысып тарасқанда  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,  
Алашка Есім ханның жолы дайын.  
Тәукедей данышпан хан құрған екен,  
Басында Күлтөбенің құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері.  
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны — Абылай ері.

Тұраннан Сарыарқаны бөлек демс,  
Түркістан алты алашка болған Кебе.  
Тұранның топырағын құшып жатыр  
Кешегі ердің ері көкжал Кенс.

Шер батса кім іздемес туған елін?  
Тұлпар да көксемсәй ме туған жерін?  
Арқанын ардагері қалың алаш,  
Тұран да, біле білсен, сенін жерің!

Қырағы Тянь-Шаньмен Памир, Алай,  
Күтеді көптен сені қарай-қарай.  
Кене мен Абылайдың жолын қумай,  
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт — Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасына,  
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

### СӘРСЕНБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Домбырам басы бал курай,  
Басына қонар боз торғай,  
Қалампырлы насыбай.  
Насыбайды атпасам,  
Ауырап менің басым-ай!

Домбырам менің екі ішек,  
Күңіренеді сніреп.  
Мен де бірге күңірсенем,  
Көзіме ыстық жасым кеп.

Ай, албар-ды, албар-ды!  
Сәрсенбайда зар бар-ды.  
Зардан баска не болсын,  
Шықпаған күр жан қалды.

Бетегелі барқыттай  
Белес-белден айрылдым.  
Балдан қалған сарқыттай  
Күміс көлден айрылдым.

Ай мүйізді ақ қошқар,  
Ақтылы қойды бәрі алды.  
Шұрқыраған жануар  
Жылқыларымды ұры алды.

Ұры алмады, түн алды,  
Түн алмады, жын алды.  
Жаяу қалдым әйтеуір,  
Біле алмаймын кім алды?!

Домбырамның құлағын  
Бостау қылып бұрадым.  
Жылқымның жөнін сілтеші,  
Өркенің өссін, шырағым!

Домбырам менің қарағай,  
Қылдың-ау, шіркін, заман-ай!  
Жат бауыр болған жас шіркін  
Кеткенің бе қарамай?!

Домбырам менің зарлайды,  
Зарламайды, қарғайды.  
Мен де бірге зарлаймын,  
Көзімнен жас парлайды.

Домбырам басы бал қурай.  
Қалампырлы насыбай.  
Насыбайды атқан соң,  
Жазылар менің басым-ай!  
Жазылса да бас шіркін,  
Тыйылмайды жасым-ай!..

## ЖАРЫМ

Кердең-кердең жүресің сен, не таптың?  
Мен айтайын — айнымайтын жар таптым.  
Күндіз-түні жар қойнында жатамын,  
Естімеймін уын-шуын жан-жақтың.

Қанша құшсам-дағы сусын қанбаған,  
Жан жарым бар, неге керек мал маған!  
Жұрттың бәрі-ақ: «Оңбаған жан!» — дей берсін,  
Жан жарым бар, неге керек ар маған?!

Жарым күншіл, көз салдырмайд жан-жаққа,  
Жібермейді жұмысқа да, мансапка.  
Сондай ерке, оны құшып, керіліп,  
Күндіз-түні күнірене бер тек жат та.

Әкем маған: «Сауда қылып мал тап!» — дейд.  
Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!» — дейд.  
Елім маған: «Елге еңбек қыл!» — дегенде,  
Жарым маған: «Жатқан адам бекзат!» — дейд.

Жар айткан соң, жаннан жақын көрген жап,  
Жардың тілің алмауға не дәтім бар?!  
Тілін алдым — үйден, елден айрылдым,  
Бірі де жоқ — мал да, ел де, намыс, ар

Жар жат дейді, жатамын да жатамын,  
Мас адамдай бос ойға ылғи батамын  
Ашылғанда ұйқыдан көз, бар ісім —  
Қылжалаңдап, жокты-барды шатамын.

Өрине, енді мені мақтар пенде жоқ.  
«Жап-жақсы еді, жар аздырды-ау!» — дейді көп.  
Жұрт сөзі не? Жан жарымның қойнында  
Жата берем: «Жаным, жарым, жаным!» — деп.

Бұл жарым кім? Тапшы көне — «Денсаулық?»,  
Сен дейсің ғой: алма бетті, ақ жаулық...  
Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:  
Жарым менің — атышулы жалқаулық!

## ӨЖЕ

Сығырайған көзі көрінбей  
Томар-томар былшықтан.  
Отырса бойы аспайды  
Қолындағы ұршықтан.  
Алдындағы көженің  
Көрінбес беті қылшықтан.  
Көжесін татпай әженің  
Жан болмайды құр шыққан.  
Көжесін қойшы, кенесін  
Тындамай үйден кім шыққан?  
Сендер де тында, тентектер,  
Тыйылып біраз шолжақтан.

Ертегі айтса, ұршығын  
Ұмытып әжем кетеді.  
Жерде жатқан жүнді алып  
Қайта-қайта түтеді.  
Су сепкендей сап болып,  
Токтайды сонда жөтелі.  
Былшықтан көзі жылтырап,  
Ту арқаңнан өтеді.  
Ал кіріссе ертекке



Басы қалт-қалт етеді:  
«Ертек, ертек, ерте екен»,  
Аузы балп-балп етеді:

«Ерте, ерте, ерте екен...  
Тында енді ал, шырақ!  
...Сұр мергенде болыпты  
Сүліктей бедеу бір сұр ат...»  
Қоя қойды Кенжетай  
Жылаған жана нан сұрап.  
Тындап отыр тентектер  
Алма беті албырап,  
Ауыздары аңкиып,  
Сілекейі салбырап.  
Қалғып бір-ақ барады  
Кенжетай тентек маужырап.

### ЖЫЛҚЫШЫ

Бораны — бөрі ұлып тұр,  
Төбеттей тынбай үріп тұр.  
Сын тағылды кантарға.  
Аман ба екен жылқышы?  
Аман ба екен жылқысы?  
Малға барған жан бар ма?

Түтінді жерге тығатын,  
Түкіріктей түйме тағатын  
Аяз мынау шатынаған.  
Хабар бар ма, мал қалай?  
Малдағы жалғыз жан қалай?  
Адам бар ма қатынаған?

Боран мынау, қабандай,  
Арсылдаған шаба алмай:  
Түбі қайыр болса игі.  
Аяз анау жер тілген,  
Ұша алмай анау құс өлген,  
Жылқышы қасқа не күйде?

Бір бұта жоқ — айдала,  
Аппақ кебін айнала:  
Қалтиып қос тұр ма екен,

Кұрт көжені сіміріп,  
Тұмақты қойып жымырып,  
Каскиып қасқыр жүр ме екен?

Ойнақ салған құр аттай,  
Шұнандағанлақтай  
Орғыса да аяз өкіріп,  
Қозғап қойып арқаны,  
Ермек қылып малтаны,  
Тұр ма екен шырт-шырт түкіріп?

Бораны әлде даланың  
Бейітіндей баланың  
Қосын басып, жығып па?  
Қайран, қасқыр-жылқышы  
Ығып кетіп жылқысы,  
Ол да бірге ығып па?

Долы, пері, жын боран,  
Сумандаған сұм боран  
Құлақ-мұрнын қарып па?  
Күші кете беріп пе?  
Үмітпен түнге төніп пе?  
Бір малта жоқ-ау ғарыпқа.

Жене ме, дүние-ай, тілсіз жау?!  
Алдында бір сай бар еді-ау,  
Сол сайдан аман өтіп пе?  
Құлап әлде, тап соған,  
Қарқ-қарқ күліп басынан  
Боран жүріп кетіп пе?

Алас ұрып, ісініп,  
Есі кетіп жығылып,  
Есіл ер үсіп өліп пе?  
Ердің солай өлгенін,  
Қардың қалай көмгенін  
Құзғыннан басқа көріп пе?

Боран мынау қабандай,  
Қатуланған қаба алмай,  
Түбі қайыр болса ит.  
Басында, өлсе — сайғақ жоқ,  
Өліміне айғақ жоқ,  
Жылқышы сорлы не күйде?

## АЛАТАУДА

### 1. АЛАТАУ

Иір-иір Алатау  
Бүйра-бүйра жал ма екен?  
Карасам көзім талады-ау  
Қияна, асқар Алатау.  
Бөлек-бөлек бала тау  
Етекте шөккен нар ма екен?  
Желкендегі, ару Алатау,  
Жәуһардан тізген жал ма екен?

### 2. ҚҰЗДАР МЕН ҚЫЗДАР

Алатаудың құздары  
Аспанның сырын ұрлайды.  
Жылытып жырмен мұздарын,  
Күңіrentіп таудың құздарын,  
Қырғыздың ару қыздары  
«Зекенбайды» ырлайды.  
Алатаудың құздары  
Қырғыздың сырын ұрлайды.

### 3. ҚОҚИ МЕН ҚАРТОЗ

Тұлымдары сүліктей  
Селкілері бар болсын!..  
Едірейіп еліктей,  
Селкілері сүліктей.  
Қоя-ақ қойды елікпей,  
Көрініп қоқи картозын.  
Сымбаттары сүліктей,  
Селкілері бар болсын!

### 4. ТАУДЫҢ ТОЛҒАУЫ

Ай шырайлы аяшым  
Күн болып, күйіп солмасын.  
Бозаға толып шанағым,  
Күн болып, күйіп аяшым,  
Семетей менен Манасын  
Қысыр бір қисса болмасын.  
Айшөректей аяшым  
Күн болып, күйіп солмасын.

## 5. ҮЙДІҢ ЕРІ

Тырнала, қырғыз, танабың,  
Ел болмайсың оқымай.  
Мола жұтсын манабың,  
Тастапсың адыра танабың,  
Боза бопты шалабың.  
Атаң көрі, қоқи-ай...  
Тырнала, қырғыз, танабың,  
Ел болмайсың оқымай.

## ҚОҢЫР ЖЫР

### 1.

Тізілген толқын — меруерт,  
Толғанып оқы, тербетер.  
Күнірентер оймен кім біледі  
Тізілген толқын меруерт.  
Оқи білсең күнірентіп,  
Ойынның бойын өрлетер.  
Тізілген — толқын меруерт,  
Толғанып оқы, тербетер.

### 2. ШЕШЕМ

Жерге сауып емшегін,  
Шешем қайғы жей ме екен?  
Орамал қылып кең жеңін,  
Жерге сауып емшегін,  
Теріп жүріп шөпшегін,  
«Құлыным қайда?» — дей ме екен?  
Жерге сауып емшегін,  
Шешем қайғы жей ме екен?

### 3. АНА МЕН БАЛА

Бөбектің балғын білегін  
Анасы сорып сүйеді...  
Көміп жерге тілегін,  
Қарғап талған білегін,  
Таянып қып күрегін,  
Баласы оймен күйеді...  
Бөбектің балғын білсін  
Анасы сорып сүйеді...

#### 4.

Әлдеқайда бір кара  
Елбең-елбең етеді.  
Айғы күткен жас бала,  
Әлдеқайда бір кара.  
Күте-күте жан жара...  
Дарига, кашан жетеді?!  
Әлдеқайда бір кара  
Елбең-елбең етеді!

#### 5. ӨМІР

Өмір — түлкі, сен — төбет,  
Арсаландап келесің.  
Такымда, тез дөнгелет,  
Өмір — түлкі, сен — төбет,  
Артыңнан андып кім келед?  
Түлкінді соған бересің...  
Өмір — түлкі, сен — төбет,  
Арсаландап келесің...

#### 6. «КҮНӨ» АЙТҚЫЗДЫ

«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,  
Жаным қалай тазарсын?  
Тұрмыста нәпсіз сәуле жоқ,  
«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ.  
Өмір деген — шірік шөп,  
Қай үмітпен қазарсын?  
«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,  
Жаным қалай тазарсын?

#### 7. ТҮН АЙТҚЫЗДЫ

Тауда түнде үн берген  
Тәңірі ме, әлде байғыз ба?  
Үнді естіп жаным күнірсенген,  
Тауда түнде үн берген  
Тәңірі болсаң, кел бермен,  
Қолымды көкке жайғызба!  
Тауда түнде үн берген  
Тәңірі ме, әлде байғыз ба?

#### 8. «КЕЛЕШЕК», «КЕШЕ», «БҮГІН»

«Келешек» пенен «кеше» — анық,  
«Бүгін» деген бір бу ғой.

Бұлт басқан бетін нұрланып,  
«Келешек» деген күн анық.  
Өткен «кеше» ұрланып,  
Естен кетпес бір у ғой  
«Келешек» пенен «кеше» — анық,  
«Бүгін» деген бір бу ғой.

## АСЫҚ ИІРУ

Сынайын бір сақаны,  
Ирейінкүрғырға,  
Айттырғанға қалқаны  
Толды ма екен он жылға.  
Алшытүссен — болғанын,  
Тәйкетүссен — тәуекел,  
Бүгетүссен — құрығанын,  
Шігетүссен — ұрғанын.  
Таңмын өзім, ой алда-ай,  
Өсіп қапты апыр-ай,  
Әй, қыздеген кәпір-ай!  
Мен баяғы қалпымда.  
Алсам биыл күрке аулақ.  
Жатар ек-ау скеуміз.  
Біраяқ қатық тастап ап,  
Койға кетсем мен күндіз.  
Койды айдасам түс ауа.  
Ырғала басып, ыңыранып,  
Қатыным шықса кой сауа,

Сусынға қойса қымыран-ғып  
Күркеге барсам, жайланып  
«Әй, қатын, бері кел!» — десем,  
Бірденеге айналып,  
Ол кешігіп келмесе,  
Қайта шығып күркеден,  
Қатынға барсам тістеніп..  
Отырған жерде желкеден  
Теуіп-теуіп қалсам кеп.  
Ол көзіне жас алып,  
«Адыра қал, — десе, —  
адыра қал!..»

Ал, асықты байқалық,  
Не дер екен біздің бал?  
Алшы түссе алақай! .  
«Түс! — дегенде, — түс, құрғыр»  
Қырыққа келген «балақай»  
Тәйке түсті-ау! Тәуекел!

## ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ

Оқудан қайтты жас Сапар!  
Төрде отырған ақсақал  
Орын берді қасынан.  
— Не білдің, балам? Не хабар?  
Жұлып алды жас Сапар  
Тақияны басынан:  
  
— Тыңдаңыз, міне, қария!  
Жер деген — мынау тақия!  
Тап осындай жұп-жұмыр.  
Екі басы сопақ па?  
Қараңыз енді Күн жаққа:

— Лампы мынау — Күнің тұр.  
 Домалай ма?  
 — Домалайд!  
 Құламай ма?  
 — Құламайд!  
 Бұл осымен болды ма?!  
 — Токтат мынау шіркінді,  
 Басы жұмыр пенде енді  
 Жерді де жұмыр қылды ма?  
 — Жок, ата, бұл — жағырафия,  
 Міне, сізге тақия!  
 Сенбеуіңіз жарамай.  
 Домалай ма?  
 — Домалайд,  
 Құламай ма?  
 — Құламайд,  
 Тап осындай домалайд!—  
 — «Мынаны қалай жұптейміз,  
 Біз неге құлап кетпейміз?  
 Домаланса, мұнысы не?  
 Сөздің қарашы қатасын!..»  
 Құласаң құлап жатасын!  
 Жердің ойда жұмысы не?

## ЕСКІ ТҮРКІСТАН

### 1. ЕСКІ ШӘҺАР

Ескі шәһәр — таң дүние,  
 Салар болсаң назарын,  
 Не көресің?  
 Көресің —  
 Майдан сайын мазарын.  
 Мазар сайын мың сопы  
 Саулатып тұрған газалын.  
 Не көресің?  
 Көресің —  
 Мәліген мешіт ажарын.

Мешіт сайын сан молда  
 Аңыратып тұрған азанын.  
 Не көресің?  
 Көресің:  
 Ыңыл-жыңыл базарын.  
 Бұлкілдетіп әр жерде  
 Қайнатып жатқан қазанын.  
 Не көресің?  
 Көресің,  
 Токтайын: талар назарың!

### 2. АРБАКЕШ

Ыңылдайды арбакеш,  
 Арбаңдайды арбасы.

Ырғалады ол, ырғалад  
 Астыңдағы жорғасы.

Қойнында бар қауыны,  
Қолында қызыл алмасы.  
Құлаққа гүл қыстырған,  
Берген шығар қарғасы.  
Сағыздай созар сәлемін,  
Қарсы келсе молдасы.

Мешіт көрсе мәлиед  
Тұрғандай төніп алдасы  
Өте берсе орыстың  
Бүлкіл бөксе маржасы —  
Ыңылдайды арбакеш,  
Арбандайды арбасы!

### 3. ӘЙЕЛ

Пәренжі үсте — бітеу қап,  
Бетінде перде — шімбеті.  
Шімбетінің астында  
Гүл шырайлы шын беті.  
Желпіне алмай, жамылып,  
Быршып тұрған тер беті.  
Шаңырақ сырға құлақта,  
Мөлт-мөлт сткен меруерті.

Зәмзәм күйған құтыдай,  
Домаланған келбеті.  
Тарта беру тымпиып —  
Көшеде оның міндеті.  
«Ағузы билелен әйелге  
Мұтлақ харам ер беті».  
Түркістанның тақсыры-ай,  
Күдіреттен күшті-ау  
күдіреті!

### ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚҚА

*(«Қосшы» ұйымының тобы туралы)*

Арқар менен құлжадай  
Қойындасқан ежелден,  
Екі тентек тетелес.  
Сойылдасқан екі елден,  
Түн заманды төңкерген  
Топан-заман не күтед?

Алатау, Арқа күңіренген  
Күні кеше зарыннан.  
Сендерді солай сорлатқан  
Албастыдан арылған.  
Бүгінгі тұңғыш тойына  
Той ұласқай деп күтед.

Қырғыз — таудың тарпаны,  
Қазақ — қырдың құланы.  
Екеуіңе топанның  
Тартқан мынау ұраны:  
Екі тарлан табысып,  
Шұрқырасқай деп күтед.

Енді алдым ашық деп,  
Ілгері басқай деп күтед.  
Елмен қатар елдіктен  
Үмітті болғай деп күтед.  
Ұйымдарың сол жолда  
Ұйытқы болғай деп күтед.

Соққы жеген жетім ел  
Балаулы болғай деп күтед.  
Сондықтан қызыл жалындай  
Жалаулы болғай деп күтед.



## ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

— Жалынды жалау кімдікі?

— Тұрағы тарғыл тас кия  
Арбаңдаған Азия —  
Жалындай жалау соныкі —  
Ендеше, қазақ, сенікі!

— Қызыл шок жалау кімдікі?

— «Кім де кім: «Тәңірім — от» — десе,  
«Басқа тәңірім жоқ»,— десе,  
Қызыл шок жалау соныкі.  
Ендеше, қазақ, сенікі!

— Қызыл шок жалау кімдікі?

— Кім де кім шикі қан жұтса,  
Қан аңсап жүріп шан жұтса,—  
Қызыл қан жалау соныкі!  
Ендеше, қазақ, сенікі!

— Қанды жас жалау кімдікі?

— Кімнің ұлы құл болса,  
Тұлымдысы тұл болса,  
Қанды жас жалау соныкі.  
Ендеше, қазақ, сенікі!

— Өртенген жалау кімдікі?

— Кім өртенген гүлдемей,  
Кім таланған, кім келсей,  
Өртенген жалау соныкі,—  
Ендеше, қазақ, сенікі!

— Азаттық жалау кімдікі?

— Көре алмаса кім теңдік,  
Тепкі көрсе кім кемдік,  
Азаттық жалау соныкі,—  
Ендеше, қазақ, сенікі!

## НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ

— Айтшы, әжетай, көк деген не?  
Теңбіл-теңбіл көктеген бе?



Поштабайын — пақырын  
(Асасаншы ақырын?)  
Қақалдын ғой, батыр-ау!

Бәйбіше мен бай да тоқ,  
Қонақтан күтіп пайда жоқ.  
Өз табағы өзінде...  
Бір бала отыр анадай,  
Беті-қолы қара май,  
Көзі — болыс көзінде.

Қатқан тоны қаудырап,  
Табакка көзі жаудырап,  
Отыр бала есікте.  
Аузы толған түкірік,  
«Кет!»— деп қояды жекіріп  
Қатар тұрған күшікке.

Бір мезгілде хатшы Иван,  
Бір жілік ап атшыдан,  
Есікке қарай лақтырды.  
Жілік жерге жалп берді,  
Жалп бергенде, тап берді.  
Тап бергенде, шап берді.

Не күтіп болар күшіктен?  
Тістей салып, есіктен  
Сып етіп шықты далаға.  
Күшікке қайнап зығыры,  
Артынан шықты жүгіре,  
Іле-шала бала да.

Қойшы да болса бала еді...  
Баланы не деп болады?!  
Көңіліне қатты алғаны.  
Шынымен көзге жас алып,  
Үйді барып тасалап,  
Күшікті теуіп қалғаны.

Үйде отырған бәйбіше:  
«А, жүгірмек, қой десе!..»—  
Деп балаға жекірді.  
Сонда болыс ыңк етіп,  
Үйдің ішің мүнкітіп,  
«Өһ!»— деп бір кекірді.

## ЕДІЛДЕ

1

Бүктетіліп жатқан бел  
Сүтке тойған марқадай.  
Бұйра қою қарағай  
Белге біткен шалқалай.  
Су жеп қойған жұмыр тас  
Түйір-түйір малтадай.

Арнада өзен қылықты  
Қылмандаған қалқатай.  
Тайызға біткен құба тал  
Мойындағы алқадай.  
Жер еркесі жер мынау,  
Шер қалар ма тарқамай?!

2

Түсте толқын еліріп,  
Абыржып еді ойнақтай.  
Кешке толқын тып-тыныш,  
Қабыржыған қаймақтай.  
Түсте толқын тулап ед  
Ойнақтаған тайлақтай.

Кешке толқын тынып тұр  
Қоңыр інір бейуақтай.  
Түскі толқын теп-тентек,  
Бойлауық, көзсіз қайраттай.  
Кешкі толқын тұңғыық,  
Тек қоймас терек ойлатпай.

3.

Тізілген толқын — меруерт  
Бір-біріне тағылып,  
Шұбырған толқын шуменеп  
Ағытқан қойдай ағылып.  
Күңіренген толқын долданып,  
Көпіріп жарға қағылып.

Жағада бұйра бала тал  
Таң болып тұр анырып.  
Толқынға қарап мен тұрмын  
Қоңыр оймен қамығып.  
Сарыарқам қайда? Алыста!  
Жүрмің мен мұнда нағылып?!

4

Ерте күнде Еділдің  
Ертегі деген тоғайың.  
Дүлей тоғай ішінде  
Орманбеттің ноғайың,  
Арқада жатқан алты алаш  
Ол күнде болған ағайың.

Жорығы, жолы — бәрі ортақ,  
Бірге де жеген уайым.  
Өткен айқын, ұғымды,  
Мыналы не деп ұғайың:  
Дүлей тоғай тұлданған,  
Танып болмайд ноғайың.

5

Ойнап тұрған оқадай,  
Еділдің беті ақ ала.  
«Ақ аласы не?» — десем:  
Ылғи шаңқан шағала.

Суды сүйген сары алтын  
Сәуле ғой сүйген бағана.  
Кемеміз көлбеп келеді  
Жібектей жасыл жағаға.

Шөккен бұйра бұлттай  
Астрахань жатыр сағада,

Көрген соң оны ой көшті,  
Ертедегі Асан ағаға.

6

Асан Қайғы салдырған  
Астраханға жетейін.  
Қайғысыз хандар күмбезін  
Әдейі аттап кетейін.  
Асанның тауып моласын  
Соған тауап етейін.

Моласына түнейін,  
Ақ батасын күтейін.  
«Жолым ку!»— десе болғаны,  
Басқа жолды не етейін?  
Әз Жәнібек сендер бол,  
Мен Асан болып өтейін!

### ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА

1

Араладым біраз күн  
Еділдің саға өлкесін.  
Қазақты көрдім қуарған  
Жүк тасып, тескен желкесін.  
Балық аулап бозарып,  
Жайлау қылған көл төсін.  
Селендейтін селенге  
Мұжықтың андып бөлкесін.  
Сөз сөйлесе, сабайтын  
Орыстың: «Совсем...» «Толькесін.»  
Ойланбаса мынау күй  
Келтірер кімнің күлкісін?!

2

Салалы сонау сағада  
Біраз ел бар — Байұлы,  
Жорғасы мен жүйрігі —  
Қалтылдаған қайығы.  
Құрық салған құлыны —  
Тулатып шанышқан жайыны.  
Қалағындай қайықтың —  
Сірінке қара зайыбы!  
Қара су, балық — қорегі,  
Жоқтықтан жок-ау айыбы.  
Бұл күйге түспей құтылар  
Қазағынның қай ұлы?

## 3

Ауылға жеттік қайықпен  
 Көкжиекке күн бата.  
 Бір лашықтың тұсына  
 Тұра қалдық үн қата.  
 «Қош келдің!»— деп қарсы алды  
 Ақсақалды бір ата.  
 Бес бекіресін секіртіп,  
 Алып кеп деді: «Ақ бата!»  
 Бекіресін жеп шүкір ғып,  
 Біз де жаттық ай бата.  
 Ай бата деген жай бір сөз,  
 Жанға бір ауыр ой бата!

## 4

Бір ауыл беріш ішінде ек,  
 Қонған өзек бойына.  
 Күн шықты, құрбан мейрамы  
 Басталды құрбан сойыла.  
 Біраздан біткен бозбала,  
 Тойып ап құрбан қойына,  
 Шөмееледей шаштары,  
 Күйектей кесет мойында.  
 Дүркіресіп жөнелді,  
 Селенге — Сергей тойына...  
 Еліннің жайы осылай,  
 Келе мен еш зат ойына?

## 5

Бағлан жейтін қарт, мейлі,  
 Балық жеп кірсін көріне.  
 Аллашыл, айтшыл молдасы,  
 Шықсын-ақ жұмақ төріне.  
 Қалада жүрген інішек,  
 Қайыс буған беліне.  
 Көз қырыңды сала көр,  
 Қазақтың қыршын төліне.  
 Мақсатың болса, шерлі елді  
 Шығару өмір өріне,  
 Қаш қаладан, қарағым,  
 Еліңе қайт, еліне!

## СӘЛЕМ ХАТ

Сәлем сөзім алыстағы еліме,  
Алыстағы ақ селеулі беліме.  
Айдан да айқын сендерді іздеп қайтуым  
Күнім бітіп кіргенімше көріме.

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын,  
Сар даланың аңсап жусан, сасырын,  
Қайтуым хақ бір күн қоңыр іңірде  
Қар қаладан қашып шығып жасырын.

Түр іздеген құшып жолын Мұсаның,  
Құшқаным рас Түр деп қала құшағын.  
Енді қайту күр бос айту емес қой,  
Құшағында көрдім қанды бейшағым.

Түкпір еді тұрған ұзақ үй қылып,  
Көп кітапты көп тезектей үйдіріп,  
Бір штінен лауылдатып от қойып,  
Кетермін-ау бәрін күл ғып күйдіріп.

Кітап күл боп, өлер оттың жалыны...  
Көкті басар қара бұлттың қалыңы...  
Тап сол сағат құлағыма келмей ме,  
Қоңыр жел мен сары белдің зар үні.

Зар үн қоймас жанға бойлап жүгірмей,  
Сол іңірде ақырын сөнген өмірдей.  
Арқамды аңсап қар қаладан шығармын,  
Қоңыр жырмен сонау қоңыр іңірдей.

Мен қайтармын болмақ үшін елмен ел,  
Ел бел асса, аспақ үшін бірге бел.  
Аз ғана елдің өмірі құрғыр қалтылдақ,  
Ел шер тартса, тартпақ үшін бірге шер.

Қайтуым хақ, белді будым тас қылып,  
«Кет!» деме елім, енді мені басқа ұрып.  
Дейтін болсаң: «Қой жырынды, жырауым!»  
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

Сөзім осы алыстағы еліме,  
Алыстағы ақ селеулі беліме.  
Жатсын демей, өзімсің деп баурыңа ал,  
Қолың беріп мендей саяқ серіңе.

## ҰЛБОСЫН

Бауырсақ мұрны пұштиып, Бауырсақ мұрын, бүйрек бет  
Бесікте жатты Ұлбосын. Оя беске келді Ұлбосын.  
Әкесінің ойында: Әкесі ойды иректейді:  
«Ұлбосыным пұл босын!..» «Отыра түссін, пұл босын! »

Тышқан көзі сықсынып, Ирек боп қалды-ау ой шіркін  
Ойнап жүрді Ұлбосын. Пұл болмады-ау Ұлбосын  
Әкесі енді жиірек Ұлбосын биыл естіпті  
Ойлап жүрді: «Пұл босын!...» «Енді әйелге жол босын »

Бүйрек беті бұлтиып, Естіпті де досына:  
Шолпы тақты Ұлбосын. «Мән-жай мынау... ал, досым!»  
Күлімқакты әкесі, Делті. Сөйтіп сол түнде-ақ  
Ойға батты: «Пұл босын!..» Кетіп-ақ қалған Ұлбосын

Салмақты қыз боп ақылды, Бұркырап отыр әкесі:  
Он бірге жетті Ұлбосын. «Кұл болмаса, бұл босын!»  
Мал алуға әкесі Мен не деймін, қалқам-ау,  
Құдаға кетті: «Пұл босын!..» Жол босын деймін, жол босын

## ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

*(Қысқа түнде шеше мен бала)*

— Түн түнерді, ұйықтады ауыл,  
Сорлы бейбақ, атаң қайда?..  
— Боран мынау, туды дауыл,  
Апатайым, атам қайда?..

— Сорлы бейбақ, атаң қайда?  
Көр үңгірді боран көмді!..  
— Апатай-ау, атам қайда?  
Әйнек сынды, білте сөнді...

— Көр үңгірді боран көмді,  
Көмді ме екен атаңды әлде?..  
— Әйнек сынды, білте сөнді,  
Сөнді ме екен атам да әлде?..

— Көмді ме екен атаңды әлде?  
Қалқам, қандай күйге түстің?..



— Сөнді ме екен атам да әлде?  
Апа-ау, мұнша жасың ыстық!..

— Қалқам, қандай күйге түстің?  
Жаным — жара, көңілім — қаяу!..  
— Төкпеші, апа, жасыңды ыстық!  
Байқашы өзің: боран баяу!..

— Жаным — жара, көңілім — қаяу,  
Аман ба екен бейбақ атаң?

— Жел де бәсең, боран баяу,  
Қарашы, әне, ағарды таң!..

— Аман ба екен, бейбақ атаң?

Құлыншағым, қорғаным—сен!

— Міне, атты таң! Аман атам!

Қапа болма, қорғаның—мен!..

## ҚАРЫНДАСТАР

### 1. ҮЙДЕГІ ҮНСІЗ ҚАРЫНДАС

Қарындасым, салмақтым,  
Қорғасын құйған асықтай.  
Былқ-сылқ етіп басқаны  
Молдалар жазған машықтай.  
«Шүкір» деп шапшаң айтпайсың,  
«Үш-ш-ш» дейсің асықпай.  
Жуырда жауап бермейсің,  
Жігерді жүн ғып жасытпай.  
Берсең жауап балбырап,  
Су татыған жасықтай.  
Күңіренгенің — күлгенің,  
Көздің жасы білгенің,  
Ашуды у ғып ашытпай.  
Қайтейін сені, бауырым,  
Тым тұйық, бұйық баласың,  
Әкеңменен қолсоғып,  
Алады-ау сатып сасық бай.

### 2. БҮЛҚЫНЫҢ БҰҒАУ ҮЗГЕН ҚАРЫНДАС

Қорғасын құйған сақадай  
Сәулем менің салмақты.  
Салыстырсам салмағын —

Қала қызы қаңбақ-ты...  
Менің бауырым сызылып,  
Сәнденуші еді салмақты...  
Сол салмағы сор болып,  
Таласта талай қор қылып,  
Тістетіп еді бармақты.  
Сол бауырым бұл күнде  
Құр салмақпен қалмапты.  
Ұшан дария ақылым  
Азаттық ұранды андапты.  
Андаған соң бұлқынып,  
Мал бергенге бармапты.  
Көндірем деп еппенен  
Аға, женге арбапты...  
Ақ батаны бұздың деп,  
Ата-анасы қарғапты.  
Қара ормандай қайраттым  
Қайыспапты қарғысқа...  
Арбауға құлақ салмапты.  
«Мен енді азат адам»,— деп,  
«Сүйгеніме барам»,— деп,  
Тас түлектей талпынып,  
Өзіне теңді тандапты.  
Бергелі жауап жарымен  
Бұрала басып, майысып  
Мекемеге кіргенде,  
Сызылып сөйлеп салмақтым  
Бір сөзінен танбапты.  
Хабарынды естіп осынау  
Бұғау үзіп босанған,  
Сүйгеніне қосылған,  
Қуаныш сыймай қойнына,  
Тарту қылып тойыңа,  
Уыстап шашқан шашудай  
Ағаң өлеңді андатты.

### 3. ОҚУДАҒЫ ҚАРЫНДАС

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,  
Қаймақ қабақ, қара қыз,  
Қамзолының төсіне  
Қадап алып «ай», «жұлдыз».  
Жылы былтыр бой жеткен,  
Боп қара қыз майысқан.  
Биыл баста көн шапке,

Камзол киген кайыстан.  
Күзді күні келіп ед,  
Тебініп қап түйесін.  
Көрдім кеше үніліп,  
Окиды «тұрмыс жүйесін».  
Окиды, көзін алады.  
Ойлап тұрды, пікірлейд.  
«Есен бе, шырақ?»— деп едім,  
«Үш-ш-ш» демейді, «шүкір» дейд.  
Сөйлесіп ем тезірек,  
Сөзді бұрды ауылға.  
Неліктен мұнша ауылшыл?  
Апасы қапты-ау ауылда...

#### 4. ЖОЛҒА ШЫҚҚАН ҚАРЫНДАС

Кұшақтап сүйіп сінлісі  
Тетелес туған әпкесін,  
Киді жолға шықпақ боп  
Көн шапан мен шапкесін.  
Баяғының киімі  
Жасқа қайдан шақ келсін.  
«Тендік» деген ұранға  
Толтырды қолда папкесін.  
Көндірді де, сендірді:  
«Келем, күт!»— деп әпкесін.  
Торсық бетті борсық бай  
Қақалсын мейлі, «қап!» — десін.  
Қарындасқа жол шыққан  
Біз жолдаспыз айнымас.  
Азаттықты, аңсаған,  
Әпкесіне ап келсін.

#### 5. ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚАРЫНДАС

Торғайдай таңмен оянды,  
Оянған сон жатпады.  
Азаттық іздеп шарқ ұрды,  
Тұрмыста тұшы татпады...  
«Бұзылған бала» атанды,  
Басында жұртқа жақпады.  
Бықсық сасық өсекті  
Табанға салды, таптады...  
Бой бақпады, ой бакты...  
Бетіне бояу жақпады.

Шұбалтып ұзын шаш койып,  
Шылдырлап шолпы тақпады.  
Шапке киіп, папке алып,  
Баяндама жаттады.  
Орынбор, Мәскеу аралап,  
Жазы-қыс дамыл таппады.  
Арып-ашып ел кезіп,  
Қайғылыны хаттады.  
Күн боп езіліп, егіліп  
Жылағанды жақтады.  
Суырылып топта сөз сөйлеп,  
Әйел мұнын жоқтады.  
Қысқасы, әйел жынысына  
Қара ормандай қызмет қып,  
Өркені өскір қарындас  
Ақтады үмітті, ақтады.

## АҚ ҚАЛА

Ауылдың алды омбы қар,  
«Не бар? Қолын домбығар!»—  
Шешелері десе де,  
Томпандап бір топ бала,  
Сокпақ болып ақ қала,  
Кіріп кетті кесеге.

Беті ойнаған оқадай,  
Оппа қарға опадай,  
Күп берісті топырлап,  
Топырлап, шулап, соқтыға,  
Тоғытқан бейне тоқтыдай  
Жыпырласты шөпірлеп.

Күміс қарға көбіктей,  
Сүнгіп алып сүліктей,  
Топырлаған топ бала,  
Қарақшыдай қалтиып,  
Қарындары шартиып,  
Бастады соға ақ қала.

Қарды соғып төрт бұрыш,  
Төрт бұрышты қып кірпіш,  
Үй іргесін қаласты.

«Мен оям!» — деп, біреуі,  
«Мен қоям!» — деп, біреуі  
Терезеге таласты.

Терезелер ойылды,  
Қардан құрсау қойылды.  
Шаттықтың енді шегі жоқ,  
Беттері болды бүлдірген.  
Сар даланы күлдірген,  
Күлкілері меруерт.

Қатар-қатар тізілді үй.  
«Алақай», айғай, күлкі ылғи.  
Күлді бірге ақ қала,  
Ерінбесең бар қара:  
Күліп жүріп көп бала  
Салып қойды ақ қала.

## АТА, БАТА

Мектептен (қайтты) Марияш,	Мариям:
Әліппесіқолында.	«Бата, бата!»— дегенде,
Шақырады оны атасы:	Атасы:
«Кел, құлыным, кел мұнда».	«Құлыным бата дейді ғой!»
Марияш:	«Бата! десең, қарт атаң
«Ата, ата!»— дегенде,	Айналсын сендей ботасын!
Атасы:	Оқы, құлыным, әлім бол,
«Құлыным ата дейді ғой!»	Атаң берді батасын!»

## АНА

Үйдің іші ұйқыда	Шөккен қара бір нардай,
Түн ортасы шамасы.	Сарғайып, ана сарылып,
Көзін алмай бесіктен	Демігіп, қызып, қысылып.
Бөбек жатыр албырап.	Ауық-ауық селк етед
Бесікте бөбек ауру,	Әлденеден шошынып.
Тербстіп отыр анасы.	Селк етсе бөбек, ананың
Үнсіз меңіреу ұзын түн	Өзіне ажал жеткендей.
Жел азынап тұр есіктен.	Шөкііп отыр дем алмай...
Шөкііп ана отыр,	Таң алдында қара бұлт
Жүрегіне біреу біз	Күніреніп көкті жабады,
Сұғып алып кеткендей.	Бөбегінің бетіне
Үнсіз меңіреу ұзын түн	Ананың жасы тамады.

## СЫЛДЫРМАҚ

Бүлдірген беті бөбектің,  
Қолында отыр сылдырмақ,  
Өзі сак-сак күледі,  
Сылдырмақтай сылдырлап.  
Тоқтап, тындап тұрад та,  
Сөйлеп қояд былдырлап.  
Секіріп-секіріп түседі  
Шұнандаған құлдырлақ.

Атасы қарқ-қарқ күледі:  
«Құр, құлыным, құр-құрлап».  
Бөбектің егер қолынан  
Түсе қалса сылдырмақ,  
Әлімжан аға болмысы  
Сылдырмақты сыйдырмақ,  
Ең болмаса «байқаусыз»  
Басып кетіп сындырмақ.

## САЛ-САЛ БІЛЕК, САЛ БІЛЕК

Сал-сал білек, сал білек,  
Балдан тәтті бал білек,  
Мектепке бар бір мезгіл,  
Әжеңнің тілін ал, білек.  
Сал-сал білек, сал білек,  
Сабағына бар, білек,

Қыдыра берме қалтиып,  
Етегіңмен қар күреп.  
Сал-сал білек, сал білек,  
Сұлу талдай тал білек,  
Оқып-оқып бір асқан  
Әлім болып қал, білек.

## БӨБЕКТІҢ ТІЛЕГІ

Тоқтышағым, тоғыз тап,  
Саулық қойым, сегіз тап,  
Сегізін де семіз тап.  
Құла бием, құлын тап,  
Құлын таппа, құнан тап,  
Құнан тапсан, егіз тап.

Бөкен жүнді бөрте ешкім,  
Төрт айда бол төрт ешкім,  
Төртеуің де бөрте бол.  
Өлмей, жітпей есен бол,  
Қой алдында көсем бол,  
Төртеуің де серке бол.

Әукем, бұзауды алты тап,  
Әукелері салпылдап,  
Өгіз болсын атандай.  
Бақайлары майысып,  
Елемесін қайысып,  
Адам мінсе де атамдай.

## СҰР ҚҰЛЫН

Жазды күні сұр құлын  
Сұлу еді сүліктей.  
Құрық көрсе құлдырап  
Жытушы еді еліктей.

Қыс түсті, аяз, үскірік,  
Көк мұздай бұлтсыз аспаны.  
Отарда жатқан жылқыдан  
Арық та келе бастады.

Алдауға түсіп ұсталып  
Тұрғанда құлын байланып,  
Жүруші еді Әлжан жанында  
Сылап, сипап, айналып.

Топырлаған арықпен  
Сұр да келді тыртып.  
Құлыншағын көргелі  
Шыға келді Әлжан құнтып.

Сұр құлын жоқ алдында  
Жалбыраған жабағы:  
Томпиды аузы Әлжанның,  
Салбырады қабағы.

## АЛ ІШІНДЕР, БҰЛ — ҚЫМЫЗ

Ал, ішіндер,  
Бұл — қымыз.  
Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң,  
Құлаша қулық бие сүті еді.  
Томсарған ер қазақтың асы еді.  
Бұл қымызды кім ішсін?  
Бұл қымызды  
Айлы күні айналған,  
Бұлтты күні толғанған,  
Құрығын қу найзадай таянған,  
Томсарған ер қазақтың өзі ішсін!

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ӨЗІЛ

Шолақ айдар, шөп желке,  
Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,  
Быдқ-сыдқ етіп жүргенде,  
Ойламайсың ба үйрек деп?!

Өзім қазақ болған соң,  
Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,  
Басқа айтпайды, мен айтам:  
«Сендей сұлу сирек»,— деп.

## ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙ

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!  
Ылғи ет жеп жүреді елде болысын-ай,  
Ылғи ғана құйрық пен бауыр жер едім,  
Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай.

Мына қолдың саласынан май тамар,  
Ішіп болмай қымыз деген жай қалар.  
Болыс болсам арманым не, уа, шіркін!  
Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар?

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!  
Түс боп қапты, тұрған шығар біздің бай!  
Бай не тұрсын, быр-быр ұйықтап жатыр-ай,  
Былшық сары Сағиласын күшактай, күшактай!

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!  
Сағиласы маған көзін салады-ай!  
Неге десен, мені түртіп қалады-ай,  
Түрту түгіл, кейде нұқып: «адыралай»  
Санымнан да шымшып-шымшып алады-ай!

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!  
Ой-қой, ой-қой, ой, бұзылған соққан-ай,  
Мына ісінді егер білсе бәлем бай,  
Екеумізді айдап шығар қосақтай,  
Қой, бұзылған, қой, жолама, қой, ойбай!

Қой демскші, қойым қайда, тәнір-ай?  
Тапқан ба екен кебенегі тақыр жай?  
Күннің көзі ысып кетті-ау, апырм-ай,  
Қиын болды-ау ақсақ қойдай пақырға-ай!  
Сағила бүгін тұщы қатық берсе егер,  
Жарар еді-ау, апырм-ай, апырм-ай!  
Шулай берме, Шопан ата, шәй, шәй, шәй!

## СЫРЫҚ МОЙЫН, БІЗ МҰРЫН

Ұрық мойын, біз мұрын,  
Шіркін, тұздай көзіңіз.  
Қыт-қытындай тауықтың  
Құйылып тұр сөзіңіз.  
Ірпішеткенің ұнындай

Опа басқан жүзіңіз.  
Жүз төңкеріп көзіңіз,  
Жақындайсыз өзіңіз.  
Сізге кім ғашық болмасын?  
Мәселен, біз өзіміз...



## БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ

Ботамды көрдім түсімде	Апасы құшыперкесін
Қырмызы моншақ тағынған.	Көзінен меруерт ағызған.
Ботамды көрдім түсімде	Мен сендерден садаға,
Атасын боздап сағынған.	Бөбегім, жарым—жанымнан!..

## БІР КЕЗДЕ ІШТІК АРАҚТЫ

Бір кезде іштік арақты  
Аскардан асқар аспаққа.  
Ішеміз енді арақты  
Қайғы мен қасірет баспаққа.  
«Баспаққа» деген жай бір сөз,  
Көз көмілді қаспаққа.  
Четушкалап арақты  
Жастайтын болдық бас жаққа.

## ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ

Жігер, шіркін, желінді	Қолды қардан оқ үзді
Болат жеген қайрақтай.	Ордаға байрақ байлатпай.
Мешсеу болды жүйрік ой	Өлер өмір, сөз қалар
Кететін орғып айдатпай.	Молаға қойған сайғақтай.

## ӨЗЕННІҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП

Өзеннің суын жел тербеп,	Ақ төсін керіп шайқалад.
Ақ төсін керіп шайқалад.	Мінезіне кербездің
Біресе ауыр күрсініп,	Кім бәлен деп айта алад.
Біресе тынып жай табад.	Суға бетін сүйсін деп,
Жағаға біткен кербез тал	Бір беріп, тағы қайта алад.

## ЭПИГРАММАЛАР

Әліби Жангелдинге

Отағасы	Кеткен соң қар,
Істің басы —	Мекеге бар,
Жас тоқал.	Сәлде сал.

## Мадиярға

Жолдан азып,  
Закон жазып,  
Майкы боп.

Акын Мәкен  
Отыр ма екен  
Кайкнып?

## Мұстафаға (Шокаев)

Шоқай, Шоқай  
Кай жерде?  
Кай?

Көкек демей,  
Секектемей,  
Кайтшы елге  
Ойнамай.

Айнама-ай!

## Уалитхан Танашевқа

Қазақ ұлы,  
Татар күлы  
Уалит ер,

Ки, ки, ки, ки,  
Ол форменный  
Саудагер.

## Айдархан Тұрлыбаевқа

Ертек,  
Ертек,  
Ерте екен.

Жуан қарын  
Айдарханы  
Қырт екен.

## Асылбек Сейітовке

Бір-екі-үш ай  
Шапты да тай,  
Басылды...

Шорман биге  
Тарттық сыйға,  
Асылды.

## Мұсылманбек Сейітовке

Мұсылманбек  
Мұрты тіп-тік  
Судья.

Очень лестно,  
Ну, конечно.  
Ну, ну, я...

## Асфандияр Шормановқа

Асфандияр,  
Граф Диуар,  
Кайдасың?

Баю, баю,  
Поздравляю,  
Мещанин!

## Шайбай Аймановқа

Айман, Шайбай,  
Кайда, ойбай,  
Гүләйман?

Шу, Шорман дүр,  
Сен құрбан дүр,  
Жылайман.

## Смағұл Қазыбековке

Қазыбегім,  
Қазақ елін  
Ұрайын!..

Пошел. пошел.  
Я сам дошел.  
Құдайым!

Әлімхан Ермеков пен  
Халел Ғаббасовқа

Әлімге Ермек, «Халел, Халел»  
Оқуға өрнек, Дег те елдің  
Жел есер... Бойы өсер.

Нәзір Төреқұловқа

Жас маркстіл, Я капитал,  
Тағы бір «шіл» Мәзірімді ал,  
Төреқұл. Қабұл қыл!

Хайредин Болғанбаевқа

Борған бала, Бір кемі жоқ,  
Бүгін қара, Бір теңі жоқ  
Көрі тай. Болғанбай.

Мұсылманбек Мейрамовқа

Арақ та жоқ, Кеттіқаңғып,  
Қарақ та жоқ, Басы даң боп,  
Мейрам жоқ, Колесо боп дөңгелеп.

Омартай Жәнібековке

Есек, есек,, Жүр ғой өзі  
Қатын өсек «Шілдің боғы —  
Жәнібек. Дәрі!»— деп.

Тел Жаманмұрыновқа

Жаны — жамау, Елді жесе,  
Таңқы танау «Шілмін» десе,  
Тел қайда? Сол пайда...

Иса Қашқынбаевқа

Шірік сиса, Іздеп Мола<sup>1</sup>  
Доктор Иса, Сен біржола  
Қашқынбай! Қаштыңба-әй?

Бақытжан Қаратаевқа

Сөнген айым, Жүріп күшке,  
Қаратайым, Арақ іш те,  
Бақытсыз. Жаз арыз.

<sup>1</sup> Ақмолв

### Мырзалиевке

Сасай азбан	Дуайт-тралайт,
Жерді қазған	Мырзамызға
Мырзамыз.	Ризамыз.

### Асхат Сайдалинге

Көкек, көкек,	Асхат, Асхат,
Менмен есек	Үйінде жат
Идейный.	Ереймей.

### Сатылған Сабатаевқа

Зиялы адам,	Достан құрып,
Қиялы арам,	Бостан жүріп
Сатылған.	Атылған.

### Әбілқайыр Досовқа

Бетім-бетім	Ел биледі-ау,
Күдіретім,	Сөз сөйледі-ау
Не дейін?!	Әбіл жыл!..

### Райымжан Марсековке

Қарны ысылып,	Қашқар барды,
Жаны қысылып	Сәлде салды,
Рай-Марсек.	Мінді есек.

### Жүсіпбек пен Мұхтарға

Жүсіп жарқын	Қазір Жүсіп
«А» деп қарқын	Артын қысып,
Жат еді-ау!..	Қашып па?
Жас бала — мас,	Мұхтар, Мұхтар,
Астында ағаш	Ол да тоқтар,
Ат еді-ау!	Асықпа...

### Әбдірахман Байділдинге

Чик-чик,	Сылдыр-сылдыр,
Колокольчик	Былдыр-былдыр
Дин, дин, дин.	Байділдин.

### Жұмағали Тілеулинге

Көкшетаулық,	Жерді шарлап,
Денге саулық,	Жыладым зарлап,
Ақ жаулық.	Ғали жоқ.

<sup>1</sup> Келісті, келбетті

### Сәкенге (Сейфуллинге)

Фуллин Сәкен, Кекең-кекең. Футурист.	Бала ақмақ, Қожа, ташмай Басын кес.
--	---

### Мұқтар Саматовқа

Күрейт, Күрейт, Наркомпрод Саматов,	Азык-түлік, Жина мүлік Жайнатып.
---	--

### Біркей (Бірмұқамбет) Айбасовқа

Біркей, Біркей, Шыбын-шіркей Молада.	Анда-санда «Мен мұнда» деп жылама.
--	--

### Жаһанша Досмұхамедов пен Халел Досмұхамедовке

Қайда екі дос? Орал боп-бос... Қайда олар?	«Алла, хак»,— деп, «Біз нахак»,— деп Жүр бұлар.
--	---

### Ахмет Байтұрсыновқа

... қаң, ақан, Тілек-батан Аққа жак.	Я, қаппар хак, Мен шын нахак»,— Де де жат.
--	--

### Ережеп Итбаевқа

Қотыр торы ат Құтырып жүр Итбаев,	Семейіне — Көмейіне Кет тайып.
---	--------------------------------------

### Сейтқали Меңдешевке

Қазақстан, Солдатстан, Тар балақ.	Құжынаған құрт, Быжынаған бит, Жорғалап.
---	--

### Мұқанбетжан Тынышбаевқа

Ескі кебіс, Собакевич, Жаны кер.	Весьма тупой, Член Думы, Инженер.
--	---

### Әлиханға

Ел ағасы, Елдің басы О, Әли!	Есенбісің, Көсембісің, О, пәли!
------------------------------------	---------------------------------------

## Мұханбетжан Бейсеновке.

Мен,	Елден,
Мен, мен.	Жерден
Единый мен Коммунист.	Алып жүрмін көп үлес.

## Мағжан Бекенұлына

I

Қайда Мағжан?  
Мағжан мынау:  
Самолюб,  
Очень ленив  
упрямый паренек:  
Көрсө әйел,  
Көзі жоқ ол  
Кө белек.  
Я писал бы,  
Не бросал бы  
Карандаш,  
Зато менің  
Постоянно қарным аш.

Баю, баю,  
Орманда аю,  
Баю, бай.  
Баю, баю,  
Орманда аю.  
Қой, ойбай!

II

Қайда, ойбай,  
Мағжан?  
Сөзге күймес,  
Қалам тимес  
Қандай жан?  
Есінен де,  
Күшінен де  
Сөзі көп.  
Очень ленив.  
Самолюбив  
Паренек.  
Көрсө әйел,  
Көзі жоқ ол  
Кө белек.

Я зеваю,  
И бросаю  
Карандаш.  
Не бросал бы,  
Я писал бы,  
Қарным аш...

## ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ

Сонау Еслам үздік туған бала екен,  
Байтақ елге асқар таудай пана екен.  
Сол панадан, сол баладан айрылып,  
Жалпақ Жауар жүрегінде жара екен.

Көлі кетіп, шөлге айналса, жер жетім,  
Ері кетіп, шер байланса, ел жетім.  
Білдім анық жастың үздік туғанын,  
Көрмесем де, көргеннен соң ел шетін.

<sup>1</sup> Жауар — Карауыл руының бір атасы.

Білдім жастың асып туған бағасын,  
Жас та болса, байтақ елге ағасын.  
Қалың Жауар үстіндегі камқанын  
Тағдыр тартып жұртқан екен жағасын.

Есін жия ел деп құлаш сермепті,  
Ағайынның бірін де жат көрмепті.  
Ер азамат бір нақақтан қысылса,  
Қорғау бопты, бірін қолдан бермепті.

Тартыпты ылғи тура жолға, мақұлға,  
Асқар таудай пана бопты жақынға.  
Халық айтса қалт айтпайды деген ғой,  
Ие бопты байтақ терен ақылға.

Ажал — бір жол, аттап өтпек айла жоқ,  
Өткен адам қайта келмес, қайла жоқ.  
Солай, Зеке, елге тоқтау айтқан жөн,  
Оймен азып, жасығаннан пайда жоқ.

Солай, Зеке, ой сабырмен басылар,  
Өзіңіздей ағасы бар, жасы бар.  
Жақсы туған ер азамат жоқ емес,  
Ел асқар ғой, талай қымбат тасы бар.

Сол сұңқарды кім ұмытар, кім қиып,  
Кетіпті өлім ел ойына у құйып.  
Бірақ ақыл жеңгені жөн сол ойды,  
Ой деген бір дария ғой тұнғыық.

Ой деген бір терен дария тұнғыық,  
Ой қажытар бір қайғы, бір нұр құйып.  
Ой деген сел, онда құлан қағы жоқ,  
Ой дегенің таусылмайтын кермиық.

Жүрген жері сауық думан базардай,  
Ажал шіркін қаратпайды ажарға-ай.  
Жолаушымын, уақытым тар болмаса,  
Жігіт екен арнап сөздер жазардай.

Жігіт екен кемеліне келе алмай,  
Арманда өткен толық жеміс бере алмай.  
Кемеріне келіп толса сонау жас,  
Ел қалар ма ед ер жемісін тере алмай.

Тауда тас көп, тас ішінде тас болар.  
Елде жас көп, жас ішінде жас болар.  
Сақа құймас қолайына жақпаса,  
Асыл туған жас байтаққа бас болар.

Мүше келсе, «ат боларлық құлын» дер,  
Жаксы туса, сонда мынау ұлым дер,  
Сол ұлынан ерте айрылса саналы ел,  
Үзілгендей болды, дүние, жолым дер.

Солай, Зеке, қайысса да қабырға,  
Болсын байтақ енді миға — сабырға.  
Өлім жол ғой, ел жолаушы сол жолда,  
Енді қарай бермегейсің қабырға.

Гибрат алып ақынның бұл хатынан,  
Қайғынды азайт көкіректен атылған.  
Тар жолдарда жолдас болған жолдасым,  
Кішілік айттым Зыликаның да атынан.

## ЖАМБЫЛҒА

...Жан аға! Шықтым өлімнен,  
Халімді менің көрсейші.  
Жаның нұрға көмілген,  
Нұрыннан ұшқын берсейші!..

## ҚАЛАМЫМА

*(Леон Исаевич Мирзоянға)*

...Енді бетім, елді көр еңбек емгеш,  
Басында бағы жанып, күндей күлгеш.  
Қомданым, қас қырандай қаруланым,  
Алыста орағытқан жауға төнгеш.

Осы бетім — ақ ниетім, елге ере алсам,  
Гүлденген өмірге үндес жыр бере алсам.  
Социалды Отанды қанмен қорғап,  
Керек болса кезінде жан бере алсам.

Осы бетім — ақ ниетім, желдім бастап,  
Жанымнан бар жарамы сылып тастап.  
Еңбекші ел, ашум — ұшан, мейірімі мол,  
Жанымды тарттым саған жалаңаштап.



## СОҢҒЫ КЕЗДЕ ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

### Жас Мағжанға

Мағжан депті біздің Бәкен баласын,  
Қарашығым, бүлдірген бөбек, адасым!  
Сұрайсың ғой: «Қайдан келдің, аға?»— деп, —  
Енді қайда жол тартып сен барасың?»

Бұл сөзіңе мен айтамын, қарағым:  
Ойдан шықтым, ойға тағы барамын.  
Көптен өзін ұстамап ем қолыма,  
Тотыққандай болды мынау қаламым.

Оқасы жоқ, тотыкса енді ашылар,  
Қаламымнан тағы сөзім шашылар.  
Сен, бөбегім, ержетерсің, өсерсің,  
Толқындар да толқып-толқып басылар.

«Мен туғанда ақын ағам келді»,— де,  
«Келіп маған ақ батасын берді»,— де.  
Өс, бөбегім, жас балауса құрақтай,  
Өмір — керуен, бір сәт тоқтап көрді ме?!

### Жауардың Азаматтарына

Сағада сіз, байтаққа аға Зәкен бар,  
Қарағашта хатқа жүйрік Бәкен бар.  
Ғабдолла бар атқа мініп, алысқан,  
Елге сыйлы, байыпты сөз Шәкен бар.

Қалидан да естідім сөз орынды.  
Жекемұрат жүйрік жігіт көрінді,  
Аз сөзіңнен алғырлығы байқалады,  
Ақылына тілі серік, порымды.

Әлімжан да алғыр құсқа мензеген,  
Сөзді жиып, тізгін тартып, тежеген.  
Мұхаметжан, Сыздық — екі азамат  
Ешбір жаннан беті қайтып көрмеген.

Әркім жүр ғой әрбір түрлі халменен,  
Біреулер жүр күнделікті сәнменен.  
Аранызда бізден екі бала жүр:  
«Ризық тартса, теріп же де, дәмменен».

Екеуі де ес несі, есінде,  
Тартса ризық, еркін теріп жесін де.  
Ойнар, ойлар, құрбысымен теңдесер,  
Үйде отырып, түзде жүрмін десін бе?!

Олай болса, артық сөз ғой деменіз  
Өмір — теңіз, су үстінде кемеміз.  
Басар аяқ нық болғанда, ақыл жөн,  
Аяқ асты тайғақ болсын деменіз.

Солай, Зәке, бір себептен келіп ем,  
Өмір — бір жол, адам — көшкен керуен.  
Ес білгелі шетте жүрген жәйім бар.  
Сергелденде — серуен де сергелден!

### Нағашыларға

Бір себеппен келіп қалдым бұл жаққа.  
Дәм жазбады, бара алмадым ол жаққа.  
Көрмесем де, көп кішілік сәлемім,  
Нағашымыз Махаң менен Қожаққа.

Аралап ем Шығыс, Батыс арасын,  
Ертіс, Еділ, Сырдария даласын.  
Дәм жазбады бүгінгі күн көруге,  
Ел-жұртымыз Баян — Шақа баласын.

Сол Шақада қажы Жүсіп дер еді,  
Жақып пенен Өсіп те бар деп еді.  
Үл боп туып, тартып мінген ат жалын,  
Орда несі Хасен де бар деп еді.

Жиеніңіз қажы Жұмабай әкем де,  
Одан туған Нұрмағамбет, Бекен де.  
Сол екеуден жеті-сегіз біз бармыз,  
Бәрі жиен, бәрі сізге бөтен бе?!

Бәрі жиен, бәрі сіздің қаныңыз,  
Бәрі сіздің шашқан тұқым-тарыңыз.  
Дәм жазбады, бара алмадым бұл жолы,  
Сәлемімді қабыл көріп алыңыз.

Сәлемнен сон, нағашы жұрт ағамыз,  
Кіші болса, көзі ашық данамыз,

Баршаңызға тапсырғаным менін де,  
Қолымызда Мұхамеджан балаңыз.

Есі бар ед байқағандай парықты,  
Оңды-солды, қараңғыны, жарықты.  
Күн туған соң етігімен су кешіп,  
Ел-жұртым деп сіздерді іздеп, барыпты.

Барып сізді асқар пана қылыпты,  
Панаңызда бала тұрмыс құрыпты.  
Өз баланыз, ақылыңызды айтыңыз,  
Албырт еді, ерке бала қылықты.

Жиеніңіз қажы Жұмабай құтты еді,  
Әкем Бекен Атығайға тұтқа еді.  
Тұтқа десем сөйлеу болар асыра,  
Деуші болар басқа тұтқа жоқ па еді.

Не жоқ болсын, Шахан елге аға еді.  
Үздік туған, жанат тонға жаға еді.

Ел ағасы Исекең анау, қайраным.  
Өрге бастап, төрге тартқан тайлағын.  
Өрісін кең тарылтпайтын аз елдің,  
Атығайдың алып жүр ғой байрағын.

Жиеніңіз ес білгеннен ел деген,  
Өрге ұмтылған, өрге қарай өрлеген.  
Кім ұшырамас алыс жолда шалысқа,  
Күн де болды қолды қате сермеген.

Нағашы жұрт, сізге дұғай сәлемім.  
Өзім жолда, барсын сізге қаламым.  
Амандықпен көріскендей күн болсын,  
Қоштық айтам, Қызылжар жүріп барамын.

### Өміріме өкпем

Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба?  
Тән арып, тамырда қан қалмадың ба?  
Жалған үшін жан қиып, жапа шектім,  
Еңбегім, екі болып, жанбадың ба?  
Жайшылықта жан қиған, жақын дүние,  
Талып тұрсам, назарың салмадың ба?

Ортекедей орғытып, окка жығып,  
Жалмауыз жауыз жалған, жалмадың ба?  
Арсыз нәсіп, армансыз алдадың ба?  
Қайрымсыз қанжығанды қандадың ба?  
Қомағай қорқау ажал, койнын ашып,  
Қапа мен қайғыға қол жалғадың ба?  
Алдандым, алжастырдың, аңғырттандым,  
Ақылсыз аңқау басым, аңдадың ба?

Қимас дос, қыспақта боп, жылаттын ба?  
Қайғымен қан жұтқызып, сұлаттын ба?  
Қасіретті қасапшынын ешкісіндей  
Құрым іліп, құдыққа құлаттын ба?  
Құбылдың, құйқылжыдың құртқа дүние,  
«Қызықпаймын» десем де, шыдаттын ба?  
Ар-ұят, адамдықты арам қылып,  
Бәрін саған жұмсадым, қуанттын ба?  
Сен үшін жақынымды жат қылып ем,  
Қайырылып, қам көңілімді жұбаттын ба?

.....  
Мелшиген, мейірімсіз, меңіреу дүние,  
Алдап ап, айызынды қандырдың ба?  
Қазынаны ұрлаған қаракшыдай,  
Бас салып, басқа бұғау салдырдың ба?  
Жау тонаған адамдай жәудіретіп,  
Адамзаттық арымды алдырдың ба?

.....  
Кетеріне келгенде, көззап дүние,  
Түлкідей құйрығынды шалдырттын ба?  
Қапаста қан азайып, қажыр мұқап,  
Қалашының итіндей қаңғырттын ба?

Өзелде алысқа ұшқан дәм мен тұзым,  
Тәуекел тасқа қондым, тәнірім сақтар.  
Жерлерге топырақ тартқан сан айналдым,  
Деген жанмын: «Құнымды құдай жоқтар!»  
Адам басы — алланың добы болса,  
Тағдырдан табандатып тиді шоқпар.  
Жалындым, жанталастым, жалбарындым,  
Тимеді ешбір рахым, төнірім жақтар,  
Махпудың тақтайына жазған жұмыс  
Бұйрықты жерлеріне барып тоқтар.

Басқадан менің жаным бағалы ма,  
Талай жан тап жолында болды көкпар!

Қиядан сөз табатын ақыл бар ма,  
Тыңдайтын бойым балқып нақыл бар ма?  
Есіл сөзім ессіз босқа кетсе  
Обалы жаулығы жоқ қатындарға!



## ТҮСІНІКТЕР

Қазақ топырағында Байрон, Пушкин дәстүріндегі романтикалық поэзияның, оның ішінде жаңа сипатты поэманың негізін қалаушы, заманымыздың ұлы шайыры Мағжанның ақындығы туралы Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, ноқатын, тәстипін қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек (материал) керек, ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу (изучать ету) керек»,— деп жазған еді. Өлеңдерге, жалпы ақын шығармашылығына түсініктер жазу барысында, осы пікірді басшылыққа алғанымызды айтып өту парыз.

Ақынның бұған дейін алты кітабы жарық көрді. Біріншісі —1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағы. Екіншісі —1922 жылы басылған «Мағжан Жұмабаев өлеңдері» (жауапты шығарушы — Бернияз Күлеев). Үшіншісі —1923 жылғы басылым —«Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» (жауапты шығарушы — Сұлтанбек Қожанов). Төртіншісі — ақынның бұрынғы үкімет тарапынан ресми ақталғаннан кейінгі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1988 жылғы желтоқсандағы қаулысынан соң, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» (жауапты шығарушы — Батырхан Дәрімбетов). Бесіншісі —1922 жылы «Ғылым» баспасы шығарған «Таңдамалы» (жауапты шығарушы — Б. Дәрімбетов). Алтыншысы —1993 жылы Түрік мәдениетін зерттеу институты Анкарада шығарған жинақ (жауапты шығарушы — Ферхат Тамир). Түсініктерді осы алты жинақты салыстыра отырып жаздық. Негізінен көзі тірісінде, өз қолынан шыққан, 1923 жылғы басылымды басшылыққа алдық. Өйткені 1989 жылғы басылымда баспа редакторларының «осы қалай болады?» деген «сақтықтарынан» «өңделіп» кеткен шығармалар бар екеніне салыстыру кезінде көзіміз жетті.

### 1911—1917

Бұл тарауға М. Жұмабаевтың 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта баспа жүзін көрген шығармалары енді.

«ЖАТЫР...» — алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланған. Одан соң 1912 жылғы «Шолпан» жинағына енген. 1989 жылғы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» кітабында біраз сөз өзгеріске түскен. Мысалға, 1912 жылғы кітапта «Астана жұрт билеген адамдарды» деген жолды, 1989 жылғы басылымда: «Өуелде жұрт билеген адамдарды» деп, «астананы» — «әуелде» сөзімен өзгерткен. Сол сияқты «Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр» дегенді, «Айттысып молдалармен іріп жатыр» деп, «Сезінбей өз өлгенін, өзгенікін, Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?» деген жолды «Сезінбей өзгенікін, өзінікін» деп өзгерткен. Автордың өз сөздері бұл жинақта қалпына келтірілді.

«ШЫН СОРЛЫ» — бұл өлең алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 9-санында жарық көрген еді. 1912 жылғы «Шолпан» жинағына да, 1923

жылғы Ташкент жинағына да енген. 1923 және 1989 жылғы жинақта өлеңнің түйіні болған бір шумақ алынып қалған екен. Ол:

*Қазақта сорлы ұрашы,  
Ерден теңдік көрер ме.*

*Тиылып, құрғап көз жасы,  
Бірге дәурен сүрер ме.*

Біз бұл шумақты қайта қосуды жөн көрдік.

«ЖАЗҒЫТҰРЫ» — алғаш «Айқаптың» 1912 жылғы 4-санында жарияланған. «Шолпан» жинағына да енген. Бұдан кейін 1923 жылғы жинақта жарияланған. «Шолпан» мен 1923 жылғы басылымда аздаған айырмашылықтар бар. «Шолпандағы» мына жолдар:

*Жетті апрель, су ақты, қырдан ойға,  
Арық-тұрақ секіріп кетті тойға*

1923 жылғы жинақта былай өзгертіліпті:

*Су ақты, жетті апрель, қырдан ойға,  
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.*

Сондай-ақ «Шолпандағы» мына жол:

*Қайғы мұңдық қалмады ешбір ойда,*

соңғы басылымда мынандай болып өзгертілген:

*Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.*

Біз соңғы нұсканы негізге алдық.

1989 жылғы басылымда: «Бай ауылы жылқы қамап, қыл күзетер» деген жол бар. Бұл 1923 жылғы басылымда:

*Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзетер,  
Белсенген жылқышыға ноқталаатыл,—*

делінген.

Біз 1923 жылғы нұсканы алдық.

«БҮЛБҮЛ» — Бірінші баспа жүзін көруі — 1912 жыл, «Айқаптың» осы жылғы 7-санында жарияланған. Одан соң «Шолпанда» (1912), Ташкент (1923), Алматы (1989), Анкара (1993) жинағында басылған. Бұл өлең туралы Қошқе Кемеңгеров былай деп жазды: «Мағжанның ақын болағындығы «Шолпандағы» «Бүлбүл» деген өлеңінде көрінген» («Еңбекші қазақ», 1926. 1 желтоқсан).

«Шолпан» мен 1923 жылғы кітаптағы нұскалар арасында айырмашылық бар. Мысалға: «Шолпандағы» мына жол:

*Суытасың, денені ысытасың,*

1923 жылғы басылымда:

*Денені суытасың, ысытасың,*

болып түзілген. Сондай-ақ:

*Анық білдім басқадан еш пайда жоқ,—*

деген жол:

*'Басқадан, анық білдім еш пайда жоқ,—*

болып, ал:

*Ашындырып сөйле оған менің жайым,  
Елжіретпей көңлің қанат қақпа?!—*

деген екі жол 1923 жылғы жинақта былай өзгертілген:

*Сөйте оған айтындырып менің жайым,  
Көңілін елжіретпей қанат қақта?!*

Сондай-ақ «Шолпандағы» мына жол:

*Суындыр, жата алмастай қыт төсегін.*

1923 жылғы басылымында мүлдем өзгерген:

*Өртенсін, қызыл жалын қыт төсегін.*

Соңғы шумақтың бірінші жолындағы «өткір тілдім» деген тіркес «сикыр тілдім» болып өзгертілген.

Біз 1923 жылғы нұсқаны алдық.

«ӨЛЕҢ» — Бұл өлең алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Ақын 1923 жылғы жинағына енгізбеген. 1989 жылғы жинақта бар.

«ЛӘЗЗАТ ҚАЙДА» — Бұл өлең де «Шолпан» жинағында ғана басылған. 1989 жылғы жинақта бірнеше жолдарға өзгеріс енгізген. Түпнұсқамен салыстырғанда:

*Қайдасың, ләззат,  
рахат деп.*

*Таппады сәт боп еш мұны,—*

деген жолдар:

*Ләззатты, достық, рахатты,  
Шаттыққа толы күткіні,—*

деп өзгертсе,

*Айтар сөзім ендігі,—*

деген жол:

*Шынында қорек болмас бұл,—*

деп алынған.

Тағы да басқа өзгерістер қалпына келтірілді.

«ЖАЗҒЫ ТАҢ» — ең алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Одан кейін ақын қолымен біраз өзгертіліп 1923 жылғы жинағына енген. 1989, 1993 жылғы кітаптарда бар.

«ЖАС КЕЛІН» — «Шолпанда» басылған. 1923 жылғы Ташкент, 1989 жылғы Алматы, 1993 жылғы Анкара жинағына да енген. Бұнда бір ғана жол өзгертілген.

*«А-а» деп шығармай,—*

деген жол 1923 жылы жинақта:

*Ләм деп бір сөз шығармай,—*

болып өзгеріпті. Біз соңғы нұсқаны алдық.

«АТАКТЫ АҚЫН СӨЗІ АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА» — 1912 жылғы «Шолпан» жинағында басылған. 1989 жылғы кітапта «Дүние қолын жайып енді күтпес», — деген жол, «Өлемнің құлағынан әні кетпес!» болып редакцияланған. Біз түпнұсқаға сүйенуді орынды деп таптық. Басқа да өзгертілген сөздер қалпына келтірілді.

«СОРЛЫ ҚАЗАҚ» — Бұл өлең ақынның ашына жазған запыран зары. «Қозғал, қазақ» деп надандыққа қарсы, халқының қамы үшін тебіренеді. Алғаш «Шолпан» жинағында басылған. 1989 жылғы жинақта еуелдегі:

*Өнер алып басқалармен қатар бол,  
Жер жүзі бір адамзаттың ұлына!—*

деген жол «жөнделіп»:





Бұл өлең «Шолпанда», Ташкенттегі, Анкарадағы жинақта және 1989 жылғы кітапта басылған. Өзгеріс жоқ, бір ғана тіркес: «Қайран кел», «Айдын кел» болып өзгертілген.

«БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ»—«Шолпан» жинағында басылған. 1989 жылғы ақын шығармаларына осы жинақ негіз болса да, бірнеше жолдар өзгертіліпті. Мысалы: «Ала алмас оны бағалап» деген сөзін: «Тл жетпес оны бағалап» деп, «Мейірімі көп, етек—кең!» деген жолды «Мейірімі көп, өзі — кең!» деп, «Жұртына мақтаулы, сыбаға сақтаулы» деген мақалды, «Жұртына ол мақтаулы, сыбаға үлкен сақтаулы» деп өзгерткен. Біз түпнұсқаға сүйендік.

«ТІРШІЛІКТІҢ КӨРКІ — ЕРІК»—«Шолпан» жинағында және 1989 жылғы кітапта басылған.

«ҚАЗАҒЫМ»—1912 жылғы «Шолпан» жинағынан алынған өлең. Осындағы:

*Бар жерді күннен күнге алып жатыр,  
Хохолдар алып қала салып жатыр,  
Қырылып өзі-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр,—*

деген шумақтағы: «Хохолдар алып қала салып жатыр» деген жолды 1989 жылғы жинақта «Біреулер алып қала салып жатыр» деп өзгерткен.

Сол сияқты:

*Мың жылғы өткен қуам деп ата-заңды,  
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық,—*

деген жолды:

*Мың жылғы өткен қумай ата-заңды,  
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық,—*

деп өзгерткен екей. Біз түпнұсқаны қалпына келтірдік.

«МЫСЫҚ ПЕН ЕТ»—«Шолпанда» және 1989 жылғы кітапта жарияланған.

«СҮЙГЕНІМЕ»—«Шолпанға» да, Ташкент, Анкара жинағына да және 1989 жылғы ақын шығармаларына да енген. Ташкент жинағына сүйендік.

«БІР КҮНІ»—Ақынның көзі тірісінде «Шолпан» жинағына ғана басылған. 1989 жылғы басылымда екі түрлі кемшілік кеткен. Біріншісі: шумақтар түпнұсқадағыдай аражігі ажыратылмаған. Екіншісі: «Тақта енді жоқ ойды деп қол сермеді!» деген жолды өзгертіп: «Дедім де, жөнелдім мен қолым сермей!» деп басқан. Біз түпнұсқаға жүгіндік.

«ҚҰР ҚАЛЫППЫН»—«Шолпан», Ташкент, Анкара және Алматы (1989) жинақтарына кірген. Екі жинақтағы сәл айырмашылық, 1912 жылғыда:

*Ең сүйгені болуға жақын қалты,—*

болса, 1923 жылғыда:

*Болуға ең сүйгені жақын қалты,—*

деп өзгерткен. Кей сөздердің орны ауысып түскен. Мысалы: «Таң атса да, сөз қатпай» жолы «Сөз қатпай, таң атса да» болып аумасқан. 1923 жылғы нұсқа алынды.

«ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН»—1912 жылғы жинақта ғана басылған. Кейінгі басылымдарға енбеген.

«ОРАЗАДА» — алғаш «Шолпан» жинағына енген.

Осындағы:

*Ораза деген қазаққа  
Құшылық емес, әдет қой.*

*Еріксіз жүрмей азапта —  
Пайданы ойла, қам ет, қой,—*

деген түйінді шумағы 1989 жылғы ақын «Шығармаларында»:

*Ораза деген қазаққа, Еріксіз жүру азапта —  
Құлшылық емес, өдет қой. Өдет боп келген нәлет қой,—*

леп бұрмаланған. Ақынның дәстүрге «нәлет» айтуы мүмкін емесі анық. Басқа да өзгерген жолдар қалпына келтірілді.

«КАРАҒЫМ»—«Шолпан» жинағынан алынған. 1989 жылғы басылымда:

*Білімсіз, құр қалтақтап жүрген менен,  
Ерте өлген, көмітулі қара жерге,—*

деген екі жол белгісіз себептермен алынып қалған екен, қалпына келтірдік.

«ТЛЕГІМ»—«Шолпан» және Ташкент, Анкара және Алматы жинақтарына енген. Айырмашылық — тақырыбында. «Шолпанда»: «Тлегім» («Қазақ қызы аузынан») деп алынса, Ташкент жинағында: «Тлегім» («Қыздың зары») деп өзгертілген.

«КҮЗ»— Бұл өлең де осы төрт жинақта (1912, 1923, 1989, 1993) басылған. Айтарлықтай өзгеріс жоқ. Тек кана: 1912 және 1923 жылғы басылымдағы «Күс құрт» деген сөз, 1989 жылы «Кұстар» болып өзгерген. Қалпына келтірдік.

«ОСЫ КҮНІТ КҮЙ»— алғаш «Шолпан» жинағында жарық көрген. Кейін 1989 жылғы жинаққа енді. 1989 жылғы басылымда:

*Өзіңдей адамзаттар не еып жатыр,  
Бос жүрсің баспанасыз, үйген тамсыз?—*

деген екі жол (1912):

*Түн басталды, не болмақ алда күнің,  
Бос жүрсің еш панасыз, үйсіз тамсыз?—*

болып өзгерген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

«МЕН СОРЛЫ»— Бұл өлең де «Шолпан» жинағында жарық көрген. 1989 жылғы басылымда: «(Шекірттің зары)» дейтін тақырыпша алынып қалған. Сондай-ақ бір-екі жол өзгерген.

Атап айтқанда:

*Алла-ау, көрсеттің қысым,—*

деген жол:

*Көрсеттің, алла, сен қысым,—*

болып,

*Оқуға бермей тиғанын,—*

деген жол:

*Оқуға ақша қимадың*

болып өзгерген. Түпнұсқаны қалпына келтіруге тура келді.

«АЛЛАНҒАН СҮЛУ» — «Шолпан» (1912), Ташкент (1923) және Анкара (1993) жинақтарына енген. 1989 жылғы «Мағжан Жұмабаев. Шығармаларында» бес шумақ көлемінде басылды. 1923 жылғы басылымда дәл осылай. Ал, 1912 жылғы «Шолпан» жинағынан бір шумақ және екі жол қысқартылған. Ол мынадай:

*Естілер бұ жаман ат қосағыңа Жүрерсің еңмырыңша тепкі астында  
Кайнатар, күнә сақтар оштығыңда, Бір кірмес шын елжірет құшағыңа.*

\* \* \*

*От алып ұшқан жастық шақ,  
Көздеймін соны — қайсы жақ, (1912)*

Сонымен қатар: «Таза ат, жақсы көрік бәрі кетіп» жолы (1912) Ташкент жинағында: «Тап-таза ат, көркем көрік бәрі кетіп».— деп өзгертілген.

*Ызыңдап ол да, бұл да сол сөзді айтар,  
Жас төкпей нағып сонда шыдар дәтің,—*

деген соңғы жолдар, 1912 жылғы жинақта былайша берілген:

*Күні-түн о да, бұ да соны айтар,  
Жас төкпей сонда нағып шыдар дәтің?!*

1923 жылғы жинақты негізге алдық.

•ТУҒАН ЖЕР»— алғаш «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, № 5), кейіннен Казан, Ташкент, Анкара жинақтарында басылған. 1989 жылғы жинаққа ешқандай өзгеріссіз енгізілген.

•ОРАЛ ТАУЫ»—«Қазақ» газетінде (1913, 22 наурыз, № 7), Казан, Ташкент, Анкара, Алматы (1989) жинақтарында жарық көрген. 1989 жылғы кітапта:

*Оралдай ата-мекен жерлеріне, Аузы түкіті шет елдер ие болып,  
Қасиетті атаның көрлеріне. Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне,—*

деген шумақ алынып қалған екен, қалпына келтірдік.

•КӨНІЛ»— Алғаш «Қазақ» (1915, 8 сәуір, № 117) газетінде жарияланған. Кейін ақынның Казан (1922), Ташкент (1923), Алматы (1989), Анкара (1993) қалаларында шыққан жинақтарына енген.

•ЖАРЫМА» — Алғаш «Қазақ» (1915, 22 сәуір, № 121) газетінде басылып шыққан. Кейінгі төрт жинақта да бар.

•ЕСІМДЕ ...ТЕК ТАҢ АТСЫН»— Бұл өлең де «Қазақ» (1915, 25 маусым, № 134) газетінде басылған және кейінгі жинақтарының бәріне енген.

•ТӨБЕТ»—1922 жылғы жинаққа енген, одан кейін жарық көруі осы.

•ЗАР»— Алғаш 1915 жылы «Қазақ» газетінде (22 қазан, № 154) жарияланған, одан кейінгі жинақтарының бәрінде бар.

•ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ»— Бұл өлең де осы бес басылымда жарияланған («Қазақ», 1916, 9 маусым, № 184).

•ОРАМАЛ»— Патшаның 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін жазылған. Алғаш «Қазақ» газетінде (1917, 16 ақпан, № 218) басылып шыққан. Кейіннен ақын бұл өлеңін Казан және Ташкент жинақтарына енгізген. Алматы (1989, 1992), Анкара жинақтарында да бар.

## 1911—1922

Бұл тарауда Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы Казан қаласында басылып шыққан шығармалар жинағына (дайындаған Қазақ АССР-ның Казан қаласындағы баспа жөніндегі төтенше өкілі Бернияз Күлеев) енген өлеңдері кіргізіліп отыр. Олардың мазмұнына қарағанда бұл өлеңдер 1922 жылға дейінгі әр түрлі кезеңде жазылған, сондықтан біз оларды жоғарыда көрсетілген жылдарда дүниеге келген деп шамалаймыз.

Бұл шығармалардың бәрі «Адастым» өлеңінен басқасы) 1923 жылы Ташкентте шыққан жинаққа енгізілген.

•ГҮЛСІМГЕ»— жиырмасыншы жылдардың басында Қызылжар қаласында мұғалімдер курсында Мағжанмен бірге қызмет істеген Гүлсім Камалова татар қызына арналған өлеңдердің бірі. Жинақтарының бәріне енген.

<sup>1</sup> Кейбір өлеңдердің қашан жазылғанын, кімге арналғанын анықтау мүмкін болмады.

«ОТ» — атақты символист Д.С. Мережковскийдің «Дети ночи» (1896) деген өлеңіне жауап ретінде жазылған өлеңдердің бірі. Орыс ақынының:

*Мы — над бездною ступени,  
Дети мрака, солнца ждем.*

*Свет увидим и, как тени,  
Мы в лучах его умрем.*

деген жолдарына М. Жұмбаев:

*Қараңғылық бұққанда  
Қызарып күн шыққанда,  
Күн отынан туғанмын.*

*Жүрегімді, жанымды,  
Иманымды, арымды  
Жалынменен жуғанмын,—*

деп жауап береді. Бұл өлеңдер циклы Европаны қанға бояған Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жылдарда жазылған деп жорамалдауға болады. Өйткені дәл осы кезде Батыс ойшылдары Европа тағдырының қыл үстінде тұрғаны, адамдардың моральдық қасиеттерінің төмендей бастағаны туралы пессимистік пікірлер айта бастап еді. Өсіресе Шпенглердің «Закат Европы» деген кітабы Ресейде танымал болатын. Осы идеялармен танысқан ақын «ОТ» сияқты бірнеше өлең жазады. 1989 жылғы жинақта 1923 жылғы кітаптағы:

*Әлгіге барсам Алтайдан,  
Балканға барсам Қытайдан...—*

деген жолдан кейінгі үш шумақ алынып қалған.

Ал 1923 жылғы жинақта 1922 жылғы жинақтағы соңғы шумақтың алдындағы бір шумақ қысқарып кеткен. Біз толық нұсқасын беріп отырмыз.

«ПАЙҒАМБАР» — Бұл өлең де Д. С. Мережковскийдің «Дети ночи» өлеңінің әсерімен жазылған. Бұған Д. С. Мережковскийдің:

*Устремляя наши очи  
На бледнеющий Восток,*

*Дети скорби, дети ночи  
Ждем, не придет ли наш пророк,—*

деген жолдарын эпиграф ретінде алуы да дәлел бола алады. 1923 жылы қысқарып кеткен 3-ші және 5-ші шумақтар 1989 жылғы жинақта қалпына келтірілген екен. Бірақ та 1989 жылғы кітапта онының шумақ түгелімен қысқарып кеткен екен. Толық нұсқасын беріп отырмыз.

«КҮНШЫҒЫС» — «ОТ» циклындағы өлеңдердің бірі. Бұл циклдың Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жазылғанын осы өлеңдердегі мына жолдар дәлелдей алады:

*Күнбатысты шаң басқан,  
Шаң емес, қара қан басқан.  
Тарсыл, гүреіт, қанды атыс,*

*Көп білем деп — бөлуге,  
Көп күлем деп — өлуге  
Жақын қалды Күнбатыс.*

Бес жинаққа да енген.

«АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА» — 1919 жылы Ататүрік бастаған түріктің ұлт-азаттық соғысына арнап жазылған. 1922, 1923, 1989, 1993 жылғы жинақтардың бәрінде де бар.

«ОРАЛ» — алғаш 1922 жылғы жинақта басылған — 1989 жылғы жинаққа енген. Басқасында бар.

«ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН» — 1922 және 1923 жылдарғы жинақтарға енген.

«АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ» — 1922, 1923, 1992, 1993 жылғы жинақтарға енген.

«ТЕЗ БАРАМ», «ЖАРАЛЫ ЖАН» — өлеңдерінің патшаның отарлау саясатына қарсы жазылғаны мазмұнынан айқын сезіледі. Бұл өлеңдер барлық жинақта бар.

«БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАКТЫ» — Мағжан Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде (1916) «Балапан» атты қолжазба журнал ұйым-

дастырады. Қарасөзбен жазылған бұл өлең осы журнал туралы. Барлық жинаққа енген.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» — патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылған өлеңдер циклына кіреді. 1922, 1923, 1989, 1993 жылғы жинақтарға енген. 1989 жылғы басылымда:

*Таралған түрік балаларым бауырыңа,  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!—*

деген түпнұсқаны бұрмалап:

*Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа,  
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім!—*

деп өзгертілген.

«ЖЕР ЖҮЗІНЕ» — Бұл да патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылған өлең. Жинақтарының бәрінде де бар.

«ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА» — 1923 жылғы басылымда осы тақырыптан кейін жақпаның ішінде «М. Д-ға хат» деп жазылған. Соған қарағанда өлең Міржақып Дулатовқа арналған. Патша саясатына қарсы жүргізген әрекеті үшін М. Дулатовты жергілікті жандармерия бірнеше рет тұтқыңға алған болатын. Сондай бір кезекті қамау кезінде жазылған.

«Шолпан» және 1992 жылдан басқа жинақтарының бәрінде бар.

1922 жылғы басылымда: «(М. Д-хат)» деген жоқ, ал мұны 1923 жылғы басылымда автор өзі қосқан.

«ТҮТҚЫН», «М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚКАНДА» — «Жауға түскен жанға» өлеңімен үндес шығармалар. 1922 жылдан бастап жинақтарының бәрінде бар.

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН», «...ҒА» өлеңдерін ақ патшаға қарсы жазылған шығармалар цикліне жатқызуға болады.

*Айбынды алаш елім дер,  
Алтын арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!—*

деп ақын «Алаш атын аспанға» шығаратын, өзінің қайдап тарағанын танып-білетін бүгінгі ұрпаққа ой тастайды.

«...ҒА» — өлеңінде ақын «мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп» жатқанда, сын-бәйгеге басып тігіп, елін келімсектерден құтқару үшін күрескен ер-азамат туралы жырлайды. Бұл өлеңдер де 1922, 1923, 1989, 1993 жылдардағы жинақтарына енген.

«ЖАЗДЫ КҮНІ ҚАЛАДА» 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған.

«ӨТКЕН КҮН» — Алғашқы нұсқасы «Қазақтың кешегі күйі» деген атпен 1913 жылы «Қазақстан» газеті (Орал) шығарған «Ызын» деген әр түрлі ақындардың өлеңінен құралған жинақта жарық көрген. Кейін Мағжан өлеңді мейлінше қайта түзетіп, кей жерлерін алып тастап, жаңа жолдар қосып, жеке сөздерді өзгертіп, мүлде жаңа өлең жасаған. Біз 1922 жылғы Қазан нұсқасын ұсынып отырмыз.

1989 жылғы басылымда:

*Қонысы — жібек, ну тоғай,  
Айдын шатқар көл еді,  
Есіл менен Нұрадай,  
Екі сиеге телі еді...*

шумағынан соң, жырланатын:

*Кой үстінде бозторғай,  
Жұмыртқалап ол күнде,  
Жарлы жан жоқ алашта,  
Бай пейілі кең еді,—*

деген төрт жол алынып қалған. Редактор «Жарлы жан жоқ алашта» деген сөзден қашқан болуы керек.

«ШЫН АЙТ»— 1922, 1923, 1992 және 1993 жылғы жинақтарда басылған.

«АЙҒА»—1910 жылдарда жазылғанға ұқсайды. олай болатын себебі татардың әйгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимов өзінің 1911 жылы жарық көрген «Қазақ қызы» деген романында осы өлеңнің мына:

*Кең даш, көресің ғой анау жатқан,  
Жібектей жасыт шөптер бетін жапқан,  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,  
Өне сол анам еді мені тапқан,*

— деген шумағын эпиграф стіп алған. Жинақтарының «Шолпаннан» басқасына енген.

«ТӨНІРІ»— ақын төнірімен тілдесе отырып «баласы алты алаштың — біз не қылдық?» деп қазақ халқының трагедиясын айтып күйінеді, күзіренеді. 1922 жылдан бастап жинақтарының бәріне енген.

«ТЛЕГІМ»— бұл да «Төңірі» тектес өлең. «Жырыммен жұртымды оятам. Несіне жас төгейің?!» деп толғанады ақын. «Шолпан» және 1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ»—1922, 1923 және 1993 жылғы жинақтарына енген.

«ЖҰМБАҚ»—бұл өлеңнің түпнұсқасында: «Жел есед — кім шешед?» деп ұйқастырған болса, 1989 жылғы жинақта: «Жел есті — кім шешті?» деп өзгерткен. Біз түпнұсқаны басшылыққа алдық. 1922 жылдан басқа барлық жинағында бар.

«АЙДА АТЫНДЫ, СӨРСЕМБАЙ»—1910 жылы мамыр айында Мағжан Бекмұхамед Серкебаев (КСРО халық артисі Е. Серкебаевтың әкесі) екеуі Қызылжар қаласындағы Мұқамеджан Бегішев ұстаздық еткен медресені бітіріп елге қайтады. Екі шәкіртті алып келуге Мағжанның әкесі Бекен Сәрсенбай деген көшірін жібереді. Бұлар ауылға келген соң Бекен қой сойып, қонағасы беруге бұйрық етеді. Тамақ піскенше Мағжан өлеңді жазып та тастайды, ет жеуге келген ауыл кісілеріне оқып береді. «Шолпан» және 1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне де енген.

«БЕСІК ЖЫРЫ»— Ақын жас нәрестенің болашағына сенім артып:

*Сен еріме  
Жас бөріме  
Қарсы кім тұрар?—*

деп ұрпақтың келер күндеріне көз тастайды. Өзгеріс жоқ. Алғаш ақынның «Педагогика» (1922) атты ғылыми еңбегінде жарияланған. Одан кейінгі барлық жинағында бар.

«ҰЛАН»—1922 жылдан бастап ақын жинақтарының бәріне енген.

«ЖАУЫНГЕРДІН ЖЫРЫ»— Бұл өлең де сондай. 1989 жылғы жинақта:

*Ұлт дегенде көпіріп,  
Жарайсың, қаным, қайнадың,  
Ұлтымнан мен садаға,  
Бекіндім басты байладым,—*

дейтін шумақты:

*Ел дегенде көпіріп,  
Жарайсың, қаным, қайнадың,  
Халқымнан мен садаға,  
Бекіндім, басты байладым,—*

деп өзгерткен. «Ұлт» деген сөзден қашып, оны бірде «ел», бірде «халқым» деген.

«БАТКАН КҮН, АТКАН ТАННЫҢ ЖЫРЫ»—«Шолпан» және 1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«СҮЙЕМІН»— бұл да сондай.

«МЕН КІМ?»— алғаш Қазан басылымында жарық көрген. Кейінгі жинақтарының бәріне енген.

«МЕШПТ ҺӨМ АБАКТЫ»—1992 жылғы жинақта жоқ, басқасында бар.  
«МАҒАРРИ СӨЗДЕР»— бұл ғибратты сөздер мен ойларға құрылған жеке-жеке шумақтар. Алғаш Қазан жинағында басылған. Одан кейінгі жинақтарының 1992 жылғысынан басқасында бар.

«ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН»— бұл да сондай.

«КӨБЕЛЕК»— бұл да сондай.

«ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ»— ескі шығыс аңызына құрылған өлең. Алғаш Қазан жинағында басылған. Содан кейінгі жинақтарының 1992 жылғысынан басқасында бар.

1922, 1923 жылғы басылымдарда:

*Заманында Ескендір  
Жеті ықылымды билеген,—*

болса, 1989 жылғы ақын шығармаларында:

*Заманында Ескендір  
Жеті әлемді билеген,—*

деп өзгерген. Біз ақынның көзі тірісінде шыққан нұсқаларды қалпына келтіруді жөн көрдік.

«ӨТКЕН — АЯУЛЫ»—1922 жылғы басылымда соңғы шумақтың екінші жолы көп нүктелермен толтырылған еді. 1923 жылы оның орнына «Жаңаны мақтар санаулы» деген жол түскен. Бұдан кейінгі 1989, 1993 жылғы жинақта бар.

«ҚҰРБЫМ»— ақын өз нұсқасында, буыны артық болса да: «Қорықпа, үмтыл сокса дауыл, ескегіңді ес» және «Құрғақта қайық жүрмес үмітіңді кес» деген. 1989 жылғы басылымда: «Қорықпа, сокса дауыл... «және... үмітің кес» деп «өңдеп» жіберген. Біз автордың өз нұсқасын алдық. 1992 жылдан басқа барлық жинағында бар.

«АДАСТЫМ»—1922 және 1992 жылғы жинақта ғана жарық көрген.

«БОСТАНДЫҚ»— 1923 жылғы жинақта осы өлеңге автор «1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған» деген ескертпе жазады. Соған қарағанда бұл өлең Омбыны чехословактар мен Колчак үкіметінің басып алған кезінде жазылса керек. Жинақтарының 1992 жылғысынан басқасына енген.

«ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ»— ақынның 1992 жылғы жинағынан басқа барлық кітаптарына енген.

«БІР БИГЕ»— бұл да сондай. Қызылжарда жмырмасыншы жылдарда адвокат болған Ғалиолла Ғалымжановқа арналған өлең. Ғалиолланың үйінде қонақта отырып, үй иесінің қолқа салуымен шығарылыпты. 1989 жылғы басылымда «Көріп тұрмын көзіммен» деген жол ойдан қосылған. Оны алып тастадық.

«КӨК ТЕКЕ», «ТӨБЕТ»—1992 жылғы жинақтан басқа ақынның барлық кітабына енген өлеңдер.

«ЖОЛЛАСКА»—1922 жылғы жинақта басылған. Кейінгі басылымдарға енген.

«ТОКАЕВҚА ЕЛІКТЕУ»—1922, 1923 және 1993 жылғы жинақтарға енген.

«ӨЛЕННІҢ ҮЙКАСЫ»—«Көк теке», «Төбет» өлеңдері тәрізді астарлы мысқыл, сынау-мінеуге құрылған дүние. 1992 жылдан басқа ақын жинақтарының бәрінде бар.

«ДОСТЫҚ ҺӨМ КӨЗ ЖАСЫ»— түпнұсқадан өзгеріссіз басылды. Тек соңғы шумақтың алдын автор жұлдызшамен бөлген еді. Біз де жұлдызшаға жүгіндік. 1992 жылдан басқа ақын жинақтарының бәріне енген.

«БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ — МЕНІКІ»— бұл өлеңнің соңғы шумағының екінші жолы 1989 және 1992 жылғы басылымда «Жындандырад мені сұлу нұр көркі» болса 1922, 1923, 1993 жылғы жинақтарда: «Жындандырад мені сұлу көркі» болып басылған. Сондай-ақ «Не қылса да



өлімнің өз еркі ...» деген жол «Не қылса да ол өлімнің өз еркі» болып өзгертілген. Әуелгі нұсқаны қалпына келтірдік.

«СЫРЫМ»— көңіл-күй лирикасы. 1923 жылғы басылымда: «тапылтапыл» ... сүрінем» деген 1922 жылғы жинақта: «қыбыр-қыбыр»... сүрінем» еді. Ақын өз қолымен өзгерткен. 1989, 1992, 1993 жылғы басылымдарда да 1923 жылғы нұсқа негізге алынған.

«СҮЙ, ЖАН СӨҮЛЕМ»— Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдерінің бірі. 1922 жылдан бастап барлық жинағына енген.

«ТӨГІЛГЕН ШАШЫ», «КҮМІС НҮРЛЫ АЙ», «ШОЛПЫ»— бұлар да сондай. Махаббат туралы, сүйіспеншілік сезім хақындағы жырлар. Кітапқа сол күйі өзгеріссіз ситілді.

«СЕН СҮЛУ»— көптеген ұрпақтың көңілінен шығып, жүрегінен орын тепкен «Бәрінен де сен сұлу» өнінің негізі Мағжан ақын жазған осы өлеңде. Оған:

*Шаңқай түсте өткір алтын Күн сұлу,  
Жымырдасан жұдыздармен түн сұлу.  
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,  
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!*—

деген шумақ дәлел болары анық. 1922 жылдан бастап жарық көрген кітаптарының бәрінде де бар.

«БІРАЗ ФЕТШЕ»— Бұл өлең жөнінде сөз болғанда Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақыңдығы туралы» мақаласын айтуға болады. Сол мақалада: «Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет ..., Александр Блок сынды жеке адамдарды дәріптегіш, дарашыл ақындарға мүрит болған, солардан тәлім алып, соларға сілктенген» деп жазған еді. Сол айтқандай Фет стиліндегі өлеңдердің бірі. Бірағы, жазылу формасы өзгеше дүние. 1922, 1923, 1993 жылғы басылымдардағы төменнен санағанда алтыншы жол «Сылдыр» деген сөз 1989-жылғы жинақта «Белдер» болып қате басылған екен. Қалпына келтірдік.

«N-FA»— Қызылжар қаласының Қуанышев Дәули деген байының қызы Жәмилеға арналған. Өлеңдегі «Алтын мүйіз»— Омбыдағы ресторанның аты. Ресторанда кездескен қыз — Жәмиланың немере әпкесі Әмина, «Граф»— Әминаның сол кездегі жігіті — Асфандияр Шорманов. Омбыда Қуанышевтың 48 бөлмелі екі қабатты үйі болған. Сол үйін чехословак лаңы кезінде Қуанышев қонақүйге айналдырған. Өлеңде кездесетін неміс, француз, чехтар — осы қонақүйдің меймандары. Соловьев деген сол кезде аты шыққан цирк балуаны.

Әмина — М. Әуезовтың «Кіналі бойжеткен» әңгімесіндегі бас кейіпкердің прототипі. Әмина кейін Кемелов деген кісіге тұрмысқа шыққан. Сексеннен асып барып дүние салды.

Өлең 1992 жылғы жинақтан басқа ақын кітаптарының бәріне енген. 1989 жылғы басылымда кеткен кейбір қателерді жөндедік.

«ЕС КІРГЕН СОҢ»—1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«СҮЙГЕНІМ АНЫҚ»— бұл да сондай.

«ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС»— 1922 жылғы басылымда тақырыпсыз берілген. 1923 жылғы басылымда тақырып қойылған. 1989, 1993 жылғы жинақтарға да солай енген.

«ЖАС СҮЛУҒА»— бұл өлең де 1992 жылдан басқа ақын кітаптарының бәріне енген.

«Г ...ГЕ»— Бұл да сондай. Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдерінің бірі.

«КӨНІЛІНДІ АШАР»— 1922 жылғы басылымда тақырыпсыз берілген. 1923 жылы осы тақырыппен алғаш жарияланған. 1989, 1993 жылғы жинақтарға да енген.

«СӘУЛЕ»— 1922 және 1923 жылғы «Өлде қалай тура кеп» деген жолды, 1989 жылғы басылымда «Өлде қалай кездесіп» деп өзгерткен. Қалпына келтірдік.

«ЖӘМИЛА»— өлең 1992 жылдан басқа ақын кітаптарының бәріне де енген.

«КАЙҒЫЛЫ СҮЛУҒА»— бес жинақта да бар өлең.

«ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА»— Гүлсім Камаловаға арналған алғашқы өлең. Бұл өлеңнің тарихы мынандай: 1920 жылы Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер курсыда Мағжан әрі директор, әрі мұғалім болып қызмет істейді. Сол кезде Башқұртстаннан Мичурин деген ауқатты кісі жақында ғана үйленген Гүлсім деген жас әйелімен көшіп келеді. Гүлсім Мағжан басқаратын курске математикадан сабақ беретін мұғалім болып орналасады.

Гүлсім курске келген күннен бастап өзінің асқан сұлулығымен, оның үстіне ерекше тақаптар мінезімен жұрттың көңілін өзіне аударады. Ол ешкімге сәлем де бермей, берген сәлемін де алмай тіп-тік келіп, тіп-тік шығып кетеді екен. Бір күні Мағжан оқытушылар бөлмесіне кіріп келсе, Гүлсім бір столдың жанында жалғыз отыр екен. Кіріп келген Мағжанға сөлт етіп қарамайды да, бұған таң қалған Мағжан Гүлсімге қарама-қарсы отыра қалады. Бірдене айтқысы келіп оңтайлана бергенде үй сыпырушы татар әйелі кіріп келіп: «Гүлсім ханым, сізді телефонға шақырады!» дейді. Гүлсім шығып кетеді. Мағжан столдың үстінде қалып қойған Гүлсімнің қалың дәптерін көреді. Дәптерді алады да оның бір бетіне табан астында шығарып осы 8 жол өлеңді жазады. Сәлден соң Гүлсім бөлмеге қайта кіріп: «Мағжан мырза, мені қожам шақырып жатыр, рұқсат етсеңіз қайтайын?» дейді. Мағжан рұқсат етеді. Ертеңіне Мағжан басқа мұғалімдермен дәлізде келе жатса, үйге Гүлсім кіріп, Мағжандарға қарама-қарсы жүреді. Өдетте жан адаммен тілдеспейтін, сәлем бермейтін паң Гүлсім: «Сәлеметсіз бе, құрметті Мағжан мырза» деп қастарынан өте шығады. Сол күні сабақ біткеннен кейін Мағжан Гүлсімге келіп: «Гүлсім ханым, Сізді орта жолға дейін шығарып салуға бола ма?» деп сұрайды. Сонда Гүлсім: «Жок, Мағжан мырза, орта жолға дейін емес, жолдың аяғына дейін шығарып салуыңызға болады!»— деп жауап береді...

Кейіннен Гүлсім Мағжанға өлеңмен былай деп жауап жазады:

*Жүрәклар таңірісі отлы!  
Көзіңнің шағласын меннан*

*Көшір бір өзге алғулеа,  
Сиқырлы йымдызым, тездан!*

Әйелінің Мағжанмен қарым-қатынасын сезген Мичурин арада бір жыл өткен соң Қызылжардан көшіп кетеді. Ол тіпті Мағжанды өлтірмекші де болады...

Гүлсім Камалова — татар қызы. 1914 жылы Петербургтегі ақсүйек қыздардың педагогикалық институтын бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа «шафқатлық төтесі» (сестра милосердия) болып қатысқан. Революция кезінде еліне қайтқан соң әкесі алғі Мичуринге қосқан.

Жинақтарының бәріне енген.

«...ҒА»— Қазан басылымынан бастап жинақтарының бәріне енген.

«ДОМБЫРА»—1992 жылдан басқа барлық жинағында бар.

«ТҮН ЕДІ»— Өлең Мағжанның жиен қарындашы Жамалға арналған.

Жамал Мағжанның жездесі Тастеміров Жақияның (Мағжанның апасы Ғалияның күйеуі) қызы. Жамалдың туыстары Мұса Мәубиев деген кісінің Закария деген баласына бермекші болып, уағдаласып қойған екен. Оған күйеуге шыққысы келмеген Жамал нағашысы Мағжанға келіп, осы өлеңді жаздырып алады. Жамал бұл кезде Қызылжар қаласындағы «Ақтас» ба-стауыш қазақ мектебінде оқып жүр екен. Мектепте өткен бір сауық кешінде ол осы өлеңді мәнерлеп оқып шығады. Өлең 1992 жылғы жинақтан басқа ақын жинақтарының бәріне де енген. 1923 жылғы нұсқаны алып отырмыз.

«КАРЫНДАСКА»— Бұл өлеңдегі «Ойла, күнім, келе ме екен ретке?!» деген түйінді жолдың, «күнім» деген сөздің орнына 1922 жылы көп нүкте қойылған еді. Мүмкін ақын қарындастың нақты атын жазуды ойлаған болу керек. Бірақ, 1923 жылғы басылымда көп нүкте орнына «күнім» деп қойылты. 1992 жылдан басқа барлық жинаққа енген.

«Р ...АЛЬБОМЫНА»— Рабиға Мәдикызына арналған. Мәди молда Қызылжар қаласының адамы. Өлең жазылған кезде Рабиға адвокат Ғалиолла Ғалымжаповтың әйелі. «Бір биге» деген өлеңге жазылған түсіндірмені оқыңыз. 1989 және 1992 жылғы басылымда 2-ші және 6-шы шумақтар өзгертіліп басылған екен, 1922—1923 жылғы нұсқаны қалпына келтірдік.

«Ж... ҒА»— Тастемірова Жамал Жақияқызына арналған. Туыстары Зақария Мұсаұлына күйеуге бермек болғанда, қыздың ол жігітті сүймейтінін білген Мағжан араласып, құдалықты бұзады. Жамал Таулық Бердіжолдин дейтін адвокатқа тұрмысқа шығады. Жамалдың сіндісі София әйгілі жазушы Хамза Есенжаповтың әйелі. Өлең 1992 жылдан басқа ақынның барлық жинағына енген. 1923 жылғы нұсқа негізге алынды.

«Ф... ҒА»— Мағжан ақынның оқудың сонына түсіп, үй көрмей кеткеніне әкесі Бекен қарсы еді. Уфаға барғанына да, Омбыға кеткеніне де ренжіп, өз қасында болуға күш салады. Бірақ, ақын көнбейді. Сондай сезімді ақын осы өлеңде де аңдатып:

*Туғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы —  
Желге айналған мен екенім білгейсің, —*

дейді. Өлең ақынның көзі тірісінде шыққан екі жинаққа да енген. 1989, 1993 жылғы кітаптарда бар.

«ҒАЗИЗАҒА»—1917 жылдың 19 қазан күні Омбыдағы «Үш жүз» партиясының басшылары облыстық қазақ комитетінің мүшелері Сейітұлы мен Жұмабайұлын тұтқынға алады. Бұл өлең ақынның сол «Үш жүздің» түрмесінде отырған кезінде жазылған. Ғазиза — Мағжанның туған пағашысы Өшірбектің немере інісі Ғазизбайдың қызы. Ғазиза қыздар гимназиясында оқыған. Сәбит Мұқановтың «Гелайттатып жүремін қарындасты» (1926) деген өлеңіндегі қарындасы осы Ғазиза. Өлең ақынның барлық жинағына енген.

«ЗУНРА»— бұл өлең де Ғазизаға арналған. 1989 жылғы басылымда 5-ші шумаққа «Төкпейді бірақ нұр күндіз» деген жол жапсақ қосылыпты. Алып тастадық. 1922 жылғы нұсқада соңғы шумақтың басындағы жол былай берілгені: «... , сен де «қаралым». 1923 жылғы нұсқада көп нүктенің орнына «Ғазиза» деген сөз жазылған. Біз 1923 жылғы нұсқаны негізге алдық.

«ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ»—«Үш жүз» түрмесінде жазылған өлең. Мағжан мұны өзінің бірінші әйелі Зейнепке арнап отырған сияқты. Зейнеп — Шоқан Уәлихановтың інісі Жақып төренің қызы Қадришадан туған. Әкесі Шоқан Тастеміров — Қызылжар қаласының байы Данияр қажының баласы. Мағжан Зейнепке революция жылдарында үйленген, ол 1919 жылы 10 ақпан күні баладан қайтыс болады. Баласы Граждан да келесі жылы мейірімсіз ажалдың қармағына ілінеді. 1922 жылғы жинақта тақырыпсыз берілгені. 1923 жылы ақын жоғарыдағы тақырыпты қойған. 1989, 1992, 1993 жылғы жинақтарға да енген.

«ӨЙЕЛ»— алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. Одан кейінгі 1923, 1989, 1993 жылғы жинақтарға енген.

«З ...ҒА»— Зейнепке арналған өлең. Шамасы 1919 жылы Зейнеп қайтыс болған соң жазылса керек. Барлық жинағына енген.

«АНАМА»— шешесі Гүлсімге арналған. Мағжан 1929 жылы ұсталғаннан кейін-ақ бұл отбасының шаңырағы шайқалта бастаған. Жергілікті органдар оларды «жаудың туыстары» деп қуғынға ұшыратқан. Бекен 1934 жылы қайтыс болады. 1937 жылы Мағжанның екі ағасы мен бір інісі «халық

жауының туыстары» деген себеппен түрмеге қамалады. Гүлсім апай Мағжанның інісі Сәлтайдың әйелі Бибізәйіптің қолында қалады. Түрмеден аман қалған балалары Қырғызстанға жан сауғалап көшіп кетеді. Бар баласынан айрылған Гүлсім апай олардың иә өлісін, иә тірісін білмеген күйде 1943 жылы дүние салады. Өлең ақын жинақтарының бәріне енген, «Шолпаннан» басқасына.

«ТҮС» — абақтыда жазған дүниесі. «Қор болды ғой қалың қайрат, есіл күш, Абақтыда қолдан келер қандай іс?» деп күйінугі де сондықтан. Өлеңде өзгеріс жоқ. 1923 жылғы түпнұсқадан алынды.

«КАРАНҒЫЛЫҚ ҚОҚЛАНЫП КЕЛЕДІ» — «Үш жүз» түрмесіне қамалар алдында жазылған өлең болса керек. Ақын табиғат пен өмір қараңғылығы қоқланып келе жатқанын іштей сезгендей. «Ой басты ма? Өлде көзім талды ма, мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді» деуі де сондықтан.

1922 жылғы басылымда тақырыпсыз берілген. 1923 жылғы басылымда, автордың өзі осы айдармен беруіне орай, тақырыпты сол күйінше қалдырды. 1922 жылғы нұсқада соңғы шумақтың екінші жолы «Сөнген шоқты күліп бала күледі» деп жазылса, оны 1923 жылы ақын «Сөнген шоқты үріп бала күледі» деп өзгерткен екен. Сондай-ақ алғашқы шумақтың соңғы екі жолын өзгертіпті. Біз 1923 жылғы нұсқаны алдық.

«САРҒАЙДЫМ» — «Үш жүз» түрмесінде отырып жазған өлең. Шамасы, 1917 жылдың аяқ шенінде жазылса керек, өйткені өлеңде «мінеки екі ай болды жалын жұтып» деген жолдар бар. Мағжанның түрмеге қамалуы жөнінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуінен» білуге болады. 1988 жылғы басылымының 92—95 беттерін қараңыз (С. Сейфуллин. 5 томдық шығармалар жинағы, 4 том). Өлең Мағжанның бес жинағына да енген.

«ЖЕЛ» — Бұл өлең де ақынның абақтыдағы зары, желмен сырласуы. Сырласа отырып, Сарыарқаны еске алады, сағынады. «Жібермейді қара темір қайрымсыз, Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін» деп қамығады. 1992 жылғы жинақта жоқ, басқаларында бар.

«САҒЫНДЫМ» — Бес жинаққа да енген. 1989 жылы өзгерген жолдар қалпына келтірілді.

«ЖЕЛ» — бұл тақырыптас алдыңғы өлеңмен мазмұны жағынан ғана емес, түрі, құрамы жағынан да өзгеше өлең. 1923 жылғы басылымда:

*Жел — тым тентек бір бала. Ерні өтірік қыбырлап,  
Жан сүйгені сар дала. Сыр ұйтқан боп сыбырлап,  
Дамыл алмай жүгіред. Кейде өгіз боп өкіред, —*

тәрізді болса, 1989 жылғы жинақта: «Дамыл алмай жүгірер. Кейде өгіз боп өкірер» деп өзгерткен. Яғни, «д» әрпін «р» әрпімен алмастырған. Біз түпнұсқасын қолай көрдік.

«БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА» — Граждан (Азамат соғысы кезінде туған баласына осындай ат қойыпты) деген ұлы қайтыс болғанда жазған өлеңі. Бұл жөнінде «Қазақ әдебиеті» газеті былай деп жазды: «Мағжан Зейнепке 1918 жылы үйленді. Алайда, Қолчактың Батыс Сібір жерін басып алуына байланысты үлкен той бола алмады. Зейнеп адамгершілікті жоғары бағалайтын, ер сыйлайтын, ауыр мінезді, асыл жан еді. Зейнептің жеке басының бұл ерекше қасиеттері Мағжанның семьяда сүйіспеншілік құрып тұруына үлкен әсер етті. Ол семьясымен Омбыда тұрғанда, қазақ мұғалімдерін дайындайтын курс ашып, оның директоры болды. Кейін бұл курс Қызылжардың педучилищесінің негізін қалаушы болды. Мағжанның семьялық шаттық өмірі көпке бармады. Зейнеп 1919 жылы 10 ақпанда, бала үстінде қайтыс болды. Туған бала тірі жетім болып қалды. Атын «Граждан» деп, азамат соғысына байланысты Мағжан өзі қойды. Бірақ ол да өкпесіне суық тиіп ауырып, 9 айдан соң қайтыс болды. Осындай ауыр қазалардан кейін Мағжан өзін жұбатып, баласына арнап өлең

жазды. Оны «Баланың қабір тасына» деп атады». Жинақтарының бәріне енген.

«ӨМІР»— бұл тақырыпты екі өлең қатар жазылған. Көңіл-күй лирикасы. Жинақтарының бәрінде бар.

«ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП»— өлеңнің жазылу стилімен ерекшеленетін дүние. Алғашқы нұсқада (1922) «Түнғық дария түбі жоқ» дейтін жол, 1923 жылы «Түнғық теңіз түбі жоқ» болып өңделген. 1989, 1992, 1993 жылғы басылымдарға да енген.

«САҒАТ»— бұл өлең төрт жинақта (1922, 1923, 1989, 1993) бар.

«АУРУ»—1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«ЖҮЛДЫЗДАРҒА»— бұл да сондай.

«ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ»— бұл да.

«КӨКШЕТАУ»— Мағжан 1922 жылы жазды күні Көкшетауға барып, Бурбайды аралайды. Сырымбетте Қоскөл деген жерде отырған Шоқан Уәлихановтың кенже інісі Қоқыштың үйінде болады. «Көкшетау» циклі осы жерде жазылған деген жорамал бар. Жинақтарының бәріне енген.

«ТОЛҚЫН»— ақын репрессияға ұшырарда кінә стіп тағылған өлеңдердің бірі көрінеді. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады, толқынмен толқын жарыса» деген қуатты өлең жолдарының астарында қоғамға қарсылық бар деген айып тағылған. 1922 жылдан бергі жинақтарының бәрінде де бар.

«ҚАЙЫН»— бұл өлең жазылу стилі жағынан ерекше. Бес буынды жыр жолдарымен ақын алда тұрған қиын да қасіретті күндерін ойлайтындай. Сондықтан да «Қайғылы қайың» мұңымен сырласады. Бұрынғы басылымдармен салыстырғанымызда айтарлықтай өзгерістер таптадық. Жинақтарының бәріне енген.

«ҚЫСҚЫ ЖОЛДА»— бұл да сондай. Өлең жазылу формасымен ерекше. «Қысқы жол» өмір жолымен астасады. Өлеңнің алғашқы басылымдағы мазмұнымен қатар, өлеңдік формасын да сақтауды қадағаладық.

«ЖАЗҒЫ ЖОЛДА»— сар далада жалғыздықпен күн кешкен ақын елдің, халықтың ертені үшін қапаланып «Келем жалғыз жаюмын» дейді. Табиғаттың алуан суреттері арқылы астарлы ойын жеткізеді. Алғашқы басылымдағы өлеңнің жазылу формасын қалпына келтірдік. Жинақтарының бесеуіне де енген.

«ЖАЗҒЫТҮРҮМ»— ақын мазмұнға сай форманы қолданып, алты жолдан соңғы жетінші тармақпен түйіндеп отырады. 1992 жылғы жинақтан басқаларына кірген.

«ЖАЗ КЕЛЕДІ»—1989 жылғы басылымда:

*Жел жалығып, хал жиып,  
Қалғып қана тербелед.*

*Жұмсақ қана жымып,  
Жібек қанат жаз келед,—*

деген тәрізді түпнұсқаны өзгертіп, «Тербелед»— тің орнына «тербелер», «жаз келед»—тің орнына «жаз келер» деп өзгерткен екен. Біз ақынның өз нұсқасын қалдырдық. 1922, 1923, 1992, 1993 жылғы жинақтарға да енген.

«СЕН»— бұл да сондай.

«ЖИПЕНДІ ҚАРА ОРМАН»— ақын жинақтарының бесеуіне де енген.

«МАХАББАТ НЕ?»— ақын жинақтарының бесеуіне де енген.

«ШЫЛЫМ»—1992 жылғы жинақтан басқасына кірген өлең.

«АЛЕКСАНДР БЛОК»— бұл да сондай. 1921 жылы А. Блок қайтыс болған күні жазылған өлең. А. Блокты Мағжан үлкен ақын ретінде құрмет тұтқан. Өлеңдегі «Әдемі әйел»— Блоктың «Прекрасная Дамаск».

Александр Блок — ұлы орыс әдебиетіндегі ең күрделі тұлға. Тұлға ғана емес, күрделі құбылыс. Орыс ғалымы Владимир Орлов Александр Блокты гачаюнға теңеп, осы аттас көлемді кітап жазды. Гамаюн — көне орыс әдебиетінде көп сырланған ғажайып ертегі құс. Виктор Васнецовтың қыл

қаламынан шыққан көркем суретте ғамаяонның басы — адамның басы да, денесі — құстың денесі. Аңыздың айтуынша, ғамаяон — болашақты болжағыш пайғамбар — құс, адам — құс. Міне осы сомсуретке қарап отырып Александр Блок 1899 жылғы жиырма үшінші ақпан күні, он тоғыз жасында «Пайғамбар құс ғамаяон» атты өлең шығарыпты. Мағжан ақынның: «Блок? бір бұлбұл, Блок-бұлбұл сайраған» деуі де сондықтан.

«N... АЛББОМЫНА»—1922 жылғы басылымнан бастап жинақтарының бәріне енген. Кімге арналғанын анықтау мүмкін болмады.

«АЛДАМШЫ ӨМІР»—1922 жылғы басылымдағы:

*Өмір сөнед. Үміт өлед. Не қалды?  
Мәлт-мәлт етіп көзге ыстық жас келеді.*

деген жолдарды 1923 жылғы басылымда ақын:

*Өмір сөнед. Үміт өлед. Не қалды?  
Мәлт-мәлт етіп көзіме жас келеді,—*

деп өзгерткен екен. 1989 жылғы басылымда кеткен қателер жөнделді. Өлең ақынның 5 жинағына да енген:

«АЙРЫЛҒАНДА»— Гүлсім Камалова көшіп кеткен соң жазылған өлең. Кейін Мәскеуде тұрған кезінде Мағжан әйелі Зылиқа скеуі трамвайда кетіп бара жатып, Гүлсімге кездесіп қалады. Гүлсім де, Мағжан да үндемейді, беттеріне бір-бір қарап бұрылып кетеді. Өлең тақырыбындағы «Г-ге» деген жақша ішіндегі сөз 1922 жылы жоқ болатын 1923 жылғы басылымда пайда болған. Осы нұсқа алынды.

«КҮЗДІ КҮНІ»—«Жазғытұрым» өлеңіндегідей, алты жолдан соңғы жетінші тармақпен түйіндеі отырады. 1992 жылдан басқа жинақтардың бәріне де енген.

«БОЛСА ГҮЛСІЗ»— Бұл да сондай. 1922 жылғы басылымда «Үнсіз бұлбұл бір...» «Отсыз жүрек...» болса, ал 1923 жылғы басылымда көп нұсқалардың орнына сөз қойыпты: «Үнсіз бұлбұл — бір сұр құс», «Отсыз жүрек — бос қуыс». Сондай-ақ 1922 жылғы басылымда өлеңге тақырып қойылмаған.

«ОЙ»—1992 жылдан басқа жинақтарының бәрінде де бар. Өлеңнің түпнұсқалық формасы сақталды.

«ЖАН СӨЗІ»—1920 жылғы майда жазылса керек: «Енді бір ай болады — жиырма жеті». Мағжан 27-ге 1920 жылдың 25 маусымында келген. 1922 жылғы басылымда

*От та еді, дауыл да еді, құйын да еді,  
Тұншығып, жит ақыным, деп күлер ме?*

деген екі жолды 1923 жылы ақын:

*«Ойы жоқ, ессіз отты Тәңірі көрген  
Тұншығып, жит есерім, деп күлер ме?»—*

деп өзгертіпті. 1923 жылғы басылым негізге алынды. 1989 жылғы кеткен қателер қалпына келтірілді.

«МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӨЛДИЛЕ» — Мағжанның трагедияға толы өлеңдерінің бірі. Шамасы, әуелі сүйген жары Зейнеп, онан соң сүйікті ұлы Граждан мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін жазылған болса керек, өйткені өлеңде періште күйінде ол дүниеге аттанған жас нәресте, жасқа тұншығып өлген «Бетінен алма қан тамған, тілінен тәтті бал тамған» жас сұлу образдары бар. 1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«ТІРІЛДІМ»—1920 жылы жазылған. Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдерінің бірі. 4 жинақта (1922, 1923, 1989, 1993) да бар.

•**ЖҮЛДЫЗДЫ — ЖҮЗІК; АЙДЫ АЛКА ҒЫП БЕРЕЙІН**— алғаш «Сана» журналында (1923, № 1) басылған. Сол жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағына, сондай-ақ 1989, 1992, 1993 жылғы жинақтарға енген.

•**ЖАЙ ӨНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ**— «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 25 қаңтардағы санында жарияланған. 1989 жылғы кітапқа енген.

•**БЕРНИЯЗҒА**— «Ақжол» (1923, 22 ақпан). XX ғасырдағы қазақ поэзиясына өзіндік үн қосқан Бернияз Күлеев (1899 жылы туған) Мағжанның ең жақын ақын інісі болатын. Бернияз поэзияға революция жылдары келеді. Қазақстанның астанасы Орынборда тұрған кезде қазақ үкіметінің Қазан қаласындағы баспа істері жөніндегі төтенше өкілі қызметінде болады. Өзінің баспа орындары жеткілікті дамымаған Қазақстан кітаптарының Қазан баспаханасында сапаты басылып шығарылуына басшылық жасайды. Сонда жүріп бір татар қызымен танысып, сөз байласады. Бірақ екеуінің үйленуіне қыз әкесі рұқсат бермейді. Өмірден махаббатты артық санаған екі жас өздерін-өздері өлтіреді.

1989 және 1992 жылғы жинаққа енген.

•**ЕҢБЕК — ӨЛІМ, ЖАН ҚАНАТЫН ҚИЯТЫН**— Алғаш «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 271-ші санында жарияланған, одан кейін баспа бетін көрген жоқ.

•**СЫРДАҒЫ АЛАШКА**— «Ақжол» (1923, № 302, 10 мамыр). 1989 және 1992 жылғы жинақтарға енген.

•**ШОЙЫН ЖОЛ**— «Ақжол», 1924, № 410. Одан кейін «Азат» газетінде ғана (1990) басылды.

•**ТІРІ БОЛ**— «Ақжолдың» 1923 жылғы 318-ші санында жарияланған. 1989 жылғы басылымға енген.

•**ТҰРАНЫН БІР БАУЫНДА**— «Ақжол» (1923, № 318). 1989.

•**АЛАТАУ**— «Ақжол» (1923, 13 қыркүйек). Мағжан 1923 жылғы жаз кезінде екі айдай Пішпектен 78 километр жердегі Ыстық-Ата демалыс үйінде тынығады. Осында жүріп «Алатау» циклін жазады.

•**Р-ҒА**— 1923, 1989, 1992 және 1993 жылғы өлеңдер жинағына енген.

•**ТҮРКІСТАН**— бұл өлең де алғаш 1923 жылғы жинақта жарық көрген. Мағжан Ташкентке келгеннен кейін жазылса керек. Ол кезде Ташкент — Түркістан республикасының астанасы. Оған қазіргі Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстанның Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстары қараған. Бұл өлеңнің 1989 жылғы жинақта екі шумағы алынып қалған. Біріншісі:

*Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,  
Түркстан алты алашқа болған кебе.  
Тұранның топырағын құшып жатыр,  
Кешегі ердің ері көкжал Кене.—*

деген шумақ та, екіншісі:

*Қырағы Тянь-Шань менен Памир, Алай,  
Күтеді көптен сені қарай-қарай.  
Кене мен Абылайдың жолын құмай,  
Жапанда жайылудың мәні қалай?*

•**СӨРСЕНБАЙДЫҢ ЖЫРЫ**— 1923 жылғы жинаққа енген.

1989 жылғы басылымда шумақтардың аражігі ажыратылмаған.

•**ЖАРҒЫМ**— бұл өлең де 1923 жылғы жинаққа енген. 1989 жылғы жинақта: «өз салдырмайд» деген сөзді, «бұрылтпайды» деп өзгерткен. Сол сияқты: «Әкем маған: «Сауда қылып мал тап!»— дейд» деп басталатын шумақтағы: «дейд» сөзін, «дер» деп жазған. Автордың өз нұсқасын алдық.

•**ӘЖЕ**— «Ақжол» (1924, № 404), 1989 жылғы жинаққа енген.

•ЖЫЛКЫШЫ»—«Ақжол» (1924, № 408), 1989.  
•АЛАТАУДА»—«Ақжол» (1924, № 409), 1989. «Алатау» цикліне кіретін өлең.

•ҚОНЫР ЖЫР»—«Ақжол» (1924, № 413), 1989.  
•АСЫҚ ИҮРУ»—«Ақжол» (1924, № 415) 1989.  
•ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ»—«Ақжол» (1924, № 416), 1989.  
•ЕСКІ ТҮРКІСТАН»—«Ақжол» (1924, № 435). «Түркістан» цикліне кіретін өлеңдердің бірі. 1989 жылғы жинақта:

*Өте берсе орыстың  
Бұлкіл бөксе мәржасы,—*

деген жол қысқарып кеткен. 1992 жылғы жинақта толық берілген.

•ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚКА»—«Ақжол» (1924, № 445), 1989. «Алатау» циклінен.

•ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ»—«Ақжол» (1924, № 452), 1989.  
•НЕМЕРЕ МЕН ӨЖЕСІ»—«Ақжол» (1924, № 459), 1989.  
•КОЙШЫ БАЛА МЕН КҮШІК»—«Ақжол» (1924, № 460), 1989.  
•ЕДІЛДЕ»—«Ақжол» (1924, № 462) 1989, 1992. «Еділ» цикліне кіретін екі өлеңнің бірі.

•ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА»—«Ақжол» (1924, № 472), 1989, 1992.  
•СӘЛЕМ ХАТ»— Алматы облыстық «Тіліш» газетінде (1924, 3 желтоқсан) жарық көрген. Сол жылдың 19 желтоқсанында Сәбит Мұқанов «Еңбекші қазаққа» Мағжанның осы өлеңіне жауап ретінде «Сәлемге сәлем» деген ұзақ өлең жариялады. Бұл жөнінде «Алматы ақшамы» газетінің 1989 жылғы 12 шілдедегі санын қараңыз. 1992 жылғы жинаққа енген.

•ҰЛБОСЫН»—«Еңбекші қазақ» (1925, № 399), 1989.  
•ЖЫЛКЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ»—«Жаңа мектеп» (1926, № 6), 1989.  
•ҚАРЫНДАСТАР»—«Әйел теңдігі», (1927, № 6), 1989.  
•АҚ ҚАЛА»—1927 жылы жарық көрген. «Балаларға тарту» атты жинаққа және 1989 жылғы кітапқа енген.

•АТА-БАТА»— бұл өлең де осы жинақтардан алынды.  
•АНА»— бұл да сондай.  
•СЫЛДЫРМАҚ» бұл да сондай.  
•САЛ, САЛ БЛЕК»—«Балаларға тарту» жинағынан алынды.  
•БӨБЕКТИҢ ТІЛЕГІ»— бұл да сондай.  
•СҮР ҚҰЛЫН...»—«Балаларға тарту» жинағынан. 1989 жылғы жинаққа енген.

•АЛ ІШІНДЕР, БҮЛ ҚЫМЫЗ»—1989 жылғы жинақтан алынды.  
•ҚАЗАҚ ҚЫZYНА ӨЗІЛ», «КОЙШЫНЫҢ ӨЛӘУЛӘЙІ»—1974 жылы Серке Қожамқұловтан жазып алынды. 1989 жылғы жинаққа енген.

•СЫРЫҚ МОЙЫН, БІЗ МҰРЫН»—1969 жылы жазушы Жүсіпбек Атайбаевтан жазып алынды. Өлеңдегі «кірпішетке»— жиырмасыншы жылдарда бидайдың жоғарғы сартғы ұнын қазақтар осылай атапты. 1989 жылғы жинақтан алынды.

•БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ»— бұл да сондай. 1931 жылы ақын айдауда жүргенде шығарған өлеңі.

•БІР КЕЗДЕ ІШТІК АРАҚТЫ»— Мағжан шығарған дейтін өлеңдердің бірі. Қашан, қай жағдайда дүниеге келгені туралы дерек жоқ, баспа бетін көрген-көрмегені белгісіз. 1989 жылғы жинақтан алынды.

•ЖІГЕР ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ»— Никольск қаласының тұрғыны зейнеткер Жанабай Сүтегенов ақсақалдан алынды. 1929 жылы Мағжандармен бірге түрмеге қамалған біреу көп ұзамай қылмысы болмағандықтан бостандыққа шығатын болады. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтардан ескерткішке бір ауыз өлең шығарып беруін өтінеді. Сонда Мағжан осы өлеңді жазып беріпті. 1989 жылғы жинақта баспа бетін көрген.



«ӨЗЕННІН СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП» — бұл өлең туралы да әзірге қолда мәнді дерек жоқ. 1989 жылғы жинақтан алынды.

## ЭПИГРАММАЛАР

Ақынның әр жылдарда өзіне таныс адамдарға, сол кездегі мемлекет, әдебиет пен мәдениет қайраткерлеріне жазған әзіл-қалжың эпиграммалары. 1989 жылғы басылымда Мұстафаға (Шокаевқа), Сәкенге (Сейфуллинге), Сейітқали Мендешевке және Мұхамбетжан Бейсеновке жазған эпиграммалары алынып қалған.

**ӨЛБИ ЖАНГЕЛДИН** — Қызыл комиссар. 1884 жылы туған. 1915 жылы РСДРП құрамына кірген. Революция жылдарында Дала өлкесінің төтенше комиссары болған. Кеңестердің I Торғай облыстық съезінің төрағасы, кейіннен әр түрлі басшы қызметтерде болған. 1953 жылы қайтыс болды.

**МАДИЯР** — ғасыр басындағы көрнекті ағартушы, ақын, журналист, ғалым Міржақып Дулатовтың бүркеншек аты, тұрғыластары оны осылай атаған.

**МУСТАФА ШОКАЕВ** — 1890 жылы 7 қаңтарда Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында дүниеге келген. Ташкент гимназиясын I-ші дәрежелі үлгірімде бітірген. Одан соң Петербург қаласына сапар шегеді. 1941 жылы 27 желтоқсанда Берлин қаласында қайтыс болған.

**АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ** — адвокат, «Алаш» партиясының Омбыдағы комитетінің бастығы болған.

**АСЫЛБЕК СЕЙТОВ** — дәрігер, революцияға дейін Омбы медицина институтын бітірген, әкесінің аты — Жұман. 1937 жылға дейін Көкшетау облысы Еңбекшілер ауданы Қазгородок деген селода дәрігер болған. 1936 жылы күзде айдаудан келген Мағжанды қонаққа шақырған. 1937 жылы түрмеге қамалған.

**МУСЫЛМАНБЕК СЕЙТОВ** — А. Сейітовтың інісі.

**АСФАНДИЯР ШОРМАНОВ** — Баянауылдағы атақты Шормановтар тұқымынан. Әкесінің аты — Өмір. 1916 жылы Омбы қаласындағы ауылшаруашылық институтын бітірген. Мағжанның «N-...ға» деген өлеңіндегі «граф» осы.

**ШАЙБАЙ АЙМАНОВ** — Шәкен Аймановтың әкесімен бірге туған.

**СМАҒҰЛ ҚАЗЫБЕКОВ** — қостанайлық.

**ӨЛІМХАН ЕРМЕКОВ** — туған жері — Қарқаралы. 1913 жылы Томск қаласындағы политехникалық институтты бітірген. Математик. Атақты орыс ғалымы Н. Потаниннің шәкірті. Біраз кітаптар жазған. Екі рет репрессияға (1929, 1937) ұшыраған. «Алаш» көсемдерінен.

**ХАЛЕЛ ҒАББАСОВ** — Семей «Алашордасының» сыртқы істер және қаржы министрі болған. Ағылшын, неміс, француз тілдерін еркін меңгерген. 1931 жылы атылды.

**НӨЗІР ТӨРЕКҰЛОВ** — Компартияның көрнекті қызметкері. 1893 жылы Қоқан қаласында туған. 1918 жылы большевиктер партиясына өткен. 1920—1922 жылдарда Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің төрағасы. 1922 жылы РКП (б) Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының мүшесі. Кейіннен Мәскеуге қызметке ауысқан. Онда «Күншығыс» баспасының директоры болған. Бұдан соң дипломатиялық жұмысқа ауысып, 1936 жылға дейін КСРО-ның Сауд Аравиясындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарған. 1937 жылы репрессияға ұшыраған.

**ХАЙРЕДДИН БОЛҒАНБАЕВ** — журналист. «Алаш» партиясының мүшесі болған. «Бортан бала», «Кәрі тай» деген бүркеншек аттармен жазған.

**МҮСЫЛМАНБЕК МЕЙРАМОВ** — кім болғаны туралында әйре ақпарат дерек жоқ.

**ОМАРТАЙ ЖӨНБЕКОВ** — бұл кісі жөнінде де дерек жоқ.

**ТЕЛ ЖАМАНМҰРЫНОВ** — ақтөбелік, «Алаштың» бейнесі мұның дерінен.

**ИСА КАШҚЫНБАЕВ** — дәрігер. Батыс Қазақстаннан.

**БАҚЫТЖАН КАРАТАЕВ** — юрист. 1860 жылы туған. 1903—1907 жылдары кадет партиясына мүше болған. 1917 жылдың мамыр айында большевиктер партиясына өткен. Екінші Мемлекеттік думаның депутаты. **МЫРЗАЛИЕВ** — батыс қазақстандық.

**АСХАТ САЙДАЛИН** — атбасарлық. Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген.

**САТЫЛҒАН САБАТАЕВ** — 1920 жылы атылғанынан бастап мәлімет жоқ.

**ӨБЛҚАЙЫР ДОСОВ** — 1899 жылы туған. 1919 жылы РКП(б) қатарына кірген. 1920 жылы Қазақ КСР-ы Орталық атқару комитетінің хатшысы. 1922—26 жылдарда Семей гуауаткомының төрағасы, 1938 жылы репрессияға ұшыраған.

**РАЙЫМЖАН МАРСЕКОВ** — Семей «Алашордасының» бастығы. Кейін Қытайға өтіп кеткен.

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ** — әйгілі қазақ жазушысы. 1889 жылы туған. 1931 жылы репрессияға ұшырап, атылды.

**МҰХТАР ӨУЕЗОВ** — қазақтың ұлы жазушысы. Ташкентте Мағжан екеуі сыйлас, сырлас болған. «Шолпан», «Сана» журналдарын, «Аджол» газетін шығаруға екеуі де белсене атсалысқан.

**ӨБДІРАХМАН БАЙДІЛДИН** — әдебиет сыншысы. 1930 жылғы әдебиет энциклопедиясының (Мәскеудегі коммунистік академия шығарған) 4 томына Мағжан туралы мақаласы кірген. «Алаштың» I съезі астында (1917) Әлихан Бөкейхановтың адъютанты болған. ҚазАПП басшыларының бірі. 1931 жылы репрессияға ұшыраған.

**ЖҰМАҒАЛИ ТЛЕУЛИН** — фельдшер.

**СӨКЕН СЕЙФУЛЛИН** — Қазақ кеңес жазушысы, ақын, Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ АКСР Кеңестерінің 3-ші съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланған (1922—25). Репрессияға ұшырап, 1938 жылы 25 ақпанда атылған.

**МҰҚТАР САМАТОВ** — Омбыда оқыған, революциядан кейін азық-түлік комиссары болған.

**БІРМҰХАМБЕТ АЙБАСОВ** (1895—1938)—1895 жылдың 12 қыркүйегінде Атбасарда туған. Орыс-қазақ бастауыш мектебін бітірген. 1912—17 жылдарда ауылда мұғалім, кейін Омбы ауылшаруашылық мектебінде оқыған. 1917—21 ж.ж. Сібірдегі кооператив ұйымының басқарма мүшесі. Кирреспубликаның Сибревкомдағы өкілі. 1920 ж. РКП (б) қатарына өткен. 1921—27 жылдары Ақмола губисполкомының ауылшаруашылық бөлімін басқарған, РКП (б) Қарқаралы уездік комитетінің хатшысы. «Қосшы» одағының төрағасы. 1927—33 жылдары Семей губерниялық жер басқармасының бастығы, Мәскеудегі қызыл профессорлар институтының тыңдаушысы. 1933—37— Қазақстан Саяси баспасының бас редакторы. 1937 жылы ұсталған. 1938 жылы 28 ақпан күні атылған.

**ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ** — юрист. Батыс «Алашордасы» басшыларының бірі. 1929 жылы алғашқы репрессияға ұшыраған. Воронежге жер аударылған. 1938 жылы екінші қайтара ұсталған.

**ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ** — дәрігер. Жағанша екеуі туыс емес, фамилиялары ғана бір. Батыс «Алашордасы» жетекшілерінің бірі. Жаратылыстану, биология жөнінде кітаптар жазған. Ташкентте Түркістан халық

ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми кеңесті басқарған. 1938 жылға дейінгі тағдыры Жаһаншаникіне ұқсас.

**АХМЕТ БАЙТҮРСЫНОВ** — көрнекті ғалым, ағартушы, акын. Революцияға дейін патша өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген. Орынборда «Қазақ» газетін шығарған. Тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Қазақ АКСР-ның алғашқы халық ағарту комиссары. «Алаш» партиясы жетекшілерінің бірі болған. Кейін Кеңес өкіметін қолдаған, В. И. Лениннің қабылдауында болғаннан кейін 1919 жылдың 4 сәуірінде БОАК «Алашорда» мүшелеріне амнистия жариялаған. Бірінші рет 1929 жылы, екінші рет 1937 жылы репрессияға ұшыраған.

**ЕРЕЖЕП ИТБАЕВ** — Семейдің округтік сотында тілмаш, кейін адвокат болған.

**СЕЙІТКАЛИ МЕНДЕШЕВ** — Қазақстанның партия, кеңес қайраткері. 1919 жылғы РСФСР Халкомсовы Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери ревкомы төрағасының орынбасары. 1920—25 жылдары КАКСР ОАК-ның төрағасы. 1937 жылы репрессияға ұшыраған.

**МҰҚАНБЕТЖАН ТЫНЫШБАЕВ** — инженер, тарихшы. «Қокан автономиясының» (1918) басшыларының бірі. 1928 жылы Орынборда Қазақстан тарихы жайлы кітабы шыққан. Түркісiбгi салуға қатысқан.

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН** — 1870 жылы туған. 1894 жылы Санкт-Петербургтің императорлық орман институтын бітірген. 1905 жылы Ресей кадет партиясына өткен. 1906 жылы Ресейдің бірінші Думасына депутат болып сайланды. 1917 жылы «Алаш» партиясын ұйымдастырды және оның төрағасы болды. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде НКВД тарапынан атылды.

**«ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨНІЛ АЙТУ»**—1936 жылы айдаудан оралған Мағжан немере інісі Ахметжанның (Бекеннің ағасы Нұрмахамбеттің баласы) ауылына барады. Бұл ауыл Омбы мен Есілкөлдің ортасында екен. Сол ауылда Есләм деген жігіт қайтыс болып, қайғыда екен. Соған жұбаты ретінде шығарған өлеңі. Ауылдағы 8 үй Мағжанды қатты құрметтеп, әрқайсысы қой сойып, қонаққа шақырады. Сол сегіз үйдің иесі түгелдей 1937 жылы репрессияға ұшырайды. 1989 жылғы жинаққа енген.

**«ЖАМБЫЛҒА»**—1937 жылы Жамбылдың атағы кенінен танымал болған кезде, қарт ақыннан ойша демеу сұрап жазған 24 шумақ өлеңнен қалған бір жұрнақ. Ел аузынан жиналған. 1989 жылғы жинақтан алынды.

**«ҚАЛАМЫМА»**—1937 жылы Леон Исаевич Мирзоянға бағышталып жазған ұзақ өлеңнен естігендердің есінде қалған үш шумақ. 1989 жылғы жинақтан алынды.

### СОҢҒЫ КЕЗДЕ ТАБЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ (1992 жылғы «Таңдамалы» жинағынан)

**«ЖАС МАҒЖАНҒА»**—1936 жылы айдаудан қайтқан Мағжан Омбы жағындағы нағашысына қонаққа барады. Олар Тұма, Саға, Қызылағаш, Қарағаш деген төрт ауылда тұрады екен. Мағжан қонақ болған күндердің бірінде Қарағашта тұратын Баймұқан деген кісінің өйелі босанып, ұл табады. Баланың атын шірдеханға жиналған жұрт Мағжан қояды. Бұл ітіпатқа Мағжан осы өлеңімен жауап береді.

**«ЖАУАР АЗАМАТТАРЫНА»**— Мағжан нағашыларының негізі — арғын Қарауыл ішіндегі Жауар руы болатын. Сол Жауар азаматтарына арналған өлең.

**«НАҒАШЫЛАРҒА»**— осы сапарда туған өлеңдерінің бірі. Інісі Мұхаметжан сағалап жүрген Шарбаккөл жақтағы басқа бір нағашыларына жазған сәлем хаты.

**«ӨМІРІМЕ ӨКІПЕМ»**— Мағжанның соңғы өлеңдерінің бірі. Інісі Мұхаметжан есінде сақтап жүріп, кейін қағазға түсірген. Мұхаметжанның қызы Гүлканыстан алынды.

## МАЗМҰНЫ

Мүсілім Базарбаев. Мағжан Жұмабаев . . . . . 5

### 1911—1917

Жатыр . . . . .	34
Шың сорлы . . . . .	35
Жааытұры . . . . .	36
Бұабұл . . . . .	37
Өлең . . . . .	38
Ләззат қайда? . . . . .	38
Жазғы таң . . . . .	39
Жас келін . . . . .	40
Атақты ақын сөзі алтын хақім Абайға . . . . .	40
Сорлы қазақ . . . . .	41
Өмер-білім қайтсе табылар? . . . . .	41
Толғағ ай . . . . .	42
Зарлы сұлу . . . . .	43
Туған жерім — Сасықкөл . . . . .	43
Балалық шағы . . . . .	44
Прштіліктің көркі — ерік . . . . .	46
Қаағым . . . . .	46
Мысық пен ет . . . . .	47
Сүйгеніме . . . . .	47
Бір күні . . . . .	49
Күр қалыппын . . . . .	49
Жоғалған алтын . . . . .	50
Өрнеке . . . . .	51
Қарағым . . . . .	51
Тілісім . . . . .	52
Күз . . . . .	52
Осы күнгі күй . . . . .	54
Мен сорлы . . . . .	54
Алданған сұлу . . . . .	55
Туған жер . . . . .	55
Орал тауы . . . . .	56
Көзіл . . . . .	57
Жарыма . . . . .	57
Есімде . . . . . тек таң атсын . . . . .	58
Төбет . . . . .	60
Зар . . . . .	60

Дін үйреткенге . . . . .	61
Орамал . . . . .	62

1911—1922

Гүлсімге . . . . .	64
От . . . . .	66
Пайғамбар . . . . .	68
Күншығыс . . . . .	70
Алыстағы бауырыма . . . . .	72
Орал . . . . .	73
Жер жүзін топан басса екен . . . . .	74
Ақсақ Темір сөзі . . . . .	74
Тез барам . . . . .	74
Жаралы жан . . . . .	75
Балапан қанат қақты . . . . .	78
Қазақ тілі . . . . .	78
Жер жүзіне . . . . .	79
Жауға түскен жанға . . . . .	79
Тұтқын . . . . .	81
М. Д. абақтыдан шыққанда . . . . .	82
Мен жастарға сенемін . . . . .	82
... га . . . . .	83
Жазды күні қалада . . . . .	84
Өткен күн . . . . .	84
Шын айт . . . . .	86
Айға . . . . .	86
Тәңірі . . . . .	87
Тілегім . . . . .	88
Қазақ азаматы . . . . .	89
Жұмбақ . . . . .	89
Айда атыңды, Сәрсембай . . . . .	90
Бесік жыры . . . . .	91
Ұлан . . . . .	93
Жауыптардың жыры . . . . .	94
Батқан күн, атқан танның жыры . . . . .	94
Сүйемін . . . . .	95
Мен кім? . . . . .	96
Мешіт һәм абақты . . . . .	97
Мағарри сөздер . . . . .	99
Қараңғы, дауылды түн . . . . .	99
Көбелек . . . . .	100
Ескендірдің екі мүйізі . . . . .	100
Өткен азулы . . . . .	102
Күрбым . . . . .	102
Адастым . . . . .	102
Бостандық . . . . .	103
Заманымыздың ақыны . . . . .	105
Бір бите . . . . .	105
Көк теке . . . . .	105
Төбет . . . . .	106

Жолдаска . . . . .	107
Томаска өліктеу . . . . .	108
Өлеңнің ұйқасы . . . . .	108
Достық һәм көз жасы . . . . .	108
Бүгінгі күн өмір, өлім — мейдал . . . . .	109
Сырым . . . . .	109
Сүй, жан сөулем . . . . .	110
Төгілген шашы . . . . .	111
Күндс нұрлы ай . . . . .	111
Шоқты . . . . .	112
Сем сұлу . . . . .	113
Біраз Фетше . . . . .	113
N — ға . . . . .	113
Ес сірген соң . . . . .	119
Сүйгенім анық . . . . .	119
Хар сипатты қарындас . . . . .	120
Жас сұлуға . . . . .	121
G... ге . . . . .	122
Көңілді ашар . . . . .	122
Сәулс . . . . .	122
Жаншыл . . . . .	123
Кайғылы сұлуға . . . . .	124
Гүлсім қаншоен . . . . .	125
...ға . . . . .	125
Домбыра . . . . .	126
Түн еді . . . . .	127
Қарындасқа . . . . .	129
P... албомына . . . . .	130
Ж... ға . . . . .	130
Ф... ға . . . . .	132
Ғашыға . . . . .	134
Зуһра . . . . .	135
Жан жарымды бір сүйейін түсімде . . . . .	135
Өкел . . . . .	136
З... ға . . . . .	138
Ашыл . . . . .	140
Түс . . . . .	140
✓ Қарыңдылық қояланып келеді . . . . .	141
Сарғайдым . . . . .	141
Жел . . . . .	142
Сарғайдым . . . . .	143
Жел . . . . .	145
Балшық қабір тасына . . . . .	146
Өмір . . . . .	146
Өмір . . . . .	147
Томшыдағ ойлап . . . . .	147
Салат . . . . .	148
Аууу . . . . .	148
Жұлдыздарға . . . . .	149
Жаңғы түнде . . . . .	149
Қашықтау . . . . .	150

Голкын . . . . .	151
Кайың . . . . .	152
Кысқы жолда . . . . .	152
Жазғы жолда . . . . .	153
Жазғытұрым . . . . .	155
Жаз келеді . . . . .	156
Сен . . . . .	157
Жиленді кара орман . . . . .	157
Махаббат не? . . . . .	158
Шылым . . . . .	158
Александр Блок . . . . .	158
N ...Альбомына . . . . .	159
✓Алдамшы өмір . . . . .	160
Айрылғанда . . . . .	160
Күзді күні . . . . .	161
Болса гүлсіз . . . . .	162
✓Ой . . . . .	162
Жан сөзі . . . . .	163
Мені де, өлім, алдиле . . . . .	166
Тірлдім . . . . .	169

#### 1923—1937

Жұлдызды — жүзік, айды алқа ғып берейін . . . . .	172
Жай әншейін ойын ғой . . . . .	172
Берниязға . . . . .	173
Еңбек — өлім, жан қанатын қиятын . . . . .	175
Сырдағы алашка . . . . .	176
Шойын жол . . . . .	177
Тірі бол . . . . .	179
Тұранның бір бауында . . . . .	180
Алатау . . . . .	183
P... ға . . . . .	185
Түркістан . . . . .	186
Сәрсенбайдың жыры . . . . .	189
Жарым . . . . .	190
Өже . . . . .	191
Жылқышы . . . . .	192
Алатауда . . . . .	194
Қоныр жыр . . . . .	195
Асық иіру . . . . .	197
Жердің жұмырлығы . . . . .	197
Ескі Түркістан . . . . .	198
Қырғыз, қазаққа . . . . .	199
Қызыл жалау . . . . .	200
Немере мен әжесі . . . . .	200
Қойшы бала мен күшік . . . . .	201
Еділде . . . . .	203
Еділдің сағасында . . . . .	204
Сәлем хат . . . . .	206
Ұлбосын . . . . .	207

Жылқышының үйінде . . . . .	207
Қарындастар . . . . .	208
Ақ қала . . . . .	211
Ата, бата . . . . .	212
Ана . . . . .	212
Сылдырмақ . . . . .	213
Сал-сал білек, сал білек . . . . .	213
Бөбектің тілегі . . . . .	213
Сұр құлын . . . . .	214
Ал, ішіндер, бұл — қымыз . . . . .	214
Қазақ қызына әзіл . . . . .	214
Қойшының әлеулейі . . . . .	215
Сырық мойын, біз мұрын . . . . .	215
Ботамды көрдім түсімде . . . . .	216
Бір кезде іштік арақты . . . . .	216
Жігер, шіркін, желінді . . . . .	216
Өзеннің суын жел тербеп . . . . .	216
Эпиграммалар . . . . .	216
Еслам қазасына көңіл айту . . . . .	221
Жамбылға . . . . .	223
Қаламыма . . . . .	223

#### Соңғы кезде табылған өлеңдері

Жас Мағжанға . . . . .	224
Жауырдың азаматтарына . . . . .	224
Нағашыларға . . . . .	225
Өміріме өкпем . . . . .	226
Түсініктер . . . . .	229



Учебное издание  
Мағжан Жұмабаев  
СОЧИНЕНИЯ 3-Х ТОМАХ (І т.)

(на казахском языке)

Редакторы С. Бактыгереев  
Суретшісі Б. Оспанов  
Көркемдеуші редакторы Н. Серикбаева  
Техникалық редакторы О. Рысалиева

ИБ № 150

Теруіс 8.07.94 жіберілді. Басуға 16.03.95 қал қойылды. Пішімі 84x106 1/32. Баспаханалық  
араз. Қары түрі «Тяга Тапвас». Офсеттік басылды. Шартты баспа табағы 13,44. Есептік  
баспа табағы 15,18. Шартты борулы беттапбасы 13,75. Тарауымы 5000 дана. Тапсырыс  
№740. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Білім»  
баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай дауырымы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Полиграфич  
комбинаты, 480002, Алматы, каласы, Мақатиев ойнасы, 41-үй.